



**СӘКЕН
ЖҮНІСОВ**

Шығармалары



СӘКЕН ЖҰНІСОВ

Шығармалары

Тайнас
Баспа Уйі

Алматы 2013

СӘКЕН ЖҰНІСОВ

5-том

Пьесалар

Шаймас
Баспа Уни

Алматы 2013

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-4

Ж 88

Казақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрагат комитеті
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шыгару”
байдарламасы бойынша шыгарылды

48498

Жұнісов С.

Ж 88 Шығармалары. — Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2013.
Т. 5: Пьесалар. — 320 бет.

ISBN 978-601-264-119-6

Белгілі жазушы-драматург Сәкен Жұнісовтың шығармалар жинағының 5-томына бұрынғы одақтық және республикалық, кейінгі жылдары Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі өткізген конкурстардың жүлдесін жеңіп алған: «Ажар мен ажал», «Қызыым, саған айтам», «Өлара», «Жаралы гүлдер» т.б. үлттық саҳнамыздың сәні боларлықтай пьесалары толтастырылып берілді.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-4

© Жұнісов С., 2013

© «Таймас» баспа үйі, 2013

ISBN 978-601-264-119-6 (5-т.)

ISBN 978-601-264-115-8

Барлық құқықтары қоргалған
Басылымның мұліктік құқықтары
«Таймас» баспа үйіне тиесілі

Северо-Казахстан

областная библиотека

ж. С. МУКАНОВА

г. Петропавловск

СӘКЕН СЕРІ ДРАМАТУРГИЯСЫ ҲАҚЫНДА

Сәкен Жұнісов есімі қазақ оқырмандарына кеңінен таныс. Төкпе тіл, оралымды өткір ойларды, тұтас та жүйелі проблемалық мәселелер мен қоғам қажетіне ауадай керекті өміршеш материалдарды түп етектен қалай ұстауды жақсы білетін драматург еңбегінің қай-қайсысы болсын оқырман, көрермен көңілін селт еткізбей қоймайды. Сәкен ұлттық саяхнамыздың сәні боларлықтай талай бір тамаша пьесаларды өмірге келтірді. «Ажар мен ажал», «Тұтқындар», «Жаралы гүлдер», «Әр үйдің еркесі», «Қызыым, саған айтам», «Кроссворд», «Өлара», «Қысылғаннан қызы болдық», «Қос анар», «Кеменгерлер мен көлеңкелер» деп аталатын көп жанрлы дүниелер көптеген театрларымыздың шығармашылық шырайын кіргізіп, бірнеше режиссер, актерлеріміздің шеберлік мүмкіндіктерін көрермен қауымға әйгілеп берді. Автордың қаламынан туған жоғарыдағы онға жуық саяхнапаралық шығармалардың көркемдік деңгейі жөнінде солғын шыққандары кемде-кем десек, оның төрт туындысы бүрынғы одақтық және республикалық конкурстардың жүлдесін жеңіп алды, олар: «Ажар мен ажал», «Әр үйдің еркесі», «Өлара». Басқа дүниелері де Қазақстанның профессионал театрларының саяхнапарын түгел аралап шыққан. Драматург шығармаларына республикамыздың халық театрлары да үлкен ықылас қойғаны мәлім.

Мәселен, «Ажар мен ажал» пьесасы кезінде академиялық театрымыз саяхнасында табыспен жүріп өтті. Авторды Бүкілодақтық сыйлық деңгейіне көтерген де осы шығарма. Оның жөні де бар. Шығарма шымыр да ширақ жазылған. Жалпы, кейіпкер мінездемелерінің кілтін іздел табудағы Жұнісов шеберлігі ерекше. Сол характерлерді тауып қана қоймай, олардың саяхнапаралық қақтығысын, пікір, ой таластарын пьеса арқауынан алыстаттай, бір деммен бір қолда ұстап отыру аз жүк емес. Оқиға өрбуйін жіті бақыламаған кісіге аталмыш пьеса Ажар өмірінің жай ғана хроникасы болып көрінүі мүмкін. Ал шындығында қаршадай кезінен егде тартқан шағына дейін өмірдің талай тауқыметін бастан

кешірген Ажар драмасы қазақ әйелі жүріп өткен қарапайым өмірбаян тізбегі емес. Керісінше, шығармада Ажар өмірі сол кезеңдегі халық тұрмысының айнасы іспетті немесе халық кегі, халық ұмтылысы Ажар жан дүниесінің толысыу сияқты боп да мып отырады. Жауқазын жастығын жараган Атан мырзага деген Ажардың ыза-кегі пьесаның динамикалық тұрғыда қызығылышты дамуына тамаша әсер етіп отырады. Шыдамның да шегі бар емес пе? Қатерге басын тіге, жалаға тұра қараған Ажар Атанды шауып өлтіреді. Бұған дейінгі «тек жауымнан кегімді қайтарсан» деп жанталасқан Ажар әрекетінің шарықтау кезені де осы.

Оқиғасының осындай тартымдылығынан да болар, «Ажар мен ажал» республикамыздың бірді-екілі орыс театрларының сахнасынан да орын алды.

Сөкен Жұнісовтің алғашқы пьесаларының өзін оқи отырып, біз оның сахна ерекшеліктерін жете мәңгеріп, аңғаратындығының күесі болдық. Неге десеніз, ол біраз жылдар бойына академиялық театрыммыздың әдебиет бөлімін басқарған, бәлкім, оның да пайдасы тиғен болар.

Оның драматург ретінде өсіп-жетіліп келе жатқандығын айқын анықтап берген бір шығармасы — «Қызыым, саган айтам». Аталған пьеса Қазақстан театрлары сахнасын тегіс арапап шықты. Автор бұл шығармасында моральдық-этикалық проблемалар көтереді. Рәзия деген жеңілtek те желекпе қала келиншегінің арзан да сұрқай жан дүниесін көрсете отырып, автордың мезгер түйінінен ұққанымыз — «Ойнақтаған от басар» деген мәтелдің шындығына көз жеткізу.

Рәзия жарымжан болса, Құмар жынданып кетті. Эрине, бұл көріністердің бәрі де ситуациялық тұрғыда әбден ықшамдалып, көркемделіп, оқырман, көрермен назарын баурап аларлық дәрежеде нанымды суреттеледі. Көп драмашыларымыз тілге мол болғанымен, характер жонуга келгенде шорқақтық көрсетіп жатады. Сөкен шығармаларының тілі шүрайлы, характерлер жасаудағы ізденістері өміршең бол келеді. Аяр да алаяқ алыпсатар Шүйкетайды немесе жаны таңғы шықтай таза ауыл қызы Шәрипаны алып қараңыз. Осы бейнелердің жасалуында иненің жасуында ерсілік бар ма? Міне, мұндағы басты құпия — қаламгер назарының жітілігі, өмірлік болмысты, табиғат құбылыстарын жетік білгендігі.

Өмір демекші, өмір көріністерін сол күйі қағазға түсіре берсе, сахна төрі күнделікті күйкі тіршіліктің көшірмесіне айналып кетер еді. Ол мүмкін емес. Елең, екшеп, есіркеп, өзі жадына мықтап тұтқан жайларды ғана, өзінді толқытқан құбылыстарды ғана жұрт төрелігіне салғың келетіні белгілі. Сондай-ақ Сәкен Жұнісов қаламынан туған шабытты дүниелер ретінде біз оның «Жаралы гүлдер» мен «Әр үйдің еркесі» пьесаларын айтамыз. Негізі, Жұнісов шығармашылығының бастауы балалар әдебиетімен байланысты. Алғашқыда балалар жазушысы ретінде танылған қаламгердің Балалар мен жасөспірімдер театрына арнап жазған «Жаралы гүлдер» драмасын соғыстың ауыр жылдарындағы Бақыт сияқты сан жасөспірімдердің қын балалық шағына бағышталған поэма дер едік. «Жаралы гүлдер» драмасына автор символдық мағына берген. Сонау көк жүзінде көзге әзэр ілініп, құлаққа еміс-еміс естілген тырналар қанатының әлсіз суылы сүреңсіз өтіп бара жатқан Бақыт балалығының қызықсыз күндері тәрізді. Жерде жазықсыз жетім бала, көкте көз үшіна әзэр ілігіп, мекен-тұрақ іздел қаңғып бара жатқан тырналар. Соғыс күндеріндегі тыл өмірінен сыр шерткен автор өзіндіді тұңғының ойға батырады. Ескі күйсандықтан сыйылған көңілсіз әуен сонау бір балғын шағына саяхат жасатады. Кей тұстары көңілің мелодрамалық күйге тартып кетсе де, автор әңгімелеп отырған жәйттерге түгелімен қосылып отырасың.

Нени жырласа да шынайы жырлайтын ақыннан тыңдаушысы арылған ба? Сол сияқты, «Жаралы гүлдерді» сәтті қойған Жетісай, Жамбыл театрлары әртүрлі диплом, сыйлықтарды иеленди, пьеса бұрынғысындағы әлі де өзіндік табыспен театрлар сахнасында арагідік жүріп жатыр. «Әр үйдің еркесі» жоғарыдағы пьесаның заңды жалғасы іспетті. Алғашқы пьеса кейіпкерлері есейіп, өздері ата-ана болады, әртүрлі мамандық иелері атанады. Ендігі сөз солардың перзенттерінің бүтінгі хал-күйін, тұрмысын өзек етеді.

Бұл пьеса кезінде балалар мен жасөспірімдер тақырыбына жарияланған республикалық конкурста арнайы жүлде алды.

Автордың негізгі қөтерген мәселесі — жас үрпақ тәрбиесі. Олардың азаматтық кескін-келбетін қалыптастыру жолында не істеуге болады? Ауыл мектептеріндегі қазіргі бала оқыту, оларды үйрету, тәрбиелеу тәсілдеріміз өз деңгейінде ме? Олардың өмір жолын таңдалап, кісілік тұлғалары қалыптасу кезеңінде ере-

сектер мен ұстаздар берер өнеге қай әрежеде? Драматург осы сауалдарға жауап берудің жолдарын мегзей отырып, қофамдық үйымдарға, мемлекеттік мекемелерге ой салуды мұрат тұтады. Жас ұстаз Талап пен оныншы сынып оқушыларының болмысбітімдері, ой толқыныстары ортаға түседі.

Талап – жас, жалындаған жаңашыл ұстаз. Іс-әрекетке мығым, парасат пен пайым, ізденіс, құлшыныс иесі. Жастарға улғи көрсетуге келгенде жүргегінде оты маздаған қажымас тұлға. Шын мәнінде аталмыш пьесадағы әлеуметтік, драмалық қақтығыстың диалектикалық дамуына серпіліс берген осы кейіпкер екендігіне қуә боламыз.

Бәріміз де ауыл мектебінде есейдік. Әрқайсысымыздың осындағы фанатик ұстаздарымыздың болғаны рас.

Ең бастысы, өз кейіпкерлерінің денін өмір сыннына, драмалық тартыс арнасына аямай араластырып, автор олардың қыын сәттеріндегі ішкі әлемдерін, көп қырлы ішкі-сыртқы сырларын шынайы аша алған. Пьесада әсіресе табигат дүлейі кезіндегі кейіпкерлер мінездері мен кемшіліктері сыртқа лықсып, көрермен психологиясына дөп әсер етеді. Қарана-қайшылық ширақ өрбіп, оқиға алмасулары жедел дамиды. Әр кейіпкер өзінше бедерленіп, жанды диалогтар мен тебіреніске толы монологтардың тұтқынына айналамыз. Тартыс аясын тарқатқан жандардың өмір тыныштығы, олардың табигат тілін түсінудегі нәзік және қатыл шешімдері шығарма арқауының мықтылығын айшықтай түседі.

Автордың «Қос анар» және «Тұтқындар» атты драмалары да күрделі оқиғаларға құрылған. Алғашқысы Қазақстанда игерілген тың жердің қаншалықты қыынға түскендігін суреттесе, соңғысы сонау Грекиядағы саяси күрескерлердің қысылтаяң тағдырына арналған. Рас, автордың бұл «Қос анар» пьесасынан бұрын осы тақырыпқа жазылған «Жапандагы жалғыз үй» атты романы жарияланды. Пьеса кейіпкерлерінің біразы сол романнан таныс. Бірақ проза мен драма тілі әр басқа гой.

Мәселең, драматург шығарма мазмұнын қоюлата тусу мақсатымен пьесада бірнеше линияларды қатар ұстанады. Қарасай драмасы, Дерягин мен Тамара тағдыры... Жәлелді үмыта алмай Ақбөпе аһ үрса, жетімдігі қабырғасына батып Дикай зар қағады. Драма – қашанда тартыс. Ал тартыс қызғылықты шешілу үшін тастүйін шиеленістер қарастырылады. Тыңды көтеру оңайға түскен жоқ . Талай тағдыр, қуаныш пен қайғы бірлесті де.

Демек, «Қос анардың» материалы саҳнага қалай икемдесең де илеуіде көніп тұр. Пьесаның құрылымында кедір-бұдырлық кездескенімен, ен далада жылқысын шұрқыратып, егін салып, шөп маялаган Қарасай мен оның асырап алған ұлы Халелдің адудын әрекеттері, бұларға қоса қимылдаушылар Райхан, Моргун, Алагөзов араларындағы кірбің көзқарас бірте-бірте ұлғая келе, көңіл тебірентер деңгейге дейін көтеріледі. Егер пьесадағы Қарасай мен Халел тұлғасы шымыр шықласа, онсыз да тұзы жеңіл Моргун, Алагөзов, Райхан бейнелері одан бетер әлсіз тартып кетер еді. Жалпы, осы үш кейіпкер өқиғаның даму барысында жан-жақты харәктер танытулары керек-ақ еді, бірақ олар ақылгөй, идея айтқыш, ділмәр жандар кейпінен аса алмай қалған. Олардың мінез даралықтары самарқау ашылады. Мысалы, Райхан Халелге жөн сілтеп, оны қоғам пайдасына еңбектенуге үгіттеп, жас жігіттің жан дүниесіне өзгеріс енгізу ние-тімен әңгімелескенде сөзі тым құрғақ, әсерсіз естіледі. Дегенмен қызықты өқиғасымен кісі көкейінен шығар «Қос анар» саҳнадан сәтімен сыр шертті.

«Тұтқындар» арқылы автор өзінің парасат-білігін, өрекуымын байқатып берді. Халықаралық тақырыпқа қalam сілтеу мәселеісіне екінің бірі бара бермейді. Пьесадағы композитор болып көрсетілетін кейіпкер мінезінен біз грек халқының адаптациясы, прогрессивтік бағытта халықтық өнер жасаушы Микис Теодоракистің келбетін танимыз. «Мыңмен жалғыз алысқан» талантты суреткердің гуманистік ой-арманына автор өз тілек-талаптарын ұштастырып, қараулыққа қарсы көтерілген ізгі ниетті жандардың бейнесін жасауға талаптанады.

Тарихтың аты — тарих. Оны тағдырыңнан сыйып тастай салу оңай емес. Ол және Жұнісовтің де кінәсі емес. Ленинді бүкіл ел пір тұтқан тұста, ол тақырыпқа тұнғыш түрен салып, қазақ драматургиясының алғашқы мемлекеттік сыйлығын иемденген жүлдегер драматург те — осы өзіміздің Сәкен Жұнісов.

Рас, уақыт табының әсері суреткөр колтаңбасына ықпал етпеуі мүмкін нәрсе емес. Сол кездегі идеологиялық саясаттың салқыны неше бір талантты жазушыларымыздың жан дүниесіне жылымшы жүдеулік әкеліп, олардың шабыт буган асқақ көңіл күйлерін күтпеген күйзелістерге ұшыратты. Жауын-шашынның арасымен жүріп өтуге тұра келді. Көмейінде тұрган шыңғырған шындықты тіке айтудан тайсақтап, бопсалап, түспалдалап, астар-

лап, сыбырлап, жыбырлап сыр шашқан талай күндерді Сәкен де бастаң кешірді. Сондай қудалауға түскен туындының қатарында болған «Кроссвордтың» қыын тағдыры еске түсіп отыр. Бұған дейін Ұлы Қазан көтерілісіне арналған «Ажар мен ажал», тың тақырыбына арналған «Қос анар», соғыс жылдарындағы ауыл тұрмысын жырлайтын «Жаралы ғұлдерімен» халыққа кеңінен танымал болған автордың аталмыш пьеса тұргысында шынымен-ақ тауы шағылды.

Әуезов театры сахнасында не бары бір-ақ рет көрсетілген «Кроссворд» Қазақстан Орталық партия комитетінің нұсқауымен сұырмада қалай сып бергенін білмей де қалды. Бұрынғы үйреншікті қалпынан, таптаурын «тәрбиелі» соқлагынан сәл айныған қаламгер қарымы қоғамның әріректе жатқан жасырын «былықтарын» қосытқаны үшін де жазықты болды.

Хайуандардан да бетер, мақұлықтан ары тұрған адам азғындарының сүрқия сүлдесін маймыл, тұлқі, қасқырдың кейпінде маска арқылы құлқілі көрсеткен драмашының асқан шеберлігі әлдекімдердің шамына тиді. Қайсыбіреулер сахнадан өздерін танып жатты.

Кейбіреулер бір-біріне құдікпен қарай бастады. Парақорлар, бәлеқорлар, обырлар, жебірлер, қорқау қомағайлар іштен тынды. Айықтырғышқа (вытрезвительге) түскен екі аяқты айлакер алаяқтардың өзара әңгімесін беру формасы (трагикомедиялық ыңғайда) драмашы ұстаған жаңаша бағыт еді.

Әрине, пьеса сахна төрінде мойындалатындықтан, оны тек әрекет үстінде тамашалаған абзал. Оның қоғамдық нұсқасына ден қойған жөн. Пьеса көп ретте оқырманға уақтылы жете бермейді. Драматург еңбегін насиҳаттайтын арнайы басылым республикамызда атымен жоқ. Драматургия әдебиеттің ортан қолдай бір саласы болса да, оған журнал беттерінен орын тимейді. Газеттеріміздің көлемі көтермейтіні және белгілі. Қанша талпынсақ та, ресейліктердің «Современная драматургия», «Театр» журналдары секілді көніл марқайтар арнайы басылымға қол жетпей қойды. Бұрын Мәскеуден рұқсат ала алмай әрекеттесек, бүгін қағағаң бен қаржының құқайын тартудамыз. Оқта-текте аз таралыммен шығатын санаулы драмашыларымыздың пьесалар жинағы қалың қазаққа жетісе бермесі және мәлім. Сол сирек кітаптардың өзін баспасөз бетінде талдап, талқылап, насиҳаттап жатқан тағы ешкім жоқ. Сондықтан да

пьесаның оқылудынан гөрі көрілімі, қойылымы өтімдірек. Драматург өнерін сөз етіп отырған сэтте бұл туралы айтпай кету әділетсіздік деп білемін. Қайта «Кроссворд» қағаз бетінде жарық көрді. Көргенде де, ұмытпасам, Мәскеу басылымдарының бірінен В. Розов аудармасымен оқырман назарына жол тартқаны есімде. Ал оның қазақ сахнасындағы ғұмыры жоғарыдағы біз айтқан төңіркete дамыл тапты. Алматыдағы ахуал осы болғанда, оның облыстардағы халі өз-өзінен түсінікті емес пе? «Бізде мұндай оқигалар болуы мүмкін емес» деп безерістік. Әсіреле Ішкі істер министрлігі жағында істейтіндердің талақтары тарс кетті. «Бұл кеңестік милицияны масқаралау» деп байбалаам салды. Айбат шекті, айбын танытты. Әншейінде ауыздаға сөз бермейтін, бүркүлдап, сарқылдап бас шайқағанда шың-құзды қалтырататын Сәкен Жұнисовтің өзі, оның ер мінезі, қайсар табиғаты коммунистік озбұрылыштың алдында жәйғана үнсіз тізе бұгумен шектелді. Партиялық идеяға тойтарыс беруге, оған қарсы келуге кімнің дәті шыдаған? Әйтеуір, көкейінде жүрген запыран ойларыңды қиялыңа жалғастырып, жаңыңды жалдай жүріп жазған дүниелерінізді ел үқса, халық қабылдаса деген арманнан өзге мұрат болмаған сол заманда сахнаға шығудың машақаты оңай емес еді. Моральдық, психологиялық, этикалық мәселелерді көтеру үшін, сөз жоқ, ірі тақырып, жанды нысана керек. Кейіпкерлер кескіні де көңілге тұрарлық болғаны ләзім. Бірақ, өкінішке орай, лауазымды жандарға жақындаудың өзі мұң boldы. Кеңсе қаныпезерлерінен кемшілік көруге ешкім де хақылы емес еді, сол кезеңде қазақ сахнасынан көрінген әрбір кейіпкер есепте тұрды. Жағымды қаһармандар сөзден жаңылмады, қателіктен мұлде ада күйінде бейнеленді. Жағымсыз кейіпкерлердің пәленшекене, тәленшекене үксап кетпеуін қадағалаған жазушыларда жан қалмады. Жаза басып, нақақтан күйіп кетуің әбден мүмкін тұста, қоғамның кейбір зенбірекпен атқылауға тұратын мерезді мезеттерін көрер көзге айналып өтуге тұра келді.

«Драматург — көзге түсे бермейтін нәрсelerді көрсете білгенде гана хас шебер», — дейді осы заманғы ағылшынның ұлы режиссері Питер Брук. Дұрыс.

Өмірдің өз шындығы бар. Өнердің өз талабы бар. Өмірді бар болмысымен өнерге тели сапсақ, мәдениет пен әдебиеттің, жалпы рухани саламыздың қайсыбір принципперімен санаспағандығымыз болар еді. Рухани өмір келбеті қоғамның, адамзаттың

білім-парасат деңгейімен өкшеленеді. Демек, өмір детальдағын, тұрмыс суреттерін жиі сұрыптаپ, кісі қажетіне жаратар тұстағы суреткер жауапкершілігі, қаламгер талғамы мүлдем қатаң.

Сәкен Жұнісов — осы талапты мүқият ескерген драмашы. Мінез-құлық өрбітуде, тартыс-талас құруда, кейіпкерлерінің ішкі-сыйртқы әлемін даралауда, олардың аузына әрекетті, пәрменді сөз салуда қаламгер табыссыз емес. Жасанды оқиға, жартымсыз жағдай, жартыкеш дүниелерге жан жуымайды. Халқының әдет-ғұрпын, салт-санасын, дәстүр-дағдысын жетік білетіндігі айрықша көзге ұрып жатады. Дүниетанымының кеңдігі, философиялық топшылау деңгейі оны замандастарына етene ете түсті. Жаэушы-драматург жастар өміріне көбірек ден қойды. Өз замандастарының тұрмыс жағдайына қатты мән берді. Соның арқасында қазақ көрермені Рәзия, Шәрипа, Бақыт, Баттал, Қарасай сияқты сахналық кейіпкерлермен жүздесті. Кезінде Әуезовтей заңғар драматургтің аспиранты атанған, үлкен академиялық драма театрымыздың көп жылдар бойы әдеби бөлімін басқарған Сәкен Жұнісов шығармашылығы сахна сырын менгеруде алғашқы саптан көрінуі заңды құбылыс. Құрделі жанрдың қындығынан қаймықпаган драматург шығармаларындағы қайғылы, құлқілі және драмалық белгілер шынайылығымен көңіл баурайды. Өз кейіпкерлерін барынша шынайыландыру шеберлігі автордың айнымас шығармашылық әдетіне айналған. Әттең, ілгеріректе жазылған дүниelerімізді көміп тастай беретін жаман дағдымыз бар. Әйтпесе, «Кроссворд» пьесасының көтерер мәселеі, харakterлерінің мінез беддерлері бүгінгі қуннің талабына сай келіп-ақ тұрганы айдан анық. Кеше айтқызылмаған шындық бүгін адресін тауып жатса, оның несі айып? Режиссерлер қиялын қайрауга лайық пьеса — осы «Кроссворд». Атына заты сай дүниенің қупиялы сыры жеткілікті.

Сонымен, ауыл жастары мен жасөспірімдерге арналған драматург шығармасының қайсысын алсаныз да өмірдің аңы шындығы, түгелдей болмаса да, көз алдыңда қадау-қадау қылаң береді. Шындықты тегіс айтып шығуға кім мүмкіндік беріпті? Сәкен Жұнісов тақырып таңдаудан, кейіпкер жонып шығудан жаңылыспай келе жатқан жазушы.

Тақырып даралығы — Жұнісов шығармашылығының басты

белгісі. Кез келген пьесасын алыңыз да, талқылап, талдай беріңіз. Өзара ұқсас бояу, үйреншікті суреттерді көздестірмейсіз. Ол театр мүмкіндігін, әртістер психологиясын қатаң ескере отырып қалам тартатын авторларымыздың бірегейі. Домбырашы, әнші Сәкенниң әуенге, әуезге әуестігі оның «Қысылғаннан қыз болдық» атты музыкалы комедиясынан анық байқалады.

Ауыл мәдениетін сөз етуге ниет білдірген автордың идеялық-көркемдік нысанасы өз міндетін толық атқарған. Негізгі тартыс ауыл мәдениетін көтеруге күш салмайтын кертарапта директор мен ансамбль құруға ұмтылған арманшыл жастардың арасында өтеді. Авторлық идея — адам баласына тек әлеуметтік жағдай ғана емес, мәдени-рухани да қамқорлық қажет екенін білдіру. Пьесаның ұнамды жақтары автордың кейіпкерлер әрекеті мен олардың сөз саптауында комедия оқиғаларын қылаусыз қилюастыра білуінде, диалогтарының тартымдылығында, әрқылы көріністердің шынайылығында. Алтынбек, Жұмат, Эдик, Айгүл, Хадиша, Сәбира сынды өзіндік келбетке мол замандастарымызға – бен ыстық қауышамыз. Қыз болып киініп, көрерменді құлкіге көміп тастаған Алтынбек — комедияның алтын діңгегі.

Сахнага кешеуілдеп шыққан «Кеменгерлер мен қөлеңкелер» әдебиетіміздің үш алыбы – Мұхтар Әуезов, Габит Мұсірепов, Сәбит Мұқанов бейнелерін жасауды мұрат тұтқан. Ұстазы Мұханды ұмытпаған Сәкен талпынысы әбден түсінікті. Өнерден ескерткіш соғу автордың негізгі ойы. Әлбетте, міндет тым ауыр. Әріректе өткен соңғы екі ағамыздың өздерінің көзін көргендер ортамызда әлі жетерлік.

Ал Габең фәниден тіпті күні кеше ғана өтті ғой. Сырбаз ағының қескін-келбеті көз алдымызда, қөнілімізде. Сол қыын міндетке қаймықпай барған Сәкен ерлігі тек сол Жұнісовке ғана тән батылдық. Несі бар, араға жылдар түскен сайын аталмыш шығарманың қупия сырғы қымбаттай түспек. Өнер өлкесін дәл бүгінімен өлшей беру де асығыстық. Болашақ үрпақ үшін алыштар әлеміне алғаш барлау жасаған қаламгер сүрлеуі көне тартпаса керек.

Бір қызығы, бұдан бұрынырақтағы театрға деген ел махаббаты басқаша еді. Әрбір премьера, әр қойылым бейне бір той ретінде өтетін. «Тоқырау жылдары» деп қолдан таңба салған сол кезеңге зар болып жүрмесек болғаны. Қызмет орайына қарай, тікелей міндетім сыншылық кәсіп болғандықтан, Жұнісов пьесаларының

сахналық көрінісін, есебі, Қазақстанның бар театрларынан қызықтауға тұра келді. Алматыдан бастап, Талдықорған, Жамбыл, Шымкент, Торғай, Қызылорда, қысқасы, тіпті орыс театрлары сахналарынан да тіл қатқан драматург еңбектері қандай бір қатал талапқа болсын әбден лайық еді.

Сәкен драматургиясында артистизм элементтері басым болып жатады. Ол оның, жазушының, жеке басынан, болмыс-бітімінен туындағының қасиет. Қаламгер табиғаты түнған драма іспетті. Туа бітті осындай табиғи қасиеті күшінде тұрган ол — қалам, қағаз «сырқатына» ұшыраған шығармашылық тұлға. Сөз жоқ, ол қалам ұстамаған жағдайдың өзінде, не әртіс, не режиссер, не әнші болары басы ашық құбылыс. Өйткені талантты жанының өнер мен әдебиетке деген сирек жаратылысы осыған саяды. Оның драмалық шеберлігі сахнага жақындығымен құдіретті. Көркем ой, өткір де отты бейне, харәктер жонуымен құнды. Жұнісов драматургиясы публицистикалық, сәндік, бір сәттік сезімдерге құрылған кезеңдік мәселелерден бойын аулақ салады. Оны тың туралы, соғыс жайлы жазды деп жазғырманыз. Оның қаһармандық кейіпкерлеріне, олардың мақсат-мұратына, жан иірімдеріне назар салыңыз, тақырып жайлап фонға аусады да, алғашқы кезекте кейіпкерлер жанайқайы, олардың жүрек түкпірлерінде түншігіп жатқан батыл ойлары жарыққа үмтүлады.

Драматургтер көбінесе адам жанын зерттейді де, олардың жан қалтарыстарындағы құбылыстарды үстірт шолып өтуден аса алмай жатады.

Алпысыншы, жетпісінші, сексенінші жылдардың типтік харәктерлерін қызықтап, кейіпкерлерді белгілі бір кезеңге таңып тастау көрегендік тәсіл емес. Бізге қажеті — ұзақ ғұмырлы, тұтас бір дәуір сипатын танытар (әрине, шама келсе) кесек бітімді көркем харәктерлер жиынтығы. Рас, қазіргі драматургтер өткір ой айтуға, отты сезім танытуға, актуальды мәселе көтеруге құштар, тақырып, оқиға, проблема табуға құмбыл, ал оның, өкінішке орай, көркемдік болмысы, орындалу нәтижесі талапқа сай келе бермейді. Жұнісов драматургиясы осы жәйттерді ескеруімен де құнды һәм өміршеш.

Қазақ халқының мәдениетінде ерекше орын алғатын Ақан сері сыңды тұлғаның әдебиеттегі, сахнадағы, экрандағы жарқын бейнесі сан үрпақ өкілдеріне тәрбиелік өнеге дарыта бермек. Ақан

атамыз туралы тек деректі фильм ғана емес, болашақта көркем фильм түсірілетініне де сенім зор. Аталған кейіпкер жөнінде ди-логия жазған Сәкен Жұнісовтің деректі сценарийге авторлық етуі моральдық жағынан да заңды принцип. Ақан ұрпағы, Көкше елінің жігіті – белгілі суреткер ағамыздың айтары мол болса керек. Сценарийде кешегі Ақанның құрделі өмірі бүгінгі дәуір болмысымен кезек астасып, әндері, әуендері, саздары өзара әдемі алмасып, оқиға желісінің танымдық мән-мағынасын зорайта түскен. Деректі фильм экранға шықты. Ендігі сөз көрерменде.

2003 жылы Қазақстан Мәдениет министрлігі өткізген «Астана–Бәйтерек» атты республикалық конкурста драматург Сәкен Жұнісовтің қаламынан туған екі бірдей пьеса бірінші орынға ие болды. Бұл – әйгілі жазушының өзінің жетпіс жылдығына тағы да құр келмегендігі. Есімің, еңбекің ел аузында жүргенге не жетсін!

Әшірбек Сығай,
театр сынышысы,
Қазақстан Республикасына
енбек сіңірген өнер қайраткері,
Мемлекеттік сыйлықтың иегері

САБАЛАҚ-АБЫЛАЙ – ХАН АБЫЛАЙ

(Екі актілі тарихи драма)

Қатынасушылар:

ӘБІЛМАНСҮР – Сабалақ-Абылай
ТӨЛЕ БИ
ҚАЗЫБЕК БИ
БҮҚАР ЖЫРАУ
ӘЛИХАН
ГУЛАЙЫМ
ОРАЗҚҰЛ – аталық
ҚАЛДАН СЕРЕҢ
ШАРЫШ
РАБДАТ
ӘБІЛМӘМБЕТ ХАН
СЫҒАЙ
УӘЛИ – Абылай ханның балалары
НЕПЛЮЕВ
МИЛЛЕР

Массовкада:

Әйелдер, қыздар, балалар, нояндар, тайшылар, сарбаздар, елшілер, жаршылар.

БІРІНШІ АКТ

Бірінші көрініс
(Пролог орнына)

Сай-сүйегінді сырқыратып, қүйқа тамырыңды шымырлатқандай зарлы, мұнды қобыз үні. Жоқтау айтқандай, «Елім-айды» зарлата созған әйел даусы:

Қаратудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айырылған қызын екен,
Екі көзге мөлтілдеп жас келеді...

Аспанында қарала-торала бұлт аунаған күнгірт саҳнада бірде соғыс даласы, бірде босқындар даласының көрінісі өтіп жатады.

Әйел зары енді ер адамның қобыз сарынына қосылған жаршының қуатты үніне алмасады (*репродуктор арқылы*).

Баласы Халдан-Бошақ Сыбан Рабтан,
Көрші елді жауламақ боп көз алартқан,
Бурятты, халқименен қосып алып,
Барабы татарларын келіп шапқан.
Татарлар керейлерді паналады,
Ел көріп орта жүзді сағалады.
Орта жүз қамқорына алғаннан соң,
Жарымы Барабы елі аман қалды.
Бұл қыргын көп ұзамай қазаққа ауды,
Наймандар тастап көшті Алтай тауды.
Жалайыр, Найман, Қоңырат, Қарақалпақ
Қиналды тоқтата алмай келген жауды.
Теріскей Алатауды қалмақ алды,
Найман мен Қоңырратты қуып салды.
Қайран жер жау иелігіне көшкеннен соң,
Жонғардың Алатауы деп аталды.
Қырылу Алакөлден басталып тұр,
Қазақтар жау қалмақтан жасқанып тұр,
Орыстар мен Қытайға арқа сүйеп
Ит қалмақ сол екі елден күш алып тұр.
Ыңғарлы құншығыстан жел келеді,
Шұбырган Алтай жақтан ел келеді.
Еділден Убашы қалмақ тағы шапты
Зор бөгет тас маңдайға кез келеді.

Бірінші көрініс

Ұзыннан-ұзын созылған дарбазалы, сары балшық дуалды аула. Аулада тізілген үлкенді-кішілі ер балалар, әріректе жеке топтанған төрт-бес жастан жиырмада дейінгі тұлымшақты, кекілді, қалың, өктаудай сыңар бұрымды, қос бұрымды қыз балалар.

Бір топ кісендегуі (біріне-бірін шынжыр кісендермен аяқтарынан байлап-матап тастаған) жасеспірім балаларды әкеліп, тергеп жатыр. Шыжыган күн астында жалаңаш денелерінің әр жерінен термен ара-

лас қан ағып, көп ұрыс, көп қақтығыстан жарадар болған бұлар — Әбілмансұрдың «жасақтары», тағы түтқыл шабуылда жаумен ұзақ жағаласып, зорға қолға түскен, тірі қалған 13 — 15 жасар балалар. Екі-үшеуі көп қан кетіп өлуге таянған шалажансар. Оларды қалмақ нояны тергеп тұр. Ара-арасында қамшымен дүрелеп қояды. Екінші жендет қалмақ, қолында айбалта, алдында дәу ағаштың түбірі — жаңғырық.

Н о я н қ а л м а қ. **Қане, қайсың төресің? Қайсың төренің ба-
ласысың?**

Ешкімде үн жоқ.

Ж е н д е т қ а л м а қ. Айтпайды екенсіңдер, бәрінің де бас-
тарыңды жаңғырыққа саламыз. (Ешкімде үн жоқ. Өлімші боп
қансырап, құлардай боп тұрған бір қара баланы қалмақ қылы-
шының ұшымен иегінен көтереді.)

Қ а л м а қ. Сен де айтпайсың ба, әйтеуір өлесің, айтып өл.

Б а л а. Арамызда төре болмаса, кімді айтайын... Ал болса...
онда да...

Қ а л м а қ. Иә, онда не?

Б а л а. Онда да айтпас едім. (Әлсіреп құлай береді. Арқасына
қамшы жаудырады.)

Дуал ішіне аттарынан түсе-түсе қалған Шарыштың тобы кіреді.
Маңайындағының бәрінен де биік, бәрінен де өктем Шарыш қалмақ
арбаның қасындағыларға келіп, айнала бір жиіркенішпен шолып,
тәқаппарлана қарады.

Ш а р ы ш. Не істеп жатырысундар сендер?!

Қ а л м а қ. Сұрыптаң жатырмыз.

Ш а р ы ш. Сұрыптағаны қалай? Бүйрек қайда? Бірде-бір ер-
кек кіндік қалмасын!.. (Үймелеген үркілі қыздарға қарап.)
Қыздарғана күндікке жарайды.

Қ а л м а қ. Іштерінде бізге жарайтындары да бар.

Мосқал қ а л м а қ. Шарыштан, саған да ең сұлу екеуін
іріктеп қойдық.

Ш а р ы ш. Мына боқмұрын маңқаларды қайтесіңдер? Шеті-
нен турап тастамайсындар ма?!

Қ а л м а қ. Ұлы қоңтайшыдан хабар келді. Елге дейін жаяу

айдағанға жарайтындарын құлақкесті құл етіндер, жарамайтындарын бастарын кесіп, құлақтарын жіпке тізіндер депті.

Ж е н д е т қ а л м а қ. Циндар өлтірген дүшпандарының салын кесілген құлақпен есептейді Гой.

Ш а р ы ш. Білем. Өлгендерді есептеп не керек, одан да кескен бастардан биік мұнара жасап, белгі қалдыру керек.

Ж е н д е т қ а л м а қ. Құлақ көп орын алмайды. Мына қоржында (көтеріп) бес жүз екі ер балалардың құлағы, мына қап қоржында екі жүз шал-кемтірлердің құлағы бар. Ертең қазақтарша түзәдап, жіпке тізіп, кептіріп алам, ха-ха!

Ш а р ы ш. Әбілмансұрды таптындар ма?

Н о я н қ а л м а қ. Мыналар сол төрениң жасақтары, ха-ха-ха.

Ш а р ы ш. Не дейт! Тұні бойы берілмеген сойқандар осылар ма. Қане...

Әбілмансұр сарбаәдарына тергеу салады.

Ш а р ы ш. Үәли сұлтанның баласы Әбілмансұрды бәрің де біледі екенсіндер. Солай ма? (Бұғаулы сарбаәдар бірінен соң бірі марғау ғана бас иәйді.)

Ш а р ы ш. Ал білсеңдер, қазір қайда ол? (Ешкім үндемейді.)

Қ а л м а қ. Ол қаладан ешқайда кеткен жоқ. Қайда болуы мүмкін?

С а р б а з б а л а л а р. Ол бұдан он күн бұрын бір жаққа кеткен.

— Самарқанға кеткен.

— Пұл алуға.

— Жайлайға кетуі де ықтимал.

— Жоқ, ол мұнда жоқ.

Ноян анадайда түрган арбакеш жендет тайшыға иек қағады, ол дағарадай екі доңғалақты арбасын шиқылдата келіп, тал қорабының бетіне жабылған жабуды ашады. Ноян арбакеш жендетке «көрсет» деген белгі береді.

Н о я н. Мүмкін, ол мына бастардың ішінде шығар? (Жендет арба қорабы толы қан үйисқан, көздері жұмұлды ашиқ бастардың бірінен соң бірін алып көрсетіп, дуалға қарай лақтыра береді, лақтыра береді.)

Н о я н. Мынау ма?

Балалар үнсіз.

Н о я н. Мынау ма?

— Мынау ма?
— Мынау ма?

Он шақты бас лақтырылған соң Ноян айгай салып, жарапы сарбаз балаларға тап-тап береді.

Ш а р ы ш. Енді ол қайда кетті?

Н о я н (айгайлап). Жоқ, ол ешқайда кеткен жоқ. Сендердің, іштеріңде. Қане, қайсың Әбілмансұр? (Бәрі үнсіз.)

Н о я н. Соңғы рет айтам, егер қайсың Әбілмансұр екенин айтпасаңдар, шеттеріңнен бастарыңды шабамын! (Жарапы балалар түк түсінбегендегі үнсіз түнжырап түр.)

Н о я н. Ал үш рет сұраймын, айтпасаңдар, бұл дүниемен қоштаса беріңдер. Қайсың Әбілмансұр? Бір! Қайсың Әбілмансұр? Екі! Қайсың Әбілмансұр? Үш!

Үнсіз түнерген балалардың біреуін иегімен нұсқап қалып еді, екі қалмақ сардары әлжуаңдау бір баланы дедектетіп үлкен жаңғырық қасындағы қолына қысқа сапты айбалта ұстаган жаналғыш жендеттің қасына сүйрелеп әкеледі. Қолын артына қайыра байладап, басын жаңғырыққа төсей бергенде, балалардың ересектеу біреуі айгай салады.

Е р е с е к ба ла. Тоқта, Әбілмансұр менмін!

Н о я н. Міне, жаңа ақылға келдің. Мына қасындағы сорлылардың текке қанын төккенше, мұның — ерлік. (Жаңағы екі сардар әлжуаң баланы тастай беріп, табылған «Әбілмансұрды» шынжырынан босатып, бөліп ала бергенде тағы бір бала саңқ етті.)

Б а л а. Ол Әбілмансұр емес, мен — Әбілмансұр!

Тағы бір хан баласының табылғанына, бірақ неге оқысташ екеу екенине, оның себебіне таңырқап қалған Ноян, екінші «Әбілмансұрды» да иегімен нұсқап, оны сарбаәдары жұлмалап алып шыққанша тағы бір жарапы бала шаңқ етті.

Б а л а. Мен – Әбілмансұр.

Т а г ы б і р і. Мен – Әбілмансұр.

(Е н д і б і р і н е н с оң б і р і.)

– Мен – Әбілмансұр

– Ол емес, мен.

– Мен...

– Мен...

– Мен Әбілмансұр.

Сырттан бақылап тұрған Шарыш: «Тоқтаңдар!» – деп, қолын көтеріп белгі берді де, қойқаңдалап, талтаңдай басып тұтқын балалардың ортасындағы Әли ханның тап алдына келіп тоқтап, қынабынан қылышын сурып алып, оның мәндайына тірдейді.

Ш а р ы ш. Сен неге үндемей қалдың? Мүмкін, сен шығарсың ханзада?

Ә л и х а н. Мен болсам қайтейін деп едің, шауып тастаймысың?

Ш а р ы ш. Шабам ба, шаппайым ба, оны өзім білем!

Ә л и х а н. Ендеше, қолыңда қоян түскен арыстандай ырылдамай, қылышыңды тарт. Егер менде өшің болса, жекпе-жекке шығайық!

Шарыш әуелі сасқалақтап қалып, сосын оқыс қарқылданап кеп күледі. Басқа қалмақтар да қосыла қарқылдасады.

Ш а р ы ш. Сонымен, Әбілмансұр мырза, не қалайсың? Мына сұмырайларыңмен бірге қосақтап айдайын ба, әлде өзіңді жеке жөнелтейін бе?.. Асықпа, жекпе-жекке де шығармыз. (Тазы да қарқ-қарқ күледі.)

Ә л и х а н. Мен Әбілмансұр емеспін. Төре де емеспін, құлағымды төре Әбілмансұр кескен құлмын.

Ш а р ы ш (ашуланып). Сонда, сен болмағанда, мыналар ма мырзаларың? Бәрінді де қазір қанжоса қырамын.

Ә л и х а н. Олар да емес. Әбілмансұр бұл арада жоқ, бірақ осы Түркістанның ішінде. Бүгін ұстамасандар, тұнде басқа кентке, Бұхараға не Самарқандға қашады. Және ол жалғыз емес. Ол сатқындарды мен ғана тауып бере алағын.

Балалар кісендерін сылдырата Әлиханға ұмтылады. Қалмақтар оларды қеуделерінен итеріп-итеріп тастайды.

Ш а р ы ш. Сен егер Үәли төренің баласын тауып берсең, басың бос.

Ә л и х а н. Мен басымды азат ету үшін емес, Әбілмансұрда кеткен кегім бар. Оның үстіне ол осы жолы бізді сатып кетті.

Ш а р ы ш. Қалайша сатып кетті?!

Ә л и х а н. Бізben бірге болу орнына бас саугалап қашып, бізді жауда қалдырыды.

Ш а р ы ш. Жауда? Қай жауда? Жауың кім?

Ә л и х а н. Әрине сендер, қалмақтар. Сендер – біздің ата жауымыз.

Ш а р ы ш. Тілінді басыңмен қоса шауып тастайын ба?

Ә л и х а н. Шаба бер. Сендердің жау екенінді мен еш уақытта ұмытпаймын. Ал қазір Әбілмансұр шын керек болса, қылышыңды маған бер.

Ш а р ы ш. Сен өзі, қалмақша қайдан білесің?

Ә л и х а н. Жаудың тілін білу керек деп үйреткен ұстазымыз Әбілмансұрдың аталығы Ораз. Ол қазір Әбілмансұр екеуі бірге. Оны ұстau да оңай емес, дуние жүзін шарлаған құл-мемлүк!

Ш а р ы ш (ойланып). Мәмлүк?! Мәмлүк болса, пышақ лақтыруға да шебер шығар.

Ә л и х а н. Пышақтасу, қылыштасу, найзаласу – бәрі-бәріне шебер. Ол он адамыңа бой бермейді. Әбілмансұр да сау сиырдың bogы емес...

Ш а р ы ш (түсі бүзэлып). Қап... Солар екен ғой... Мен олардан бүгін алданып айырылып қалдым... Қасыңа қарулы үш сардар қосып берем. Мына құнбатыс жаққа кетті. Жаяу.

Ә л и х а н. Олардың қалай бұрылатынын, қайда тасалайтынын білем.

Ш а р ы ш. Ендеше қуып жетіп, тұтқындалап алып келіндер. Сосын басың бос! Қалауыңды орындаімын... Жолдастарыңды да босатамын, тілесең...

Тұтқын баларап (шулаپ қоя береді):

— Тілемей-ақ қойсын.

— Біз оған ермейміз.

— Оһ, сұмырай, сатқын!

Ә л и х а н (балаларға). Кімнің сатқын екенін әлі көрерсіңдер!

Екінші көрініс

Тұн. Күіз үйдің іші. Шырақ жарығында ақ сақалын салалап отырган Төле би. Қасында қымыз ішіп Ораз отыр. Төменде қымыз құйған күтуші малай.

Төле би. Иә, енді, жөніңді зілді айта отырыңыз, қайдан жүрген жолаушысыз, ныспыңыз кім, қай ел боласыз?

Ора з. Есімім Ораз болады, қыр еліненбіз, мына қазаққа жаппай келген нәубеттен ел-жүртімыздан айырылып жапа шеккен жандармыз.

Төле би. Иә, артының қайырын берсін, қайран қазағым бұл зобалаңнан қашан құтылар екен. Атадан бала, баладан ана айырылған заман болды гой... Есіміңіз Ораз дедіңдіз бе, қонағым болыңыз, қалған жөн-жобаны сұраса жатармыз... Ау, Жарас қайда?..

Төле би сырттан біреуді шақырғанша, Ораз сәл ыңғайсызданып қолын көтереді.

Ора з. Би аға, Төле би аға, сәл... ниетіңдізге рақмет, рұқсат болса, бір ауыз бүйімтайым бар еді, пұрсат беріңдіз.

Төле би. Иә...асығыс болса, айта қойыңыз.

Ора з. Би аға, «от ала келгендей мұнысы несі» деп сөге көрмендіз, біз сізге қонақ бола келгениміз жоқ, құлыңыз болғалы келдік. Құлақкесті құлыңыз болмасақ та, өзіңді қумай кетпейтін басыбайлы құлыңыз болсақ деп едік. Бізде барап жер, басар тау қалмады, өзіңдіден пана ізделп келдік.

Төле би. Пана... пана іздел дейсің бе, иә, иә... Сөзіннің сырғайына қарағанда, қасында адамдарың бар-ау, сірә?

Ора з. Дәл үстінен түстіңдіз, қасымда бір бала ғана бар, басқа ешкім... екі адамды ауырынсаңыз, сол бала елінізде, қолтығыңыздың астында, қашан өз қолы өз аузына жеткенше...

Би жай ғана мырс етіп, лезде езуін жиып алды.

Төле би. Бір құл сырған жерге он құл да сыйады. Шақыршы сырттағы баланы.

Сырттан сықырлауық есікті сықырлатып, үлкен кіслерше: «Армысың, ағайын!» — деп сәлемдесіп, жолаушы бала арсыл-гүрсіл кіріп

келгенде, Төле би иегіне таман көтере берген сырлы аяқты қолынан түсіріп ала жаздайды. Баланың үстіндегі шапаны өрім-өрім, қыстың масагы қалғандай мильтына бастыра киген жалбыр тымағы, тымақ астынан жалт-жұлт еткен қарашығынан ағы көп алақандай екі көзі, «неге шақырдың, ал келдік» дегендегі өңмендер тұра қалысы — атылайын деп тұрган қара қабыланның үйіне жеткен ызбалы бөлтірігі сияқты. Тосыннан шыға келген құбыжық көргендегі, Төле би сасқалақтап, аузындағы сөзінен жаңылғандай, жұтына береді.

Төле би. Б-Бар... бол, б-балам, бар бол... аман бол! Отыр, қымыз ал.

Жолаушы бала босаға жақта жүргіне қалған әлгі құтуші малайды баса-көктеп өтіп, салып ұрып төрге шықты. Төле бидің тұра қасына, оң жағынан келіп, жан-жағына бір-екі көз таstadtы да, қол соғым жерде ала қоятын бөстек те, қалың бірсалар да көзіне түспеген соң, үстіндегі ұзын сарт шапаның шешіп жіберіп, астарын келтіре төрт бүктең салды да, үстіне қонжия кетті. Баланың мына оқыс қимылы биге ұнамай, тіксініп қалды. Енді сөзі де қиғаштана береді.

Төле би. Оу, балақай, мына басындағы малақайың бір жосын екен, қалақайын битке талатып, малақайын итке талатып жүрген не қылған бала десем, мына шапаның одан да бір жосын екен, өзің де бір тосын бала екенсін.

Әбілмансыр. Би ата-ау, бұл күнде ит пен битке таланбаған қай қазағының қалды. Жалғыз мен деп отырсыз ба? Жалғыз мениң бетіме салық қып, жалғыз мені мұқатқаныңыз, бір кездегі атақты Төле би ата, пәрменді әулие ата, бұл күнде дәрменсіз бола бастағансыз ба?!

Төле би. Иә, иә, айта түс.

Әбілмансыр. Қарамағыныздың еліңіздің жартысын сартқа, жартысын артқа тастап, аз жұртыңызды ала қойдай бөле қырқып жыромыштаған соң, мына біз сияқты пақырларыңыз да, сыртымыз сарт болса да, ішіміз қазақ болсын деп, астарын жабагыдан салдырып, дағылана берейін дегеніміз гой, би ата.

Орас. Би аға, ғафу, ғафу. Бұл бала аздап қылжақбастау, сөйлете берсөніз, сөйлей береді. Биыл Самарқаның бір қазағы шапанының астары өрім-өрім болған соң, жаны ашып, қой жабагысымен әйеліне астарлатып берген...

Төле би. Ештеңе етпейді, қылжақбас болса да, бейбастақ емес сияқты. Ау, әуелі аты-жөнінді сұрамаппын-ау, атың кім өзі?

Әбілмансұр. Атым жоқ.

Төле би. Жо-жоқ, мінетін атыңды емес, есіміңді, ныспыңды айтам.

Әбілмансұр. Мінер ат, киер киімсіз жалаңаш-жалпы жүргенімізді өзіңіз де көріп отырысыз, есімімді сұрағаныңызды түсініп отырмын. Атым жоқ, жоқ атты жерден қазайын ба, әулие ата.

Төле би шын ұнатпай, ытырынып қалады.

Төле би. Сонда қалай, осы күнге дейін сені жүрт «әй», «өй» деп келді ме? Мал екеш малдың да аты болады.

Әбілмансұр. Бұған дейін, би ата, құдайдың құлы боп келдім, енді адамның құлы боп өзіңізге келіп отырмын, адам атымды сол құлдың иесі өзіңіз атаңыз.

Төле би мезгілі жеткен жастан да, мезгілсіз ауыртпалықтан да қабагын жауып кішірейе бастаган жылды жанарлы қой көзін одан саңын сығырайта түсіп, балаға сынай қарайды.

Төле би. Сенің мына сабалақ-сабалақ түріңе де, сан-сапалак тіліңе де келісті ат — Сабалақ болсын!

Ораз (басы кекжең етіп). Са... Сабала-ақ?!

Төле би еңкеіе түскен еңсесін көтеріп алды. Әбілмансұр басы кекжең етіп, өткір көзі жалт етті. Түсі сұрланғанмен, бала сыр бермеуге тырысты.

Төле би. (Әбілмансұрға кекесінмен құлімсірей әрі сынай қарап). Қалай, ұнамай қалды ма? Басқа ат берейін бе?!

Әбілмансұр. Сіз, Төле би, әулие басыңызben лайық деп қойғанда, біз шақшадай басымызben қалай лайықсыз дейік. Сізді қалың қазақ әділ би, кесімі де біреу-ақ деуші еді, қойған есіміңіздің де біреу-ақ болғаны жөн шығар.

Төле би ұзын ақ сақалының ұшын аузына салып тістелеп, үнсіз орнынан түріп, «Мен қазір...» — деп, тысқа шығып кетеді.

Ә б іл м а н с ү р. Ұлы би, «қарлығаш әулие» деп сес көретіндері сол ма? Мазағы ма, қалмақта кеткен кегін менен алмақшы ма, аузына бір жібі түзу жөнді де ат түспеді ғой, қарадан туғанның аты қара.

О р а з. Оу, енді онда тұрған...

Ә б іл м а н с ү р. Сен де бір өндіршектеп қоймадың, «атыңды да, затыңды да өзгерт, жасырына тұр», — деп, қай жау алатын еді. Ал келістірді: Сабалақ деп былш еткізіп иттің атын бере салды, тым құрмаса «Сырттан» деп те қоймады-ау, мынау төре атыма, хан тұқымына таңба! Бүйтіп паналатқан панасы құрсын!

О р а з. Оу, Сырттан десе де, бәрібір оның заты ит емес пе? Жолбарыс дегеннен мына ұлы жүздің ханы Жолбарыс шын жолбарыс бола қалды ма, бір Хиуаны уысында ұстай алмай, қарамағындағы ұлы жүз халқын жан-жаққа шашыратып, бар билікті Төле биге беріп, соның арқасында жан сауғалап отырған жоқ па? Егер иеленсе уысты, сөйлесе уытты, алыстың аңысын болжагыш, ертеңін көргіш Төле би болмағанда, ендігі халқының жартысын қалмаққа, жартысын Хиуага үлестіріп беріп, жолбарайстай айбаттанбай, иттей ырылдап, өз елін өзі бірге қауып, бірге талар еді.

Ә б іл м а н с ү р. Оның рас, Жолбарыс атына ісі лайық болмады. Мысық екен.

О р а з. Ана көріпкел әулие би, мүмкін, сенің тегінді көзіңнен, сөзіңнен танып, мінезіңнен жобалап, қашып жүргеніңді біліп, атыңды Сабалақ қойса сезіксіз болар деп, әдейі қойған шығар?

Ә б іл м а н с ү р. Сонда, немене, өз Жәнібек бабамыздың Жәдігінің Күшігінің атын, Шығай ханның ұрпағы Барақтың атын да осы Төле би қойған шығар?! Одан да айта бер: қаршадай баланың қарсы шапқан қайсарлығына намыстанған тәқаппар, мейманасы тасыған би десейші.

О р а з. Е-ей, қайбір мейманасы тасыған дейсің. Одан да бүгіндері бет-бетіне босқан үш жүздің баласының жайын ойладап қажыған, хиуалықтардың қиқуынан, ойраттардың ойранынан, қалмақтарға әркез бағыныштылықтан, амалсыз жалтақтап жасыған қайғылы қарт десейші.

Әбілмансұрдың көзі жалт етіп аталақ үстазына бір қарады да, үн-түнсіз өз-өзінен ауыр күрсінді.

Үшінші көрініс

Қала. Таңкент. Маңдайшасында «Хакім ордасы» деген жазуы бар үй. Іште Төле би. Сырттан дұрсілдете басып, 12—13 жасар қызды жетелеген Әлихан кіреді.

Ә л и х а н. Ассалаумагалайкүм!

Төл е би. Уағалайкүм...

Ә л и х а н (қызға әскіңкіреп). Отыр ана жерге! (Төлөгө.) Біз қоңтайшы Себан Рабданның өзінің бүйрығымен жүрген адамдармыз.

Төл е би (ұнатыңқырамай). Адамдарың кім? Мына құйтакандай қыз ба?

Ә л и х а н. Ә-әй, бұл қыз әшейін. Адамдарым сыртта қалды. Қалмақ нојандары.

Төл е би. Иә, қандай бүйрық? Отыр, от ала келген жоқ шыгарсың.

Ә л и х а н. Асығыспыз... Іздеу салып жүрміз.

Төл е би. Кімді жоғалтып жүрсіндер тал түсте?

Ә л и х а н. Тал түсте емес, екінші жылға аяқ басты. Осы жолы таппасақ, маған кәдік. Мені өлтіретін шығар.

Төл е би. Соңшама ол кім еді?

Ә л и х а н. Уәли сұлтанның ұлы, Әбілмансұр тәре.

Төл е би. Әбілмансұр? (Ойланып қалады.)

Ә л и х а н. Соны қайткенде табуымыз керек.

Төл е би. Оны қоңтайшы қай қажетіне жаратпақшы екен?

Ә л и х а н. Итім білсін. Жарата ма, жайрата ма? Сіз, ақсақал, осы Тәшкенттің хакіміз фой.

Төл е би. Иә, уақытша.

Ә л и х а н. Мейлі, уақытша ма, мәңгіге ме. Шарыш баһадүр жарлық шығарсын дейді. «Әбілмансұрды тапқан адамға бір тайтұяқ алтын, он сөлкебай ділдә, бес нар, екі ат сыйға беріледі».

Гүл айы м. Жасырған адамға бұдан екі есе тарту тартылады.

Ә л и х а н. Зарлама! Саған деген сөз жоқ. Ал біз кеттік. Кентті аралаймыз. Ол осы маңда деген сыйбыс бар. Біз келгенше жарлықты жаздырып қойыңыз, ақсақал. Сосын жарларға ілеміз. Сен, қыз, отыр осында! Тапжылма! Ақсақал, мына қызды ешқайда жіберменеңз, нојандардың алдында басыңызben жауап бересіз. (Шыға береді.)

Төле би. Қарагым, сен қазақсың ба?

Әлихан. Болса, несі бар?

(Шығып кетеді.)

Төле би. О, заман-ай! Бір қазақты бір қазаққа жауғып қойған.

Гұлайым. Ата, ол менің ағам. Тұған ағам.

Төле би. И-ә? Оның Әбілмансұрда қандай өштігі бар?

Гұлайым. Кегім бар дейді.

Төле би. Ал сен ше?

Гұлайым. Ата (жан-жағына қарап), сіз ешкімге айтпай-сыз ба? (Төле би басын шайқайды.)

Гұлайым. Уәде ме?

Төле би. Уәде!

Гұлайым. Мен оны сүйемін.

Төле би. (құліп). Кім-м-ді?

Гұлайым. Әбілмансұрды.

Төле би. Сен, сен... әлі кіп-кішкентайсың.

Гұлайым. Жо-оқ, ата, мен 13-ке келдім. Әбілмансұр да отау иесі. Ол мені құтқарып алған.

Төле би. Қашан, қайда?

Гұлайым. Қалмақтар мені ұстап алып, мазақ қылғысы келгенде, Әбілмансұрлар құтқарып алған. Қасында Оразқұл дейтін аталағы бар.

Төле би. Оразқұл деймісің. Ораз, Ораз...

Гұлайым. Мен қорыққанымнан кекеш бол қалғам.

Төле би. Е, қазір анық сөйлейсің гой.

Гұлайым. Ол қызық, ата, айтпайсың ба?

Төле би. Уәде, уәде, қызыым.

Гұлайым. Біз қалмақтардан қашып, Сайхұн өзенінің бойымен келе жатып, суға тұстік. Мен олардан бөлек тұстім. Суда отырсам, қалың қамыс арасынан маған сығалап әлгі, әлгі не бар гой.

Төле би. Қоян ба?

Гұлайым. Жо-оқ.

Төле би. Қалмақ па?

Гұлайым. Жо-оқ, әлгі, әлгі, е-е, жолбарыс.

Төле би. Жолбарыс?

Гұлайым. Иә. Маған сығалап қара-ап отыр. Мен зәрем үшіп, жан даусыммен бақырып, шыңғырып қоя бердім. Жан-

ұшырып жеткен Әбілмансұр жалма-жан селебесін әлгі жолба-
рыстың көзіне дәл қадап, мені ала қашты.

Төле би. Жолбарыс қалып қойды ма?

Гұлаайым. Жолбарыстың өзі емес, баласы екен. Енді анасы
келіп қалмасын деп, атқа міне сала тұра қаштық. Сол жолы менің
тілім қайта шықты. Әбілмансұр қуанып, менің тілімді түзеген
жолбарысқа рақмет айтып, «енді сені жолбарысқа да, ешкімге
де бермеймін, өмір бойы бірге боламыз», — деп мені құшақтады.
Менің бар ғой, ата, біртүрлі жүрегім елжіреп, жылағым кеп кетті.

Төле би. (қыліп). Апырай-ә, жолбарыстың көзіне дәл тигіз-
ді дейсің бе?

Гұлаайым. Дәл тигізді. Оның пышағы мұлт кетпейді. Міне,
көрсетейін бе?

Гұлайым қысқа шапанын ашып жіберіп, белінде қатар-қатар сау-
сылдай тізілген пышақтарды көрсетеді.

Төле би. Оу, бұларың...

Гұлаайым. Мұның бәрі Әбілмансұрдікі. Ешкімге ұстаптай-
мын.

Төле би. Әбілмансұр мұның бәрін қайтеді?

Гұлаайым. Ата, айтпайсыз ба, Әлиханға да.

Төле би. Уәде...

Гұлаайым. Біз Самарқанда осымен күн көрдік.

Төле би. Күн көргені қалай?

Гұлайым. Базарда халық керемет жиналады. Біз ортага шы-
ғып... мен былай тұрамын (жарға барып, екі қалын екі жағына
жайып тұрады). Әбілмансұр пышақтарды зұылдатып жібереді.
Менің тұла бойымның сұлбесін салып шығады... Жүрт ділдала-
рын лақтырады.

Төле би. Тамаш-ша! Мұны қайдан үйреніп жүр?

Гұлаайым. Әлгі аталығы Оразқұл. Ол бар ғой, ата, ешкімге
айтпайсыз ба?

Төле би. Уәде!

Гұлаайым. Ол бар ғой, жасында тұтқынға түсіп, содан мә-
млүк болған адам. Пышақ, найза лақтыру, қылыш сермеу —
бәрін-бәрін Әбілмансұрга күнде үйретеді... Ата, мен де үйрендім.
Қорықпайсыз ба, мына жерге мен құсап тұрыңызшы, мен пышақ
лақтырайын.

Төле би. Ой, айналайын, керегі жоқ, керегі жоқ. Сенемін, сенемін.

Гүлайым. Ата, сіз Әбілмансұрды іздепеңіші. Ол өскен соң қазақтың ханы болады ғой. Ораз айтады, сен ханша боласың дейді. (Жыламсырап.) Тірі ме екен?!

Төле би. Тірі, тірі

Гүлайым. Ә-ә, ата, оны көрдіңіз бе?

Төле би. Жо-оқ, тірі екені... Өндай адам өлмейді. Ел оны бермейді.

Гүлайым. Рақмет, ата!.. Oh, аналар келе жатыр.

Төле би. Оу, айтқандай, жарнаманы, жарнаманы...

Гүлайым. Ата, жазғызбаңызы, ілгізбеніші.

Төле би. Бәрібір оны таба алмайды, ол мұнда жоқ... Айтқандай, атың кім еді, айналайын?

Гүлайым. Гулайым!

Төле би. Аман бол, Гулайым, қызыым. Әбілмансұр аман болса, сені іздел табады.

Гүлайым. Рақмет, ата!.. Айтқандай, сіздің атыңыз?

Төле би. Төле, шырағым. Төле би десе де болады.

Гүлайым. Ата, мен сізді білем ғой. Әкем айтып отыратын. Әулие ата, мен...

Жүгіріп барып, орнына отыра қояды. Сырттан Әлихан, Ноян кіреді.

Төртінші көрініс

Тұн. Жылқышылар қосының алдында маздаған от. От жанында Төле би, Сабалақ, Оразқұл. Сабалақ бас мүжіп отыр.

Сабалақ (басты жайылған дастарқанның бір бүршішіна қойып). Төле ата, рақмет! Анда-санда маған бас жіберіп тұрасыз.

Ора з. Жылқышылар болып жіберген сыйбаганызға қарық болп қаламыз.

Төле би. Сабалағым, төрем, басты саған тартпағанда, кімге тартам.

(Сабалақ пен Оразқұл тіксініп қалады.)

Төлөб и. Тегін бала емес екеніңді, тексіз емес екеніңді келгеннен-ақ сеңгенмін. Бірақ тап басып, кім екеніңді таба алмап едім. Енді жасырынбақ ойнаудың қажеті жоқ. Бүгін қасында нояндары бар Әлихан келіп кетті.

Сабалақ. Әлиха-ан?! Қасында кімдері бар дедіңіз?

Төлөб и. Нояндары ма, тайшылары ма, әйтеуір мұздай қаруланған сарбаздар.

Сабалақ. Басқа ешкім жоқ па?

Төлөб и. Басқа, енді, бір титімдей қыз бар.

Сабалақ. Гүлайым?

Сабалақ орнынан атып тұрып, қостан бес қаруын тағынып шығады. Гүлайым көрсеткендей, белдікте қаз-қатар пышақ қыны.

Сабалақ. Менің де енді жасырынбақ ойнауым жетті. Жүр, Ораз, бәрін де жайратам. Жетті енді...

Төлөб и. Қарағым, шырағым, отыршы. Асықпаши, ақылдасайық.

Сабалақ. Сіздің де, менің де мазамызды алдырмай, бір жайлы қылайын.

Төлөб и. Асығыстық сайтан ісі, төрем.

Ораз. Отыр, Әбілмансұр. Аусарлықты қашан тастар екенсің.

Төлөб и. Сен оларды қырарсың. Не олар сені. Сонда ол ізсіз қалмайды гой, төрем. Мені сорлатып кетесің гой.

Сабалақ. Сіз де кетіңіз жау жайлаган бұл арадан.

Төлөб и. Халқым не болады мен кетсем. Қайбір хакімдікті қалап отыр дейсің мені. Бүкіл ұлы жүзді алып, қансыратып отырган жоқ па?

Ораз. Ѝә, десеңші. Кеше кім айтты? «Ұлы жүз ел орманы болғанда, Төле би ел қорғаны» деген жоқ па?

Сабалақ (сабасына түсін). Егер елін айласымен де, ақылымен де қорғап отырган би де өзі, хакім де өзі атамызға түйеші құлын қорғау орнына, құлының қорғаны керек болса, қойдық.

Төлөб и. Бәсе, бәсе! Сенің қорған болатын, халқынның қамқоры болатын күнің әлі алда. Ертең, алда-жалда, құдай қостап, мына ит қалмақты елімізден қуып, қазагым қайта дербес ел болсақ, ел басқаратын көсем болатын төре тұқымынан жібі түзу сен ғанасың. Оны олар да біліп, қыр соныңнан қалмай жүр. Біздің парызымыз сені сақтау, төрем, әлі де саған қамқор болу-

дан бас тартпас ем, әттең... бір қорқақ «қашпағанда қорқам ба» — депті ғой. Лаж қалмады, хакім бола тұрып та, біреуге қақынды жіберетін тұстарың болады екен.

О р а з. Қіріптар кезде солай, би аға!

С а б а л а қ. Қашан кетейін?

Т ө л е б и. Қет демеймін. Жетіл деймін. Ендігі сені сақтар жер — жау тұмсығы кіре қоймаған Арқа елі. Сарыарқа. Телегей-төндіз дарияның бар толқыны ортасына қарай толқиды. Тұбі бар қазақ даласының кіндігі де сол ара болар.

О р а з. Мен де жүрем ғой, лұксат болса.

Т ө л е б и. Әрине, болашақ бәйтерегің Сабалақты тал шыбық құнінен бағып келесің. Егеудей қатып, емендей бекігесін өзі де тағылар мен жабыларға бой бермес. Әлі де ағалық, аталақ қамқорлық қажет.

О р а з. Рақмет, би аға.

С а б а л а қ. Би ата, Арқага сіз берген атпен барайын ба, әлде осында қалдырып, өз атыммен барайын ба?

Т ө л е б и. Әзірше мен берген атпен Сабалақ бол жүре түрсайшы, жау жоқ деме, жар астына. Өз атың қайда кетер дейсің, асыл затың жұрт алдында шыққанда нағыз атың да шығар. Мен берген атты сонда тастарсың, бірақ мен берген ақ батамды жүргегінің түбінде әрқашан сақтарсың. Аман бол қайда жүрсөң, еліңнің туын көтерер күнің алыс емес, түйеші Сабалағым, киелі төрем!

О р а з. Аман бол, көріпкел әулием, берік бол, қарлығаш биім!

Бесінші көрініс

Дала. Соғыс даласы. Аспан бұлтты.

Әбілмәмбет хан, екі жағында сардарлары, билер, діндарлар, тағы басқа үш жүздің белгілі-белгілі адамдары, жас батырлар.

Ә б і л м ә м б е т. Сонымен, сардарлар, батырлар, билер, сөз осымен тамам — бұл соғыс ақырғы соғыс емес, бірақ елімізді жаудан босатудың басы. Келесі соғыс түгел босату. Одан кейінгісі жауды өз жерінде жаншу. Бұл жолы тек жеңу. Оған жаңа айттым, үш жүздің де үш жылдық дайындығы жетеді. Тек Алла тағала сәтін салып, қуат берсін!..

...Әне, біздің елші де келе жатыр. Не бәтуаға келді екен?

Қазақ елшісі. Қалдан Серен: «Қазақта ер кезегі үшке дейін» деген сөз бар. Үш рет батырлар арасында жекпе-жек болсын. Егер үшеуінде де жеңілсе, менің дегеніме көнсін, қан төгіспейік, ал әйтеуір жеңілеміз, жекпе-жекке шықпай-ақ берілеміз десе, тағы еркі! — дейді.

Әбілмәмбет. Тапқан екен!.. Кім бар жекпе-жекке шығатын?

Хабаршы. Аптырмай, жонғарлар жағынан есік пен төрдей атын шыр көбелек ойнатып, алпамсадай біреу ортага шығып келеді. Биік аттың үстіндегі басы қазандай, иығы алқам-салқам, еңгезердей баһадұрдің қос тізесі шоқтық да тірелгенде үзенгіде салбыраған екі аяғы жерге тиер-тимес.

Жасақтар дүр сілкінеді. Дауыстар әр жерден: «Шарыш!», «Мынау Шарыш!», «Албасты Шарыш!»

Әбілмәмбет. Кім бар қазақтан шығатын? Қай батыр бар?

Топ ішінде тұрган Сабалақ қатарындағы айбалталы Ораз аталығына қарайды. Ораз көзін жұмып, басын шайқайды: «Болмайды» деген белгі.

— Мен бар!

— Мен бар! Бата, бата!

Бір мосқал, бір жас жігіт аттарын тебініп ханга қарай ат ойнатып шыға келеді.

Хабаршы. Шарыш пен мосқал жігіт қарама-қарсы тұр.

Қалмақ, қазақ жағынан екі төреші шығады. Бәрі де тына қалған. Тым-тырыс.

Хабаршы. Екі жақтан бір-біріне қарама-қарсы шапқан екі үшқыр аттағы екі батыр. Қолдарында наиза сұңгі. Қарларында қалқан. Ағып келген бетте тасыр-тұсыр Шарыш қазақ батырын қалқан-малқанымен түйреп, аспанға бір-ақ атты. Қалмақ жағы гу етті, екінші кезек келгенше дуылдастып, гүілдесіп тұр. Қазақтар жағы жым болып, бастары төмен салбырап, салы суға кетті.

Сабалақ тағы да Оразға қарады. Ораз тағы да көзін жұмып, басын шайқады.

Х а б а р ш ы. Әлденені айтып, айғайлап, топ алдынан сес көрсетіп, неше түрлі сөздермен балағаттап, атын ойнатып өткен Шарышқа қарай жай гана бұлқімен жас батыр кетіп барады.

Тағы да керней, дауылпаз, даңгара. Тағы да екі жақтың шуы.

Х а б а р ш ы. Екі батыр бұл жолы қарсы шауып келіп, аттарын оқыс қарғыта тоқтатып, қылыштасып кетті. Тағы да қақтығыс тез бітті. Қайқы қылышын бір-екі сілтеп үлгерген жас батырдың соңғы сілтесін сол қарындағы қалқанымен қағып жіберіп, Шарыш оң қолындағы қылышын жарқ еткізіп шауып жіберді. Жас батырдың бассыз денесі үріккен аттың үстіндегі кете барды.

Дүрсілдетіп қайта айналып келген Шарыш үзын сұнгі-найзасымен жас батырдың басын, үйтер қойдың кеңірдегінен істікпен пісіп алғандай, ат үстінен шашып алып, қазақ жасағына қарай шаба жөнелді де, жебе жетер жерге келгенде найза-мен айналдыра толғап-толғап тұрып аспандата лақтырды. Хан төңірегіндегі өңкей қас батырларға қарай жас батырдың басы «Алланың добындаі» әуеде ұшып келеді...

Бұл жолы шыдай алмай тісін қайрап зығырланған Әбілмансұрдың көзі қанталап Оразға ашуулана, тұксие қарады. Ораз, бұл жолы жай-бақат қана басын үш рет изеді.

Ә б і л м ә м б е т. Кім бар үшінші соңғы жекпе-жекке?

Сабалақ хан алдына жүтіріп шықты. Қалың қолдың ішінен: «Сабалақ!», «Мынау Сабалақ қой!», «Сабалақ!» деген сөздер саң-қылдады. Әбілмансұрмен қатарласа елші де келді.

Е л ш і. Қалмақ қонтайшысы былай деп талап айтыпты:

«Егер үшінші жекпе-жекте батыры тағы жеңілсе, бекер қан төгіске барыспайың. Әбілмәмбет хан жасақтарын алып кетсін. Есіл бойы Еділге дейін жалғасқан ойраттардың мекені болады. Хан уәдесі — қатын уәдесі емес!»

Ә б і л м ә м б е т. Мен қашан уәде беріппін? Біздің уәдеміз де, сертіміз де біреу-ақ. Елді, жерді қорғай! Жауды жаншу! Сен кім едің, жарқыным?

Сабалақ. Кейін білерсіз.

Әбілмәмбет. Тым жас екенсің. Бетіңнен жарылқасын! Ке-
йін жақсы атыңды мен гана емес, бүкіл халқың білуге жазсын!

Маңындағылар. Иллаһи амин!

— Иллаһи амин!

Шарыш пен Сабалақ қарама-қарсы тұр. Шарыштың көзі Саба-
лақты ішіп-жеп барады.

Қазақ төреші. Бұл жекпе-жектің үшінші кезеңі.

Қалмақ төреші. Бұл жолы қарудың қай түрін қолдан-
саңдар да еріктісіңдер.

Шарыш. (*Сабалаққа айғай салады.*) Эй, маңқа қазақ, мен
сені бір жерде көрген сияқтымын!

Сабалақ. Қөрсөң, енді соңғы көруің!

Дауылпаз, керней, даңғыра, бубна, зырылдауық, дауыстар у-шу!

Хабаршы. Шарыш пен Сабалақ екі жақта. Сабалақ
басындағы дұлығасын алып лақтырды. Оны қөріп намыстанған
Шарыш та дұлығасын шешіп лақтырды, тақыр басының дәл
төбесінде қалдырған тоқпақтай үзын айдары найза білеziгінде-
гі шашақтай желге желбірейді. Төрешілер орамалдарын серпіп
қалды. Екі батыр бір-біріне қарай қүйгітып келеді. Батыр-
ларға сай аттары да тұяқтары жерге тиер-тимес ұшып келе
жатқандай. Шарыштың сол жақ қолында қысқа ғүрә шоқпар.
Сабалақтың қолында ештеңе көрінбейді. Шарыштың шоқпар
жақ — сол жағына жақындай бергенде Сабалақ сары атының
оң жақ мойнына қисая бере, шоқпардан жасқанғандай, зу етіп
өте шықты. Демдерін іштен алып, алыстан көз айырмай қараған
қазақ, қалмақ шу ете қалды. Түкке түсінбей, екі жақ та көздері
ежірейісіп кетті. Қазақтар жағы: «Не болды», «Не болды?»,
«Еш қару қолданбағаны несі», — деп, қалмақтар жағы: «Мы-
нау адам ба, пері ме?», «Киесі бар екен, киесі», «Желмен ұрып
өтті», — деп шуласқанша болған жоқ, басы кекжең ете қалған
Шарыштың аспанға көтере сілтей берген шоқпараты ұшып кет-
ті; басы сылқ етіп аттың жалын құша құлады. Өте беріп атын
көкке қарғыта қайта оқыс бұрылған Сабалақ Шарыштың атын
қуып жетіп, жанамалай келіп, баһадүрдің басын айдарынан сол
қолымен уыстай көтеріп, оң қолымен белінен суырған алдаспа-

nymen бұқа мойнынан бар пәрменімен құлаштай шауып алып, өз жасағына тұра шапты.

Айдарынан ұстаған бұлғаңдаған Шарыштың басы. Сабалақ баспен үрсисып келеді.

С а б а л а қ. Сан мыңдаған жазықсыз бастарға көзің тоймап еді, енді қалай екен. Соңғы рет қара маған. Мен — Әбілмансұр, Сабалақ, Абылай! (*Tura Әбілмәмбеттің алдына әкеп, бір қап ауыр түз тастағандай дүңк еткізді.*)

С а б а л а қ (хан сыртында түрган қолға бар даусымен айғайлап атой салады). Еліміз, жеріміз үшін жан пида! Аттан, бауырларым, қазақ ұлысы, қалмақ жауыздардың қанын шашып, біржолата қуайық жерімізден. Аттан, аруақ, аруақ, Абылай, Абылай!

Шашақты ақ найза көтерген Сабалақ жауға қарай тұра ұмтылды. Әр жерден «Абылай, Абылай!» — деп қосыла айғайлап, дүрліге шапқан жүздеген ат түяғы мыңдаған ат түяғына ұласып, бүкіл дала жер қайыса шапқан аттардың салмағымен майысқандай, Абылай үнімен жаңғырығып кетеді.

Майдан даласында кенет бір керней үні шыққандай болып, шошынған дауыстар естіледі.

- Жолбарыс! Жолбарыс!
- Аттарыңды бұрыңдар!
- Кейін қашыңдар! Қашыңдар!

Бір қолы шабылып, қаны сорғалап жүгірген қарусыз жолбарыс тастан-тасқа секіріп қашып барады. Әбілмансұр да тастан-тасқа секіріп, әбден титықтаған, шаршаған жолбарысты бір ұлкен тасқа өрмелей бергенінде найзасымен түйрей берді. Ол жалт қараганда, дәл тамағына қадамақ болған найзасын көтеріп алады. Бұл — жолбарыс терісін киген жігіт.

Түрі де, көзқарасы, бет-ауыз қимылы жолбарысқа үқсайды. Сауқолының саусақтары да: күс-күс, сүйел-сүйел буынды саусақтары, әбден өсіп кеткен тырнақтары — бәрі хайуанды елестетеді. Ашық кеудесінен бүркырап көрінген сатпақ-сатпақ жұндері де, адамнан гөрі су көрмеген жыртқыштың барақ жұніне үқсайды. Әбілмансұр оның тамағына тіреген сұңғісін бырс еткізе кіргізем дегенде жолбарыс кей-

піндеңі хайуан-адам сөйлеп қоя береді. Сөзі бір жосын, ырылдаған аңдай, сөзіне «ыр-ыр» дыбысы көп: ырылдағап сөйлейді.

Ж о л б а р ы с. Мені өлтірме, Әбілмансұр-рр!

С а б а л а қ. Сен... сен кімсің? Мені қайдан білесің?

Ж о л б а р ы с. Мен Әлиханмын.

С а б а л а қ. Әли-ха-ан! Әли. О, сатқын!

Ә л и х а н. Мен сені сатқын деп жүруші ем.

С а б а л а қ. Менің сатқын емес екенімді көріп тұрсың гой.

Ә л и х а н. Иә, сені көргенде сенің сатқын емес екенінді де, өзімнің қайды жүргенімді де біліп, есім кірді.

С а б а л а қ. Есіңнен не ғып айырылып жүрсің?

Ә л и х а н. Сені таба алмай, Ойрат еліне барған соң, қалмақтар мені кішкентайынан жолбарыс бөлтірігімен бірге асыраған құл балалардың арасына тастаған. Мәңгіріп қалдым. Содан бері сөйлеп тұрғаным осы, жарық дүниеге шығып тұрғаным осы.

С а б а л а қ. Ендеше қараңғы дүниеге біржола аттандырайын.

Сұңгіні тағы да бір нұқып қояды.

Ә л и х а н. Жоқ, сен мені өлтірме. Мен керекпін. Гұлайым...

С а б а л а қ. Гұлайым қайда? Гұлайым!

Ә л и х а н. Ол қалмақ тұтқыны. Күң.

С а б а л а қ. Күң?

Ә л и х а н. Ұзатылайын деп жатыр. Сені өлді деп хабарлапты.

Дүрсілдете шауып екі-үш жауынгер келіп қалады. Жолбарыс-адамға қарап, таң-тамаша қайран қалып тұр.

С а б а л а қ (олардың біреуіне). Ана бір бос жүрген атты қайырып әкел... Тез... Әлихан, бар, жонғарға тарт. Гұлайымды осында жеткіз. Қалайда.

Ә л и х а н. Жеткізем, сосын өлсем — арманым жоқ.

С а б а л а қ. Мә, жолда қорғануыңа керек болады. (Көк сүңгісін лақтырады. Әлихан қағып алып, кете барады.)

Жалғыз адам мойны салбырап кетіп барады. Бұл — аталақ Ораз. Соңынан дүрсілдете құған үш-төрт қарулы адамнан сескеніп, алдына өңгере салған айбалтасын дайындал, қарсы тұрады. Қуып келгендер айнала қоршап тұра қалады.

Шоқша сақал. Сіз бе Ораз?

Ора з. Болсақ болармыз.

Шоқша сақал. Сізді Абылай іздең жатыр. Сабалақ. Абылай.

Ора з. Тұсіндім! (*Көзіне жас келеді.*) Айта барыңдар: мені енді іздемесін. Арманым орындалды. Әбілмансұр-Сабалаққа өнерім жетсе де, енді Абылай сұltанға өрем жетпейді. Енді маған аланда масылдықтан басқа, пайдам жоқ. Оған енді ұстаз болар атальық емес, атальы сөз айтар кеменгер кеңесші керек.

Шоқша сақал. Ендеши, мына басты мумияласын деді. (*Кап үсынады.*)

Ора з. Ә, ә, мұны орындауға болады.

Күгіншылар келген жолдарымен қайта кетеді. Ораз қаптағы Шарыштың басын алады да, оның кеңірдегіне бойлай кірген селебе пышақты суырып алғып, қанын етегіне сұртіп, қынына тығады. Басты қайтадан қапқа салып, жүре береді.

Ораз жалғыз кетіп бара жатыр.

Алтыншы қөрініс

Хан отыр, нөкерлері тізіліп тұр. Хан алдында Сабалақ, қатарында батырлар.

Ә біл мәмбет. Бүгінгі женіс — заманымыздагы ұлы женіс. Бұлантыдан кейінгі үрпағымыздың шежіресіне жазылар ұлы женіс. Мына заманымыздың ұлы жыршысы, бұрынғы ордабасы **Кожаберген** жырауымыздың «Елім-айынан» кейінгі тағы бір ұранды шежіре жазылмақ. Сабалақ бала, бұл женіс сенің атыңа, сен ұрандаган Абылай атына байланысты женіс. Бір сұрақ — Сабалақ балам, сен жауға шапқанда неге «Абылайлап» шаптың?

Сабалақ. Енді айтуға болады. Абылай — қазақтың атақты адамы қанішер атанған Абылай — менің туған атам, әкем **Көркем** Үәлінің әкесі еді, соның аруағы қолдасын деп...

Хан екі қолын жая үмтүліп Сабалақты құшақтап қөріседі.

Ә біл мәмбет (жыламсырап). Бәсе, бәсе... Менің ағам Абылайдан қалған көз екенсің гой. Сезіп едім. Біліп едім.

(Жүртқа айғайлап.) Бұғиннен бастап Әбілмансұр аты да, Сабалақ аты да қалып, Абылай атансын. Бұғиннен бастап орта жүздің ел билігі осы Абылайға — Абылай сұltанға ауыссын. Бұл — хан жарлығы. Абылай, Абылай, Абылай!

Б ә р і (қосылып). Абылай! Сұltан Абылай! Хан Абылай!

ЕКІНШІ АҚТ

Бірінші көрініс

Қобыз сарыны. Қайғылы қобыз сарыны іле шығыстың бір әуеніне ауысып барып, шығыс ұлғісіндегі қаланың сұлbesі көрінеді — Жоңғар елі.

Контайшы Қалдан Сереннің ордасы (ставкасы).

Нояндар, әскербасы — дабашылар, дін адамдары — ламалар.

Қалдан Серен тақта. Босағада — қарулы құзетшілер. Қалдан Серен рикшамен келіп, таққа отырады.

Қалдан Серен. Бұғін қазақ елінен мына сандық келді. Соны көруге шақырдым сендерді.

Б ә р і. Бұл не?

— Бұл не сандық?

— Мұның ішінде не бар?

Қалдан Серен. Естерінде болар, менің марқұм әкем Севан Рабтан 1723 жылы көктемде қазақ даласына шабуыл жасап, қазақтардың тең жарымына жуығын тып-типыл еткенде, Шыңғысхан тұқымының мұсылман боп кеткен төрелерінен, Жәдіктің тұқымы, қанішер Абылайдың немересі жас Әбілман-сұрга іздеу салды және іздеуін қоймады. Мен Балқаш көлін жағалай, Қаратаяға дейін, әкемнің інісі Құлан Бату Алтай мен Еміл арқылы Қекталға дейін, немересі Әмірсанана Нұра өзенінің алқабын, менің 18 жасар ұлым Цеден Доржы Шелек өзенінің бойын, Лама Доржы ұлым Ыстықкөлдің маңын, ағайынымыз Даға Доржы бүкіл Шу бойын шулатып, қырғидай тиіп, ен да-ланы қанға бояғанда, әлгі әкеме керек боқмұрын Әбілмансұрды біріміз таба алмаған едік. Елі ел екен, болашақ асыл ұлын сақтап қалды. Біз ол кезде онша түсінбеген екенбіз. Әкем аса көреген екен... Міне, бұғін сол Әбілмансұрдан мына сандық келіпті. Сендермен бірге отырып ашайын деп шақырдым.

- О, тәңірі, не дейт? Тірі ме еken ол бейбақ?
- Сәлемдеме мe бүл сонда?
- Сый ма әлде?

Қалдан Серен. Әуелі мына хатын оқиық. (*Хатышына*.) Мына тұсынан соңғы жағын оқысан жетеді. Хатышы (оқиды.) «...Мына мумиелеген басты біраз сақтадық, енді сендерге жіберіп отырмыз. Егер қазақ даласына шабуыл, жаугершілік атаулыны тыймасаңдар, жаулап алған қазақ жерін тез арада босатпасаңдар, бәріңнің бастарың осы Шарыштың басындаі домалайды. Менің бейнемді бар өліктеріңнің көздерінен көретін боласыңдар. Қарап алыңдар. Егер жаулықтарыңды қоймасаңдар, айтарым да, шындығым да осы: қанға — қан!

Мен — Абылай!»

Қалдан Серен. Міне, Шарыштың басын алған Эбілман-сұрдың бізге жіберген сыйы осы!

- Хатта Абылай деп түр гой?

— Сабалақ деген біреу деп еді гой Шарышты өлтірген.

Қалдан Серен. Сабалақ та, Абылай да, Эбілмансыр да бәрі бір-ақ адам. Бүгінгі сұltан, болашақ қазақ ханы Абылай.

Сандықты ашып, бәрі иықтаса үмтүла үңіліп, қайсыбірі көздері шарасынан шығып, үріккен аттай бастарын оқыс тартып алады. Шарыштың қазандай басын зорға көтеріп, Қалдан Серенге жақыннатқанда, қонтайшы өліктің көзіне тесіле қарап тұрып, ішін тартады.

Қалдан Серен. О, тәңірі, мундай да болады еken-ay. Көзінде, көзінде... Абылай, Сабалақ-Абылай, Эбілмансыр!

- Не дейт, қане, қане?
- Қане?

Нояндар Шарыштың бедірейіп тұрган көзіне үңіледі. Сырттан хабаршы Тайшы кіреді.

Тайшы (басын iip). Алдияр ханым, Абылай қолға түсті.

Орда адамдары түгел орындарынан атып-атып тұрып, қайта отырады. Қайсыбірінің жүзінде жайрандаған қуаныш, қайсыбірінің көзінде үрей.

Қалдан Серен (*sasқalaқтап*). Қ-қай Абылай? Қолға тұскені қалай?

Та й шы (өзің ұстағандай маңғазданып). Қазақтың қанішер Абылайының қанішер Әбіл... Әбілмансұрын бір топ ноян, батырларымен бірге тұтқындалап, байларап-матап әкелдік...

Қалдан Серен. Әбілман-сұ-ұр?! Абылай хан?!

Отырғандарға айнала, әлденеден сезіктенгендей, айбарлана, тесіле қарап, шолып өтеді. Нояндар мен Жайсаңдар үнсіз, томага-түйік. Тек қана ноян Рабдат жайраңдалап, Қалдан Серенге құле қарап, оның үнсіз сұрағына жауап береді.

Рабда (масаттана). Менің басшылығыммен болған іс. Жарайсыңдар тайшыларым, сарбаздарым.

Қалдан Серен. Мен білмейтін қай жорықта, қай соғыста?!

Та й шы. Қырық шақты адам аң аулап жүргенде 500 қарулы адаммен қоршап, ұстап алдық.

Қалдан Серен. Үрлапәкелдікде! Сонда олханемес, қалыңдық болғаны фой!

Рабда. Ханы не, қалыңдығы не, сағайын тартқызу үшін бәрібір емес пе?

Қалдан Серен. Тоқтат! Ертең мені де ұрыс даласында емес, ел арасында жүргенде осылай баспалап ұстап әкетсе, сендердің «қыңқ» ететін түрлерің жоқ-ау, сірә!

Бәрі үнсіз. Тұнере ойланған Қалдан Серен басын көтеріп алады.

Қалдан Серен. Жарайды, болары болған екен, енді түбіне дейін жетейік! Алып кел Әбілмансұр... Абылайды!

Тағы да үрейлі үнсіздік. Ханға қарсы есіктен арыстандай айбатты Абылай шығып, Қалдан Серен ордасына алшаңдай басып кіреді. Жанында Өтеген батыр. Қолдары артына қайырылып байланса да, жаудан жасымаған, жүндері жығылмаған, әдейі жасаса да, әйтекеүір қажырынан, қайратынан қайтпаған батыр жандар, отырғандардың мысыын басардай айбарлы, сұсты тұлғалар. Бір-бірін сынағандай аз үнсіздік. Бұл кеңдесуді үш үйқтаса ойламаған хан сөзді нeden баста-рын білмей, іштей жайсызданып отырғаны білінеді.

Қалдан Серен. Ел дәстүрінде сырттан кірген адам үлкен бе, кіші ме, ұры ма, жоқ па, сәлем беруші еді.

Рабда. Қазақтар надан емес пе, ондай дәстүрді қайдан білсін.

А б ы л а й. Сізді ойрат хандарының ішіндегі, өткені бар, кеткені бар, ең ақылдысы да, жөн-жоба білетін салиқалы адам деп естіп ем, сыйлагандықтан сәлем бермей тұрмын.

Қалдан Серен. Сәлемдеспеу де сыйластықтың белгісі болғаны ма?

Маңындағылар қолпаштап ду күледі. Қонтайшы езу де тартқан жоқ, әлі де ыңғайсызданып отыр.

А б ы л а й. Сұрадыңыз гой, жауап берейін. Дұрыс айттыңыз, біздің жақта да сәлем береді кірген адам.

Әлі де езулерін жинай алмай отырғандарға Қалдан алая бір қарап өтеді, олар езулерін жиып алады.

А б ы л а й. Біздің жақта үйге кірген адам сіз сияқты сыйлы адамға екі қолын қеудесіне қойып, жүрегін басып сәлем береді. Ол — шын жүрегімен амандақаны. Ал менің екі қолым артыма қайырылып таңулы, сонда жүрегімді басу орнына көтімді басып сәлем берейін бе?!

Бұл жолы Отеген қарқылдап кеп күледі. Қалдан Серен де шыдамай мырс етіп, томен қарайды.

А б ы л а й. Сосын мен мұнда еркіммен келген адам емеспін, қолы байлаулы адамның сәлемдескені — жауынан бұғып қорықканы, не жарамсақтанып жалынғаны, мен ол екеуінен де адамын.

Қонтайшы жаңа байқагандай тағы да ыңғайсызданып, жасақтарына «қолын шешіндер» деген белгі береді.

Қалдан Серен. Екеуінің де.

Н о я н д а р (Абылайлардың қолын шешіп жатқанда):

- Тұтқын бол қеліп тұтықпауын қараш.
- Иә десейші, мұндайлардың қолын емес, тілін байлау керек.
- Ха-ха! Тілді қалай байлайсың, кесіп алмасаң.

Р а б д а т. Маган берсе, көп сайратпай-ақ кез келген ағашқа мойнынан іле салар едім, мойынға тұскен тұзақ — тілге де тұскен тұзақ, ха-ха!

Н о я н (қуланып). Ал егер, басын жаңғырыққа салып айбалтамен шаптың бар ғой, тіл дегенің «ләм» дей алмай, баспен бірге кетеді екен, ха-ха!

Қолы босаған Абылай енді еркінсіп, дүрсе қоя береді.

А б ы л а й. Ей, Қалдан, менен көргені де көп, түйгені де көп, жасы да үлкен ел басы бола тұрып, бұл қай көргенсіздігің! Қай заманда бір елдің басшысын екінші елдің басшысы қапыда тұтқынға алып, ерлерше жекпе-жекке шығып өшін алмай, қатындарша үйінде, төсегінде жатып сақтал тіршілік кешіпти! Тым құрыса, үйге кірген жыланға да әуелі басына ақ құймаушы ма еді, мен де өзіндегі бір елді ұстап отырған хан, әуелі төрінді бермесең де, мейманға тиесілі орнымды бермейсің бе?

Ш о н ж а р, н о я н д а р (шуылдалап кетеді.).

- Мынау қалай-қалай сөйлейді?
- Тіпті орын сұрайды. Мүмкін, тақ сұрайтын шығарсың, ха-ха!
- Хұзырлы қонтайшы, тұтқынды қасыңызға отырғызарсыз.

Рабdat қылышын суырып алып, тістеніп, Абылайдың қасына жүгіріп келіп, сыздана зекиді.

Р а б д а т. Жетті тілің мен жағыңа сүйенуің! Сені тұтқыннаткан — мен, басыңды алатын да — мен! Әттең, бұл араға жеткізбейім керек еді. Отыр осы жерге тізерлеп, қасиетті қаған алдында жүгініп отырып жауап бер.

Қ а л д а н С е р е н. Иә, отыр сол араға.

Ө т е г е н (Абылайға). Хан ием, мына Қонтайшыдан төмендеме! Отыр ұстіме!

Өтеген тізерлеп бүгіліп, алып денесімен көлденендең түсіп төрт тағандап тұра қалады. Абылай өз тағына мінгендей үнсіз ғана оның арқасына отырады. Тұтқын батырдың мына тапқырлығына, тұтқында тұрып ханын сыйлайтын елдік қасиетіне таңғалып, әрі бұлайша еркінсулеріне ызаланған, намыстанған нојандар бір-біріне үнсіз қарап отырып қалады. Қонтайшы Қалдан Серен де мына тапқырлықтан мысы басылып, тілі байланғандай үнсіз отыр. Осы қолайсыз үнсіздікті бүзған есерлеу, үшқалақ Рабdat тағы да айғай салады.

Р а б д а т. Өй, көргенсіз, қанішер атаң Абылайдың атын алған қанішер, Шарыштай арысымызды өлтіріп, бұл арада қалай-қалай үялмай еркінсіп, ордаңдайсың, арсыз!

Б а с қ а л а р ы д а:

— Иә десейші, біздің малымызды бағып, көсегемізді көгерпіп келгендей...

— Мұның да басын Шарыштай етіп қағып тастау керек!

— Мұнымен мәймөңке создің не керегі бар, Шарыштың басын алған адамды бір күн тірі ұстауға болмайды!

Р а б д а т. Дұрыс, мұның да басын алу керек, сонда ғана кек қайтады.

Қалдан Серен (қолындағы, екі жаққа айбат шегіп аузынан жалыны шыққан қос айдаһар бейнесі оймышталған хан асатаяғын көтеріп, басқаларын тоқтатып, Абылайға зірк етеді). Жетті сайрауың! Сен өзі тұтқынбысың әлде елшімісің? (Ду күлкі: зығырлы, ацы күлкі, қонтайшиның тапқыр сөзін қолпаشتаган күлкі.)

А б ы л а й. Алдияр, тақсыр! Алдымен сіздің сұрағыңызға жауап берейін бе, әлде сізден бұрын сөйлеген мына есектеріңізге жауап берейін бе?

Нояндардың көздері шатынай түседі.

Қалдан Серен (кекесін). Бұлар есек болса, сен шошқа шығарсың? (Тағы да зығырлы күлкі.)

А б ы л а й. Дұрыс айтасыз — шошқа болғанымыз рас! (Нояндар «бұл қай мойындағаны» дегендей елең етіседі.)

А б ы л а й. Нояндарыңызды есек дегенге намыстанып қалдыңыз-ау, үлкен адам. Біздің жақта хан сөйлегенде басқалар жым боп отырады. Хан сөзіне құлақ аспайтын жарықтық есектер ғана, олар «бақыратын, шақыратын» мезгілінде ханның сөзін де, өзін де елең қылмай бақыра береді. Мына нояндарыңызды есекке балағаным сол еді. Екіншіден, мені Шарышты өлтіргеніме кінәлап отыр. Жекпе-жекке шыққан адам бірін-бірі өлтірмегенде не істеуші еді? Егер Шарыш мені өлтіріп келгенде, одан да құн сұрайтын ба едіңдер? Мұндай ессіз есірік сөзді есектер ғана айт-паса, есі бар адам айттар ма?

Қалдан Серен (мына үтқыр сөздерге жұмсаған сыңай-да). Ал өзінді шошқага балағанымды намыссыз мойындағаның қалай?

Басқалары «ал, не дер екенсің?» дегендей, еңкеңдей құлақтарын түрді.

А б ы л а й. Биыл Рүсия патшалығына өзім бастап, Орта жүз қазағы түгел дерлік бодан болдың. «Орыс болдың, шошқа болдың» деп, бетіме салық қып тұрганыңыз солғой. Оған намыстаңып қайтеді. Байтақ жатқан жерім, бақытсыз елім жан-жағынан қысым көріп, дала тағысына таланған терідей жырымдалып, бір гана ойрат шапқыншылығынан жарты жүрті зәқымдалып, қалғаны қырылып, жоғалып жатса, ол аз дегендей қабагынан қар жауған Рүсия мен Шын патшалықтары қашан қара бұлтыңдан оқ бүршагы мен қанды жауынын жаудырам деп екі иығынан төніп, албастыдай басып тұрса, жаныңды қорғар пана іздең, жоғалып кетсең жоғыңды жоқтар, іесіз кетсең іздеу салар, әйтеуір қол ұшын берер біреуінің бауырына кіріп, амалсыз бірімен шошқаша қорсылдастып, бірімен итше ырылдаспасқа не шара?!

Қалдан Серен. Сенің сөзіңде илансақ, қазақтың жауы көп те, қазақтың өзі ешкіммен жау емес екенғой.

А б ы л а й. Қазаққа, жеріне кіріп, елін шауып, малын айдал кеткен сырттан келгендердің бәрі жау. Қазақтың ешкімге жау болмайтыны — ол ешкімнің елі-жерін шапқан емес, өз елін-жерін қорғаушыға на.

Қалдан Серен. Онда ана Жетісу жеріндегі, Жоңғар Алатауындағы ұлы жүз елінің қақтығыстарын, Ертіс бойындағы наймандардың күн құрғатпай біресе барымта деп, біресе сырымта деп, әйтеуір, ойрат жүртіна маза бермей күнде қырқысып-жүлкесіп жатқанын не дейсің. Есіл, Тобыл бойындағы қалмақтарды Еділге дейін қып, күні кеше Омбы сыртындағы, Құлынды даласындағы сібелер мен қалмақтарды Алтайға дейін ығыстырып, мал-мұлкін талан-таражға салғандарын қайда қоясың. Олар қазақтар емес, қазақтың жаулары шығар?!

А б ы л а й. Олар — жауларында кеткен жерін, мал-мұлкін, кегін қайтарып жүрген, елін қорғаған қайран қазақтар.

Қалдан Серен. Жоңғар жүртіның қаншама балигага толар-толмас қыздарын көгендеп әкетіп жүр. Олар да қазақтардың мал-мұлкі шығар.

А б ы л а й. Олар жонғарға кеткен қазақ қыздарының айырбасыға на. Айырмасы — сіздерде қазақ қыздары мұлік, мал орнына баланып, әр үйде күң боп жүрсе, бізде қалмақ қыздары жасау-

лы қалыңдық орнына баланып, әр үйде би бол жүр. Неге екенін қайдам, қазақ жігіті мен қалмақ қызынан туатын балалар ылғи жаужурак, қайсар, батыр болып келеді.

Қалдан Серең. Тегі, болашақта екі елді елдікке бастайтын да қазақтардың сол балалары мен қалмақтардың сол жиендері болмаса не қылсын!..

Абыла. Тағы бір шындығы сол — қалмақ қыздары қазақ қыздарынан гөрі тәттірек әрі қылыштырақ. Және еркекжандылығы сонша, баршасы дерлік жақсы көрген еркегіне тіпті төркін жұртын айырбастап жіберуге бар.

Қалдан Сереннің басы кегжен етті.

Қалдан Серең. Бар ғаламдағы қатын біткен солай!.. Жарайды, біраз ойнадық, жетті. Өздеріңнің де, сөздеріңнің де ширақтығына қараганда, әлі тоқ, тың екенсіңдер. Әкетіңдер, зынданға салындар.

Қолдарын қайтадан байлап, есіктен шығара бергенде Абылай мойның бұрып Қалдан Серенге қарайды.

Абыла. Айтқандай, алғашқы сұрағыңызға жауап бермеп-пін-ау. Сіз «тұтқынсың ба, елшімісің?» — деп сұрадыңыз. Сол арасын мен де түсінбей барамын. Әйтеүір оңай өңгеріп алатын тоқты емес екенімді білемін. Маган да іздеу салатын халқым барын білемін. Сіздің де есер есірік емес, бір елдің есті басшысы екенінізді, сауал салу мен жауап берудің арасалмағын түсінетін жасамыс қоңтажы екенінізді білемін...

Күзетші тайшылар Абылайларды алып кетеді.

Бірінші ноян. Ең-ең, мынауың оңай алдыратын неме емес.

Екінші ноян. Жай сұлтан ғана емес, батырлығына ақылы да сай әрі ділмар неме екен.

Бірінші ноян. Енді бірелдің ханорныңа жүрген басшы сұлтаны оңай жау, оңай алдыратын ойыншық деп пе ең?!

Рабадат. Әй-й, соншама немене әс көтеріп. Қолға түскен тұтқын неше жерден батыл, батыр болсын, ол қолдағы қуыршақ емес пе?

Қалдан Серен. Мынауың бір көптен бері тауып айтқан сөзің болды. Қуыршақ! Бірақ балалар ойнайтын құнсыз шуберек қуыршақ емес, бірнеше тайпа ел ойнайтын бұлды, құнды қуыршақ. Жаңа «Іздеу салатын халқым бар, қорсылдасар шошқам, ырылдасар итім бар», — деген жоқ па. Русия да, циндер де жайбарақат қалмас. Оларда ойынға кірісер... (Өзі-өзіне.) Иә, біраз ойнап көрейік, мен дайын!

Екінші көрініс

Орынбор. Маңдайшасына «Канцелярия начальника Оренбургской комиссии» деп жазылған әдемі ағаш үй. Кабинет. Іште генерал Неплюев пен Карл Миллер.

Неплюев. Сіз асықпаңыз, жайғасып отырыңыз, майор мырза.

Миллер. Мен жол қамын түгелдей дайындал болып, бүгін экспедициямен жүрәйін деп отыр едім, ғылыми экспедиция.

Неплюев. Жүріп кетпегенің қандай жақсы болған. Егер сіз кетіп қалған күнде де соңыныңдан құғын жіберетін едік.

Миллер. Соншама не боп қалды, айтсаңызшы, Иван Игнатьевич!

Неплюев. Шұғыл жағдай, сіздің экспедицияңыздың сапарына дөп келіп түр. Сәлғана өзгеріс: енді сіз Жоңғар жеріне Омбы арқылы Сібір жерімен емес, қырғыз-қайсақ даласы арқылы жүруінзге тура келеді. Бұл жолы тағы да елші ретінде.

Миллер. Мұныңыз, Иван Игнатьевич, экспедицияға мұлдем қиянат. Қаншама артық, пайдасыз күндер өткізіп, қырғыз-қайсақтың сары даласымен сандалмақпыз.

Үшінші көрініс

Қаз дауысты Қазыбек пен Бұқар жырау. Бұлар біраз қақтығыс-қан сияқты. Бұқардың ашу шақырып, қаһарлана бастаған, сыпайылық шекарасынан өтіп, «сенге» ауысқан ызалы кезі.

Бұқар. Орыс патшасы Абылайдың соңынан іздеу салып, соңынан жоқтап кеткенде, өз қазагым, оның ішінде ғаделетімен атағы жер жарған Қаз дауысты Қазыбек, сенің жар салмай

қарлығып, құш салмай тістеніп, ған жүрмей ісініп, өз үйшігінде құшке еніп жатқаныңды түсінбедім.

Қазыбек. Ресей іздеу салса, олардікі — саясат. Біздей на-дандарға көз қылып, ертең бұлдаپ, үлкен сөз қылу. Оларға ішімен берілмей, сыртымен ғана сыйласар саясатшыл он Абылайдай төреден гөрі, өз қара басы үшін ішімен де, сыртымен түгел кіріп кетер бір сатқын Әбілқайырдай төре артық.

Бұқар. Оның да рас шығар, бірақ бәрінен де жаңыңда баттын, содан қаның қататын Абылайдың саған батырган тізесі, сенікі соның қармыжысы болмаса не қылсын?

Қазыбек. Енді қашанғы төре-төре деп шөре-шөре бола береміз, қарадан да хан шығатын үақыт болмады ма?

Бұқар. Жоқ, әлі болған жоқ. Жүзін ғана жақтайтын жүзі-қаралар мен руын ғана қолдайтын ұры-қарылар түрганда қарадан хан сыйласаң, өзі басы бірікпей жатқан еліңің біржола ойран-топаны шықты дей бер. Ал төреге өзін қорғаштайтын төлеңгітерінен басқа санасыз қара қазақтың бәрі бір. Олар бірімен-бірі ғана араз ағайындан жаға жыртысып, бірімен-бірі ғана құндыстей қырқысады.

Қазыбек. Онда Әбілқайыр неге кіші жүзді бөліп әкетті?

Бұқар. Ә, оған жүз керек емес, жеке билік, биік мансап кепрек. Егер кеше үш жүздің билері бірауызды бол Әбілқайырды бүкіл қазағыңдың үстінен қарайтын хан сыйласаң, оған ол тати-тын да еді гой, онда ол бүкіл қазағыңды орға жықса да, құдайдың қолтығына тықса да, тұтастығын бұзбайтын еди. Егер әр ханды осылай жүз басы етіп бөле берсек, ертең үш жүздің бөлектенуіне ол дәстүр болмасына кім кепіл?

Қазыбек. Ондай өкпешіл ханың тұрақтылығы да шама-лы-ау?

Бұқар. Сонда тұрақтың ынжық Болат хан болғаны ма? Әлде хан жарлығынан өз барлығын артық қоятын жоққа кектенгіш сен сияқты билер ме?

Қазыбек. Жоқ, сен сияқты тоя жейтін үйірлі мал түгілі, ті-герге тұяғы, қанып ішер жеке бұлағы жоқ, түп-түқиянынан бері халқым деп согар жүрөгі ғана бай ақ жүрек ақын, ақ жарқын жыраудан біреу табылmas па?

Бұқар. Ақылы мол болса да, анда-санда арыңды аттай ала қашар, ары мол болса да, анда-санда арқасы қозар аланғасар да-

рынды ақынды хан сайламай-ақ, оның ақылынан нәр, тілінен бал алатын, дана ақын алдында имене басатын, саналы сөзіне құлақ асатын, кердең болса да кеменгер Абылайдай еліңде қорған хан, жерінді қорғар жан табылганда, оны да күстәналап, реті келсе итше талап, жауға тастап отырган қазақ, ертең сайлау билігі қоюыңда түгел тисе, тұгастықты талақ етіп, әр ру басына бірбір ханнан сайлап, мың-мың ханың қулығы мен сүмдығынан, қиқуы мен сүркүлтайынан басың қатып, мәңгіріп жүрерсің-ау! (*Отырган орнынан етегін қағып тұрады да кетіп бара жатып*). О, Қазыбек, сен де, мен де алжының деген екеміз, елінді жасытып, енді өзіміз шалжиып жатуымыз ғана қалған екен.

Қазыбек. Оу, Бұқар-еке, тұра тұр, сыбағаңды жеп кет, жаздағы бата қылған ақсарбастың басы дайын.

Бұқар. Сенің басыңды мұжіп, құлагынан кесіп, тілінді жеп болдым, ақсарбасыңды өзің қанағат қыл.

Қазыбек. Жарайды, көптен қағыса алмай, өзінді сағынып, біраз жерге барыстық, енді қайта табысайық, отыр, әншейін, сынау үшін сөз жарыстырып көріп ем, әйтпесе әлі алжығам жоқ, Абылайда өкпем бары рас, бірақ өлімге қалай қиям. Халқым үшін ел ағаларын аттандырғам, сонау Торғайдан Шақшақ Жәнібек елшілікке кеткен. Соңынан Малайсары да кетті.

Бұқар. Е-е, бәсе-е, ол барса, тындырмай қайтпайды, жиен емес пе, нағашы жұртына салмақ салса, бір жобасы болар.

Қазыбек. Жақында орыс елшілері де осында қона жатып ат танды, Миллер деген әскербасы бар. Оларға қоса, тағы да біраз адамдарды, өз ұлым Бекболатты қанша туласа да қосып жібердім. Бір Абылайдың соңынан бұл аз ба?

Бұқар. Жарайды, жарайды, Қазеке, онда менің бір ашұымды бер, бер де, кешір! Тек елшілер барғанша, аптарай, Абылай аман болса иғі еді!

Төртінші көрініс

Абылайдың тұсі

Таң алдындағы көгілдір сәуле. Бұлдыр сәуле айдын көлдің толқынына да үқсайды. Алыстан талып естілген аққулардың сұнқылданған сазды үні қосылып, артынша-ақ аппақ арулар-аққулар сахна төрін шыр айналып, қалықтаган ақ құстар сияқтанады.

А б ы л а й (тұтқын). Оу, аққулар, аққулар, қай жақтан үшіп келдіңдер?

А қ қ у л а р (бәрі қосылып). Алыстан, алыстан.

А б ы л а й. Қанаттарың талмай қалай жеттіңдер?

А қ қ у л а р. Талса да, жүргегіміз алып үшіп, асулардан асып, қанды үрыс даласын басып үштық.

А б ы л а й. Жерлерінің аты не, көлдерінің аты не?

Б ә р і (кезекпен). Жерлеріміз: Көкше, Бурабай, Айыртау, Зерентау, Имантау, Қызылжар.

1-а қ қ у. Айдыным – Айнакөл.

2-а қ қ у. Саумалкөл.

3-а қ қ у. Зеренкөл.

4-а қ қ у. Күміскөл.

5-а қ қ у. Шалқаркөл.

6-ақ қ қ у. Шортанкөл.

А б ы л а й. Оу, бұл жақтан сендер, қонар айдын жоқ, не ізделп келдіңдер?

А қ қ у л а р. Айдынымызды қалдырып, айбынымызды ізделп келдік.

А б ы л а й. Оларың кім, айбындарың?

Б ә р і (қанаттарың қағып, баяу билеп жүріп, бірінен соң бірі).

6-а қ қ у. Айбынымыз Абылай!

5-а қ қ у. Абылай!

4-а қ қ у. Абылай!

3-а қ қ у. Абылай!

2-а қ қ у. Абылай!

1-а қ қ у. Абылай!

А б ы л а й. Оны осынша не ғып іздеу салып жүрсіңдер?

А қ қ у л а р. Сағындық! Ел сағынды! Жер сағынды! Жүрт сағынды! Біз сағындық!

1-а қ қ у. Мен сағындым! Мен – Абылайдың ең сүйікті жары Толыш ханыммын!

2-а қ қ у. Мен – сүйікті жары Тоқта ханыммын!

3-а қ қ у. Мен – сәулелі жары Өріс ханыммын!

4-а қ қ у. Мен – ең әуелгі жары Сайман ханыммын!

5-а қ қ у. Мен – дәуренді жары... (жыламсырап билеп кетеді.)

Бәрі леңде жоқ болады да, бір жалғыз қара аққу ұяң басып, қайғылы ырғақты бимен келіп, кілт тоқтап қалады.

А б ы л а й. Сен қай құс едің, қатарынан қағылған, жалғыз жүріп жаңылған?

Қ а р а ә қ қ у. Мен бір елінен де, көлінен де, тұрағынан да, сыңарынан да айырылған, қанатынан қайырылған, жайнаған бауынан кенде болып, шайнаған жауына жем болған.

А б ы л а й (цмтыла беріп). Бәтір-ау! Жаным-ау, сен Гұлайым емеспіңді?! Гұлім, Айым! (Екі қолы қанатша жайылған қалпы, бір орында қатып қалады.)

Г ү л а й ы м. Әбілмансұр! (Ол да екі қолын жая цмтыла бере жылжи алмай қалады).

А б ы л а й. Апыр-ай, не болды аяғыма?! Жүре алмай қалдым гой.

Г ү л а й ы м. Маған не болды, осынша зарыққанда...

Орталарына, жайылған алып қанаты су етіп шыр айналып құс патшасы – Қыран бүркіт тұра қалады.

Қ ы р а н. Жо-оқ, сендердің аяқтарында жазық жоқ. Сендерге енді жақындалап қосылу жазылмаған. Тәңір ісі, жаэміш солай. Кеттік көне, Абылай!

А б ы л а й. Қайдада?

Қ ы р а н. «Елім-ай» деп зар салған, сені жоқтап жар салған елің ізден жатыр. Мені жұмсады, мен сені алып кетемін!

А б ы л а й. Сен кімсің өзі, мені алып кетерлік.

Қ ы р а н. Мен елдің соңғы рет қиянға қанат жайып ұшқан қарт қыраны, соңғы рет азат жүргем жоқ па?

А б ы л а й. Оу, олар бауырларым болса, Гұлайым менің жалғыз жүрегім емес пе?

Қ ы р а н. Сенің жүрегің халқында. Гұлайым бақытың еді. Өз қара басын гана ойлаган жандар әрқашан бақытына жетеді. Халқының, еліңің бақытын өз бақытынан бұрын қойғандардың екіншісіне қолы жете бермейді. Өкінбе, бақытың мен қайғың қатар алысып өтер. Өмір солай! Ал кеттік!

А б ы л а й. Тым құрмаса қоштасып қалайын.

Қ ы р а н. Жарайды! (Кетеді.)

А б ы л а й (түрган орнында). Гұлайым, маған зынданда жатқанда қымызы келетін. Қалмақ қымызы емес, қазақ қымызы сияқты. Сонда мен елді ойладап, көзіме сенің жүзің келетін.

Гұлағы м. Мен жаугершілікте елден келген бір боз биені сен үшін ұстап, соның қымызын саған жібертіп тұрдым. Одан басқаға дәрменім болмады. Саған сырттан көрініп, жүргегінді жарапал, жаныңды жасытпайын дедім.

Абылағы. Мен саған арнап құй шығарғам. Өмір бойы, жеке қалғанда мұндымын тартып, шерімді шертіп өтермін.

Гұлағы м. Мен сенің өмір бойы тілекшің болып өтермін. Егер өл десең, сен үшін өзімді өзім құрбандыққа шалуға әзірмін.

Абылағы. Жоқ, жаным, мен үшін өлме. Жазықсыз сәбілердің алдында екеуміз де күнә арқаламайық!

Гұлағы м. Иә, боз биенің сауыны келді ме, құлыштың үні шығады. Менің де кеудем сыздап барады, нәрестенің үні келеді құлағыма. О, Алла, сен алғаш тұтқынға түскенде бойыма біткен нәресте еді. Басқаның бойынан емес (құледі), менің сені ойлаған ойымнан, арманымнан жаратылған сәби. Тура саған үқсайды. Соны әлдилеп өтермін!..

(*Қыран келіп қалады.*) Хош бол. Он төртімде ғашық болған, жүргімді шымырлатқан арманым менің!

Абылағы. Хош бол, он төртінші көктемдегі гүлім, он төртінде толған айым! Гүл-Айым! (*Айгайлап жіберіп, көзін ашып алады. Маңайындағылар шығып кетеді. Билеп жүрген Гұлайым тоқтап қалады*).

Бесінші көрініс

Биік сымшарбақ (клетка), дәңгелек қоршашау (арема). Бұл – Абылай мен Әлихан айқасатын жер. Айнала қоршаган көпшілік, неше түрлі ұлт өкілдері – қызықтаушы, тамашашылар. Орындық сәкілерде отырған нояңдардың ортасында тәқаппар, менмен Рабдат. Қасында Миллер. Қоршады айнала құзетші жауынгерлер, кейбірінің қолдарында найза, кейбірінің қолында садақ. Аренага Абылайды алып кіреді де, қолына салған кісен бұғауды алады.

Абылайдың сақал-мұрты қалың бол өскен, арықтау атжақты бетінде алақандай көзі ғана жылтырайды. Ұзарып өскен қалың шаш пен көмірдей қара қою бүйра сақал-мұрт басқан сұltан тұра арыстан сияқты.

Одан соң әуелі бетін бүркеп кіргізіп, шарбаққа шынжырмен бай-лап, сосын бетін ашқан Әлихан, жолбарыс сияқты. Мұның түрі ал-

ғашқысынан да өзгеріңкіреген, бұрынғыдан да мәңгірген, бүкіл тұла бойы анда-санда дір ете қалатын ұстамалы жүйке ауруына шалдыққан тәрізді. Саусақтары да бүркіттің тегеурінді түяқ-тырнақтарына үқсанқырайды.

Жаршы даусы. Жарандар, жарандар, бәрің де бері қарандар, бүгін тамаша ойын көресіндер. Біздің жауымыз қазақ тұтқындар — бір арыстаны мен бір жолбарысы қазір сайысқа түседі. Біреуі өледі, біреуі... оны өздерің көресіндер. Өлімсіз сайыс тоқталмайды. Біреуі өлу керек.

Жолбарыс-Әлиханның екі тайшы сыртынан келіп, шынжырын ағытып қоя береді. Тағы жыртқыштай ырылдап, шиыршық атып ойнақтаған жолбарыс пен тесіле қараган көзі өңменнен өтердей Арыстан-Абылай. Бір-екі қағыстан соң аңдысқан екей.

Гұлайым. (*Әлиханның дәл құлақ тұсынан үні естіледі*). Көке, айналайын көке! Есінді жиши, көке!

Әлихан (*шарбақ сыртында жасқанбай жақын кеп тұрған Гұлайымды шырамытып, көзі жасаурап, ыңыранады*). Кү-ку. Күл-л...

Шулап тұрған жұрт бұлардың мұнысын түсінбейді де, ештеңе естімейді де. Орнынан тұрып айғайлаган Рабдат бірдеңе деп, кімге екені белгісіз, ұрсып тұр.

Гұлайым. Көке, көкетай, анау Әбілмансұр, Әбілмансұр. Өлтірмे оны!

Абылай аренаны кезіп жүр. Арқасын тырнақ осып кеткен, сорғалаған қан. Абылайға тісін ақсита, тырнағын ойната ұмтылып, тәлтіректеп, айнала құған Әлихан. «М-ме...ла-ла...» — деп ыңырана міңгірлейді. Абылай түсінбей, шарбақтың қасындағы Гұлайымға жақындалап, құлағын тоса елеңдейді.

Гұлайым. «Мені лақтыр», — дейді. **Лақтыр... Қайдада?** Білмеймін.

Абылай енді түсінген сияқты. Онша қашқалақтамай, Әлиханды көзімен бақылап, әлденеге ыңғайланған, күтінген сыңайы бар. Әлихан

да мұны үққандай, әлгі сөзін ыңырана қайталап «А-ал, ал да лақ...» — деп, жолбарыстай созыла үшып, екі аяғымен Абылайдың кеудесінен табетіндегі боп келіп қалғанда, күтінген Абылай да табан тұсынан екі алақанына қондыра бере, көз ілеңтірмей лақтырады. Әлихан жаңағы жолбарысша атылған қалпында, енді аспанға созыла үшып, аренаның шарбағынан асып, көзі шарасынан шыға түк түсінбей, аспанда үшып келе жатқан Әлихан-жолбарысқа үреілгене қараған Рабдаттың үстіне топ ете қалады. Найзалау тайшылар бір ауыздан келіскендей, найзалаурын арқасынан қадап-қадап қалысты. Әлиханның қолында бір уыс қан. Рабдаттың бас терісі. Әлихан өлер алдындағы соңғы жеңісіне қуанғандай баж-баж етіп ырылдай күліп, алақ-жұлақ етіп, түсініксіз бірдемелерді айтып, көзі қитарланып, гүрс етіп құлайды.

Алтыншы көрініс

Мойнына қыл арқаннан тұзақ салған Абылай орындық үстінде тұр. Шаштараздан кейін түрі мұнгатздай. Киімдері де таза. Артында — беліне дейін жалаңаш, бұлшық еттері шиыршық атқан балуан дениелі, өңдері мейірімсіз екі жендет. Тұс-тұлғасынан адам шошырлық. Олардың алдында дәү жаңғырық. Қолдарында қасапшы айбалтасы. Абылайдың алдында шағын тақта Қалдан Серен отыр. Қолында аттың тізгін сияқты қос қайыс. Қайыстардың бір ұшы Абылайдың ағының астындағы қисаланған бамбук орындықтың (қытай орындық) екі сирагына байланған.

Қалдан Серен (тәқаппарлана қасын керіп). Абылай сұлтан, менің нојандарым сенің басыңды жаңғырыққа салып, шауып өлтіруді үйгарған екен. Мен жеңілдettім.

А б ы л а й. Әйтеуір өлтіретін болған соң, өлімнің жеңілі не, ауыры не?

Қалдан Серен. Жоқ, сен үшін жеңілдектем жоқ. Өзім үшін. Жаңғырыққа басын тәсеп жатқан адамнан ғөрі тікесінен тұрып дарға асылатын адаммен сөйлесу жеңілдеу.

А б ы л а й. Қазір асығыста сөйлесіп қайтесің, сайтан емессің, о дүниеге сен де келерсің, сонда жайланаңып, жамбастап жатып сөйлеспейміз бе.

Қалдан Серен. Өлер алдындағы соңғы сөз деген болады.

А б ы л а й. Өлтірер болсаң, мазақтамай-ақ өлтірсең болмай ма. Егер менің соңғы сөзім сенімен жекпе-жекке шығу десем,

оны орындар ма едің? Жоқ. Ендеше, мені ойламасаң да, өзінді ойламайсың ба. Ертең біреудің қолына түсіп, сенің де кіріптар болмасыңа кім кепіл?

Қалдан Серен. Байқа, тым қатты сөйлеме, астындағы қидаландаған ескі орындық қатты жөтелсең де қаусап түсіү мүмкін. Өзінді-өзің өлтірсөң, мен құмарымды тарқата алмай қалуым мүмкін!

Колындағы қайыс тізгінің үшін көтереді.

Абылай үнсіз. Отты көзінің үшқыны басылмаған. Тосын өлімнен қорықпайтын ешкім жоқ, Абылай да қорқады, бірақ зорлық өлімнің алдында бас имеу табиғатындағы қайсаrlық шыгар, түрінде аса жасыған, жалынарлық белгі жоқ .

Қалдан Серен. Иә, Абылай, «О дүниеде сөйлесерміз» дейсің. Өте... жақсы айттың. Бірақ мен үшін емес, артта қалар елің үшін, үрпағың үшін айтып кетер сөзің бар ма? Сен үнсіз өліп кетер көптің бірі емессің, еліңнің ұлы адамысың.

Абылай. Оны білгеніңе рақмет! Бірақ ондай адамды өлтірген жауыздығыңа бар адамзат кейін лағнат айтарын ойладың ба?

Қалдан Серен. Мен ұлы адамнан емес, жауымнан құтылайын деп отырмын... Жетті, бойыңда не арманың бар, не өкінішің бар бірге өletін, соны айт. Айтқың келмесе, мейлі, ішінде кетсін!

Абылай (сөл ғана ойлана). Өз қара басым үшін арманым да, өкінішім де сол — ауырып-сырқап, құдайдың жазуымен болар ажалмен емес, не елің үшін қан майданда, не жекпе-жекте ердің өлімімен емес, біреудің қолында дәрменсіз ездің өлімімен елеусіз өліп бара жатқаным өкінішті.

Қалдан Серен. Бары осы ма?

Абылай. Жоқ.. Елім, жерім өте бай. Соған қызығатын жауы көп. Үш жүзге бөлініп жатқан жүртим, бірде басы қосылып, бірде қосылмай шашылып жүрген, майданда тәуекелшіл, жайда жайбарақат тәубешіл, бір-біріне панаы шамалы, парықсыз ел, соның басын біріктіру еді арманым.

Қалдан Серен. Тағы да не арманың бар?

Абылай. Елімнің ең үлкен кәсібі — мал бағу. Елімнің басын соғыс, жорықтардан құтқарып, шаһарлар, кентті қалалар салып қоныстандырып, егін салып жетілтіп, аузын — нанға, арқасын

тамға тигізсем бе деп едім. Арманым да, артымда қалар өкінішім де — осы!

Қалдан Серен. Θз басыңда арман, өкінішің жоқ па?

Абылаи. Құдайға шүкір, бір мұсылман қатарлы бірнеше отбасының иесімін. Бала-шагам, ұл-қыздарым бар. Ел аман болса, олар да ел ішінде өлмес, күндерін көріп жетілер. Оларға деген өкінішім жоқ...

Қалдан Серен. Жарайды, жарайды... Жауым болсаң да айтайын, екі жыл тұтқынным болдың — тәзімді екенсің, мойымай төздің. Жүйкең жүқарды ма еken деп сәл қыбыр етсең узіліп кетер таққа тұргыздым, тәзіміңе жүйкең сай еken. Байқаймын, сөзіңе ісің де сай азамат екенсің. Ендігі сын-ісіңде күшің сай ма еken? Әй-й, қолын шешіндер, абаіландар!

Бір жендет келіп, саусақтарының ұшымен ғана абаілап, Абылайдың артына қайырып байлаган қолын шешеді.

Қалдан Серен. Енді мойныңдағы тұзақтан өзің босап шықсан, басың бос, азатсың. Қапы кетсең — ажалыңның жеткени!

Бір қолымен тартылып тұрып, екінші қолымен мойныңдағы қыл арқанды алған Абылай, астындағы тақтан әрірек топ етіп жерге түседі. Қалдан Серен қолыңдағы «тізгінді» сәл ғана тартып қалып еді, жаңа ғана Абылай қимылдаپ қалса ажалына жетер ескі, ілдебай тақ құлдір етіп, сирақтары шашылып қалады.

— Қалған әңгіме кешке, — деді де, Қалдан Серен аяғы үйіп қалғандай, орнынан баяу тұрып, басқа ештеңе айтпастан кете барады.

Жетінші көрініс

Қалдан Серен ордасының той-думан өткізетін сайранханасы. Шығыс халқының сазды аспаптарының неше бір түрін ойнаған сазгерлер. Ән әуеніне қырық бүратыла билеген бикештер. Қалдан Серен мен Абылай ең сыйлы да қадірлі дастарқанда екеуден-екеу ғана. Басқа орындарда Абылайды іздеуші қазақ елшілері, тағы бір орында офицерлік формада сәнді киінген Карл Миллер де өз тобымен отыр.

Абылаи. Сонда, сіздің мені шын өлтіргіңіз келмесе, несіне дар ағашына іліп, жанымды қинадыңыз?

Қалдан Серен. Жаңыңыз қиналған жоқ білем, сіз батыр, ержүрек адамсыз. Сіздей адамды аса бір арсыз доңыз болмаса, жоқ жерде өлтіре салу да мүмкін емес. Оған толық көзім жетті. Сондықтан да мен тек қана жаңыңызды көзіңізге келтірдім. Егер мен сізді оп-оңай босатып жіберсем, сіз менің мықтылығымды да, тіршіліктің соншама тәттілігін де сезінбес едіңіз.

Абылай. Эйтеуір босату ойыңызда болған екен, онда әлгі қинау сияқты ойындарыңызды басында-ақ жасап, мені екі жыл тұтқында тегін асырамай-ақ жіберуіңізге болмады ма?

Қалдан Серен. Қинау деген менің кішкентай ойыным. Ал үлкен ойынды екі жыл бойы сізді, қазақ ханын, қажет ханын қамап қойып, ойнадым. Сіз арқылы екі алып айдаһардың – Ҷиннің, Ру西亚ның саясатына көзімді жеткіздім. Қазір сіздің де көзіңізді жеткізейін.

Қалдан Серен алақанын соғып, даяшыларды ыммен жұмсайды. Ол Миллерді шақырып әкеледі.

Қалдан Серен. Абылай сұлтан, егер сізді Ру西亚 елшісі танымаса, сіз біздің өзара сөзіміздің тыңдаушысы ғана болыңыз. (Абылай қуп алып, басын іздейді.)

Миллер (өте сыпайы, басын шіп, кішірейіп сәлемдеседі). Алдияр, сіздің резиденцияңызда, то-есть, қабылдауыңызда бола алмай...

Қалдан Серен. Оны еске салудың еш қажеті жоқ. Бізде аса қауіпті індеп тарап, ешкімді де қабылдай алмағанымыз сізге де, бізге де аян.

Миллер. Иә, иә, бізде, орыста «ештен де кеш жақсы» деген сөз бар. (Абылайга сезіктене, көз қызығымен қайта-қайта қаралғыштап қояды. Абылай оны сезбеген болып, ойын көрсетушілерге (жонглерлер, көзбояушилар, бишілер) қарап, қасындағылардың сөзіне ғана құлақ салып отыр.)

Қалдан Серен. «Темірді қызған кезінде соқ» деген орыс ұсталарының сөзі де жақсы сөз. Әлгі індептің салдарынан сіз елшілік сөзіңізді дер кезінде айта алмай қалдыңыз. Абылайды босаттық. Енді қазақ даласына Ру西亚 патшалығының қамқорының орындалғанын таратып, қазақ шонжарларынан сүйінші сұрай беруіңізге болады. Яғни кете беруіңізге...

Миллер. Рақмет! Ру西亚 патшалығы өз қарамағындағы бодан

қазақтардың сіздің азаптан, то-есть, тұтқыннан босатқаныңызды қашанда ескеретін болады.

Қалдан Серен. Бұл — бірінші тілегіңіз. Ал екінші тілегіңіз, мүмкін, талабыңыз десе де болады, орындалмағаның да Ру西亚 патшалығына өкінішпен айта баарсыз.

Милле. Түсінбедім, алдияр тақсыр, ол қандай талап?

Қалдан Серен. Абылайханың өлтірілуі туралы талап! (Миллер де, Абылай да шошып кетеді.)

Қалдан Серен. Сіз ақысына Рабдатқа мылтық берген соң, ол тілегіңізді талап деп отырмын.

Милле. Ол мылтықты Рабдат нояныңызға мен мұлдем басқа ниетпен бергемін, тегі өлер алдында жала жапқан ғой, не деген қайырымсыз, жалақор еді!

Қалдан Серен. Ол шынында оңбаган адам болып шықты. Бірақ ондайлар уәдесіне берік келеді. Сіз туралы бір ауыз тіс жармастан кетті.

Милле. Эрине, әрине, шынында да... не айтуы керек, ал көлденең сөз...

Қалдан Серен. Сіздің мылтығыңыз бір оқпен құсты өлтірсе де, кейде адамды өлтіре алмайды еken, сіздердің үшінші күәгерлеріңіздің жаны берік еken, тірі қалған. Оның үстіне шығыс елінде шөппен де, үшкіріп те емдейтін тәуіп, балгер, емшілер деген өте көп екенін жақсы білесіз.

Милле (мойны салбырап). Біз бүйрек орындаушы ғана кішкентай офицер чиновниктерміз, то-есть, дәрменсіз орындаушылармыз дегенім ғой.

Қалдан Серен. Оны түсінемін. Бірақ бүйректы орындаудың да орындауы бар ғой!.. Егер бұл дәрекі, солақай әрекеттеріңіздің сыры ашылса, сізге де онша қолайлы болмас!

Милле. Сонда, неғыл дейсіз, алдияр тақсыр, құзырыңызға құлдық!

Қалдан Серен. Иә, мәймөңкенің еш керегі жоқ, сіз де, біз де қуыршақ ойнаудан кеткен тіс шыққан ересек жандармыз. Екі күннен кейін Ру西亚ға қайтасыз және бұрынғы келген жолмен емес... жолбасшылар бар. Ешкім сіздерге қастандық жасай алмайды, қолдарыңыздагы бар қаруды тастап кетесіздер. Барған соң патша ағзамына, тіпті генерал Неплюевқа болса да жетеді: «Абылайды босатты, тілектеріңізді орындауды, қармыжысына бұрынғы келісілген қару-жаракты үстемесімен тезірек жеткізуін

талап етеді», — дерсіз. Және бұған өзіңіз ат салысып, тезірек, қайтадан, аяқталмай қалған «ғылыми экспедиция» ма еді, соған оралып, Сібір жолы арқылы тез жеткізуін керек.

М и л л е р. Құп болады! (*Тағы да Абылайга сезіктене қарайды. Абылай да ештеме түсінбеген сыңайда.*) Әл-әлгі бір орайсыз мәселе, сіз екеуміздің арамыздаған құпия болып қалар деймін...

Қалдан Серен. Егер менің айтқан талаптарым орындалса, көк тәнірінің атымен уәде!

Миллер соққы жеген бұқадай, тәлтіректей басып кетеді.

Қалдан Серен. Естіген шығарсыз, Ру西亚 әрекетінің қандай екенін.

Абылай. Естіген де, білетін де құдайым. Екі айдаһар желкемізден қарап, сіз бен біз сорлыларды қашан қансырағанша жұлқыстырып, әбден титықтағанша әлсіретіп барып, бір күні жағаға қолды бір-ақ салатыны ежелден-ақ белгілі.

Қалдан Серен. Жаға жыртып қана қойса, жарап-ау. Бір-ақ тапап кетпесе... Қалмақ, қазақ бір-бірімізге тарпа бас салғанда, өліспей беріспейтін арыстандармыз деп ойлаймыз. Жо-о-оқ, біздің арыстан да, қасқыр да күндеріміз кеткен. Біз қазір екі мысық ойнаған тышқандармыз.

Абылай. Соны түсініп жүрген біз бармыз ба? Ал тышқандар төбелессе, бар болғаны бірінің етін бірі жарапал қана қояды. Оларды бүтіндей жеп қоятын мысықтар.

Қалдан Серен. Мен бәрінен де шаршадым. Қартайдым білем... Сен тұтқында отырған екі жылда, хансыз, басшысыз қалған елінді қайта-қайта шапқыздым... Жо-оқ, қанша жайbaraқat жатқанмен, ғасырлар бойы берілмеген елің мықты, аса мықты!

Абылай. Иә, менің елім де, ел сүйеніші қарттары, батырлары да мықты.

Қалдан Серен. Енді тыныштық керек. Сендерге де, бізге де! Әмірсана екеуінің достықтарың ел татулығына айналса жарап еді!..

Абылай. Егер сіздер уәдеде тұрсаңыздар, біз тұруға әрқашан даярмыз. Ең алдыңғы шартымыз — егер екі жақ та тыныш болсын десеніз, алдымен жалпақ жатқан ұлы жүздің жерін босата-

сыздар. Бір жақ қабырғамыз сөгіліп жатқанда бізде тыныштық жоқ. Әзірше Әбілфейіз аманат!

Басқа сәкілерде қымыз ішіп, кеп тартқан қазақ, қалмақ, сібе, ойраттар. Миллер төңірегіндегі көңілсіз топ. Бишилер тобындағы сұлу қызыдардың өнері, жарқ-жарқ еткен көздері, бимен бүлкілдеген мықындары.

Қа л д а н (*Абылайға жұмбақ құлімсіреп*). Мен сізге тарту етер сый-сияпattyң ең асылын көрсетейін.

Қалдан Серен баяу ғана екі алақанын соғып қалып еді, құрдай жорғалап даяшы жетіп келіп, бұрының күтіп иіле қалды.

Қалдан С е р е н. Гүлфайым дайын ба, шықсын! (Абылай-дың құлағына Гүлайым бол естілгені ме, жүргі солқ еткендей мазасызданып, көзі шарасынан шыға бишілер жағына қарады.)

А б ы л а й. Гүлайым? Ол қайдан?

Қалдан Серен жауап бермей, шыдамсызданған Абылайға құлімсіреп көз қыығын таstadtы. Шыр көбелек айналып, неше бір сәнді, қылықты қимылдармен шығыс биін жалынды әрі нәзік түрде билеген Гүлфайымның әр айналған сайын, әр бұрылған сайын жалғ еткен пәрәнжінің астынан жалт ете қалған жүзі Абылайға тағы да тұра Гүлайым болып елестейді.

Қалдан С е р е н. Абылай, сен Гүлайымды ойлап отырсың-ау?

А б ы л а й (*сасып қалып*). Оны, оны... қайдан білесіз?

Қалдан С е р е н. Білемін... Әмірсанана айтқан.

А б ы л а й. Гүлайым — менің... жүргімнің жарты үзігі.

Қалдан С е р е н. Батыр жүргінің де нәзік болатынын білем. Өзіңде сыйға тартар сыйдың ең үлкені де сол болар еді. Бірақ бәрі де кеш. Ол үшін соғысуыңда болар еді, бірақ жеңсең де, оның тубі — қайырсыз. Ол Гүлайым — бұрын күң еді, енді менің ең сүйекті туысқанымның, ел ақсақалының жары. Және де, көрген шығарсың, болашақ перзентінің анасы. (Бұл кеэде Гүлфайымның биі ең бір шырқауына шығып, тұла бойды шымшым шымырлатар түсқа жетіп, би өнерінің аса бір шеберлігін танытқан тұсы еді.)

Калдан С е р е н. Гұлайымның орнын толтырап, толтырмас, бірақ мен үшін одан еш кемдігі де, айырмасы да жоқ осы сұлуды, сол жүргіндің осында қалар сыйнығының төлеміне беремін.

А б ы л а й. (*оттық көзі жарқ етіп*). Сонда сіз... кәнизақтарды өз ойнағыңызда әбден мауқыңызды басып, одан жеріген, беziңген күні жүртқа таратып, үлестіру үшін жинайды екенсіз гой!

Калдан С е р е н. Қате сөзіңде ренжімеймін. Өйткені шығыс хандарына кәнизақтар жинап, қызық көріп, думан салу — тән салтанат. Сен, сенбе, менде ондай жоқ. Оған, қылышынан от үшқындаған жас жігітсің, кейін көзің жетеді. Бикеш те емес, кәнизақ та емес, атақты Ташкент саудагерінің он екіде бір гүлі ашылмаған аяулы қызы!

Қалдан иегін көтеріп қалып еді, даяшы жүгіріп барып, қызға ым қақты. Гүлфайым шығыс қыздарының сыпайы, нәзік жүрісімен сәл ыргала, тербеле басып келді де, үлкен ағаш тегенедегі қымыздан бұрандалы ожаумен әуелі Қалданга, одан соң Абылайға үнсіз ғана қымыз сапырып, қүйіп береді. Абылай зерен тостағанды қолына алып, шайқап отырып қалып еді, Гүлфайым таза қазақшалап: «Алыңыз, бүйірсын!» — деп, пәренжесін көтеріп, Абылайға күлімсірей қарап, үлкен қарақат көзін төңкеріп тастады.

Сегізінші көрініс

Биік қызыл жары, Есіл өзені бар, шағын Қызылжар қаласы. Ақ үйдің маңдайшасы. Қабырға кірпішінен шығарған арабша, орысша жазу: «Абылайдың ақ ордасы (Белый дом Абылая)». Есік алдында хан сарайының салтындағы күзет. Орда іші. Орда ішінің жасауының көбі қытай дүниелері. Орыс бүйімдары аздау (қағаз, қауырсын қалам сияқтылар). Дәл төрде, алтын жалатқан тақта Абылай отыр. Екі жағында тілмашы мен қызметкери (хатшысы). Одан әрі хан уәзірлері, кеңесшілері, Бұқар жырау.

Кы з м е т к е р. Хан ием, енді сіз жоқтан бері түскен іс қағаздары мен хаттарды хұзырыңызға баяндауға рұқсат етіңіз. Әрқайсысы әр уақытта келген. Ел арасының арыздары шаш етектен.

А б ы л а й. Әуелі іс қағаэдарын...

Тілмаш. Мынау генерал Урусовтың сізге грамота тапсыруға шақырған хаты.

Абылай. Ханды хан шақырмаушы ма еді! Кейін осылай деп жауап хат жаз.

Тілмаш. Соңынан, екі айдан кейін сізге келген мынау грамотасы, арнайы қылыш, тағы басқа сыйлықтары бар. Екінші Екатерина сізді тек орта жүздің ғана ханы деп таныпты...

Абылай. Жарайды, қатын хандар мені туғызғанша, өздері бала туып алсын! Тағы да?

Қызметкер. Мынау сізге жалованиені тоқтатқан хабар хат.

Абылай. Қожа қылышымен қорқытады.

Тілмаш. Мынау Цин боғдыханынан хат.

Қызметкер. Мынау былтырғы зекет, тағы басқа салықтардың есеп-қисап қағаздары. Мыналар — сауда-саттық қағаздары: Шәуешек, Тарбагатай, Құлжа жеріндегі... Семей... Жәміш, Омбы, Қызылжар саудалары... Түркістан жолымен көтер керуен саудасы...

Абылай. Жарайды, тағы не?

Тілмаш. Сіздің дәргейіңізге келген елшілердің көпшілігі әлі кеткен жоқ. Біразын біз атқарып жібердік. Ал кейбіреулері өзіңізben тікелей сөйлесеміз деп...

Абылай. Олар қай жерден?

Тілмаш. Ру西亚дан да, Ауганнан... Бүгін жонғардан бір тұтын келіпті, негізі төре тұқымы ма, хан тұқымы ма, «сүйінші» сұраймын, сосын кетемін деп тыптырышып, қолды-аяққа түрмайды...

Абылай (қызметкеріне). Соны шақыршы... (Кеңесшілеріне.) Содан соң мына қалған істерді қарайық, мен тағы да ұзақ сапарға кетемін. (Екінші қабырғалас есіктен «тұтқын төре» кіреді.)

Тұтқын (ыржалалқтап, екі қолын төсінен қойып). Ассалаумагалайкүм, хан ием! Сүйінші, сүйінші, құдай жарылқады гой. Құдай көз жасымызды иді гой. О, тәңірі бар екенсің гой. О, Алла тағала!

Абылаай. Иә, ол не қуаныш?

Тұтқын. Құдай тағала, о Алла! Көз жасымызды... Ешкімнің еліне енбейтін, жаудың жағасынан алып жағаласпайтын елміз... О-о, Алла тағала, бар екенсің гой. Бар екенсің... Енді қағанағымыз қарық, сағанағымыз сарық болып отырармыз-ау. О, Алла тағала... Енді ме, енді...

А б ы л а й. Оу, сағызыша созбай, тоқ етерін айтсаңшы.

Т ү т қ ы н. Біздің қазақтың аруағы басты, аруағы. О, о, Құдай, бар екенсің гой! О-о, хан ием, енді сен еркінсің, еріктісің. Мысың басты, аруағың асты. О, жасаған ием...

А б ы л а й (*ашуланып*). Оу, айтсаңшы, не бол қалды?!

Т ү т қ ы н. Жоңгарлар, қалмақтар біржола құрыды. 90 мың әскерімен келген Бөгдыханның әскері, қытайлар оларды тып-тип қылды. Енді бұл дүниеде жоңгар деген ел жоқ. Құтылдық! Құтылды-ық!

А б ы л а й. Сол ма?! Бар, әрман. Оны өзім де білем.

Т ү т қ ы н. Оу, хан ием. Бұдан асқан қуаныш бар ма. Сүйіншімді, сүйіншімді...

А б ы л а й. Не қылған сүйінші, кеңеңе неме!.. Жоңгардан құтылдық дегенше, атыспаққа жақсы, үйреніскең қалыпты жаудан құтылып, аузынан жалын атқан аждаһадай жиренішті алып жауга тұра тұтылдық десейші!.. (*Бұқар жырауға қарап.*) Оу, Бұқар-еке, атқа мініп жау қуғалы, таққа отырып ел билегелі сенің батаңдығана емес, ақылыңды алмаған күнім бар ма? Осы жолы да ақылыңды берсеңші, екі жағымнан екі айдаһар жалынын шашып жерімді де, халқымды да жалмағалы тұр. Орысына сүйенейін бе, шуршітіне арқа тіреін бе? Жоңгардан құтылдық, ендігі оқтанарым кім, сақтанарым кім? Не амал бар, не ақыл бересің, көмекей әулием, ақылшым, Бұқарым!

Б ұ қ а р (*ыңыранып отырып, тақпақтай жөнеледі*).

Күн батыста бір дүшпан,
Ақыры шығар сол тұстан...
Өзің қонған Қекшетау
Кәпір қала салды, ойла.
Атбасар мен Қалқутан
Балығы тәтті су еді,
Өне бойын шандып ап
Сүзекісін салды, ойла.
Қарқаралы деген тауларға
Қарқарасын шанышты, ойла.
Ұлы тау шеті Созақтан
Шұбырып қазақ кетті, ойла.
Нұраның бойы Ақмола
Еслде бар Қараөткел

Екі өткелдің аузынан
Тас қорғанды салды, ойла.
Баянауыл, Қызылтау
Оны да кәпір алды, ойла.
Бүйірінен шаншу қадалып
Сорлы қазақ қалды, ойла!

А б ы л а й. Онда Жұңгемен, шүршітпен табысайын ба?
Бұқар жырау.

Шүршіт келем деген сөз бар-ды
Көктен түскен төрт кітап.
Еңжіл атты қәламда.
Егер шүршіт қаптаса,
Алып бір кетер ақтарып,
Көмүлі көрден денеңді!
Шүршіт келсе жарамас,
Сай суындай сарқырап,
Ай-түйіңде қарамас!

А б ы л а й. Онда екеуімен де, әуелі ішіме ұңгіп кірген орыспен
соғыс ашайын ба?

Б ұ қ а р. Қай хандығынмен, қай қаруынмен?

А б ы л а й. Ана жылы Ітқұл Отаев, Шүкір Оразов деген ел-
шілерін жіберіп көмек сұраған Еміл Пугашопқа да бес мың
қолды көмекке беріп, Нова-Ишим линиясындағы бірнеше бекі-
ністі құртып жібергеніміз қайда? Қашанғы қос кәпірдің айдауы-
мен жүріп, илеуіне көне береміз!

Б ұ қ а р. Содан Пугашынын өзі сайда, басы қайда қалды?
Айға шапқан арыстандай Қарасақалынды да Петрбордың
түрмесіне салып қорлап, жас қызының сол түрмеде зорлап өлтірген
жоқ па?

А б ы л а й (ашынып). Өлтірді, өлтірді... Өлтірсе не ғыл
дейсің. Гүзде өлтірер деп, енді үйде қылғынып өлейік пе?

Б ұ қ а р. Жо-оқ.

Ашуланба, Абылай,
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма.
Орыспен де соғысып,

Шин-шүршітпен соғысып,
Басына мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба!
Жұртыңа жаулық сағынба!

А б ы л а й (*аицумен күйзеліп*). Сонда маған не істе дейсің, данышпаным?!

Көбіз сарыны

Тоғызыншы көрініс

Таң ағарып келе жатқан кез. Бурабай тауларының іші – Хан алаңының тұсы. Алыстан шығыс жақта үстінде «алып піл» жатқан Оқжетпес шыны, батыста шалқасынан түсіп жатқан «Жеке батырдың» нұсқалары қарайады. Қалың қарагай ішінде «Хан тағында» (белгілі тас) Абылай отыр. Белдерінде қылыш, мойындарында садақ – Уәли мен Сығай балалары жүгіріп келіп Абылайдың екі тізесіне отырады.

С ы ғ а й. Әке, таң атпай мұнда неге келдік?

А б ы л а й. Сендер ертең жол жүресіңдер дедім гой. Жеке отырып мауқымды басайын деп... Абылайдың көз алдында тағы да елес – Бұқар жырау. Құлағында оның сөзі:

«Орыспенен соғысып, жұртыңа жаулық сағынба,
Күніңде мендей жырлайтын, тоқсан үште қария
Енді саған табылmas...»

У ә л и (*үңділіп*). Әке, жылап отырсың гой.

Бір тамшы жасты бала қолымен сұртеді.

А б ы л а й (*жалтарып*). Жоға, жауынның тамшысы шығар.

С ы ғ а й. Әке, сен ең мықты адамсың. Күшті адам жылай ма екен?

А б ы л а й. Анау аспан менен де қүшті, менен де мықты, — ол да жылап түр... Ол қанша мықты болса да, одан да мықты бар. Ол құдай! Мықты аспанды құдай кейде қуантып жылатса, кейде ренжітп жылатады.

У ә л и. Сені де біреу ренжіті ала ма?

С ы ғ а й. Сенен де қүшті бар ма? Сені де жылата ала ма?

А б ы л а й. Кейде пәрменді бола тұрып, дәрменсіз қорлықтан да жылайтын кеңдер болады. «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді» дегенді білесіндер ме?

Е к і б а л а (қатарынан). Білеміз, білеміз, әке!..

Хан алаңы. Аспанда үйірле төнген қара бұлт. Абылай тақта отыр. Екі жағында екі ұлы – Сығай мен Уәли ханзадалар. Төңірегінде жас батырлар, жас билер, ескі көзден – Бұқар жырау. Ханның он екі әйелі алты-алтыдан бөлініп, екі жақ қапталда тұр. Патша әскерінің маршы сияқтанған бір күйлі сазбен орыс империясының, Богдахан әскерінің маршы сияқтанған бір салтанатты қүйлі сазбен Цин империясының әскери көші – әр елге тән күймелі арбалар мен оны қоршаган атты әскерлер екі бүйірден, бірі батыс жақтан, бірі шығыс жақтан тұра қалған. Абылайдың екі жас кеңесшісі екі жерде бір мазмұндағы аманат-ант хатын қытай, орыс тілінде (мүмкін, қазақша) жарыса оқып тұр.

1-к е ң е с ш і у ә з і р. Керуен жолдарымен өтетін сауда керуендерінің жол тонаушылардан аман болуына;

2-к е ң е с ш і у ә з і р. Екі ел арасындағы сауда-саттықтың бейбіт жүруіне;

1-у ә з і р. Егер қажет бола қалған күнде әскери жасақпен жәрдем етуге. Еділ қалмақтары мен жонғар қалмақтарының бір-біріне араласатын жолдарын кесуге;

2-у ә з і р. Шекарадағы, бекеттердегі әскери бөлімшелерге ешбір қауіп тәндірмеуге уәде беріп, құдай атымен ант береміз.

1-у ә з і р. Бұл шарттардың біреуінің де бұзылмауына;

2-у ә з і р. Ру西亚 еліне бес жылға аманат етіп берілген Абылай ханның ұлы сұлтан Уәли атымен кепілдік айлаймыз.

1-у ә з і р. Цин еліне бес жылға аманат етіп берілген Абылай ханның ұлы сұлтан Сығай атымен кепілдік айлаймыз.

Екі уәзір қолындағы хаттарын екі жақтан келген орыс, қытай елшілеріне табыс етеді. Екі бала да ұлken салтанатты тойға баратындаі қуанып, қаперлеріне ештеме кірмей, жамbastарындағы оқшантайларын түзеп қойып, томпандарап жүгіріп, әйелдерге (шешелеріне) маңдайларынан бір-бір сүйгізіп, иіскетіп, құймеге барып отырып, қолдарын бұлғап қоштасып ұзақ, алыс сапарға кетіп барады.

Жиналған жұрт жаяуы жаяулап, аттысы аттылыдай олардың соңынан екі жаққа жарылып шұбап барады.

- Алла атымен аманат!
- Алла атымен аманат!
- Аманат, Аманат!
- Аманат, Аманат!

Әйелдердің көзінде жас. Кейбіреуі кемсөң қағады. Абылайдың түсі сұық, сұсты.

А б ы л а й. О жасаған, елімнің, жерімнің тыныштығы үшін екі алып елге екі ұлымды аманатқа бердім. Керек десең, отыз ұлымды да берейін! Ол аз десең (қылышын қынабынан сұрып), мә, өзің берген қылышың, мені шап, мені бөліп бер. Тек жерімді жатқа берме! О, құдай, О, жасаған!

Қылышын аспанға білейді. Құн құрқіреп, найзагай жарқ-жүрк етеді.

Соңы.

Ажар мен ажап

(Үш актілі драма)

Кейіпкерлері:

АЖАР

СОҚЫР КЕМПІР – Ажардың әжесі

АТАН

ҚАТАЙ

ОЛЖАТАЙ – Ажардың ұлы

ЖҮМАТАЙ – Атанның ұлы

БӨПІШ

САРЫ ЖОРҒА

ОҚЫҒАН АЗАМАТ(кейін өкіл)

БОЙЖЕТКЕН

ПАТША ОФИЦЕРІ

КӨСЕ

АҚЛИМА – Атанның әйелі

ТАМЫРШЫ

ДҮЙСЕН

ӘУКЕН

ҮРЛӘПИЯ

БІРІНШІ АКТ

Бірінші көрініс

Жықпыл-жықпыл тас үндір. Сұры қашқан екі адам әңгімелесіп отыр. Жұматай мен Қатай.

Қатаи. Ал, Жұматай, таң да аппақ болып атып қалды. Жігіттерді оятып, бұл арадан көшіндер.

Жұматаи. Жігіттерің бар болсын.

Қатаи. Қайтейін енді, өңкей қорқақты. Қасында мерген шал мылтығымен аңдып отыр деп, Ажарды әкелуге бата алмапты. Асықпа, қайтып келеді ауылға көп үзамай. Өзім хабарын беремін.

Жұматай. Мұлдем кеткен шыгар. Оны ана қыздан сұрайық.
Алдың оны осында. Сосын отты сөндіріңдер. (*Қатай бойжеткенді әкеліп, шығып кетеді.*)

Жұматай. Ажар тәтең біржола кетті ме?

Бойжеткен. Оны қайтейін деп едің?

Жұматай. Тезірек жұмаққа жөнелтейін деп едім.

Бойжеткен (құліп). Сонда тамұққа өзің барайын деп пе
едің? Осыны сұрауга алдырыдың ба мені?

Жұматай. Жоқ, қатын етуге алдыродым.

Бойжеткен. Мениң бай еткім келетінін қайдан білдің?

Жұматай. Оны сұрамаппыш, кешіргейсің.

Бойжеткен. Біреудің жүргегіне әмірің қалай жүрмек?

Жұматай. Маған керегі сенің жүргегің емес, қатыным болма-
сан, күндім боларсың, елімнен бір күн бүйірар маған да!
Қиқандама, жетті! (*Қолын қайырып өзіне икемдей береді. Осы
кеңде Қатай шығады.*)

Қатай. Жасаған-ай! Ажар келе жатыр.

Жұматай. Ажар!?

Қатай. Иә, тап өзі. Қан басқан фой қанғырған немені.

Бойжеткен (ышқына айқайлап). Ажар тәте, жолама
мұнда! (*Қатайлар аузын басып әкете береді. Ол тұншыға
сөйлем барауды.*) Ажар тәтеме тимендер. Маған не істесеңдер де
мейілдерің, тимендер!..

Ажар шығады. Тастандардың арасында жасырына қалған Жұматай,
алтындарын кезеніп алдынан шыға келеді.

Жұматай. Өзің түстің бе қолға!

Ажар. Жұматай!

Жұматай. Дәл таныдың. Жұматаймын. Өзің өлтірген
Атанның ұлы Жұматаймын. Иманыңды айта бер!

Ажар. Жоқ, иман айта келгем жоқ. Дағым бар айтар.

Жұматай. Айт, тез!

Ажар. «Әке көрген оқ жонар» дейді. Ол – жауға жонар оқ.
Сенің әкең жауға емес, момындарға, панаңыз сорлыларға жонып
еді оғын. Сен де сол оқты қалаған екенсің. Дәрменсіз қызды зар
жылатып әкеп отырысың. Бұл да кеше әкең салған қиянат жолы
еді...

Жұматай. Сен ақыл айта келдің бе, әкемді өлтіріп жүргегіме

салған өшпес жараңды үлгайта келдің бе? (*Мылтығының шүріппесін ашады.*)

А жаρ. Жоқ, әкең қалдырған жараны айта келдім. Асықпа. Торға түскен торғайдай жалғыз әйелді өлтірерсің. Әлің жетеді.

Жұмаратай. Бол, айт. Не қысастығың бар еді әкемде? Тергемей, терлетпей, жаныңды қинамай өзім де өлтірмеймін.

А жаρ. Тыңда онда, Ақлимадай анадан туған шын азamat болсаң... (*Пауза. Енді көзін тайдағып бүркілген сөйлейді.*) Жапан түзде жалғыз үйде тұрып еді ғарып кемпір, жетім қыз. Корғансыз боп күн кешкен, жоқшылықтың зарын шеккен, қолы қысқа болса да ары таза жандар ед...

Шам сөнеді.

Екінші көрініс

Азалы, қайғылы күй ойналады да, аяғы далада ысқырған, гүлдей соққан боран мен ішін тарта ұлыған ит үніне ұласады. Енді бірде солардың арасынан еміс-еміс, тұншыға шыққан қоңырау дыбысы естіледі де, бірте-бірте қүшейіп сахна тубіне жетіп тынады. Артынша екі адам шығады. Үстіндегі қасқыр ішіктері қар-қар, көтерген қалың жағаның арасынан көздері ғана жылтырайды. Ұрлыққа не бір сүмдышқа шыққандай, жүрістері сұyt, сөздері жат.

Атан (алға тосырқай қарап). Мынауың бір иесіз қора секілденген жеркепе ғой. Ұсқыны жаман екен.

Катај (жұмсарап сөйлем). Атанжан, үн деме. Дымың ішінде болсын. Бүгінгі билікті маған берсөңші.

Атан. Ай, қайдам. «Аяғын көріп, асын іш» деуші еді. Сыртынан түнделейін дедім...

Катај. Жылы-жұмсақ осындағы баспанада болады. Сырты сұлу, іште жылу жоқтың да талайын көрдің. Енді сыртына қарап тон пішпейік. Асықпа. Көресің. Катај ағанының адастырған күні бар ма?

Атан. Әзер болса бір түнім кетер текке. Көндім. Бердім тізгінді өзіңде.

Екеуі сахнаның екінші жағына қарай жүре береді. Жаңағы музыка-боран үні қайталанады. Перде ашылып, сахнаға жарық туседі. Бір

көзінә жастық тыққан, қырау басқан, сыйғырайған терезесі бар шағын бөлме. Үй іші, төсек-орын жұпымыны. Жарма пештің кенересінде майшам. Үйде екі адам. Бірі – екі көзі сұқараңғы кемпір. Екіншісі – он бес-он алтылар шамасындағы қыз – Ажар. Сыртта дүбір естіледі.

Соқыр кемпір (*елегізіп*). Біреулер жүр ме осы маңда? Элде құлағы құрғыр ма дүбірлеп отырған.

А жар (*есікке қарап елеңдеп*). Жоқ, әже, біреулер келді білем. (*Үрейленіп, әжесіне жабыса түседі.*)

Соқыр кемпір. Тағы да әлгі Дүйсен шығар. Сыртқы есіктің көлденеңін салмап па едің?

Тар есіктен кептетіле ішке Атан мен Қатай «Кеш жарық!» деп кіреді де, босағана ішіктерін тастай беріп, төрге өтеді. Отырар-отырмaston-ақ Қатай күбірлеп аятты мақамына келтіре шұбырта жөнеледі.

Қатаї. Ағзұ биллаһи мнәшайтан разим, бисмиллә иорахман иррахи-иим... (*Құбірлеп қзақ отырып бата қылады.*)

Атан. Тәуір, тыйышсыз ба, шешей?

Қатаї. Құдай ісі, ақыры қайырлы болсын! Қалғандарыңа гұмыр берсін!

Соқыр кемпір. Е, дүние жалған! Қалғанымыз гұмырлы болғанда неге тығын болар дейсің. Әйтеуір, кеудеден жан шықпағасын отырмыз да.

Қатаї. Олай деменіз, шешей. Тірі адам тіршілігін жасай береді де.

Атан. Иә-ә, өлгенмен бірге өлмек жоқ.


Қатаї. «Өлмегенге өлі балық». Мына қызыңыздың тірлігін тілеңіз енді.

Соқыр кемпір. Иә, Сұлтанымнан қалған жалғыз қыз гой... Жөн, жөн сөз. Ашынған соң айтып жатқаным да, бізде тілден басқа не қалды дейсің. Құдайды да қарғаймын, адамды қарғаймын, сонда да тиіп жатқан не шапағаты, не кесапаты жоқ.

Қатаї. Қамықпаңыз, шеше! Ел-жүрт бар емес пе? Қөп бол көтерсе, бір басқа түскен қайғы салмагы ертең-ақ ұмыт болар.

Соқыр кемпір. Қайдам, шырағым. Осы күні адам бала-сы бір-біріне қызылкөз болып алған жоқ па? Қайғы үстіне қайғы жамамаса, одан арылтар тірі жанды көре алмадым-ау.

Терезені тырналап, сыртта ит ұлиды.



А т а н. Апырай, мына иттің ішін тартып ұлудың қарашы. Жаңа біз келгенде не ғып үрмеген?

Соқыр кемпір. Осы үйдің иті ғой. Қасқыр алатын есті ит. Бұрын да жуас еді, енді Сұлтаным қайтыс болғалы тіпті келген кісіге де үруді қойды.

А т а н. Қасқыр алады дедіңіз бе?

Соқыр кемпір. Қасқыр алғанда қандай! Топ қасқырдың ортасына түскенде де алдырмай жүрген ит еді кезінде. Бірақ не керек. Қазір қабырғасы арса-арса. Ит жеті қазынаның бірі деген ып-рас. Іесі кеткелі тамақ ішуден қалды. Зират пен үйдің ортасында бұралып, ертеңнен қара кешке селең-селең сенделіп жүреді де қояды.

К а т а ў. Түх, қасиетті ит екен онда!

Соқыр кемпір. Қасиеттің қасиетті-ау, бірақ өзі көңілің жадап отырғанда, түн баласына терезе түбінде отырып алғып азынап, ұлып шығатыны-ақ жаңыңа батады. Кейінде тіпті «Өз қара басыңды жұт» деп, қарғап қуып та жіберем.

К а т а ў. Шеше, оған кейіменіз. Иттің ұлығанының бәрі жамандыққа қөрінбейді. Жақсылыққа жору керек. Шынында, жақсылық болар. Иллахи амин! (Бетін сипайды.)

Соқыр кемпір. Алла риза болсын, айналайын! Сөзің жақсы екен. Бүгінде жылы сөз естіsek те бір марқайып қаламыз... Айтқандай, Ажаржан, агаларыңа қазан көтер. (Ажар ауыз үйге шығып кетеді).

— Ал, қарақтарым, таныса отырайық, қай баласыңдар? Жол болсын!

К а т а ў. Элей болсын! Төменгі елге бара жатыр ек. Жолдан әдейі бұрылып, марқұмның орнына құран оқып шығайық деп келдік.

Соқыр кемпір. Алла риза болсын, жарымжан көңілді көтере келген балаларым, құдай көтерсін көңілдеріңді!

К а т а ў. Өзіміз мына жогарғы елденбіз, қасымда отырған Атан мырза. Естуіңіз бар шығар, болыс агатайым Қасекемнің баласы. Мен Атан мырзаның атқосшысымын.

А т а н. Бұл кісінің аты Қатай болады, шешей.

Соқыр кемпір. Жарайды, қарақтарым. Өздерің нағыз құдайы қонақ екенсіңдер онда. Сендерді Алла тағалам өзі айдал келген шығар. Құлшылық, құлшылық. Біздей пақырларды елдің өздеріңдей ортан қолдай азаматтары елеп келсе, сол емес пе бөліп

бергендерің. Әкең атына сырттан қанықпын, қарғам. Аты шулы адам ғой. Әттең, бір бара алмай жүрмін. Сұлтаным өлгелі көрген қиямет-қайым қорлығымды айтып, шағынсам деп ем.

А т а н. Келіңіз, келіңіз.

Қ а т а й. Қайсыбір кішігірім дау-шарды мына Атан мырзаның өзі-ақ бер жақтан реттей салады. Тартынбаңыз, шеше, көңіліңізде не болса да айта отырыңыз.

С о қ ы р қ е м п і р. Йә, айналайындар, іздегенге сұраған де-гендей, сендерден артық кімге шағынармын. Естеріңде жүрсін, алда-жалда өздеріңде жете алмай түйікқа тірелген заман болса, көңілі де, өзі де жарым, сормаңдай кемпір зарлап еді-ау бізге; тартқан азабын, көрген қорлығын баяндап еді-ау деп құдай жолына қол ұшын берерсіңдер.

Қ а т а й. О не дегеніңіз, шешей!

С о қ ы р қ е м п і р. Осы жасыма дейін біреуден кейін, біреуден ілгері боп өскен жанмын, шырақтарым. Шырағдандаі қөзім барда шаруаны тасқаяқтай қағатын, жұлынған келіншек ем. Кейін екі қөзімнен басыр боп отырып қалдым. Сонда да Сұлтанымның арқасында еш кемшілік көргем жоқ. Құдай тағала төбемнен бір-ақ күнде қос қолдап үрган жоқ па?! Сұлтанымды да, келінімді де арасына он күн аралатпай, сүм ажал алып кетті. Өзі бұрын да дімкес көз жылай-жылай, міне, енді су қарашы болды. Қаршадайынан жетімдік тауқыметін тартқан панасыз жалғыз Ажарымның қолына қарап мен қалдым. Сайраған тіл болмаса, тірі өлікпін, қарақтарым. Сұлтанымды алғанша, мені алмаған құдайда да көз жоқ. Енді «Өлі арыстаннан тірі тышқан мықты» демекші, баламның жамбасы жерге тимей жатып, артында қалған ошағына ойран салып отырган жоқ па?! Ойран салған емей немене, жақындаған беттері шылп етпестен осында келіп...

Музыка... Шам сөнеді. Қайта жанганда әлгі үйдің іші, төрде орта жасқа келген ерекк - Дүйсен, мосқал әйел - Үрләпия. Соқыр кемпір өз орнында отыр. Даладан жанұшырып Ажар кіреді.

А ж а р. Әже, ана кісі сиырды алып кетейін деп жатыр. Қарақойды қозысымен шанаға салып алды.

С о қ ы р қ е м п і р (чрейленіп). Не дейді? (Орнынан үшіп тұрып, қарманып.) Таяғым қайда, Ажаржан? (Үйге еліріп Әуken кіреді.)

Әүкен (кекештеніп, көзі алақтап). Әй, Д-Дүйсен, қ-қатын, енді не отырыс бар. Қ-кеттік.

Дүйсен. Үрләпия. Отыршы, отыра тұршы.

Әүкен. Еһ, не бірденең т-ты-тыңдырыңдар ма? Ал отырыңың. (Кекештеніп, иегі дірілдеп сөйлейді.)

Дүйсен. Әуken, мына шешей жаң шыға алашағыңды қайтарам, қазір кеңшілік берсін деп отыр.

Әүкен. Жоқ, маган ке-кеңшілік керек жоқ.

Үрләпия. Айттым гой, Әуken көнбейді.

Соқыр кемпір. Қарағым Әуken, сені мен бұрыннан білетін ем. Болған жердің баласысың. Құдайға шүкір, ішер ас, киер кімге қазір зәру емессің. Ана бай інілерің тұрганда, ешкімге кіріптар да емессің. «Ішкенің — алдыңда, ішпегенің — артыңда». Аз күн кідіре тұрсаң, не етеді...

Әүкен. Жо, жоқ! А-а-атама.

Соқыр кемпір. Біздің жалғыз сиырға қарап отырган жоқсың. Құнде желініне телміріп, қашан бұзаулар екен деп зарығып отырган екі жетімді жылатып кетпексің бе?

Әүкен. Әй, жүресіндер ме, жоқ па. Мен бір дүп-дүрыс сөз айтады десем. (Орнынан тұра береді.)

Соқыр кемпір. Қарағым-ай, сен де бір Құдай тағала ая-маган жан екенсің, тым құрмаса өзің аяушылықты білсең етті, біз өзіңдей жарымжан гарыппыз гой.

Әүкен. Не, не? Әйде кеттік. Қа-қалыңдар, әйтпесе.

Үрләпия. Әуеке, Әуеке, тұра тұр. Біз қазір.

Дүйсен. Құте тұр. (Әуken шығып кетеді.)

Үрләпия. Апа, қазір сиырыңызды алып қаламыз. (Дүйсенге.) Айтсайшы-ай енді.

Дүйсен. Шешей, әлгі ақылымды айтайын деп ем. Апа, Әуkenге ренжіменіз. Ол да әйелі өліп, іш құса бол жүрген бейбақ. Қазір қолында шиеттей жеті баласы қалды. Қызыл қарын жас бала. Оңай дейсіз бе. Адам болған соң кейиді де. Әйтпесе мойнына екі нардың жүгін салсаң қажымайтын өтіз емес пе. «Қатын өлді — қамышының сабы сынды» депті гой. Бірақ ол қатынжанды неме, салы суға кетіп, бір аяулы аты өлгеннен жаман...

Үрләпия. Дүйсен-ай, дүйім ел сені мылжың Дүйсен де-генде намыстанып, ішіме қара пышақ сұғып алардай болушы ем. Айналшық жегендей бір арадан айналып шықпайсың, айтсайшы енді.

Соқыр кемпір. Ажаржан-ай, қарашы әлгіні. Шынымен әкетпек пе? Жасаған-ай.

Ажар шығып кетеді.

Дүйсөн. Шеше-ау, ашынған соң айтасыз гой. Эйтпесе... Одан да қайла жасамайсыз ба, «Заманың тұлқі болса, тазы боп іл» деп пе еді...

Үрләп ия. Қойши сен. Апа, тоқ етері сол: Әукең жуанның тұқымы. Алам дегенін алады, шабам дегенін шабады. Оған қарсы сіз түгіл, бізде де дәрмен жоқ. Ендеше, сізге айттар ақыл: құдайға шүкір, бала он үшінде отау иесі, мына Ажарының, бетінен жарылқасын, сырыйқтай қыз.

Соқыр кемпір. Сондағы айтпағың не?

Үрләп ия. Айттарым сол, Ажарды құтты орнына қондырып, қолыңызды жылы суга малы-е-еп отырмайсыз ба?

Соқыр кемпір. Ә-ә, сөзіңдің сыңайына жаңа түсіндім. Қыз бала жат жұртқа жаратылған пенде екені рас. Бірақ әлі жас қой құлныным. Он беске енді шығады. Алды-артын аңғарып болмаған сәбі емес пе?

Үрләп ия. Тұһ, апа-ай, өзіңіз бала бол қеткенсіз бе? Тіпті, үят та болса айтайын, өзіміз осындағы кезімізде шешеміздің іргесінде жатып-ақ талай қызықты көретін ек.

Соқыр кемпір (байсалды). Әй, Үрләпия, ол ақылыңды басқаға айт. Бір аяғым көрде, бір аяғым жерде отырып, жалғызымың жұдырықтағы жүргегін табаққа салып көрінгенге тартар жайым жоқ. Куарған құбасым сол үшін қалып па. Әр нәрсе уақыттымен. Табар өз сүйгесін, барада өзі қалаган жеріне.

Дүйсөн. Шешей, «Құланның қасуына мылтықтың басуы» депті гой.

Үрләп ия. Иә?

Дүйсөн. Сол айтпақтай, жұрты бар десең жұрты бар, қара жұмысқа да әйдік, и-и-ә, бір үйлі жан түгілі, бір елді асырайтын қауқары бар. Бүгінде қорасы толған мал, тасы өрге домалап, мұрнынан құрты түсіп тұрған әлгі, и-и, Әукең гой қолайлышы.

Соқыр кемпір (шошып). Не дейт? Құдай шыққыр көзді алғанша, естір қулақты алса етті. Не деп отырсың? Не бетіңмен айттып отырсың? Тынысымды тәңірім тарылтқанда, өрісімді енді сендер тарылтпақсыңдар ма? Барыңдар, жоғалыңдар, күнімді

сендерге салмасын. Жапандагы жалғыз үйде сүйегім қалар, молам болсын бұл қанқиган қара лашық, жогалындар...

Алқынып Ажар кіреді.

А ж а р. Әжетай, әлгі кісі әкетіп барады. Сиыр да, қой да кетті.

Дүйсен, Үрләпия орындарынан ата тұрып, тондарын сүйрете далана беттейді.

Дүйсен. Ойпымай, далада қалар ма екенбіз. Тез, кеттік.

А ж а р (бірге ілесе тысқа беттеп). Ағатай-ай, шыдасаңдар етті бірер айға.

Соқыр кемпір. О, шұнақ Құдай, өз басынғаның аздай енді... Тастан кетіндер сиырды! Одан да мені өлтіріп кетіндер осы босағада. (Сипалап, қарманып, ұмтыла бере сүрініп құлайды.) О, жасаған!

Музыка. Шам сөне береді... Зарлы музыка аяқталып, шам жаңгана алғашқы көрініс қайталанады.

Соқыр кемпір. Қайтейін, өз маңдайымды өзім ұрып қала бердім. Олармен жұлысарлық бізде не дәрмен бар. Ажаржаным ботадай боздал соңдарынан жүгіріп, сиырдың бас жібіне жармасқан екен, әлгі кекеш өңменінен итеріп тастапты. О, жасаған ием, қорғансыз адамның құні осы да. Ендігі бар сүйенеріміз жалғыз сиырдың төрт емшегі еді. (Пауза.) Ертең аузымыз акқа тие ме деп отырғанда оны да қағып әкеткендері сүмдардың айласы екен. Қысылшаң кезді пайдаланып, зәру тосып, бізді оп-оңай көндіре салу екен ниеттері. Содан кейін де араға адам салды: «Қызын бере ме екен. Бәрін қолыма көшіріп алып, көсегесін көгертер едім» дейтін көрінеді. Үйтіп көгермей-ақ қойын көсегем. Баламның артында қалғанда Ажарымның көз жасын нәр етуге қалыптын ба. Ұлбіреген жібегімді тұқыл өгізге қалайша бөстек етермін. Ертең о дүниеге барғанда баламның жүзін қалай көрмекпін... Айналайындар, осы еді айтпағым. Көз қырын сала көріндер. Бір сәті түскен құні Ажарды тартып әкетуден таймайды ол қара жүректер. Біздей сорлыларға жасаған мысқалдай жақсылықтарың зая кетпес. Адамнан қайтпаса

да, Құдайдан қайтар. Тым құрмаса, дікеңдетпесеңдерші. Ба-
сындырмасаңдаршы, елдітерің қайда?!

Пауза

Қ а т а й. Иә, шешей. Ол антүргандардың сіздей нашарларды
жылатқаны жарамаған екен. Не деген ұтсыз жандар еді.

А т а н. Шіркін-ай, қамшының астына алар ма еді. Қарашы
өздерінің басынуын.

С о қы р к е м п і р. Е-е, қарагым, иесіз үйді кім басынбайды?
Ең арты көрінген құзғынға дейін пеш мойнына қонып бір саңғып
кетпесе, көңілі көншімейді. (Пауза.) Ал, балалар, шай да дайын
боп қалған шығар. Қолдарыңды жуындар.

Қ а т а й. Атан, мен аттарды суарып, отқа қойып келейін. Бір-
жола отырганымыз дұрыс болар.

С о қы р к е м п і р. Иә, сүйтіңдер. Ажаржан, мына ағаңа
шам алып шығып, шөп алатын жерді көрсет.

Қ а т а й. Атан, сен де далага шығып келмейсің бе? (Көзін қы-
сады.)

А т а н (керіліп). Тұһ, белім үйып қалыпты-ау, шықсам шы-
гайыншы.

Бұлар тұра бергенде сахна қарандыланады. Қысқа ғана үрейлі му-
зыка ойнайды.

Үшінші көрініс

Тастай қаранды қора іші. Жөткірінген екі адам шығады. Атан мен
Қатай ақылдасып тұр. Бірақ өздері қарандыда көрінбейді, дауыстары
ғана естіледі.

Қ а т а й. Атан, қалай екен?

А т а н. Былай енді... көрікті екен...

Қ а т а й. Айтпадым ба, мен табам ғой. Тек енді өзің қапы соға
көрме. Әй, бірақ сенен ешкім құтылған ба...

А т а н. Енді... Құтылмас-ау. Бірақ әлгі соқыр кемпірден қор-
қайын дедім. Мұндаілар сақ келеді. Анада осы секілді бір
көксау қақбас тұні бойы үйқтамай, тық-тық жөтеліп әзігіримды
қайнатқан.

Қат а ѹ. Атан, қазір ол қыз да қораға шықпай ма. Сен осында сөйлес. Тіпті, реті келсе... мен ат суарып келгенше не заман...

Ат а н. Бірақ мына қыздың сорты бөлек сияқты. Адамга бір тіктел, тура қарамайды. Қыз деген былай, көзбен ұғынысып, икемге келе беруші еді.

Қат а ѹ. Сынықсып жүр дағы. Біз секілді бай аулының қай жігіті қарайды дейсің мұндайларға.

Ат а н. Әй, шынында, жетім қызбен болғанымды ертеңгі күні жүрт естіп, сүйегіме таңба түсіп жүрмесін. Қыздың өзі мақтанып айтып қояр әлі!

Қат а ѹ. Үндеме, о жағын өзіме тапсыр. Реттеймін. «Тісіңнен шығаруши болма», — дед қорқытып кетем гой. Бұл қораның астындағы сөз қайда үзар дейсің... Әне, өзі де шықты. Ал, жолың болсын.

Ат а н. Тура түр, Қатай. Сонымен сен сөйлессен қайтеді?

Қат а ѹ. Жарайды, жасырына түр.

Қолында шілтерлі шам, Ажар келеді.

Қат а ѹ. Қарындас, сен неге үндемейсің? Жарайды, жігіт тердің алдында ибалы болғаның жөн. Қыз балаға жарасып тұрады.

Аж а р. Ағай, шөпті ана қуыстан аласыз. Жұлғыш ішінде.

Қат а ѹ (шамды жерге қойып кете берген Ажарды бөгейді). Тұра түр. Қайда асығып барасың? Сенімен әңгімем бар. (Ажар үрекілі қарайды.) Өзің киік құсаған тағы екенсің. Немене, жігіт көрмеп пе ең? Сенің үйіңде Атан күнде келе берер деймісің. Өншейін құдай айдаланып қалмайсың ба? (Қолын ұстайды.)

Аж а р. Ағай, не айтып тұрсыз өзіңіз?

Қат а ѹ. Ойпирмай, осы қыздардың дым түсінбейтін сәби бола қалатыны-ақ жаман. Ана, Атанды байқамадың ба? Сені ұнатып қалыпты. (Ажар одан сайын үреклене қарайды. Қатай қолын босатады.) Бір жолға ойнап-күліп, көңілін аулай салмайсың ба?

Аж а р. Осы сөзді қалай ұлмай айтып тұрсың...

Ажар жүгіре жөнеледі.

Қат а ѹ (аңтарылып). Әй... мынау қайтеді...

Тасада тұрған Атан Ажарды бас салып, көтеріп ап қараңғыға сұңғиді. Қатай шілтерлі шамды сөндіре салады. Қараңғы түнекте «Агатай-ай, жіберші», — деп жалаңған, жылаған үн.

Музыка. Алғашқы көрініс, үй іші. Жаңағы музыка аяғы енді асығыс ойналады. Әлденені күткендей жүрек лүпілін сездіргендей. Боран үні ысылдаپ естіледі. Үйдегі соқыр кемпір де, Атан да үрейлі. Кемпір үшіп кетейін деп отыр. Атан әбігерленіп, ерсілі-қарсылы тынымсыз жүр. Есік жақтан дубір естіледі. Музыка тынады. Үйге мойны салбырап Қатай кіреді.

Соқыр кемпір. Ажарым ба, келдің бе?

Атан (кемпірмен жарыса). Бар ма, таптың ба?

Қатай (басын шайқайды). Жоқ...

Соқыр кемпір (басын қос қолдаپ ұрып). О, сорлы басым. Қу бас, ендігі көрешегің осы ма еді?!

Қатай. Сабыр, шеше, сабыр.

Соқыр кемпір (екі қолын алға созып). Қайда жібердіңдер жетім қозымды, бірге шығып еді гой сендермен. Қайда қалды, неге келмеді...

Қатай (күмілжіп). Апыр-ай, мен кінәлі болдым-ау. Бағана суатты көрсетіп жібер деген соң... орта жолға дейін барып, бағытын біліп алғып... енді тоңып қаларсың, үйге қайта бер деп ем. Құн сол екі арада мың құбылып, боран алай-тулей түтеп кетпеді ме. Қайтарда үйді зорға таптым. (Киналаган болып.) Әттеген-ай! (Соқыр кемпірде ес жоқ. Екі қолын жерге тіреп ап, бар денесімен қопарыла тенселе береді.)

Атан (Қатайды ілгерірек алғып шығып). Қораның ішін қарадың ба?

Қатай. Тінтпеген жерім жоқ.

Атан. Иә, мен де шаммен қарадым. Шөпті де қопардым.

Қатай. Осы маңды түгел шарладым. Боран аздап толастап, төңірек ашылып келеді. Бірақ ат омбы қарға малтығып, аттай алар емес, айғайлай-айғайлай даусым да қарлықты. Алыстағы мола жақтан ұлыған дауыс шыққанға, осы үйдің иті ме десем, ол осында жүр. Бірдеме сезе ме, аяғыма оралып, қыңсылай береді.

Атан. Даға шығып кетіп адасқан екен онда.

Қатай. Е-е, байғұс-ай. Намысты қайтетін еді. Далада босып жүрген үйірлі қасқырға тап болды гой ендігі.

Соқыр кемпір (әлсіз, жалыныштың мен). Оу, адамсыңдар гой, іздесендерші. Құлыным-ай, жалғызыым-ай, адам бөрісінен құтыла алмай жүріп, дала бөрісіне жем болдың-ау, панаңыз қозым, жарығым-ай!

Атан (ақырын гана). Кеттік, Қатай. Енді мына кемпірдің зарын естіп отыра алмаспыш. Қөрші ауылға жетіп алайық. (Екеуде ептеп басып, тұлыштарын алып шығып кетеді.)

Соқыр кемпір (азалы). Көкіргімді сай қалдырып, көзімді алдың, Құдай. Не жазып ем саған. Тым құрмаса іздер ем гой құлынымды. Бірге адасып, бірге өлу де келмеді-ау қолымнан. Қалғаным ба омалып осылай.

Ит қыраулы терезені тырмалап, қыңсылайды. Артынан қайтадан сай-сүйекті сырқыратқандай үлиды.

Соқыр кемпір. О, жасаған, мынау тағы зарлады. Зарла, зарла. Сен түзде зарла, мен үйде зарлайын. Аңырайық екеуміз қосылып.

Даладан қоңырау үні естіледі. Кемпір селк етіп басын көтеріп алады. Сыр еткен шана үнімен қосыла доголагы құмбірлеген қоңырау үні ұзай береді, ұзай береді.

Соқыр кемпір (ең соңғы үміті үзілгендей үрейленіп). Кетіп қалды әлгілер. Кетті, кетіп қалды. О, лагынат жаусын сендерге. Азамат екен десем, жауыз екенсіңдер гой. (Тәлтіректеп тұрып күпісін күйт, таяғына сүйеніп шыға береді.) Ал енді, мені де ал, құдай. Қөнілің біржола қөншісін. Уа, ақсарабас!

Төртінші көрініс

Кішкентай дәңестің бауырындағы екі төмпешік, Ажардың әкесі мен анасының бейіті. Жаяу борасынның әлсіз ысылы естіледі. Аспандагы тұман түстес жұқа бұлт ортасынан бозамық ай қөнілсіз сығалайды. Сыртта қыңсылаған ит дыбысы естіледі де, артынша таяғына сүйеніп, соқыр кемпір шығады.

Соқыр кемпір. О, боздақтарым, жатырсыңдар ма. Мен де келдім сендерге, қастарыңнан орын бер. Қінәлімін алда-

рында. Кешіріңдер. Кешу сұраймын, жапан түзде қалған мұсәпір екі жетімек едік. Қозымнан айрылдым. Сақтай алмадым. Кешіріңдер. Сорлы басым өзім едім шығағой деген. Кешіріңдер, қайтейін. Алла тағала жапанда зар қақсатып жалғыз қалдырыды. Енді сендермен мұндастып, сендерге шағынбасам, зарымды тыңдар, қарманар ешкімім қалмады. Не деген итжанды жансебіл едім сүйегімді сүйретіп тірі жүрген. Келдім өздеріңе. Тым құрмаса бір арада жатайық. Ал, тәңірім, ең соңғы тілегімді бере гөр, мен де жер жастанайын, бере гөр тілегімді. (Төмпешікке құлап жылайды. Осы кезде «Әже, әжетай» деп ыңырсыған дауыс шыгады.)

Соқыр кемпір (басын көтеріп алып). Біреу әже деді ме. Ажарым болар ма. Ойпырмай... Әлде алжаса бастаганым ба.

Дауыс. Әже... Әже...

Соқыр кемпір. Жоқ, құлынымның даусы. Үніңен айналдым. Қайдасың? (Бір сүрініп, бір тұрып, екі бейіттің арасында жатқан Ажарды сипалап жүріп тауып алады). Таптым, таптым, садағаң кетейін, құрмалдығың болайын... Құлыным-ай, сен де адасып, осында келген екенсің фой. Қарағым-ай, ораншы мына құпіге. (Құпісін шешіп Ажарды орайды.) Енді болмаса үсіп қалады екенсің, құдай-ай. Әлгі Ақтөс қыңсылаپ жеңімнен тістелеп осында алып келді. Ит те болса біліп жүр екен-ая. Зекетің кетейін. Өлім тілеп келіп, сенің тірлігіңе кезіктім-ая, ботам-ай...

А жар (ауэзы икемге келмей). Аналар қайда? Аналар қайда? Аналар! Әжетай-ай! (Жылайды.)

Соқыр кемпір. Жаным-ай, аналарың кім. Қөзіңе бірдеме көрінді ме... Ақ боранның ішінде қорқып қалғансың фой, қозым. Тәубе, тәубе, тәңір ием жарылқады фой.

А жар (цәіп-цәіп). Азаптан... мазақтан құтылдыым-ая деп ем, тағы да көрешегім алдымда болғаны ма...

Соқыр кемпір. Жоқ, жаным, құдай енді жарылқайды. Келші, құлыным, жылындың ба, кішкентайыңнан арқалап өтіп ем, келші арқалайын, сәбиім менің...

А жар. Аналар, үйде ме әлі?

Соқыр кемпір. Кімді айтасың?..

А жар. Мені солар адастырды. Білмейсің, әже, қор болдым, мазақ болдым. (Жылап, басын әжесінің тізесіне басады.) Тым

құрмаса, намысымды жырттар еркек кіндікті не ағам, не інім болсаши. Адастырды ғой олар, қорлады ғой...

Со қыркемпір. Не дейсің? Адастырды? Кімдер? Құлыным-ау, не айтып түрсың? Әлгі қонақтар ма?

А жар. Солар, солар, солар... (*Солқылдан жылап жібереді*).

Со қыркемпір. О, тоба, жасаған-ау, неден ғана адам баласын бір-бірімен осыншама шайнастырып қойдың! Мейірімің қайда... Жібісөң етті бір мезгіл. Мейірімің қайда? (*Талықсып барып қулайды.*)

А жар. Әже-е!

ЕКІНШІ АҚТ

Халықтың басына түскен ауыртпалықты баяндайтын «Елім-ай» сарындақ қайғылы күй ойналады да, аяғы ұлы дүбірдің хабаршысындаі екпінді күйге ауысады. Күй аясында аттардың дүбірі, айгайлаған, шулаған адам даусы, мөңреген мал даусы, солардың арасында жарышының үні шығады: «Патша ағзам он тогыз берілген отыз бірдің арасындағы қазақ жастарын қара жұмысқа алуға жарлық етеді». Дауыс ұзай береді. Екпінді күй қайтадан сыңсып, сарнаган қайғылы күйге ұласады. Жылаған, азынаған үн. Әйелдер зары. Авансценада пистолет жарығында Ажар.

А жар. Қаны қара адам келіп, зұлымдықпен сәби тәнін жаралап, арына өшпес дақ салды. Көрі емендей күні біткен газиз ана — қарт ана жауыздыққа шыдай алмай морт сынды. Тал шыбықтай майысқан қызы қайысса да сүмдыштан, кінәсіз жас нәрестені періштедей жебеді де өмірі, жеңді ажалды, тірі қалып он бесінде ана болды, қос түйиншек, қос анаға ақ бітіп, ақ сүтімен жетілдірді перзентін. Жетім жүрді, жесір жүрді, көлдененде алабұртпай көңілі, талай жылдар арқаға сап асырады перзентін. Жүрт танысын, дос тапсын деп жалғыз ұлын жетелеп, әлгі ана басып еді ел шетін, қарсы алдынан қаны қара адам шығып, тағы салды жауыздықтың шенгелін. Жырып алып кеудедегі сол ананың жүргегін, отқа тастанап, тағы мазақ етпек болды аяусыз.

Перде ашылады.

Бірінші көрініс

Бір жақ балагын түріп алған, жалаң аяқ, киімі жұптыны Олжатай үстін қағып жатады. Екінші жақтан сәнді киінген сылқым бозбала Жұматай шығады, қолында сабы күміс қамшы.

Жұматай. Эй, бәрекелді, тым-тырақай қылдым-ау. Немене, сені үрдыш ма?

Олжатай. Жәй, әншейін. Солдатқа баратындардың тізіміне іліккенімді айтып ем, келемеждеп... наңбайды.

Жұматай. Солдатқа?

Олжатай. Иә.

Жұматай. Сенің атың кім өзі?

Олжатай. Олжатай. Сенің ше?

Жұматай. Жұматай Атанның баласымын.

Олжатай. Атанның!

Жұматай. Иә, болыс Атанның баласымын!

Олжатай. Солай де?

Жұматай. Сен өзің қай ауылдың баласысың? Бұрын біздің ауылдан көрмеген сияқтымын.

Олжатай. Біз жақында ана тәменгі ауылға көшіп келгенбіз. Бұрын жалғыз үй тұратын ек.

Жұматай. Кімнің баласысың?

Олжатай. Ажардың.

Жұматай. Жоқ-жоқ, әкең атын айтамын.

Олжатай (күмілжіп). Әкем жоқ...

Жұматай. Э, қайтыс болып па еді?

Олжатай. Солай болар...

Жұматай. Рұың кім?

Олжатай. Білмеймін.

Жұматай. Қызық екен. Жарайды... Ендігәрі әлгі балалар тиіссе, маған айт. Әкел қолыңды, дос болайық. (Олжатай қолын береді.)

Жұматай (сыртқа көзі түседі). Ойбай, кеттім. Біздің жылқышы келе жатыр. Ол көрс...

Жүгіріп кетіп қалады. Іле көсө адам келеді.

Кесе. Немене, балақай, әлгімен шүйіркелесіп тұрганың?

О л ж а т а й. Досым гой.

К ө с е. Жарылқанған екенсің.

О л ж а т а й. Неге?

К ө с е. Ол Атан иттің күшігі емес пе. Елді зар жылатып сол-
датқа айдағын деп жатқан жоқ па ол сұрқия.

О л ж а т а й. Мен де іліктім.

К ө с е. Балам-ау, рас па?!

О л ж а т а й. Рас.

К ө с е. Е, ол жетім-жесірді аяйын деп түр ма. Болар, болар.
Қаршадайымнан солардың үрім-бұтақ зәуэзетінің жылқысын
бағып өтіп ем, мені де іліктіріпті.

О л ж а т а й. Сіздің... Сіз отыздан асып кеткен жоқсыз ба,
ақсақал?

К ө с е. Е-ей, балам-ай, отызың түгілі, елуіңнен де астық. Ақ
сақал түгіл, қара сақал да болмаған соң отызда бол шыға кел-
дім. Болысқа барып: «Қарағым-ау, сенің асық ойнап жүрген
жалаңбұт бала күніндегі әкеңнің жылқысын бағып ем гой. Ешкінің
терісін байлан ал демесең, мына жылтыр иекті енді соқамен жыр-
тып, жүн ексең де сақал шықпайды», — деп ем, өзімді кекетіп-
мұқатып тастады. Әбден ашынған соң айғайлап: «Ал мына
қысыр сиырдың тандыры кепкен желініңдей қыртоғыс-қыртоғыс
әжімдерді, шаштағы ақты қайда қояссың», — деп ем. «Е, уайым-
шыл, ынжық адамдарда бола береді», — деп өзімді келемеж-
деп, жұмсақ жерімнен бір теуіп, үйден айдалан шықты. Бұларда
не иман бар. Қой, одан да басқа амалын ойластыру керек. За-
ман бұзылды гой, заман. (Кеміп бара жатып.) Айтқандай, сен
кімнің баласысың?

Екеуі де шығып кетеді.

Екінші көрініс

Белінде балта, отын арқалап келе жатқан Ажар алысқа қарап,
антарылып тұрып қалады.

А ж а р. Батыр-ау, мынау Бөпіш емес пе? (Үңіле түсіп.) Иә,
Бөпіш, Бөпіш! (Отынын жерге қояды.) Таныды, ол да таныды.
Апырмай, осы жолы не десем екен. Бұл да күтудей-ақ күтті-ау.

Арсалаңдап Бөпіш келеді. Бірақ қанша алқынып жетсе де, Ажарға бата алмай, қипақтай береді. Арқасында қашшығы бар.

Б ө п і ш. Үh, жеттім-ау. Жол бойы қөрінген лауга мініп зорға жеттім.

А ж а р. Өзің ұзақ жүрдің гой.

Б ө п і ш (қипалақтап төмен қарап, қапишиғын ақтара бастайды.). Мұттем сағынып қалдым. (Пауза.) Сен сағындың ба?

А ж а р (бөгеліп). Әрине, Бөпіш.

Б ө п і ш. Олжатай қайда? Мә, оған (алып береді) көйлек, белбеу алыш ем.

А ж а р. Oho, жарайды. Өзі ашып көрсін. Бір жасап қалатын болды. Иглігіне кисін.

Б ө п і ш. Ал саған, міне... (ұсынады).

А ж а р (жазып көріп). Тұh, өзің дүниені түгел көшіріп келгеннен саумысың?

Б ө п і ш. Ажаржан-ай, несін айтасың. Ақмола дегенің адам айтқысыз үлкен шәр екен гой. Тек қолың қимылдан кетсе, алақаның сөлкебайға толып шыға келеді. Дүкеніңде дүниеден көз сүрінеді, мата дегенің адам айтқысыз. (Саусағын санаиды.) Барқыт, патсайы, мауыты, жібек, тайғақ, шәйі, тағы немене еді, сәтен, ләстік, қисапсыз көп. Бірақ тамақ жағы тапшы.

А ж а р. Бөпіш (қолындағы күімдерді көрсетіп) мыналарды күп шығайыншы. Қиғенше асығып тұрмын.

Б ө п і ш. Е, ки, ки. Кимегенде, оны мен неге әкелді дейсің. Бар жиган-тергенімді салдым осыған сен үшін...

Ажар екінші жаққа кете береді.

Б ө п і ш (жалғыз). Сен үшін. Не аяйын. Әттең, қолым қысқа, қайтейін. Қырқа матап беретін малың болмаған соң, көрген күн осы. Менің жасымдағы байлардың екіден, үштен әйелдері, қаншама үрім-бұтағы бар. Шіркін-ай, әрқайсысына ара қонып, шалжи-е-еп жатады-ау олар... (Ойланып). Әй, бірақ қойшы, шын еміреніп сүймеген соң, несі қызық. Ажаржанның бір өзі гой он әйелге бергісіз. Әттең, қолыма түссе, өле-өлгенше алақанымға салып, мәпелеп өтер ем-ау.

Ажар қайтадан келеді. Басына бөртпе шәлі салған, қаусырмалы, қынама бел камзол киген. Сұлуланып кеткен.

Б ө п і ш. Ойпырым-ай, Ажаржан-ай, көз тимесін. Тіпә-тіпә.
Мұлдем өзгеріп кеттің ғой.

А ж а р. Солай ма?

Б ө п і ш. Рас айтам. Мына түріңмен басқалардың көзіне түсе көрмеші.

А ж а р. Түссе несі бар. (*Құланып*.) Ана болыстардың әйелдерінің алдынан бір қөлбендең өтсем қайтеді. Немене, қорқамысың?

Б ө п і ш (*күмілжіп*). Кім біледі...

А ж а р. Эй, Бөпіш-ай, өзің қызғаншақ екенсің ғой. (*Пауза*.) Қызғанбай-ақ қой бізді. Маган ешкімнің де керегі жоқ. Баяғыдан бері көңілім болса, бір теңім табылар еді. Бірақ балам тұрганда қайтемін. Өз қолы аузына жетіп алсын да.

Б ө п і ш. Оның дұрыс қой. Бірақ Олжатайға кім қағажу көрсетер дейсің. Оған әке болуға жарамаймын ба? Үлғи Олжатайды кесе-көлденең қоясын.

А ж а р. Шыда, Бөпіш. Қебіне шыдағанда, азына шыда. Мына бір аласапыран тағы да басталып кетті. Олжатайымды да солдаттыққа іліктіріп қойыпты.

Б ө п і ш. Қой, ол бекер шығар, он тоғыз бен отыз бірдің арасы дегендері қайда?

А ж а р. Иә, мен де сенбеймін. Қаншама қысастық жасаса да, тап осы сапарға бұғанасы қатпаған баланы іліктірмес. Не көрініпті. Құдайлары бар емес пе?

Б ө п і ш. Ай, бірақ соларға сеніп те болмайды. Пара берген қолы ұзын байлардың балаларының орнына кедей пақырларды тықпалап жатыр деген қауесет Ақмола жағында да гу-гу етеді.

А ж а р. О, Олжатайымның өзі де келе жатыр. (*Үңіле түсіп*). Өзі бірдемеге ренішті сияқты ма, қалай? Ашулы кездे басы осылай төмен салбырап кетуші еді. Қазір қуантайыншы.

Екі иіні түсіп Олжатай келеді.

Б ө п і ш (*құрақ ышып*). Оу, Олжатай, амансың ба?

О л ж а т а й (*салқын ғана*). Ассалаумагалейкүм!

А ж а р. Олжатай, Бөпіш ағаң саған базарлық әкепті. Мә...
Олжатай.

О л ж а т а й (*шешесінің киімін жаңа аңғарғандай*). Саған да әкеліпті гой.

А ж а р. Иә, әкелді. Үнай ма?

О л ж а т а й (*көңілсіз*). Жақсы еken...

А ж а р (*басынан сипап*). Сен өзің көңілсізсің гой... Жылайын деп түрганнан саумысың... (*Күшақтап*). Ой, айналайын баладан, тауып алдық даладан. (*Олжатай қышағынан жүлқынып шығады*.) Жаным-ау, саған не болды?!

О л ж а т а й. Ендігәрі осы өлеңінді айтпаши.

А ж а р (*күліп*). Иә, онда не түр? (*Өлдендетіп, әндептіп*.) Далада бала жатар ма, түсіп қапты шанадан.

О л ж а т а й (*ашуланып*). Ендеше, айта түс. Далада жұрт мазақтасын, үйде сен мазақта.

А ж а р. Жаным-ау, кішкентай күнінде осы өлеңді айтқанда, маужырап үйіктап қалатын ең, (*сезсе де сезбегендей*) енді бала дегенге намыстанамысың.

Б ө п і ш. Баламысың деген. Соған ренжи ме еken. Сені гой аналар дардай азамат деп жүр.

А ж а р. Е, олар осыны азамат етейін деп жүр дейсің бе... Эңшейін құрбандыққа шалғылары келеді де.

О л ж а т а й. Ажар, айтшы өзің. Менің... әкем кім?

А ж а р (*салқын ғана*). Оны неге сұрадың... Экең Сұлтан.

О л ж а т а й. Иә деген. Ол сенің әкең.

А ж а р. Немене, тағы да әлгілер бірдеме деді ме?

О л ж а т а й. Жоқ.

А ж а р. Ендеше неге сұрадың... (*Ашынып кеп баласын жағынан тартып-тартып жіберіп, өзі жылайды. Музыка баяулай береді*.) Жүрттың шаруасы қанша еken осы. Анада (*Бөпішке қарап*) сенің әкең жоқ, жетімексің деп ауылдың балалары тәлекекке салып, ақыры шыдамаған соң, Олжатай жагаласпай ма. Бәрі жабылып үрүп қоя беріпті.

О л ж а т а й. Ендеше, айтшы, Ажар, кім менің әкем? (*Пауза*.)

А ж а р. Сенің әкең, міне, қасыңда түр. Бөпіш — сенің әкең.

О л ж а т а й (*таңырқап*). Рас па, Ажар?

Б ө п і ш. Рас, жаным. (*Олжатайды қышағына алады*.)

Осы кездे дубірлетіп атпен шауып, айғайлап жүрген жаршының даусы естіледі.

Х а б а р ш ы (сырттан). Солдатқа алынған жігіттер, кір-қондарыңды жудырып, жол азықтарыңды әзірлеп, дайын отырындар.

Төңірек у-шу. Ажар, Бөпіштер де үрейлі. Сырттан хабаршы даусы тағы есітіледі.

Үшінші көрініс

Бай аулы. Ымырт. Батқан күннің қызыл шапағы бозарып қоңырайып барады. Эр жерге шашырата тіккен ақ үйлердің көрінісі. Жер ошақтарынан тік үшқан тұтін. Сахнаға Қатай мен Ақлима шығады.

Ката ай. Ау, Ақлима, бүгін де масқара болдым. Бүкіл ауылдан бір келіншек табылмағаны ма?

Ақли ма. Эй, Қатай, осы бір елде-күнде жоқ сүмдышты қайдан шығардыңдар?

Ката ай. Кеше анау орыс ұлығы емеурін білдірген жоқ па. Атан да оны мұсіркей қалды.

Ақли ма. Онда өзі тауып берсін. Не мұсіркейтіні бар.

Ката ай. Ай, Ақлима-ай. Сен де түсінбейсің. Ертең жігіттерді солдатқа жөнелтейін деп отырмыз. Былай да улап-шулап, қарғыс айтып қағынып жүрген ел жайбарақат көне қояр деймісің. Кім біледі, жаман айтпай жақсы жоқ. Егер ел Атанға көрін төгіп, іс насырға шабар күн туса, панаラрың мына келіп жатқан орыс ұлығы. Оның қолында жасаулы мылтық, қасында сайдың тасындағы әскер. Ол да тегін келіп жатқан жоқ. Бірдеменің иісін сезген сыңайлары бар. Ал описердің көңілін тапсақ, ол Атанға шық жуыттар ма екен. Аты орыс демесең, ол да еркек кіндікті адам емес пе... Ештеңе ерсілігі жоқ.

Ақли ма. Мейілдерің, шырақтарым. Тек мені бұл сүмдыштарыңда араластыра көрмендер. Менен аулақ.

Қата ай (кете береді). Жарайды. Бүгін ең болмағанда... бірдеме жасармын.

Кетеді. Ақлима артынан жақтырмай қарап тұрып, ақ отауга кіреді. Сахнаға жасқана басып Ажар шығады. Қаймығыңдыrap тұрып ақ отауга кіреді. Бұл — болыстың үйі. Іште үй ішін реттеп жүрген Ақлимағана.

А ж а р. Саламатсыз ба?

Келіншек үнсіз гана тосырқап, танымайтын сұлу келіншектің басынан аяғына дейін әлденені қызғанғандай салқын, сүзе қарайды.

А қ л и м а. Ш-ш-шүкір.

А ж а р. Болыстың үйі осы болар?

А қ л и м а. Болса болар.

А ж а р. Ақлима деген жамағаты сіз боларсыз?

А қ л и м а. Біз болсақ, біз болармыз... Оны қайдан біліп тұрсың? Мен сені танымаймын.

А ж а р. Сіз түгілі, ел аралап, көпті көріп жүрген еріндеге танымайды.

А қ л и м а. Е, ол бүкіл ғаламдағы әйел біткенді тани берे мекен. Әлде жылтыраған бетіңдің әрі болған соң ереккі біткен сені білуі керек деп ойлаймысың?

А ж а р. Жоқ, әншейін, сөздің ретімен айтып жатқаным да.

А қ л и м а. А-а, жаңа түсіндім нобайыңды. Басыңа торғын шелі салып сылаңдауыңа қараганда... Бәсе, бәсе, бұл маңдағы байлардың әйелдерін білуші едім. Ымырт түсे шүрегейше сыйың етіп келе қалғаныңның реті бар екен фой. Түсіндім, түсіндім...

А ж а р. Сіз не айтып тұрсыз?

А қ л и м а. Жарайды, менен жасырмай-ақ қой. Бәрібір, мен білем. Кешеден бері іздеу салып жүр еді. Ақыры тапқан екен.

А ж а р. Кімді? Мені ме?

А қ л и м а. Әйттеуір сен секілді жібек баулы көңілшек келіншекті.

А ж а р. Тұспалдамай, тұра айтыңызшы.

А қ л и м а. Тұра айтса, осында не бетіңмен келіп тұрсың? Дәүде болса, бір жігіттің алтын асықтай әйелісің. Ердің басын неге қорлайсың? Әйел затыңа лайық па? Ана деген атымыз бар емес пе. Еркегіңнен ұялмасаң, ертең балаларыңның жүзін қалай көресің. Балаң да бар шығар, ә?

А ж а р. Бар болғанда қандай. Сенің Жұматайыңнан бірде-бір кем емес.

А қ л и м а (өзіне-өзі). Жұматайды да біледі.

А ж а р. Түйдей құрдас. Бойы да, түрі де бір. Тек тәрбиесі бөлек. Жұматайың болыс әкесінің қасында не ішнейін, не киейін демей уайымсыз шалқақтап өссе, менің Олжатайым әкесіз жетім

өсті. Бірақ ешкімнен кем етіп, қор етіп өсіргім келмейді. Сол үшін келіп ем. Тен құрбы болған соң өзінізге алдын ала құлаққағыс қылайын десем, сіз жөн-жосық жоқ...

Сырттан адамдардың барылдаған даусы естіледі.

А қ л и м а. Жарайды, олай болса, кейін айтарсың. Түсіне алмай тұрмын әлі де, әне, аналар келе жатыр. Қазір бара тұр.

А ж а р. Аналарың кім?

А қ л и м а. Әлгі біздің үйдегі...

А ж а р. Ендеше, кетпеймін, маған солар керек.

А қ л и м а (*ернін сылп өткізіп*). Бетім-ау, түсінсем бұйырмасын.

Үйге адамдар кіреді. Орыс офицері, Атан, Қатай, оқыған азамат. Алдымен кірген офицер Ажарды көргенде таңырқап тұрып қалады.

О ф и ц е р. Oh-ho! (*Ажардың иегінен көтере бергенде, Ажар тістеніп қолын итеріп тастайды.*) Oh-ho! Мне нравится женщина с характером.

А т а н (*төрге отыра беріп*). Ау, періштем, босағада тұрганың қалай. Әй, қатын, сен де бір әйтеуір өзінен сұлуырақ келіншек көрсөң жыланша жиырылып қаласың-ау.

А қ л и м а. Ағасы-ау, енді не істе дейсің, кінәліміз.

А т а н. Төрге шығарып құрметтесең, хандығыңдан түсемісің.

А ж а р. Рақмет құрметтіңізге, осы ара да жарайды. Екі күннен бері сіздерге жолыға алмай жүр едім. Шаруам бар.

А т а н. Шаруанды кейін айтарсың, мына орыс ұлығының тізесін баса отыршы келіп.

А ж а р (*түсінгендей шошынып*). Ешкімнің тізесін сипай келгем жоқ. Өз қайғыммен жүрген жанмын.

О қ ы г а н а з а м а т (*алғашқыдай емес, ризалық нышанмен.*) Иә, айтыңыз.

А ж а р. Ағайындар-ау, мәндайыма басқан қаршадай жалғыз ұлымды қара тізімге іліктіріпсіңдер. Аясандаршы, жас қой.

Қ а т а й. Е, ана төменгі ауыл жақтан көшіп келген жесір әйел сен бе едің?

А ж а р. Иә, жалғыз балам үшін әр жерде күнелтіп, жел айдаған қаңбақша көшіп жүрген мен едім. Баламның аяқ артып жүрген жалғыз тайы бар, соны алсаңдар да...

А т а н. Өй, не деп тұрсың. Ха-ха! (*Күледі*). Сенің жалғыз тайың еді керегі. Балаң солдатқа барса — «көппен көрген ұлы той». Онда не тұр?

А ж а р. Сол көппен бірге көрмей, жалғыз өзі көрейін деп тұрғой.

А т а н. Немене? Ұлың жалғызырамайды. Бір болыс елдің азаматы аттанайын деп тұрган жоқ па?

А ж а р. Бір болыстың азаматы не керек, өзінің тәң-құрбысының ішінде жалғыз іліккен соң.

Қ а т а й. Ау, қарагым, сенің жалғыз-малғыз дей беретінің не. Қасына тәң құрбысын ертетіндей қайныңда ұрын баратын ба еді. Қімнің еркесі еді ол соншама!

А ж а р. Солдатқа айдау үшін сіздерге серке көрінгенмен, маган әлі ерке. Әркімнің өз баласы өзіне. Егер оңай болса, өз балаңыз Жұматай неге бармайды?

А т а н. Жетті, жетті. Жұматайда не қақың бар? Аяқты қалай-қалай саласың өзің? Тәйт, табаныңды жалтыратып тұр онда! Тәжікелесуін...

О қыған аз а м а т. Болысеке, әйел жолы жіңішке демеуші ме еді?

А т а н. Ай, қарагым, тілің мен жағыңда сүйеніп, қыстырыла бермесенші. Маған тілмаш керегі жоқ. Мына ұлыққа тілмаш болсан жетер. Сені жұрт оқыған азамат келіпті десе, кесапат келген екен гой ауылға.

О ф и ц е р. Понятия не имею, что происходит?

О қыған аз а м а т. Ваше благородие. Женщина жалуется, что ее единственного сына — подростка...

О ф и ц е р. А-ай, я уже наслышался, это не наше дело. Для нас все равно — хоть верблюд, хоть баран.

О қыған аз а м а т. Ваше благородие, если дело о справедливости...

О ф и ц е р. Я уже несколько раз слышу из твоих уст о какой-то справедливости. Давай навсегда покончим разговор об этой не нужной вещи. Кстати, она не нужна для этой степи, для степных табунов, бичь — вот тебе справедливость! Понял?

О қыған аз а м а т. Виноват, Ваше благородие.

А т а н. Эй, көп сөйлесіп кеттіңдер ғой. Не дейт мына ұлық, ренжітіп алдық па, қалай?!

Оқыған азamat. Ренжіткенде қандай. Мына кісінің жағдайын естіген соң, сіздердің тізіміңдегі адамдарды қайта тексеру керек, өз туысқандарын жасырып, тізімге іліктірмеген екен деп отыр.

Қатаи. Не дейт? Оның бәрін қайдан түсіне қойды. Сен ғой жеткізген.

Оқыған азamat. Сұраған соң, ештеме бүкпей түгел айтуға тиістімін.

Атан. Және қырлап, сырлап жеткіздім де бұл кеңеге.

Оқыған азamat. Мұныңызды да жеткізейін бе?

Атан (ырышып түсіп). Әй, сен бір бәле болдың ғой.

Оқыған азamat. Ендеше, мына кісінің шаруасын тындырысын деп отыр. Аяқсыз қалдырмаңыздар.

Атан. Мынауың алжасқан шығар. Қатай, сен кеше аналарыңды сүйтпеп пе едің?

Қатаи. Е-е-е, бүгін мына келіншек ұнап қалған ғой. Сосын құбылып отыр да. Шырағым, бәлденбей, отыршы әуелі.

Ажар. Әлі өзгермеген екенсің.

Атан. Әй, келіншек, саган не керек? Балаң тізімге жазылған болса, барады солдатқа. Кімнен артық. Түсіндің бе? Мені қудайыңмен де қорқытып ала алмайсың.

Ажар. Оны білем. Құдайдың сен сияқтыларға әлі келмейді, біздей панаңыз пақырларға болмас...

Оқыған азamat. Балаңыз нешеде еді?

Ажар. Бауырым-ау, құдай біледі, он бесте.

Атан. Ха-ха, құдай көріп тұрган шығар. Кемінде жиырмадан асқан жігітті... Ол мегежіннің бойы өспей мыртық боп қалғанына мен кінәлі деп тұрмысың.

Ажар. Сенің Жұматайың тұған жылы менің Олжатайым да дүниеге келген.

Ақлима. Ой, айналайын-ай, менің ұlyиммен құрдас екен онда.

Атан. Тәйт әрі, көрінген қанғырған кірмені құрдас қылмай.

Ақлима. Қойдық, ағасы, кінәлімін.

Оқыған азamat. Атеке, сізде қызықсыз, өз анасы білмегендеге, баланың тұған күнін кім біледі.

Атан. Сен де бұралқыланып, тақымдап қоймадың-ау, шырағым. Мұндай надандар баласының тұған күні түгілі, жүкті

болған күнін де, кімнен болғанын да біле бермейді. Тұсіндің бе? Сен сияқты қөзі ашық дейсің бе, оқыған азамат!

А жа р. Оның рас, біле бермейтін шығармыз. Бұдан табаны жалпақ он алты жыл бұрын айдалада қалған кемтар жетімдерді басынып, қорғансыз қызды масқаралап кеткендерің естеріңде шығар. Панасыз қыз намысқа шыдамай боранда ұшып өлгенде, үйде жалғыз қалған екі қөзі жоқ соқыр кемпір де тысқа шығып адасып өлген. Сондай сүмдышты да білеміз. Олжатайым сол жылы бойыма біткен ұл еді...

Қ а т а й. Эй, не тантып тұрсың! Не жала жапқың келеді? Қайдагы қыз, қайдагы кемпір? Оның бұл арада қатысы не?

О ф и ү е р. Что за скандал?

О қыға н а замат. Не беспокойтесь, Ваше благородие. Они уговаривают ее для Вас. Знаете, степные женщины очень строптивые!

О ф и ү е р. Странно, это же целая драма.

О қыға н а замат. Да, Ваше благородие. Здесь нет сцен, а ситуация для драмы слишком много... Иә, айта беріңіз.

А жа р. Енді не айттыны бар. Сол күнгі сүмдыштарын ұмыткан жандарға не өтеді.

Қ а т а й. Саған ондай өсекті кім айтты? Өлген адамдар хабарлады ма? Әлде жындарың сыйырлады ма құлағыңа?

А жа р. Жоқ, сол күнәсіз сәби қыздың өзі айтты. Ол – бұл күнде кеэбे бол жүрген тірі аруақ. Қалай оны ұмытып кеттіңдер? Қалайша ол аруақ түнде көздеріңе елестемейді? Қалайша мазаларыңды алмайды?

А қ л и м а. Астағирилла! Мынауыңыз шынында түске енетін нәрсе екен.

А жа р. Қорықпай-ақ қой. Дәрменсіз мұсәпірлерге әлімжеттік етіп мазақтап кеткен ұтсыз еркектер қорықлағанда, саған келер-кетері шамалы.

А т а н (басын көтепірін). Эй, сен өз мұныңды жоқтап келдің бе, әлде қайдагы бір жоқ аруақтардың ісін даулап келдің бе?

А жа р. Қашанғы сендер жетім-жесірді жылатып, қамқорсыз жандарды қорлай бересіңдер. Соны айта келдім. Ал аруақ десен, оның да мұнын жоқтап келдім. Аруағың – мен. Мына мен алдарыңда тұрган!

А т а н. Не дейт? Жала, жала!

А ж а р. Мен жала жауып, сендей еркекті даулап алуга келгем жоқ. Үятсыз, арсыз еркектің құны — қара бақыр. Дәрі болсаң мынадай бейбакта дәрі шығарсың. Ал мен сенің қасыңда отыруға да жиренемін. Әттең, сол күні өлу қолымнан келмеді. Жазықсыз сәбидің көрешегі бар шығар. Енді тірі жетімді шырылдатып, көкпарға салған лақтай соэбайлауларың ғана қалды ма. Жетті қолжаулық қылуларың!

Үйге Олжатай кіріп келеді. Бәрі оған үнсіз қарайды. Атанның ғана мойнына су кетіп отыр.

О л ж а т а й. Ажар, кетейікші үйге. Неге келдің мұнда? Маған араша түспеші. Не жақсылық күтіп ең бұлардан.

А ж а р (*қүшақтап*). Ботам-ау, қайтейін енді.

О л ж а т а й. Жүрші, жүрші.

О қыған азamat. Олжатай деген бала сенсің бе?

О л ж а т а й. Иә, болса ше?

О қыған азamat. Нешедесің, балақай?

О л ж а т а й. Отызәдамын.

А ж а р. Күнім, дұрысын айт. Ол ағаң жақсы адам, жаны ашып сұрайды сенен.

О л ж а т а й (*күмілжіп*). Он бестемін.

Қ а т а й. Оны саған кім айтты?

О л ж а т а й. Білемін.

Қ а т а й. Сен білгіш болсаң, әкеңді де білетін шығарсың.

О л ж а т а й. Неге білмеймін. Білемін. Әкем — Бөпіш.

А т а н (*басын көтеріп алып*). Әһ, Бөпіш. Ах-ха-ха-ха. Әй, ана жаман әтек Бөпіш пе. Бәсе...

Қ а т а й. Аһ, сүм қатын, бағанадан бері қайтсем жаным қалады деп сиқырсып түр екенсің гой. Сайқал!

А ж а р (*баласын қүшақтап*). Жарайсың, көп жаса, күнім. Бөпіш әкең. Дұрыс айтасың. Бөпіш — сениң әкең.

А т а н. Қарай гөр ана жаманды. Қатын ала алмай қаңғып-қаңғырып жүріп. Әй, Қатай, Бөпіш қалада біреуге жалданып жүр деген, ол да біздің ауылдың сүмелегі. Оны да солдаттыққа жақ. Көрейін сосын әуселесін...

О л ж а т а й. Аға, ол жасы асқан үлкен адам емес пе. Оны қалай жазасыз?

А т а н. Қара мұның ара түсүін. Әкең екеуің бірге барасындар, жалғызсырамаударыңа жақсы болады.

О л ж а т а й. Мен солдаттарыңа бармаймын. Бармаймын!

А т а н. Ой, мына бокмұрын не деп түр. Шақыр, Қатай, жігіттерді. Байлап тастасын иттің күшігін. Қарсыласуын мұның.

А ж а р. Ойпым-ай, қаршадай балаға қалай әлдерің келеді.

А т а н. Әй, бала, мына шешен сен екеуіңнен ұялып жүрген көрінеді, көзі қарайған пәле сендер кетсендер, ереккек бір жарыр еді. Ҳа-ха-ха!

Олжатай құлағын басып ата жөнеледі.

А т а н. Ұстандар ана баланы, жібермендер!

А ж а р. Арсыз хайуандар!

Іштегілер, оқыған азамат пен Ақлимадан басқасы, мәз-мейрам. Атан жастыққа домалап, ішін басып ішек-сілесі қатып жатқанда, Ажар көз ілестірмей босағада жатқан балтаны ала салып, Атанды шабады. Ә дегенде шошып қалған офицер шегініп, мылтығын сұрыра береді. Оқыған азамат мылтығына жармасады. Қатай, офицерлер Ажарды тарпа бас салады. Сахна қарандылана береді. Жан-жақтан дауыстар шыгады.

Д а у ы с т а р:

- Ұрындар итті. Шашын бір талдап жұл.
- Ат құйрығына байландар!
- Өлім, өлім!
- Сұмдық! Сұмдық!
- Ойбай, болысты өлтіріпті.
- Сұмдық! Сұмдық!
- Қанға — қан!
- Өлтіріндер!

Төртінші көрініс

Сахнада қорапты ләкшенкенің арты ғана көрінеді. Доңгалақ айналып, кетіп барады. Артында теріс қаратып екі қолын байлап тастаған, шашы жалба-жұлба, беті жарақаттанған Ажар отыр. Қимі өрім-өрім. Солдаттардың фуражкасы, мылтықтың шошайған найзалары ғана көрінеді. Сонынан Бөліш еріп келеді.

Б ө п і ш. Жаным-ай, қолдан келер дәрмен болмаған соң біздің тірлігімізден не пайда.

А ж а р. Қажыма, Бөпіш, мені ойлама. Мен енді түз-дәмім таусылған адаммын. Арманым жоқ, жастығымды жастана өлдім. Кегім қайты. Арманым жоқ.

Б ө п і ш. Олай деме. Әлі де тірлік болса көрісеміз. Қырық жыл қырғын болса да күтем, жаным!

А ж а р. Кеш, Бөпіш. Қөп күттірдім. Өлсем аруағым ырза саған. Тапсырдым өзіңе, тапсырдым жалғызыымды. Кош!

Б ө п і ш (*арбадан қалыңқырап*). Кош, жаным. Құтемін. Өмір бойы өзінді құтемін. Құ-те-е-мін.

Шымылдық.

ҰШІНШІ АКТ

Бірінші көрініс

Көңілді музыка ойналады да, переде ашылады. Сахнада мектеп үйінің суреті көрінеді. Музыка аяғы қайғылы, үрейлі үнге ауыса бергенде алақтап Қатай шығады.

Қатай (*алақтап, ымдал.*) Бері жүр. Көзге түсесің. (*Сақал-мұрты өскен Жұматай шығады. Түсі сұсты.*)

Қатай. Жарқыным-ау, қайдан жүрсің? Тал түсте бұл жүрісің не?!

Жұматай. Қайтейін деп едің? Өзің қайдан жүрсің?

Қатай. Ойбай, Жұматай-ай, сұрама. Гөңкөрісте мені үстап әкеткенін білмеуші ме ең?

Жұматай. Иә, білемін. «Атқосшы едім, жалшы едім» деп жалбарынып, басыңды арашалап алғаныңды да білемін. Бар жамандықты әкеме үйіп-төккен шыгарсың.

Қатай. Қарағым-ау, не дегенің. Көзімді жылтыратып түрмеге қамап қойған соң, жалшы едім деп жалтарып, жол тапқаным рас. Бірақ ішке қатқан қан көрге кіргенше жібімес.

Жұматай. Онда елге несіне келдің?

Қатай. Э, онда мән бар. Бұл күнде бәлшейбектер бел алды. Оны жалғыз-жарым жүріп жеңе алмайсың. Іштен шалу керек. Адалым сол — сенің әкеңнің кегін ала жүрмін.

Жұматай. Әкемнің?

Қатай. Иә. Бүгінгі баладан не үміт, не қайыр.

Жұматай. Менің әкемді өлтірген осындағы ауылнай әйел деген рас екен гой.

Қатай. Жаңа білдің бе?

Жұматай. Ендеше, мен соны көре келдім.

Қатай. Немене, оған көрімдік берейін деп пе ең?

Жұматай. Иә. (Алтатарын көрсетеді.) Мынаны сыйлайын деп едім.

Қатай (сескенін). Ойбай, тың. Өзің де жасырына түр, көзге түспе, олар сені де іздеп жүр. Көрсө-ақ аямайды.

Жұматай. Жоқ, інде жатқан суырдай жасырына-жасырына болдым.

Қатай. Элі де тығыла түр. Сендердің Қытай асып кетпекші болғандарыңды сезіп қойыпты. Қазір іздеу салып жүр. Тајуда ауылға кеп милиция шығады деген қауесет бар.

Жұматай. Әкем үшін кегімді алсам, туған елімнен қарамды мұлдем батырармын. Сосын тауып алып көрсін.

Қатай. Сабыр, балам, сабыр. Өзім де біліп ем. Әке кегін алар үл екеніңді, қайырылып бір соғарыңды сезіп едім. Бірақ «Асығыстың — сайтан ісі». Жүртты дүрліктіруге болмайды. Онда бүкіл болыс болып, жердің жарығына кіріп кетсең де тауып алады.

Жұматай. Мейлі!

Қатай. Қой сөзді. Сенің казіргі әкең менмін. Тыңда мені. Әуелі Ажарды ел бетін көргісіз жексүрын етіп, бұл арадан аластау керек. Оны мына маған тапсыр. Содан соң Ажардың өлімін жоқтап, іздеу салар тірі пендे болмайды. Ар жағын өзің білесің. Ал, балам, қазір бой тасала. Тек жатқан жерінді айт, өзім хабарласып тұрамын.

Жұматай. Жамансордағы қойтас. Есіңде болсын, мен көп күте алмаймын.

Жұматай кетеді.

Қатай (жалғыз). Іс онға басты... Жұматай Ажарды өлтіреді... Қатай қапысын тауып ұстап береді... Сонда қар жауып із басылады... Қатай аман болса, кеңес үкіметінің де тілін таба-

ды. Ә, Бөпіш келе жатыр. Ал енді мұнымен де әңгіме бастайтын уақыт жетті.

Арқалаған қапшығы бар Бөпіш келеді.

Қата́й. Оу, Бөпішпісің? Сәлем бердік. Ассалау мағалайкүм!
Бөпіш. Аликумсалам.

Қата́й. Иә, келгелі жасы үлкен еді-ау деп қазақшылық жолымен кіріп те шықпадың. Енді өзім әдейі іздел келдім.

Бөпіш. Шаруадан қол босай ма. Бара алмай жатырмын.

Қата́й. Не шаруа мұншама мұрныңдан шаншылып жүрген?

Бөпіш. Мына үйді көрмейсіз бе. Мектеп. Ауылдың бала-лары енді осында оқиды. Бұрын Зікірия молданың ауыз үйінде бұзау, қозылардың қасында оқушы еді. Жаңа учитель келейін деп жатыр, естіген шығарсыз.

Қата́й. Иә, шет-жағасын...

Бөпіш. Осы үйдің іргесін жаэ бойы зорға көтермедік пе. Ауылда адам жетіспейді. Ажар ауылнай болған соң бар жұмыс соның мойнына түсіп... Айта берсеңіз шым таситын өгіздің өзін зорға таптық...

Қата́й. Е, онда өзім өгіз боп жүрмін десейші. (*Күледі.*) Ай, Бөпіш-ай, көңіліңе келсе де айтайын, баяғы ынжықтығыңдан әлі арылмапсың гой.

Бөпіш (*цнатпай*). Бұрын солай болсам, енді түзелер деймісің. Көрге осылай кететін шығармыз. Элде сіздің түзейтін сиқырыңыз бар ма? (*Көңілденіп күледі.*)

Қата́й. Оның несі күлкі. «Әйелдің қары күлегеш, еркектің қоры күлегеш». Жаңа есік алдында тұрып, орыс поселкесінен жаяу-жалпылап келе жатқан сені көріп, жаным ашыған соң әдейі іздел келдім. Мойныңда дорба. Қайыр сұрап жүрген тіленші шығар деп шошып кеттім.

Бөпіш. Ә, ол мына мектепке әкеле жатқан ақ балшық қой.

Қата́й. Ақ балшық, ах-ах-ах! Әй, Бөпіш-ай, әйтеуір... М-м... Сен өзің отырши. Екеуміз бір еркектерше әңгімелесейік. (*Пауз-за.*) Бөпіш, сенің осы жүрісің не? Болар төңкеріс болды. Ал сенде қандай өзгеріс бар. Баяғы кедей, жалшы қалпың. Әйтеуір, Ажарға қолың жеткенге мәз болып, сырттан иемденіп жүрсің.

Бөпіш. Сырттаны қалай? (*Күледі.*)

Катаи. Сырттан иемденбегенде, бір үйде тұрам демесең, ол сенің адал жарың деп жүрмісің. Қашан саған адал болып еді?

Бепіш. Осы сіз не айтып отырысыз?! Ажар — менің әйелім. Мен оның ері. Одан басқа не адалдық керек.

Катаи. Е-ей, Бөпіш-ай, әйелдің сиқырлығын бізден сұра. Сенің өмірінде маңдайыңа бір-ақ қатын жазды. Әрине, сен біле бермейсің. Адал, адал дейсің. Адал болса, ана жылғы баласы қайда?

Бепіш. Ол ақ патшага қарсы көтерілісте өлген. Өз қолыммен көмдім.

Катаи. Ал сол баласы кімдікі екенін айтты ма?

Бепіш. Жоқ, оны сұраганым жоқ. Өткенді жаңғыртпайық деген Ажар. Өлсем бірге кететін сырым, оны еш уақытта сұрама деген соң сұрагам жоқ. Қайтейін.

Катаи. Ым... солай де. «Осының неге қимасы қышиды» деп ойлап отырган шыгарсың. «Бөріктің намысы бір» дейді. Өстіп жүріп қатыныңнан да айрыласың гой.

Бепіш. Неге?

Катаи. Неге, неге?! Қорқып қалдың ба? Айрылыссанд, ондай бір кезбе табылmas дейсің бе. Қайбір оң жақта отырганда алып ең. Қазір баяғы заман емес, қырық жетіні матап беретін. Табылады біреу. Сенен бүрін ол тастап кетсе, мазақтың көкесін сонда көрерсің.

Бепіш. Түсінсем не қыл дейсің.

Катаи. Жарайды, ендеши, мен айтайын. Ажар елден асқан ерен емес. Кісі өлтірді демесең, ауылдың жаман қатындарының бірі. Бірақ бар айырмашылығы — ол басқадан гөрі, былай, беті жылтырлау, қолға тез қонады. Оның үстіне сен де қайбір қарағымсың, қайда жұмсаса, сонда сөлең-сөлең салпақтаудан басқаны білмейсің. Ал ана болыстан келетін сарыауыздарға Ажар ізdegенге сұраган.

Бепіш. Осының бәрін қайдан біле бересіз?

Катаи. Осы ауылдың қатындары түгел шулап жүрген жоқ па. Алдын ала қарғаша салмасаң, бір күні құлің ғана қалады. Ал намыссыз болсаң, мейлің, шырақ, маган келіп-кетері шамалы. Шамданба, жарқынным.

Бепіш (ойланып, сәл қапаланып). Жоқ, Ажар көзіме шөп салады деп ойламаймын.

Катаи. Шөп салып қана қоймайды, керексіз еткен кү-

шэла да салады. Ал ана жырық етек өкіл, айналшық жегендей, осы ауылдан неге кетпей қойды, білемісің³

Б ө п і ш. Ол баяғыдан өзімізге таныс адам. Сосын көзі ашық оқыған азамат. Қаладағы әкімдер осында әдейі жіберіпті. Ажарға ел басқарудың жай-жапсарын үйретіп жүр.

Қ а т а й. Үйретпей қалсын. Екеуінде әмпей-жәмпейі бір. Тіпті мөрдің өзі соның қолында көрінеді. Ол нені айтса, Ажар соны істейді. Ал сен құдай қосқан қосағысың, бір рет айтқаныңды орындағып көрдің бе?

Б ө п і ш. Маган не керек?

Қ а т а й. Маган не керек! Сен де осы елдің азаматы емессің бе? «Бәрін білем, бұрын бай болған» деп шетімізден тізіп, кәм-пескелеп, елді береке-құтынан айырган Ажар емей — кім? Солардың ішінде өзіндің тұғандарың да бар. Ол сені басынганы емей, немене? Бүтіне берсең, қатыннан ғана емес, ел-жүрттанды да айырылып, қу томардай қаласың. Ақылым сол...

Апы кіріп, күпі шығып Сары жорға келеді.

С а р ы ж о р ғ а. Е, сен мұнда екенсің гой, Ажардың күйеуі!
(Сықылыштаң күледі.)

Қ а т а й. Ажардың күйеуі несі. Азан шақырып қойған Бөпіш аты бар емес пе? О не сөз?

С а р ы ж о р ғ а. Ағай-ау, оны шығарған мен дейсіз бе. Ел-жүрт мұны қазір өз атымен атамай, Ажардың күйеуі дейді.

Қ а т а й (өтірік кейіп). Е, солай еді де!

С а р ы ж о р ғ а. Құдай-ай, мұндай да заман болады екен. Өзіміз байымыз жоқ жерде бөтен біреумен жеке отырмақ түгілі, еркектердің үстіне ғұмыры аттап кірмеуші ек. Заманың бұзылғаны гой, заманың...

Қ а т а й. Иә, тағы не бол қалды?

С а р ы ж о р ғ а. Жай өншейін, ішіме сыймағасын айтам да, әйтпесе Бөпішті қажытып қайтем. Мүмкін, Бөпішке сол ұнайтын шығар.

Қ а т а й. Е, Бөпішке де қашанғы ұнай берер дейсің... Тегі, осының үй жағынан тағы бір түтіннің ісін сезгенсің гой.

С а р ы ж о р ғ а. Сезгені сол, көріп келдім. Бөпіш-ай, алыс адам емес ек. Тіпті сен емес, әйел басыммен менің намысым келіп болды. Осы бір қаңғырган немеге қайдан ғана тап болғансың³

Қ а т а й. Иә, не көрдің?

Сары жорға. Ағай-ай, не бетімді айтайын. Әлгі қағазы құғрығра мөр бастырып алайын деп, ақ көңіл басым, аңқылдаң барып қалмаймын ба. Есіктің тұтқасына қолымды сала беріп ем, іште құңқілдескен екі адамның даусын естідім. Баарымды барсам да, ол сүр жыланның бетін көргуте дәтім шыдамады. Ай, ұятмұят жоқ, әлгі жырық етекпен басын түйістіріп алғып, сүзіс мекерек, шалқалап құле ме керек. Іstemегендері жоқ. Әбден басынып еркінсігендері-ау. «Қой, бұл малғұн мұндарға ісім түскенше» деп бетімнен басып, ұялып кетіп қалдым. Әлі от боп қүйіп түр екі бетім, ұят-ай!

Қатай. Е-е, оны Бөпіштің өзі де білетін көрінеді. Құр сұлдері җүрген жоқ па.

Сары жорға. Білсең, неге ғана үстерінен түсіп, шашын бір талдаң жұлмайсың. Сені де өлтірер деп қорқамысың! Еркек емессің бе? Бар онда қазір!

Бөпіш (құмілжіп). Өзі де келіп қалар.

Сары жорға. Ой-бой-ой. Есіл сөзім қор болған ынжық-ай!

Қатай (Сары жорғаға қарап). Әлгі қағаэзың қайда, әкеleshі. (Сары жорға камзалының қалтасынан қағағ алғып береді.) Мә, мынаны сылтауғып бар. Және мөрін алғып, өзің басып бер, ағайынға жақсылық істемесең, барынан жоғың. Онда сенің орныңда бір қурай. Мейлің, Ажарыңмен күл болмасаң, бұл бол. Бірақ ел адамдарының алдында қадірінді жойып алғып жүрме.

Бөпіш қағаэды алғып, сәл ойланып, қабағын шытынып кете барады.

Сары жорға (Бөпішке естірте). Ай, осы маубас, ездің қолынан не келер дейсің. Бұзауы емес пе Ажардың.

Қатай. Дегенмен тап осы жолы бір сойқанның болары анық. Бар, сен де бар, бер жағынан тыңда. Егер әлгі жылбысқы былжырап, жуасып қалса, үйіне кіріп отына май қүй. Бар, бар...

Екінші көрініс

Бөпіш пен Ажардың отауы. Өкіл мен Ажар дөңгелек жер үстелдің қасында сөйлесіп отыр.

Ө к і л. Ажар, жүрер алдында саған бір айтпағым бар еді.

А ж а р. Иә, айтыңыз.

Ө к і л. Сенің үстінен түскен арызда қисап жоқ.

А жа р. Арыз?

Ө к і л. Иә, мен соларды тексере келгемін. Әрине, сенің адальғыңды білемін фой... Саған қоятын негізгі кінесі — «екінші феодалдық салтты көксейді, кеңес үкіметінің адамдарын — кедейлерді ұрып, соғады...»

А ж а р. Сондагы кедейлер дегені малын әр жерге таратып, жасырып отырған Атанның жүргөттөрмөн ма, әлде 16-жылды халықтың көз жасымен байыған Қатай ма?

Ө к і л. Иә, Қатай жайын кейін айтам. Осы ауылдағы Сары жорға аталып жүрген әйелді қамшының астына алып, бетіне дақ түсіргенің рас па?

А ж а р. Рас. Сары жорға болса, бүкіл әйел біткенді, жастарды азғырып, мектеп жұмысына кедергі келтірсе, Қатай екеуі бірігіп бандыларға астық жеткізіп тұрса, оларға не аяушылық керек!

Ө к і л. Соған дәлелің бар ма?

А ж а р. Не дәлел керек. Сары жорға бір кезде ақтарға, кейін-қызылдарға дастарқанын жайып, қол қусырып құбылған сиқырдың нағыз өзі. Қазір әншайін бір өсек айтып жүрген елдің қараңғы әйелдерінің бірі бола қалыпты. Қатай — тонын айналдырған қасқыр.

Ө к і л. Ажар, кешегі төңкеріс пен қазіргі уақыт екі басқа. Бұгінгі мақсат жүртты ұрып-соғып жөнге түсіру емес. Ақ-қараңы айырып, ел ішін байлардан аршу. Ол үшін коммунистік байсалдылық қажет. Елдегі кеңес үкіметіне ниеттес адамдарды топтай білу керек. Ал ана Қатай түрмеден қалай шықты, білемісіз?

А ж а р. Кедей едім, болыстың атқосшысы едім деп босаса керек.

Ө к і л. Ол аз. Гәп басқада. Бес саусақ та бірдей емес. Енде-ше, ауылдағы қара ниетті адамдардың сыйбайластары қалада да бар. Олар да аршылады.

А ж а р. Осы арыз дегеннің құритын күні болар ма екен?

Ө к і л (ойланып). Иә, арызқойлық, жікшілдік ежелден жабысқан дерт. Атам заманнан бері ел қамын ойлаған ардагер азаматтар алысып-ақ келеді. Абайдың да мұны еді. Дәл төңкеріс өтісімен-ақ 17-жылды ақын Майлин «Қазаққа» деген өлеңінде былай ұран тастап еді:

...Азын-аулақ миың болса басыңда,
Партия, штат, дау-шарыңды қой, қазақ!

А ж а р (өз-өзінен мұнайып, өлеңді қайталаіды).

...Азын-аулақ миың болса басыңда,
Партия, штат, дау-шарыңды қой, қазақ!

Ө к і л. Ажар, мүмкін, сенің әзірше бұл ауылдан кете тұруың керек болар.

А ж а р. Сонда, бас саугала демексіз бе?

Ө к і л. Жо-оқ... Оқуың керек. Бөпіш те қалага барып саятын ашуы керек. Мен қолымнан келгенше кемектесер едім. Аяқ астында мерт болуға болмайды. Сен болашаққа қажет адамсың, (екі иінінен ұстап), ойлан, Ажар.

Үйге Бөпіш кіреді.

Б ө п і ш (қабагын түйіп). Осы үй менің үйім бе? Әлде ауылнайдың кеңесі ме? Әй, өкіл, кішкене демалуға пұрсат беремісің, әбден төбемізге шығып болдың ғой әулиесіп!

А ж а р (таңырқап). Бөпіш-ау, не айтып тұрысың?!

Б ө п і ш (тура қарай алмай). Сөз біреу, құлақ екеу.

А ж а р. Бірдемеге кейіп келгенсің-ау, сірә.

Б ө п і ш. Жетеді енді сиқырсуларың.

Ө к і л. Бөке, сабыр етіңді. Сіз бұлай ашуланбаушы едіңдіз.

Б ө п і ш. Немене, мен адам емес деп пе едің. Кеңше, мигұла деп жүрген шығарсыңдар. Ендігі қорлықтарыңда көне алмаспышын.

А ж а р. Сені кім қорлапты. Кеңше, мигұлаң не? Не айтып тұрысың, бірдеме үйренгеннен саумысың?

Б ө п і ш. Енді мені үйренуге де жарамайды деп пе ең? Мен өлерімді білемін. Жүрттан мән сұрамаймын. Ажар, мөрді әкелші.

А ж а р. Мөр?

Б ө п і ш. Иә, мөр!

А ж а р. Оны қайтпекшісің?

Б ө п і ш. Жемеймін, қорықпай-ақ қой... Әлде басқага сенгенде, маған сенбеймісің?

А ж а р. Өзің айтып өлтірші өлтіретін болсан, мөр не үшін керек?

Б ө п і ш. Саған не үшін керек еді? Маған да сол үшін керек. Менің де елім, жақын-жұрагаттарым бар, жүртта жалғыз ұлып

қалған бұралқы ит емеспін. Еркек болып себім тимесе, сенің ауылнайлығыңнан, маган әйел болғаныңнан не пайды.

Ө к і л (құліп). Бөке, Бөке, «Бөрі ашуын тырнадан алады» деп, мөрден алғаныңыз қалай?..

Б ө п і ш. Әй, енді сенің араласуың жетті. (*Қалтасынан қағазды шығарып, Ажарға.*) Мә, мына қағазға мөр басып бер.

А ж а р (қағазға үмтүліп). Ол не қағаз, әуелі көрейік.

Б ө п і ш (бермей). Көріп қайтейін деп ең. Маган сенбейсің бе? Мен айтып түрмyn, қой да бер.

А ж а р. Жоқ, Бөпіш, менің басым екеу емес, оқып алмай қоя алмаймын.

Б ө п і ш. Қоя алмаймын? Қоя алмасаң бері әкел, мен неше жерден қояды екем. (*Үмтүлады.*) Әкел мөрді, мөрді әкел!

А ж а р. Жоқ, бере алмаймын. (*Өкілдің артына жасырынады.*)

Б ө п і ш (төніп барып). Ә-ә, артына тығылайын дедің бе, бәсе, жаңа көзім жетті.

Ө к і л (даусын көтеріп). Түкке де көзіңіз жеткен жоқ. Мөр сізге ойыншық емес. Өкіметтің мөрі.

Б ө п і ш. Енді өкіметпен қорқытайын дедің бе?

Тұтігіп шығып кетеді.

Үшінші көрініс

Сары жорғаның үйі. Бір бұрышта бүк түсіп Бөпіш жатыр. Үйде Сары жорға мен Қатай. Тамыршы кіреді.

Қ а т а й. Ау, Бөпіш, кетер басыңды, байғұс-ау, бүйте берсең итжемеде өлесің ғой. Халіңді біле келдім әдейі.

С а р ы ж о р ғ а. Ағай-ау, еркектің бұлай қажығанын өмірімде бірінші көруім. Соңғы күндері тамақтан қалды.

Қ а т а й. Е, оңай дейсің бе. Басқа түссе баспақшы.

С а р ы ж о р ғ а. Тым құрымаса неге зауқы соғатынын да айтпайды. Қазір қүймақ қүя қояйынши. Бөпіш, айналайын, тұра қойышы.

Қ а т а й. Ау, Бөпіш, басыңды кетер деймін. Саған мына ақса-қалды әдейі әкелдім. Іш жақтан келіпті. Ірі тәуіп бұл кісі.

Бөпіш басын көтеріп, селсоқ отырады. Сарғайып, жүдеген.

Қатай. Ақсақал, бар ықыласыңызбен қарай көрініз. Елдің бас көтерер азаматтарының бірі еді, ендігі түрі мынау — сұзектен тұрғандай.

Қалтасынан бір түйіншекті тастай береді. Тамыршы қагып алып, қойнына тыгады да, Бөпіштің қасына отырып, тамырын ұстайды.

Тамыршы. Бісміллә. (*Көзін тас жұмып, ұнсіз отырады.*) Балам-ай, ауруың мендең кеткен екен. Өзің құса болғаннан саумысың? (*Аз ойланып қалады.*) Oh, бәлем, түстің бе қолға... Апырай, не деген сенгіш ең, балам. Басыңды мұлдем айналдырып, арбап алған екен. Өзі алыстан емес, жақыннан келген-ау. Ah, аял болды, аял. Балам-ай, жасырганмен бола ма, көзіңе шөп салған-ау. Өзің сүйеді екенсің.

Сары жорға. Сүймей қалсын ол қарды!

Тамыршы. Бірақ ешкімге айта алмай, іштей тынып, іш құса боп барады екенсің. Көңіліңде келмесін, сары уайымға түсе берсөң, ұзақ жасамассың.

Сары жорға (*кемсендеп*). Ататай-ай, не дейсіз...

Тамыршы. Одан құтылмай саған тіршілік жоқ. Ол саған жар емес. Қара албастыдай жабысқан ауру екен, енді ішке түсіп, жегі құрттай үнгіп барады. Дерт, ұргашыдан жабысқан дерттен айыгу қыын. Тек ұмытуың керек, ұмыт, балам, әйтпесе жарық дүниемен біржолата қоштас. (*Көзі тарс жұмылып.*) Кешір, балам, өтірік жұбатып, құдай алдында күнәһар болар жайым жоқ. Тамырың осыны айтып түр. (*Орнына барып отырады.*)

Сары жорға. Атажан-ай, дәл таптыңыз. Біліп ем-ау өзім де, мұның арты неге согарын.

Қатай. Алда риза болсын, ақсақал, жасырмай айтқанызызга.

Тамыршы. Сақалды басыммен неге жасырайын?

Қатай. Бәрі рас. Мына Бөпіштің Ажар деген әйелі бар. Өзі ауылнай, бір кеэде төңкөріске қатысқан неме емес пе. Шаш ал десе, бас алады. Ұстараның жүзіндей лыпып түр. Өзі көмөнес.

Сары жорға. Көмөнесің сол болса, жетіскең екеміз.

Қатай. Бір кеэде әр ауылда тентіреп жүрген жесір әйел еді, мына Бөпіш соган тап болған жоқ па. Соқталдай баласымен алды.

Бепіш. Жарайды, ол жағын қазбалап қайтесің.

Катаи. Қазбаламай бола ма. Сол үшін Атан болысқа пышақ салып өлтірген жоқ па.

Т а м ы р ш ы. Сұбхан алла! Не дейсің? О заманда бұ заман, әйелдің кісі өлтіргенін естіп отырғаным осы. О, кәфростан!

Сары жорға. Иә, ата, дәу де болса, сол кірменің қаны таза емес. Қой, оның жыры таусылмас, одан да тاماқ дайындаїын. (*Шығып кетеді.*)

Б ө п і ш. Эй, Қатай, басқасына жағғырсаң да, Атанды өлтіргеніне неге жағғырасың. Қаршадай баласына қиянат жасаған өздерің емес пе едіндер?

Катаи. Немене, соңда баласына қиянат жасағаннан өлтірді деп ойлаймысың?

Б ө п і ш. Өлген баланың құлағын шулатып қайтейін деп ең.

Катаи. Бөпіш-ай, әлі қимайсың-ау. Не деген аңғал ең. Ана да сол баланың кімдік екенін сұрағанда, «білмеймін» деп ең.

Б ө п і ш. Оны біліп қайтемін.

Катаи. Білмесең, мен айтайын. Ол – Атанның баласы.

Б ө п і ш. Атанның?

Катаи. Иә, Атанның баласы. Ол кімнен қалмаған салдаман. Бір кеңде Атанның мойнына үйіккен қаншықша өзі келіп асылып еді, сениң алдыңда бетіме шіркеу болмасын деп, өткен қылмысын жасыру үшін оны өлтірген жоқ па.

Б ө п і ш. Қой, мұның бекер шығар.

Сырттан Сары жорға жүгіріп кіреді.

Сары жорға. Ойбай, ана сұр жыланның өзі келе жатыр.

Бөпіш бүркеніп жата қалады. Сырттан арс еткен иттің даусы, баж еткен әйел даусы. Үйге алқынып Ажар кіреді. Қойлегінің бір жақ етегі өндіріне дейін дар айырылған. Балтыры қара санына дейін жалтырап тұр. Тамыршы бетін басып теріс айналады.

А ж а р. Иттерінді неге байлап қоймайсыңдар?

Сары жорға. Немене, енді осы ауылдың итіне дейін қожа болғың келді ме. Одан да үлкендердің алдында саныңды жалтыратпай жапсанышы, көргенсіз!

А ж а р. Мен сенен мән сұрамаймын! Ендігі итінді бұлай бос қойсан, өзінді итжеккенге айдатып жіберемін!

С а ры ж о р г а. Ойбай, қойдың. Сенен одан да зор шыгар.
Тыр жалаңаш жүрсөң де мейлің, жарықтығым!

К а т а й (кекете күліп). Ит емес, әлгі өкілдердің бірі шығар
көйлегін айырып жіберген.

А ж а р. Құле тұс. Қаншама құлермін дейсің.

С а ры ж о р г а. Эй, ереккө әкіреңдеме. Сенің айдауыңа
жүре беретін Бөпіш деп тұрмысың. Шаңыраққа қара.

А жар шыдай алмай, тістеніп Бөпіштің қасына барады.

А ж а р (*Бөпіштің ұстіндегі шекпенін тартып*). Бөпіш,
тұр, тұр деймін. (*Иығынан тартып*.) Тым құромаса жібі түзу
адамның да босағасы бүйірмаганы ма.

С а ры ж о р ғ а. Көлгірсуін. Байсырап қалған екенсің. Са-
ғынған шығарсың қатты.

К а т а й. Өкіл кетіп қалған гой, тегі.

А ж а р. Тұр деймін. Жүремісің?

Б е п і ш (*қолын қазып жіберіп*). Бармаймын.

А ж а р. Ал, соңғы рет айтамын, жүрмейсің гой. (*Бөпіш ба-
сын көтермей жата береді*.)

С а ры ж о р ғ а. Эй, зорлайын деп пе ең еркекті. Тыныштық
берсеңші.

К а т а й. Атан құсатып бәрімізді қырамысың, бір мезгіл маза
берсеңші.

Бөпіш басын көтеріп отырады, Ажарға тіктеп қарай алмай, тәмен
қарап сөйлейді.

Б е п і ш. Олжатайдың әкесі кім?

А ж а р. Иә, оны неге сұрадың? Қазір не керегі бар. Жүр үйге,
айтайын бәрін де.

Б е п і ш. Жоқ, осы арада айт. (*Пауза.*)

А ж а р. Атан. Жауыз Атан. Енді соның атын ататқызызың
қалып еди.

К а т а й (*Бөпішке*). Естіген шығарсың өз құлагыңмен?

А ж а р (*Катайға*). Сен де сол үшін тартарсың сазайыңды.
Жалшы едім, атқосшы едім деп жалбарынып жүрсің гой. Сені
білетін адамдардың көзі тірі әлі. Ұлы кәмпескеден аман қалдым
деп жүрген шығарсың, асықпа, ініңе су құймай тынбаспын,

байдың құйыршығы. (*Ажар терісіне сыймай ашуға булығып шығып кетеді. Арсылдаған төбет даусы.*)

Сары жорға. Таласа иғі етті бәлемді! Сол керек! (*Бөпіш атып тұрып есікке үмтывлады. Сары жорға алдын кес-кестеп*). Отыр әрі, елбектемей. Мен-ақ шығайын.

Сары жорға шығып кетеді. Бөпіш сілейіп тұрып қалады.

Төртінші көрініс

Сахна қараңғы. Пистолет жарығында Ажар. Құлағын басып, мән-зен болып сахнаның екінші бұрышына қарай жүріп келеді. Бұрышқа жете бергенде алдынан әлдекімнің көмескі сәулесі биіктен көрініп, зілді күлкімен сөйлейді.

Дауыс. Э, байыңнан да айырылдың ба? Енді сен кімге көрексің? Кімге дәрісің? (*Ажар шегіншектеп, екінші бұрышқа қарай жүгіреді. Ол жақтан да дауыс шығады.*)

Дауыс. Басқан ізің харам сенің, харам! Батыр қараңды бұл ауылдан! (*Ажар үшінші жаққа жүгіреді. Оң жақтағы, сол жақтағы парталдардан дауыстар шығады.*)

Дауыс. Ah, кафр қауымынан жарапған сұр жылан! Ұлқыздарымызды мұсылмандық жолдан тайдырар әзәзіл, аулақ, аулақ!

Дауыс. Қаңғырған кірме, жоғал, жоғал, ластамай ауылды. Жоғал!

Ажар құлағын басып, әр бұрышқа жан үшіреп жүгіреді. Пистолет жарықтары да айқыш-үйқыш ойнап, жарқ-жүрк етеді. Әлгі дауыстар гүйделеп кетеді.

Бесінші көрініс

Тұн. Аспанда сайраған жұлдыздар. Жол үсті. Жақында көл. Құрылдаған көлбақа, барылдаған үйрек үні. Жол айрығына екі әйел шығады. Бірі — аяғында жайдақ етік, үстіне былғары құртке киген Ажар, екіншісі — Бойжеткен.

Ажар. Қарашы, шіркін, мына дала, ауыл көркі қандай тамаша еді. Қимаймын. Әттең, не керек...

Бойжеткен. Ажар тәте, шынымен мұлдем кетесіз бе? Тіпті әлі көңілім сенбейді.

А жаρ. Кетпегенде қайтейін. Шыдатпады ғой. Қажыдым. Ел азаматтарына кінә қоймаймын. «Бір қарын майды шіріткен бір құмалақ...» Әбден абыроіымды төгіп болмады ма. Бірақ ел өсегі де басылар. Мүмкін, өзім де осал шығармын, затымыз әйел емес пе.

Бойжеткен. Жоқ, Ажар тәте. Қайта ер адамға бергісісіз. Бәрі де сізден қаймыгады.

А жаρ. Қаймықтырам деп тым өрескел де кеткен болуым керек. Ел үстая үшін қайраттылық өз алдына, білім де қажет. Ендігі қуарым сол білім. Оқимын, мұлдем күдер үзіп кетеді деп ойлама. Әлі бір қайырылып соғамын, жаным.

Бойжеткен. Бізге тірек едіңіз. Айырылғанымыз жанымызға батады.

А жаρ. Қамықпа оған. Енді тірегің көбейе бермесе, азаймайды. Тек талпына бер. Әттең, жалғыз анаң науқас. Бірақ бәрібір үлкен қалаға барсам, өздерінді алдырамын. Оқуың керек. Ендігі келешек сендердікі. (Күліп.) Бірақ бір жерге тайып отырмайсың ба?

Бойжеткен. Жоға, Ажар тәте. Әзір ешкімге де бармаймын. (Бір жақ бұрыштан мылтық ұстаган Қөсө – атқосшы шал шығады.)

Көсө. Ажар қарағым, аттар тыптырышып тұрмай түр. Жүрейік енді.

А жаρ. Қазір, ата. (Атқосшы кетеді. Қалтасынан бүктеулю қағаз алады.) Сен мына хатты Бөпішке оқып бер. Бәрін жаздым. Қатайларға сенем деп арандал қалмасын. Көз қырларыңды сала көріндер. Ал, жаным, қош бол, тірлік болса, көрісеміз әлі талай.

Қоштасып кете барады.

Бойжеткен (қашан үзаганиша қол бұлғап). Қош, тәте, келіңіз. Қутеміз.

Бойжеткен бұрыла бергенде артынан баспалап келген екі-үш адам бас салады.

Бойжеткен (ышқынып). Ажар тәте, құтқар, құтқар!

Пауза. Сахнага Ажар жүгіріп шығады.

А ж а р. Не бол қалды! «Құтқар» деп айгайлағандай болды-ау.

Селсоқ басып атқосшы шал шығады.

А ж а р. Естідің бе әлгі дауысты? Біздің қыздың даусы емес пе? Неге үндемейсіз? Жан даусы шықты гой. «Құтқар» демеді ме. Неге үндемейсіз?

Көс е. Үндегенде менің қолымнан не келеді. Карагым, жүрейік, қайтесің енді ол қызды. Біреулер алып қашқан шығар. Елдің сұлуына кім құштар емес дейсің.

А ж а р. Жоқ, ата, елден аттамай жатып бұлай болса, басымды арашалағаныма мәз болмақпын ба?

Көс е. Карагым, соған да тәубе.

А ж а р. Сіз не айтып тұрысыз?

Көс е. Ажар қарагым, мына мылтықты мен тегін алып шықты деймісің. Біздің ауыл елде-күнде жоқ ең бір қағынған ауыл — баяғы Атанның ауылы екенін білесің. Бәрі жақын-жұрагаты. Саған жақсылық ойлаушы аз. Біз сияқты қаратабандар әлі де әлсіз. Кешегі кәмпескеге іліккен байлар үрім-бұтағымен ордалы қасқырша ұлып, ел торып жүрген жоқ па. Соның бірі — Атанның баласы Жұматай.

А ж а р. Жұматай! Оның қайда екенін білесіз бе?

Көс е. Аның білмесек те, естіміз. Жаңағы қызды алдырған сол. Қөптен жол тосып жүрген жендеттері бүгін сені де алып кетпек еді. Ол ниеттері болмады.

А ж а р. Мені ме?

Көс е. Иә, олар сені өлтірмекші... Саған ниеттес адамдардың бірінін, шырағым. Бар қолдан келетіні — аман-есен шәрге жеткізіп салу. Карагым, елдегілердің бәріне ренжіме. Заман түзеліп келеді, аналар да көп ұзамай құрьыр. Сонда қайтып ораласың, сенің елге-жұртқа, жалшы-жақыбайға жасаган жақсылығыңың орнын толтыру қын. Ал әзірше баспаналай түр. Жүр...

А ж а р (жалғыз). Баспаналай түр, сенің жақсылығыңың орнын толтыру қын дейді. Сондағы жақсылығым осы ма? Басыма күн түскенде тайып тұрмақпын ба. Мені пана бол, қорған бол деп сеніп жіберді-ау... Жо-оқ, өз қолымнан шырылдатып бере алмаспын панасыз қызды!

Көсө келеді.

Көс е (тықырышып). Жүрмейміз бе енді?

А ж а р. Ата, Жұматайлардың қайда жасырынып жүргенін айтыңызшы.

Көс е. Қарағым-ау, сен шәрга барып, милиция шығарғанша олар күтіп отырар деймісің.

А ж а р. Дегенмен айтыңызшы?

Көс е. Біреулер Жамансордағы қойтасты тасалап жүр деген. Кім білсін рас-өтірігін.

А ж а р. Ата, сіз елге қайта беріңіз. Маган ана атты тастап кетсөніз болады.

Көс е. Қарағым-ау, не сүмдыққа бастадың?

А ж а р (өзіне-өзі). Оларды бүтін таппасаң, айрыласың.

Көс е. Қой, жарқыным, арыстанның аузына түсем демесен, қой оны, таста. Ажалмен ойнамас болар.

А ж а р. Қасқырдың бөлтірігі емес, ол да анадан туган адам шығар.

Музыка. Сахна қарандыланады.

Алтыншы көрініс

Бірінші актінің бірінші көрінісіндегі сахна.

А ж а р. Сол ана — мен едім. Бұғанасы қатпай жатып сүм ажалға кезіккен жалғыз ұлым — сениң бауырың Олжатай еді.

Жұматақ!..

А ж а р. Содан бері талай жылдар өтті. Бақытсыз балам — Олжатаймнан айырылдым. Бірақ соңғы рет көре алмағаным болмаса, өкінбеймін. Жауымен жағаласып жүріп қаза тауышты. Мен болсам, патша түрмесіне қамалып, төңкерістен кейін шықтым. Араға жылдар салып, елге қайтадан оралдым... (Енді Жұматайға жалт бұрылып, кеудесін тосады.) Атан салған сол жара аз десең, ат енді, сен де ұлымсың, қолыңды қақпаймын. Бірақ өз бауырың Олжатай емген, адам емген қос анарға қолың қалтырамай үңірейген ажал аузын қалай бұрасың, анаңның жүрегіне ажал оғын қалай қадамақсың?!

(Пауза.)

Жұматай мылтығын тастап, мойны салбырап, сылқ етіп тізерлеп отыра кетеді.

А ж а р. Мен тартқан ана тақсіреті қайталанбасын десең, ерік-сіз келген, зорлықпен жеткізілген ана баланы босат.

Жұмата́й (*баяу гана*). Ә-әй, босатындар қызды.

Осы кеэде аласұрып жүгіріп шыққан **Қатай** жерде жатқан алтатарды бас салады.

Қатай (*көзі қанталап*). Ә-ә, әкеден тумай кеткір ез неме!

А ж а р. Ах, қанышшы, сен екенсің гой, тағы да ажалға бастап жүрген.

Қатай. Мен, мен. Естіп, көріп қал соңғы рет.

Жұмата́й (*орнынан тұра беріп*). Таста мылтықты!

Қатай (*шегіне береді*). Жо-жоқ, бала. Мен әуелі сені өлтірем. Сонан... (*Кезене береді.*)

Дауыс. Тоқта!

Дауыс шыққан жаққа селк етіп қараган **Қатай** үрейленіп, шүріп-пені басып қалады. **Жұматай** атылып барып мылтықты ұшырып жібереді. Оң жақ иығынан оқ тиғен Бөпіш қанын қолымен басып, «Кешір, жаным, кешір!» — деп **Ажардың** аяғын құшады. Екінші бүйірден шыға келген Бойжеткен де «Ажар тәте!» — деп бас салады.

Үңгірге Көсе шал, тағы басқа ел адамдары сау етіп кіріп келеді. Қақ ортада, көптің ортасында абзал Ана, ел қамқоры **Ажар** тұр. Дүниеге өмір берер ана — ажалды жеңген **Ажар**.

Шылмылдық.

ҚЫЗЫМ, САҒАН АЙТАМ..

(Екі бөлімді драмалық повесть)

Кейіпкерлері:

РӘЗИЯ

МҮРАТ

ҚҰМАР

СӘУЛЕ

ШӘРИПА

ЖӘҚУДА

ШҮЙКЕТАЙ

ҰЯҢ ЖІГІТ

МЕДСЕСТРА

СОЛДАТ

Қосымша:

РӘЗИЯ – жас шағы

МҮРАТ – жас шағы

Эпизодта:

Қасқа бас

Қонқақ мұрын

Бурыл шаш

БІРІНШІ БӨЛІМ

Бірінші көрініс

Соғыс даласының үрейлі үні. Жарылған снаряд, атылған мылтық, гүрлідеп өткен самолет. Тау баурайындағы даchanың верандасы. Екінші жеңіл тоқыма орындықтар. Мұрат, Шәрипа, Сәуле соғыс үнін тыңдалап тұру.

Мұрат. Біз Германия жерінде, бір деревнядан өтіп, қатты тоқсауылға кезіктік. Жау қарсы беттеген оқ жаудырып жатыр. Тап ортада бықсып жанған ат-арбалар, үй жиназдары, эвакуациямен әрі шегінген деревня адамдары. Қап-қара тұтін. Траншеяда тасаланып, ұрыс бағытын дүрбімен барлап тұрғам — көзіме

төңкөрілген арбаның қасында тұрган ақ көйлекті құйтымдай бала тұсті.

Зұылдаған оқтың бірі міне-міне баланы жұлып әкететін сияқты. Траншеядан қалай атып шығып жүгіргенімді білмеймін. Снарядтар қазып кеткен шұқырларға бір құлап, бір тұрып, балаға қарай үштым.

Есі шығып көзі алақтаған сәби екі-үш жастағы қыз бала екен... Тап қасында ашық кеудесінен қан сорғалған анасы жатыр. Тұла бойы үрейден қалтыраған мұсәпір баланы бауырыма қысып, кері жүгірдім. Баарда қалай тез жеткенімді білмеймін. Қайтар жолда әр қарға адым жер шексі әзірлеңді, әр жығылып тұрган сайын ажал оғы зұылдаған, құлағымның түбінен етіп жатты. Әлден уақытта атыс саябырып барып екі жақ та бір минутке тына қалғандай болды. Жан үшшырып траншеяға баламен құлай бергенімде, қаңғырған бір снаряд жақын жерден жарылды... Сәби тірі қалды.

С ә у л е. Неміс баласы ма?

М ұ р а т. Иә... деревнядан әрі тылға шегінген неміс эйелінің қызы болса керек... Мен госпитальда жатқанымда бір айдай қасымда жүрді. Жібектей сап-сары шашы желбіреп, «папалап» мойныма оралушы еді. Сәбілерде не жазық бар... Амал не, кейін детдомға тапсырдық...

С ә у л е. Сол жолы жарапанған екенсіз гой?

М ұ р а т. Иә, сол сәби үшін аяқтан жарапанғанмын.

С ә у л е. Бірақ оны ерлік санамайтыныңыз қалай?

М ұ р а т. Ол арада ерлік көрсетейін деген ой жоқ еді. Адам баласының парызы гой. Соғыс даласында ондай парызды ойлап жатар уақыт та болмайды, айналайын. Тегі, қысылтаяң шақта не нәрсеге де әмірші жүрек пе деймін...

С ә у л е. Сіз соғыс даласында неміс қызы үшін басыңызды оққа байладыңыз. Ал бейбіт өмірде өз сәбін шырылдатып тастап, мәңгі қайырылмай кетер адамдарды кім дер едіңіз?!

М ұ р а т (шошынғандай, сәл *tіksіnіp*). Қалай дедің, айналайын? Иә, ондай қара жүректер бар...

С ә у л е. Мен сізге сондай адамдар туралы да айта келіп едім.

М ұ р а т. Сондай адамдар?!

С ә у л е. Енді сіз мені тыңдаңыз. Тек сұрарым — сөзімді бөлмесеніз екен.

Мұрат (црейлі). Не айтпақшы болып тұрысың, қызыым?!

(Шай жасап жүрген Шәрипа да әлденеден секем алғандай аңырып, құлақ тосып отырып қалады).

Сәулө. Мен жөргегімде әкеден жетім қалыптын да, анам содан былай жесірлік тауқыметін тартыпты. Эйтсе де анашымның арқасында жоқшылық көрмедім. Жоғары білімі болмаса да, ел қатарлы тырбанып жұмыс істеп, асырап, адам етті. Оның үстіне марқұм әкемнің пенсиясын да талшық етіп, біреуден кейін, біреуден ілгері құн кештік... (Музыка әуені көтеріліп барып қайта басеңдейді).

Ес білгеннен былай мен үшін үй ішінде әлдебір қасиетті нәрсенің орны ойсырап тұргандай сезілетін болды. Есейген сайын қоңілім де өз-өзінен құлазып, әлденеден жабырқап, жүрегіме жетімдіктің таңбасы түсе берді. Қатар құрбыларым өз әкесін әңгіме ете қалса-ақ, «сенің әкең жоқ, жетімексің» дегендей, ол арадан тез кетуге асығатынмын... Келе-келе оған да етім өліп, үйреніп кеттім...

Анам әкемнің пенсиясын ылғи өзі алушы еді. Маган көрсетпейтін... Жақында білдім... Бірақ бәрі кеш... Мен тірі жетім екем де, әкем тірі өлік екен. Осы қунге дейін анамның айтпай келген пенсиясы — пенсия емес, бізді тастап кеткен әкемнің алименті екен!..

Мұрат. Ботам-ай, сен... Рәзияның қызы емессің бе?!

Сәулө. Мен Рәзияның ғана емес, сіздің де қызыңыз едім. Бірақ бүгіннен бастап менде өлі де, тірі де әке жоқ. Мен анамның ғана қызыымын. Міне, соңғы алиментіңіз. Он сегіз жыл алғып келген ақшаны, тірі болсам, өтеймін. Қарыздармын. Он сегіз жыл бойы мойныма таққан жетімдік қарғысын таstadtым өзіңізге! (Сәуле ораулы ақшаны шезлонгтің үстіне тастап, кете барады.)

Мұрат пен Шәрипа мағынасыз ұмтыла түсіп, қала береді.

Екінші көрініс

Палата. Коляскада шалқалап, шашына ақ кірген Рәзия отыр. Жастығы биік салынған. Палатага ол-пұл тамақ, жеміс алышп, иығына ақ халат жамылған Сәуле кіреді.

Р ә з и я (баяу ғана). Келдің бе, жалғызыым!

С ә у л е (жүзіндегі кейістікті сездірмеуге барынша тырысып). Мама, бойың қалай? Мен саған алма әкелдім. Тәбетің шаба ма, жеші, мама.

Р а з и я. Жейін, құлыным, жейін. Қашан көзім жұмылғанша...

С ә у л е. Үйдемеші, мама. Неге олай дейсің?

Р ә з и я. Жарайды, қойдым, құлыным, қойдым. Он сегіз жыл арқама салып өсірген сенің көзінді мөлдіретіп, жалғыз тастап кетуге өзімнің де белім қайысады. Қайтейін...

С ә у л е. Мамочка...

Р ә з и я. Жарайды, жарайды, өлмеймін... Бірақ, жарығым, сен де көп ойлап, қажи берме... Қане, маған қарап күлші.

Сәуле құлген болады. Бірақ құлқіндегі жарықшақ, жүзіндегі кейістік ізі жоғалмайды.

Р ә з и я. Құлқінен айналайын... Қарашы, бір айдың ішінде өзің жүдеп қалыпсын. Қане, менің көзіме қарашы тағы да. Құлыным, өзің бүтін құндегіден де жабырқаусың ба қалай? Көзің де қызарып кетіпті... Бір жерің ауырып жүр ме?

С ә у л е. Жоқ, мама. Жай әшейін. Кеше түні бойы емтиханға дайындалғам. Сонықі болар.

Р ә з и я. Құлыным, онда қазір үйге барып үйқтап алши. Денсаулығыңды сақта, жаным. (Сәуле құптал бас изейді.) Айтқандай, анада қағаз тастап кетіп ем, әкеңнің пенсиясын әкеп берген шыгар. (Сәуле үндемей теріс айналады.) Иә (құрсінеді), сен, міне, он сегізге келдің. Әлі де бірер жыл тірі болсам, қарекет жасап, оқуыңды бітіртер едім. Ендігі күнің не болар еken...

С ә у л е (теріс қарап жүріп кетеді). Мама, сен ренжіме... Мен кеше пенсияны өзім барып алдым.

Р ә з и я. Пенсияны?!

С ә у л е. Иә, мама, он сегіз жыл бойы сен солай атаған соң, енді не дейін.

Р ә з и я (баяу ғана). Бәрін де білген екенсің гой.

С ә у л е. Білдім, мама, неге ғана білдім деп артынан өкіндім де. Бірақ болар іс болды.

Р ә з и я (өз-өзіне сөйлегендей). Он сегіз жыл бойы жүрегіме туýіп, ашпай келген сыр еді. Білген екенсің.

С ә у л е (*сәл ашына түсіп*). Иә, мама, он сегіз жыл бойы жалғыз өзің тақсірет тартып, ішінен тынып келсең, мен үйте алмадым. Кеше сол әкені тауып алып, соңғы ақшасын өзіне тастап кеттім.

Р ә з и я. Бекер... бекер істегенсің!

С ә у л е. Мама, шыдай алмадым. Бір қаланың ішінде тұрып тірі жетім атанғанша, біржола құдер үзейін деп мәңгіге қоштастым. Кешір, мама, сенің алдыңдан өтпелім, кешір.

Р ә з и я. Жоқ, балам, осы күнге дейін айтпай, жасырып келген мені сен кешір. Ер жетіп, ес кірген шағында бір айтармын, түсінер сол кездे деп жүруші ем. Енді айтайын...

С ә у л е. Мама, айтпай-ақ қой. Бәрін де сезем. Колың қысқа болып, өмірің тапшылықта өтпесе, оның ақшасына да мұқтаж болмас ең. Бар сұрапым — оның атын енді қайталамашы. Ендігі жерде «әкең жоқ» дегеннен гөрі «әкең бар» деген сөз ауыр мен үшін.

Р ә з и я (*Пауза. Ауыр күрсініп*). Сәулем, сені қанша жұдет-пейін десем де айтайын: маған бүгін операция жасамақ.

С ә у л е. Операция! Мама!..

Р ә з и я. Онсыз болмайды, жаным. Кел, қасыма таяу отыршы. Егер мені ана десең, сөзімді түгел тыңдал, миыңда құйып ал. Мүмкін, бұл саған берер соңғы ақылым болар. Мен өксүмен өткен өз өмірімді саған бастан-аяқ айтып берейін. Жесірлік өмір менімен кетсін. Тек сол өмірден сабак қана қалсын. Тыңдай бер. Бұл анаңың өтініш...

Кідіріс — музыкалық астар.

Р ә з и я. Соғыс аяқталған жыл. Тап өзіңдей талдырмаш, бұл-діршіндей қыз күнім. Біз, бір топ қыз, осы күнгі «Офицерлер үйіне» күнде кешке биге баратынбыз. Ол кезде соғыстан жаңа келген офицерлер таңсық... Мен сонда жүріп бір көрген Мұратпен танысып, көп үзамай тұрмысқа шықтым. Соғыстан батыр боп оралған Мұрат үлкен үй алды. Қаладағы ресторандар мен асханалар тресінің бастығы бол қызмет атқарады. Күнде дұман, күнде той... Бірақ сол қызы өмір көп үзамай басылды. Ақыры үш жылдан соң сот залында қатар отырдық. (Сәл ойланып.) Біз сот алдында, жүрт алдында, тағдыр тәлкегіне жем болған екеуміз, тұрмыс құрган шақты жасырмай түгел баяндадық.

Минорлы музыка. Шам сөне береді. Қайта жанғанда шалқай-масында Одақтың гербі бар биік үш орындықтың суреті бүкіл зандикті алып тұр. Бұдан былайғы оқиға сот залында өткендей әсер береді. Авансценаның бір жақ басында екі аяқты арбада Рәзия отыр, екінші жағында Мұрат түрегеп тұр. Сахнадағы көріністер енді Рәзия мен Мұраттың сөзі арқылы жүріп отырады. Бұл екеуінің жастық шақтарын сахнада басқа адамдар ойнайды.

СОТ ЗАЛЫНДА

Мұра т. Иә, алғашқы отау тігіп қосылған жыл — сауық-сайран, думаны мол, ойсыз, қамсыз жыл еді.

Рәзия. Астанадағы асханалар мен ресторандар тресінің бастығы Мұратты қарамағындағылар хан көтерді. Құнде қонақ, құнде той. Ашылған шараптар, атылған шампандар. Тартылған сый, көрсеткен құрмет күн өткен сайын үдей түседі. Тұрмыс құрудың тәттілігі осы шығар деп ойлаушы едім. Бақытқа мас бол шыркөбелек билегенде еденде емес, жүрттың алақанында жүргендей болатынмын. Сол алақандарға биік өкшемнің қалай бататынын да ойламайтынмын.

Мұра т. Ал мен болсам, сол сый-құрметтен де, даурықпа тостардан ығыр бола бостадым. Бәрінен де трест бастығы деген ат жаныма қатты батты. Бұл шаруашылықтан ештеге түсінбейді екенмін. Мен үшін тәжірибесі мол басқалар өндіріп жұмыс істейді. Менің бар бітіретінім қызыл, көк қарындашпен қол қою. Бір сөзben трестің бастығы емес, масылы сияқтымын.

Рәзия. Сен ол жұмыстан айнып жүргенінді кейінгі кезде талай айттың. Бірақ ол жөнінен менің ақылласқым да келмейтін.

Мұра т. Бір күні наң дүкенінде кезекте тұргам. Ол кезде жүрт наңды кәртішкемен алатын. Бір кеңде қолында таяғы бар, омырауына көп медаль таққан біреу кимелей келіп алға үмтүлды. Кезектегі бала-шага, кемпір-шал, бір-екі жүкті әйел шу ете қалып еді, әлгі адам, «мен майдангермін, сендер үшін қан төгіп келдім» деп кеудесін соғып, соғысқанын міндесініп, бір бөлке наңды кезексіз алып кетті. Сол күннен бастап маған да ой тусти.

САХНАДА КӨРІНІС

Мұрат пен Рәзия үйінің ауласы. Әр жерде орындық. Аула толы адам. Думан. Біразы «Дунай толқындары» вальсінің шалқыған әуенімен қоса тербеліп, шыр көбелек айналып, билеп жүр. Сыңғырлан бокалдар. Жарасқан әзіл-күлкі. Ортага малынып кінген әйел – Шүйкетай жүгіріп шығады.

Шүйкетай (бар даусымен). Жолдастар, достар! Рәзияның туған уақытына бес-ақ минут қалды. Қане, кімнің қандай тартуы, жоралғысы бар. Көрсетіңдер. Атылсын шампан. Құйылсын шарап! (*Шараптар қыйылып жатыр. Жоралғы әкелгендер сөз алады.*)

Қасқа бас. Жолдастар! Рәзиядай аруға тоғыз нарға тиеп сый әкелсең көпшілік етпейді. Мен он екі жыл ресторанның директоры болғанда он екі түйір нәрсе көтермелеген екенмін. Бүгін Рәзия үшін бір нар әрең көтеретін он екі метр кілемді өз иығына салып, түйедей бақырып, аруағын шақырып, он екі терін төгіп келген пақырыңыз осы біз боламыз!

Ду қол шапалақ.

Қоңқақ мұрын. Мен, міне (қалтасына қол салады), Рәзия, айын, жылын, күнін көрсетіп, басқан адымын, жүрген қадамын есептейтін, қақпағына айдай жүзі түсетін алтын сағат тарту етемін! (*Ду қол шапалақ.*) Және сыңар аяқ темір қазықтай жалғыз жарқырамасын деп екіншісін қоса әкелдім. Бірақ қолға екі сағат тағу сөнде жоқ. Сол себепті екіншісін, өмірлік қол ұстасқан, жүрек қосқан, білек қосқан аяулы ері Мұраттың білеғіне тағамын!

Мұрат (қысылып). Қойыңыз, болмайды. Білек бір болғанмен, туган күн бір емес қой.

Бұрыл шаш. «Орамал тонға жарамайды, жолға жарайды» демекші, мен кішкентай ғана ойыншық зат әкелдім. Бұл, міне, кешегі соғыс жылдары қүйтымдай ғана Рәзия жұмыс істеген фабрика станогінің макеті. «Аяз би, әлінді, құмбырсқа жолыңды біл» дегендей, әр уақытта Рәзияның көзі түсер, ой салар белгі болсын дедім! Кешегі отты күндердің белгісі болын! (*Жұрт баяу ғана қол соғады.* «Не дейт», «не деп түр» деген жақтырмаган сөздер естіледі.)

Шүйкетай (*тыжырына түсіп*). Ал, жолдастар, басқа сыйларыңды кейін тарта жатарсыңдар. Уақыт болып қалды. Қанеки, Рәзияның туған күні, соққан тіршілік сагаты үшін!

Бәрі де көтереді. Тағы да би. Ән әуенің арасында тостар көтеріліп, сыйлар тартылып жатыр. Бірақ дауыстары естілмейді. Аванценага қолдарында бокал Шүйкетай мен Мұрат шыгады.

Шүйкетай. Келіңіші, сізбен бір жеке соғыстырып ішнейінші. (*Соғыстырып ішип салады.*)

Сіздің не арманыңыз, бар екен, Мұрат. Соғыстан аман келдіңіз. Келе Рәзиядай аруға қолыңыз жетті. Бар қаланың байлығы қолыңызда. Соғыс біреуге бақыт, біреуге сор бол тиді гой. (*Жыламсыраиды.*)

Мұрат. Қойыңыз, олай деменіз, сізге не болды?!

Шүйкетай (*әлі де жыламсырап*). Сор демей, не дейін, біздей майдангердің отбасына қол ұшын бере ме десе, сіз де теріс айналасыз, не жазығым бар еді бұл жүртқа.

Мұрат. Ә, ә, оның жөні бір басқа... Сізге сауда орнында жұмыс істеуге болмайды!

Шүйкетай (*ашулы*). Сонда сізге ғана болғаны ма?

Мұрат. Маған да болмайды.

Шүйкетай. Неге?

Мұрат. Сізге болмайтыны — бүрын буфетте істеп, халық үстінен байып, бір рет қылмысты болғансыз. Ал маған істеуге болмайтыны — трестің бастығы түгілі, сатушылық қызметтің не екенін түсінбейтін жанмын.

Шүйкетай. Олай болса, сіз де қылмыс арқалап жүрсіз гой.

Мұрат. Иә, қылмыс арқаламас үшін мен ол қызметтен өзім босадым.

Шүйкетай (*шошынғандай*). Не дейсіз? Шын ба? Қашан?

Мұрат. Жақында... Бүгін бюroда арызымды мақұлладады.

Шүйкетай. Рәзия... жүрт біле ме?

Мұрат. Кейін біле жатар. Сүйінші сұрайын ба.

Шүйкетай даурыға жөнеледі. Билеп жүргендерді тоқтатады.

Шүйкетай. Ей, жолдастар, тойшылар! Сендер не білдіңдер? Не сүмдықты естідіңдер? Ештеме білмейсіңдер. (*Жүрттың*

бәрі биді тоқтатып, үрейлене жиналады.) Масқара! Бұғін, бүгін Мұратты қызметінен шығарып жіберіпті.

Жүзінде еш қысылыс жоқ, темекісін тұтатып тұрган Мұратқа Рәэзия келеді.

Рәзия (үрелі). Мұрат, ойының ба, шының ба?

Мұрат. Мұнда тұрган не ойын бар.

Рәзия. Сенің кәперіндегі тұқ жоқ қой өзі. Жұмыстан... Қызметтен шығарғаны рас па?

Мұрат. Шығарған жоқ...

Рәзия. Не дейсің?<..

Мұрат. Өзім. Өтініш жазып өзім босадым... Онда не тұр, Рәш. Оқуым керек. Әркімнің өз көңілі қалайтын...

Рәзия. Өз көңілі (кекесін құлкі). Өз көңілі... Ал менің көңілім сенің осы қызметте істеуінді қалайды.

Мұрат. Соншама таусылатындаи не бол қалды. Мен тіпті бұлай болар деп ойлаған жоқ едім.

Рәзия. Ойламасаң, енді ойлан. Мен саған ойланатындаи сөз айтып тұрмын ғой деймін. Ойлан, Мұрат, ойлан... Әлі де кеш емес.

СОТ ЗАЛЫНДА

Рәзия. Соңғы жолы сен ақылдасқан жоқсың. Алған бетіңен қайтпадың. Арада айлар өте берді. Бұрынғы сауық-сайран, келім-кетімді адамдар пышақ кескендей тыйылды. Бәрі өнді мен түстей. Үлкен ақ кемеде қолпаштаған қалың қауымның ортасында келе жатқан екеуміз қалтылдаған жалғыз қайықта қалғандай болдық. Жер шетіне енді қайтып шыға алмайтындаи, өз-өзімнен құлази бердім.

Мұрат. Ал мен болсам, құлазу орнына соғыстан бұрын бастаған аспирантурама қайта оралып, оқудың қызығына құныға түстім. Тіпті кей күндері оқу залында жалғыз қалып, түннің бір уағында үйге зорға жетуші едім.

Рәзия. Ал мен болсам, әлдекім алдап-суларап үстап алып, тірідей торға қамап қойған жетім торгайша, күн үзақ үйде жападан-жалғыз отыратынмын. Кейде қала ішінде қыдырып, бірге жүргім келсе де, сенің уақытың болмайтын.

Мұрат. Иә, уақыттым болмағаны сол, кейде киноға, театрға өзің барсайшы деп билет әкеп беріп, тағы да оқу залына кететін ем. Бір мезгіл сенің қас-қабагыңда қарауды да ойламаппыш.

Рэзия. Келе-кеle оған да етім үйренді. Жалғыз жүріп, бұрынғы дос-жарандарды кездестіре бастадым. Кей күндері солармен ойын-тойларға бірге баратын болдық. Алғашқыда сен келіп тосып отыр-ау деп мазасыздансам, жүре-жүре сенің барыңды да ұмыта бастағандаймын. Бір сөзben — сен менің бір жақын ағайыным сияқты бола бастадың да, күн өткен сайын бір үйде тұрған пәтерші сияқтана бердің.

САХНАДА КӨРІНІС

Шағын бөлме. Жазу үстелі. Үстінде лампа. Босағада шарайнан. Қабырғада әскери формалы Мұрат пен Рәзияның иық тақастыра түскен үлкен суреті. Бөлме ішінде әлденеден мазасызданған Мұрат ерсілі-қарсылы жүр. Кейде тың тыңдайды, елеңдейді.

Бұрыштагы радиоқабылдағышта қоңыр дауыс: «Қалалық радио торабы бойынша таңғы сағат алтыға дейін үзіліс. Жайлы жа-тып, жақсы тұрыңыздар, жолдастар!» Сөзін аяқтаппай, Мұрат радиоқабылдағыштың тетігін бұрап тастайды. Сәлден соң сырттан сықылықтап құлген Рәзияның даусы: «Көріскеңше».

Шүйкетайдың даусы. Көріскеңше сау бол! Ертең кешке!..

Рәзия ішке енеді де, тура шарайнаның алдына келіп, шашын желіп сыланады.

Мұрат. Осыншама кешігіп қайда жүрдің, Рәш?

Рэзия. Немене, тексерейін деп пе едің?

Мұрат. Жоқ... енді... сұрауга болмай ма?

Рэзия. Неге болмайды, болады. (Айнадан бұрылыш.) Жолдастарыммен қыдырдым, паркке бардым. Биледік. Ал тағы не сұрайсың?

Мұрат. Дұрыс қой ол. Бірақ... мезгілсіз...

Рэзия. Не мезгіл керек. Биді түнде билемей, күндіз билей ме екен.

Мұрат. Дегенмен әр нәрсенің уақыты бар емес пе.

Рәзия. Сонда мен үшін ойын-сауықтың мезгілі өтті демек-пісің. Жоқ, маган жаңа-жаңа басталды. (*Мұрат шекесін ұстап отырып қалады. Рәзия ас үйден ыдыспен ас әкеп, Мұраттың қағаздарын сырғып тастап, тамақ іshedі*).

Рәзия (ас ішіп отырып). Дегенмен жарайсың, асың әлі суымапты.

Мұрат үнсіз, салқын қарайды.

Рәзия. Егер бұдан да кешікsem, қайтадан жылдытып қояр ма едің... Әлде өзің ішіп қоясың ба? (*Сықылықтап күледі*.)

Мұрат (ерсілі-қарсылы жүргіп кеп тоқтайды). Рәзия, сен өзің соңғы кездे қалай өзгеріп барасың. Сөзің тым оғаш. Жараспайды, айналайын, саған.

Рәзия. Мен жарастықты сөзден іздемейтін адаммын.

Мұрат. Иә, Рәзия, сөзіміз жараспай бара жатқан сияқты. Өлтірсең де айтып өлтір деуші еді, екеуміз сабырмен отырып, бір... ақылдасайықшы.

Рәзия. Мениң ақылдасатындай ештеңем жоқ, ақылың болса, айта бер.

Мұрат. Жарайды, тамағыңды ішіп ал.

Рәзия. Айта бер, аузыммен тыңдамаймын гой, құлагым сенде.

Мұрат (*таяны да бөлме ішінде ерсілі-қарсылы жүргіп кеп тоқтайды*). Рәзия, сен гой тәп-тәуір істеп жүрген жұмысыңды тастап кеттің. Не жұмыс жоқ, не оқу жоқ. Сенде не ой бар?

Рәзия (*иығын қиқаң еткізіп*). Не ой болушы еді. Мен бір мисыз адаммын.

Мұрат. Жоқ, Рәзия, қалжыңды қайтеміз, мен шын сұрап тұрмын.

Рәзия (*тамағын сырғып тастап*). Шын сұрасаң, менің бар ойым — өзім не тілеймін, нені қалаймын — соны істеймін. Ешкімге қолымнан қақтырмаймын. Немене, мені үйде байлаң ұстайын деп пе едің? Әлде қызғанамысың?

Мұрат. Әңгіме қызғануда емес қой. Ойлаши өзің, біз бір отбасымыз фой. Отбасының өз қызығы, өз машақаты болмай ма.

Рәзия. Отбасының қызығы осы ма, сен күн үзын кітапханада, үйде қағазға тесілесің. Ал мен сегіз кластық біліміммен не істеуім керек?

Мұрат. Не істеуім керек? Жұмыс көп істесең.

Рәзия. Көше сыптыруым керек шығар. Әлде министр болайын ба?

Мұрат. Не болам десең де жол ашық. Қазір... қала пошта тасушыға да зәру...

Рәзия. Ха-ха-ха! Сен мені жар етуге алды десем, пошта тасытуға алған екенсің гой. Дұрыс, дұрыс. Бір үй болған соң бір пошта тасушысыз болмайды. (Ашулы күлкі.)

Мұрат. Енді... Эр жұмыстың өз стихиясы, қызығы бар.

Рәзия. Романтикасы бар дерсің. Соғыс кезінде қаршадай басыммен фабрикада салпақтап істедім, енді жетер мен үшін. Менің де қызық көрүге қақым бар шығар.

Мұрат. Жұмысқа мойның жар бермесе, сен де оқы, кешкі мектеп бар, техникум бар.

Рәзия. Ар жағында институт, сосын аспирантура. (Күледі.)

Мұрат. Мақсат етсең, оны да орындауга болады.

Рәзия. Білімнің сонында салпақтап жүріп тісім түседі, кемпір болам, сол кеәде ғылым кандидаты деген атақ аламын. Ақшам көбейеді. Дүниенің бар қызығын дер кезінде көрмей тапқан ондай атақ, ондай ақша к черту.

Мұрат. Сеніңше, өмірдің қызығы не, би алаңы ма?

Рәзия. Меніңше, жастық шаққа не лайық — соның бәрін прозевать етпей көріп қалу. Ал, сеніңше, не қызық. Бірақ сен жастығыңды өткізіп алған адамсың гой.

Мұрат. Оның рас. Қылышылдаған жастық шақ соғыспен өтті. Эйтсе де қызық тек жастыққа байланысты дегенге өз басым қосылмаймын. Меніңше, адам баласының жас-кәрісіне қызық ортақ. Оның аты — мақсат. Мақсатсыз адамның қызық көрдім деуі жалған. Оның қызық деп жүргені — жеңіл дүрмек. Арзан махабbat, Рә-әш!

Рәзия. Сенің мақсатыңды жаңа үқтym.

Мұрат. Рәзия, осы Шүйкетай дегенді қайdan тапқансың?

Рәзия. Оның несі бар?

Мұрат. Шүйкетай саган дос болар, ақыл қосар адам емес.

Рәзия. Енді мені достарымнан айырайын дедің бе?

Мұрат. Еш жерде тиянағы, тұрагы жоқ, берер үлгі, қосар өнегесі жоқ, қоғамдағы масыл әйел болғаны ма сениң теңің.

Рәзия. Жетер енді... мына қалпынызбен біз үйлеспейді екенбіз. Одан да тым тереңдемей тұрганда айырылысайық.

Мұрат (шошынып). Сен не деп тұрсың?! Мен бағанадан бері айырылысу үшін сейлеп тұрмын ба, сен айырылысу емес, тату тұрудың қамын неге ойламайсың? Айырылысу, айырылысу! Соған аузың қалай барады? Мал екеш жылқы да үйірін тастанап әсте кетпейді.

Рәзия. Шошыма. Адам баласына айырылысу қын емес. Қосылғанда бір печать, айырылысқанда бір печать.

Мұрат. Печать, печать. Отбасы тағдары мөрмен шешілмек пе?

Рәзия. Бәрі де мөрмен шешіледі.

Мұрат. Егер бір окопта жатқан жолдасым жауға қол көтеріп кетіп қалса, атып тастар едім.

Рәзия (құліп). Е, ол Отанын сатқан опасыз ғой.

Мұрат. Отбасы да Отаның бір бөлшегі, оның тағдырына жеңіл қараған адам да опасыз.

Рәзия. Егер отбасынан кетсем, қол көтерер жауым кім болмақ?

Мұрат. Ол жеңіл дүрмек, арзан күлкі, қоғамдағы мещандық, дарақтылық. Бүгінгі жастарға берілген бостандық — мақсатсыз, еңбексіз масыл боп, көрінген жерге ұя салып, кез келген жерде оны бұзып кете беру емес. Соның шырқы бұзылмауына, сақтауға күш салу. Біз кеше қан кешкенде сол бостандықты қорғадық.

Рәзия. Жарайды, таусылмайық. Мен бүгін түнде кетейін деп жатқан жоқтын. Ертең де күн бар. Үйқтайдын. (Есінейді.) Ендігі мылжыныңдан үйқым тәтті.

Кетеді. Шам сөнеді. Бөлме ішінде кеziп жүрген Мұраттың аяқ дыбысы... Шам қайта жанғанда Мұрат жоқ. Бөлмеде Шүйкетай телефонмен сөйлесіп тұр.

Шүйкетай (телефонмен). Иә, иә, бүгін кешке ме? Кімдер болады? Гумырка бола ма? Неге... қайда кетеді?.. Қап... Рәзиямен таныстырайын деп ем, сәті түспей-ақ қойды-ау... Дегенмен Гумырканың орны бөлек қой... барамыз, кешке Рәзия екеуміз барамыз... Жарайды, жақсы. (Телефонды іледі.)

Сөз соңына қарай жаңа сәнді көйлек киген Рәзия төргі бөлменден ішке кірген. Айна алдына келіп, дәңгелеп, сыланады.

Рәзия (Шүйкетайға). Қалай, ұнай ма?

Шүйкетай. Тоты құстайсың-ау, Рәзияш. Не кисең де саған жарасады. Шіркін-ай, табиғат бар сұлулықты өн бойыңда қалай құя салған. Егер жігіт болсам, алақаным салып, күні-түні тоймай қарап отыра尔 ем!

Рәзия. Түһ, адамды ұялтпашы өзің. Әлгі Мұрат мұндай сөздің бір жапырағын қимайды гой маган. Такой невнимательный!

Шүйкетай. Е, ерек атаулының әдеті емес пе. Колы жетіп алған соң, олар саған әйел деп қана қарайды. Мұрат екеш, Мұраттың өзі сөйткен соң қайтерсің! Әй, өзін бір дұрыстап қарайыншы. (*Шүйкетай қабырғадағы Мұрат пен Рәзияның фотосуретіне тесіле қарап тұрады.*)

Рәзия. Қалай екен? Офицерлік формамен отырғанда әжептәуір, ә?

Шүйкетай. Сен осы кезінде қолға түсіп қалғансың гой, тегі.

Рәзия (*суреттің қасына келіп*). Иә, ол кезде офицерлер таңсық.

Шүйкетай. Қазір ғой кең шалбардың ішінде Мұрат қапшықтың ішіндегі бөрененің кесіндісі сияқты.

Рәзия. Сен тым сүмірейтіп жібердің гой. (*Айнага қайта барады.*)

Шүйкетай. Ә дегенде еркектердің біразы тәуір көрінетіні несі екен. Менің алғашқы қүйеуім де, соңғы екеуі де солай көрінген. Кейін құтылдым гой, әйтеуір. Алғаш осы қүйінде кездессен, құдай біледі, бұған тимек түгілі, пысқырмас та едің-ау. Өзі сенен үлкен емес пе. Бірақ қүйеуіңнің өзіңнен мосқалдауы да, төмені де жақсы. Тарта бер, әйтеуір, жастық шағыңды өкінішпен өткізіп алма. Гұмыр қысқа. Айтқандай, гұмыр демекші, Құмар деген жігітті айттым гой. Біз оны Гұмырка дейміз. Ай, көрсөң керемет! Жігіттің тәресі-ау: бой десең бой, иық десең иық, көз десең көз. Ақшаны да мөріне қарамай оңды-солды судай шашатын серінің өзі. Бір сөзбен — қысқа өмірді қызықтайды.

Сырттан шинельді Мұрат келеді.

Мұрат. Саламатсыз ба!

Шүйкетай. Амансыз ба, бывшай бастық!

Мұрат. Рәзияш, ал ертең жүретін болдық. Жолға қамдана-йық.

Шүйкетай. Қайда? Тойға барасыңдар ма?

Рәзия. Тойға болушы ма еді, қойға да.

Шүйкетай. Қайдағы қой?

Мұрат. Қедімгі қой. Шопандарға барамыз.

Шүйкетай. Соғыста батыр бола алмаган соң, қойшы бол еңбек ері атанғының келеді-ау, сірә.

Мұрат. Ерлік іздеп жүр деймісіз, Шүйкетай. Жұмыс бабы солай.

Рәзия (құліп). Мұрат қойшылар арасына барып диссертация жазбақ, естімене пе ең. Жүрт қалада жүріп жазса, бұл даға шығып жазады.

Шүйкетай. Е-е, қайбір диссертация дейсің, тегі, онда магнитті тартып жүрген біреу бар шығар. Байқаңыз, Рәзиядан айрылып қалмаңыз.

Мұрат (ызбарлы құліп). Әркім өз ойынан хабар береді. Сізде одан басқа ой бар ма?

Шүйкетай. Әрине, біз сіз сияқты ғалым емеспіз.

Мұрат. Рәзия, шын айтамын, бес-алты айға кетеміз, қамдан.

Рәзия. Мен ешқайда да бармаймын. Ал саған жол ашық. (Төрғі бөлмеге кетеді.)

Шүйкетай. Егер мен сіздің орныңызда болсам, алтын асықтай Рәзияштың қасынан бір елі қетпес ем.

Мұрат. Сіз не айтып тұрсыз өзі. Қайта бірге жүрудің қамын айта ма десе, жөнсіз тұздықтай беретініңіз не? Жүрт ойнап жүр деп ойлаймысыз.

Умаждалған біраз кір киімдер алып Рәзия кіреді.

Рәзия. Мә киімдерің. Өзің жуып аларсың, солдатсың ғой.

Мұрат. Иә, иә, жуып алам. Қазір институтта тағы бір шаруам бар. Өзің де енді... Түсінсейші, Рәш... Бәрібір жұмыс істеп жатқан жоқсың, бірге барғанымыз жөн емес пе?

Рәзия. Мен осы талай рет айтқан шығармын деймін. Баратын қойыңа өзің бар. Мен қой емеспін, қойшы да емеспін. Сенімен салпақтап жүретін прислуғаң да емеспін.

Мұрат. Жарайды, жарайды, Рәш. Мен кешке... (Шығып бара жатады.)

Рәзия. Кешке біз бір тойға бармақпыш. Тамагыңды өзің пісіріп ішерсің.

Үнсіздік. Шүйкетайдың жүзінде кекесін құлкі. Рәзияның өңіндегі тәкаппарлық. Мұраттың өңіндегі дәрменсіздік. Жарық сөне береді.

СОТ ЗАЛЫНДА

Мұрат. Ертеңінде мен алыстағы бір қой фермасына жүріп кеттім. Екі-үш үйлі қойшылар, жайымды айтқан соң, адамы шағын Жәкуда ақсақалдың үйіне түсірді.

Рәзія. Иә, соңғы хатынды алғамын. Тағы да шақырып жазған екенсің.

Мұрат. Жалғыздық қандай қын... Оның үстінен сен ауыл өмірін, шаруа соңындағы ел түрмисын көрсін дедім. Көп үзамай сен де келдің. Сондағы қуанышымда шек жоқ еді.

Рәзія. Мен сені қуантайын деп барғам жоқ. Хатында ылғи Шәрипа деген сол үйдегі қызды аузыңнан тастамайсың. Ол да «келсін, танысадайық» дейтін көрінеді. Шынымды айтайын, менің де көргім келді Шәрипаны.

Мұрат. Сен келгенде олар менен бетер қуанып, өздері ауыз жаққа шығып, төрті бөлмесін екеумізге босатып берді. Шіркін, ел адамдары қандай қонақжай, меймандос халық.

Рәзія. Қанша меймандос дегенмен, айдаладағы екі-үш үй мені тез жалақтырды. Қалаға қайта кеткенше асықтым. Маған тек Шәрипа екеуінің араң жұмбақ еді. Шынында да ауылдың көрікті қызы аздап шамыма тигені де рас. Онымен бір күні ашық сөйлестік.

САХНАДА КӨРІНІС

Жұпины шағын бөлме. Қырауы ери бастаған кішкентай терезе. Бұл Жәкуда шопанның үйі. Іште екеу — Рәзия мен Шәрипа.

Шерип. Мұрат ағай соғысқа қатысқан екен гой. Бірақ соғыс туралы бір сөз айтқысы келмейді.

Рәзія. Не айтсын. Соғыста не көрді дейсің?

Шерип. Дегенмен ішінде болған адам біраз нәрсе біледі гой. Бірде: «Аға, шинеліңіз қыста сұық қой, неге тастамайсыз, майданда да осы шинельмен жүрдіңіз бе?» — десем, «Шинельмен жүргенде өзімді ылғи солдат санаймын», — деп күлгеннен басқа ештеме айтпады. Бұйығылау ма, қалай ағай?

Рәзия. Ол арасын өзім де білмедім. Сіздер, ауыл адамдары, адамды тез сынағышсыздар ғой, не ғып сырын түсінбедіңіз?

Екеуі де бір-біріне сыйнақ қарасады.

Шерипа. Ал әдебиет туралы көп біледі екен.

Рәзия. Ондай өнерін де байқамадым... (Үнсіздік.)

Шерипа. Рәзия, осы сіздерге неше жыл болды тұрмыс құргандарыныңға?

Рәзия. Үш жыл.

Шерипа. Кішкентайларының бар шығар?

Рәзия. Жо-ға, ол не керек?

Шерипа. Не керегі қалай?

Рәзия. Сол, керегі жоқ. Ендігі бала кімге үшпақ әпереді. Масылдықтан басқа...

Шерипа. Үрпақ қалай өспек.

Рәзия. Үрпақ... (Күледі.) Ол әшейін қазақбайшылық. Басқалар тауып жатқан жоқ па? Сол да жетеді.

Шерипа. Егер олардың бәрі сіз сияқты ойласа, қалай болмақ?!

Рәзия. Шынын айтқанда, мен өзімше өмір сүргім келеді.

Шерипа. Өзімше? Қызық екен. Ал жолдасының бұған қалай қарайды?

Рәзия. Қалай қарасын. Екі-үш рет қарсы болған. Бірақ қазіргі билік әйелде емес пе.

Шерипа. Сіз тым өзімшіл екенсіз.

Рәзия. Қалай? Сізге ұнамай ма? Сіз де, менің байқауымша, өзімшілсіз, өз қалауыныңдан басқаны мойында майсыз.

Шерипа. Оны қайдан байқадыны?

Рәзия. Сіз қазір нешедесіз?

Шерипа. Жиырма алтыдамын.

Рәзия. Тура менен бес жас үлкен екенсіз. Элі тұрмысқа шықкан жоқсыз ғой.

Шерипа. Жоқ.

Рәзия. Міне, жаңағы айтқан өзімшілдік деген осы емес пе. Ерге шыққының келмейді. Біреудің кірін жуып, тамағын пісіріп отырғының келмейді. Одан да өз еркінің өзінізде, салт басты жүргеніңіз жақсы.

Шерипа. Жоқ, мұлдем олай емес, Рәзия. Мен қайта өз дегенімін жетуге шарасыбын.

Рәз и я. Қалайша, сіздің бағыңызды байлап жүрген біреу бар ма? Ол кім?

Шәрипа. Бар. Ол, қалай десем екен... аңты тағдыр... Өз әкем өлгелі он бес жыл, шешем өлгелі, міне, бесінші жыл. Екінші әкем жас балалармен жалғыз қалды. Бәрі де менен кіші. Қазір аудан орталығында оқуда. Мен содан бері әке көмекшісімін. Оны тастап қайда бармақпыш.

Рәз и я. Бұл кісі неге біреуге үйленбейді, әлі қартайып тұрган жоқ.

Шәрипа. Ол да өзімшіл болмагандықтан шығар. Өзіне лайықты адам тапқанмен, балаларға лайықты ана таба алмай жүрген болар.

Рәз и я. Онда басқа жерге, үлкенірек бір қалаға неге көшіп кетпейсіндер?

Шәрипа. Менінше, қала да, дала да бәрібір. Көшкеннен бізге келіп-кетері шамалы.

Рәз и я. Несі бәрібір. Қалада өссеніз, тұрмыс туралы бұлай сөйлемеген болар едіңіз. Мына азынаған мидаій далада, өмірден түк көрмей басыр боп өту не деген қорлық.

Шәрипа. Шаруашылық жайы осылай. Егер бұл арадан біз кетсек, бәрібір басқа адамдар отыраң еді гой мұнда.

Рәз и я. Жыл бойы мал соңында салпақтап жүру дегенді өз басым қорлық, өмірден мақұрым қалу деп түсінемін.

Шәрипа. Бәрі бір күнде емес, соғыс аяқталды, енді там-тұмдап бұл ара да жөнделер.

Рәз и я. Ай, қашан жөнделгенше...

Шарипа (кекесіндеу). Біз кетер едік-ая. Сонда қаладағы сіздер етті қайдан жейсідер?.. Сіз менің орнында болсаныңыз тығырыққа қамалған әкені, жетілмеген жетім бауырларыңызды тастап кетер ме едіңіз?

Рәз и я. Мен бауырларымды алып өз жөніммен кетер едім де, ана адамның да қолын босатар ем. Және өгей әке көрінеді.

Шәрипа (қыліп). Ол өгейлік етпегенде, мен қалай өгейлік етпекпін. Адам баласы жыл құсы емес қой үнемі өзіне ғана қолайлы жылы жақты іздейтін. (Терезеге қарап.) Мынау тағы келді...

Рәзия (ол да терезеге қарап). Бұл кім?..

Шәрипа. Менің «ғашығым». Қыр соңымнан қалмай-ақ қойды бұл да.

Р ә з и я. Жаңа гана ешкімім жоқ деп едіңіз...

Ш ә р и п а (күліп). Сөз айтқан адамның бәрін санай берсек... Бұл аудандағы зоотехник. Құн ашылған соң осылай қарай тартып кеткен ғой.

Р ә з и я. Өзі бір тәуір жігіт екен.

Ш ә р и п а. Иә, жылтыраған бетінде мін жоқ. Қой, үстел жасайын.

Ауызғы бөлмеге шыға береді. Үйге сырттан кісілер келеді. Масаңдау зоотехник Құмар мен Мұрат. Ішкі бөлмеден шыға берген ақ маралдай керілген Рәзияны көріп, аңтарылып тұрып қалады.

Қ ұ м а р. Саламатсыз ба, бикеш! (Көзін тарс жұмып.) Осы өндім бе, түсім бе?! (Қолын ұсынады.) Қой шаруашылығының «пайғамбary» Құмар!

Р ә з и я (көзі жыпылық атып). Құмар?!. Бәсе, пайғамбар болсаңыз боларсыз. Сіз келген соң құн де, кейбіреулердің қабагы да жадырап кетті.

Қ ұ м а р. Несін айтасыз! (Енді Мұратқа қарап.) Мына ши-нельді аспирант не ғып қой маңында диссертация жазайын деп жеке жүр десем, қасында ай мен күндей сұлуы бар екен ғой. (Шәрипаға қарап.) Жүргегім жаңа орнына түсті-ау.

Р ә з и я. Бұл адам бұдан жарты ай бұрын жеке келген, сіз де «сақ» екенсіз.

Ш ә р и п а. Боран кезінде зоотехниктер үйлерінен шықса, адасып кетеді.

Қ ұ м а р. Ал сіздің атыңыз, бикеш?

Р ә з и я (бөгеліп барып). Р-Рәзия.

Қ ұ м а р (шошып кеткендей). Рәзия!.. Сіз Алматыдансыз ғой. Шүйкетайды білемісіз?! (Сөз үзіліп қалады. Қолында жартылық Жәкуда келеді. Бәрі жер үстелді жағалаі отырады).

Қ ұ м а р. Ә, мынау дұрыс болды. Әуелі іш жылтытып алайық.

Бәрі соғыстырады.

Ж ә к у д а. Бір-екі күннен бері қар күрт еріп жатыр. Қойлардың біразын күнгейге шығардық. Арасында желіндең тұрғандары да бар. Қайтейік енді.

Кұм а р. Шал, шөптерің жетті ме, біраз іріккен шығарсыңдар.

Жә к у д а. Ірку қайдан келсін. Түнеугі боранда екінші баздың төбесін ашып, өлі шебін берген жоқпыз ба.

Кұм а р. Осы сендерге-ақ шөп жетпейді еken. Жылаудан басқаны білмейсіңдер!

Жә к у д а. Мал болса төлдеп жатыр. Эйтеуір, оларға қазанға су қайнатып, сабан мен картоп араластырып беріп, амалдан отырмыз.

Жагалай арақ қүйылады.

Кұм а р (согыстырып). Бикештің денсаулығы үшін!

Мұ р а т. Мен ішпеуіш едім.

Кұм а р. Ішіп қой, экономист жолдас. Сенен ешкім ақша сұра майды бұл арада. Шалдың арафы жетеді. (**Ж**агалай ішіп қояды.)

Кұм а р. Ал, жолдас аспирант, сөйлей отыр. Мұнда не ғып жүрсің, қойдың санағын ала жүрсің бе?

Мұ р а т. Жоқ. Эншейін... Диссертациялық тақырыппен жүрмін. Алты айға шығармашылық командировка алып едім.

Кұм а р. Шығармашылық. Ым-м, кандидат болып, қолымды жылы суга малып отырам де. Біз өзіміз соғыстан бұрын техника-күм бітіріп ек, сол жетеді, сендер құсап ғылым қумай-ақ қойдық.

Мұ р а т. Ол еркініз. Соғыстан бұрын аспирантураға түсіп ем, аяқтай алмаған тақырып қой мақсат еткен.

Кұм а р. Тақырыбың не?

Мұ р а т. «Қазақстанның қой шаруашылығындағы еңбекақы тәртібі».

Кұм а р. Ха-ха. Еңбекақы тәртібі. Оған не тәртіп керек?! Қанша еңбекақы тиесі, соны алады. Оған да диссертация қорғау көрек пе еken. Тапқан екенсің.

Рә з и я. Тым құрмаса түсінетін адамдарға айтпасаң етті. Со-рың қайнайды да отырады.

Кұм а р. Сол үшін де мал ішінде жүру керек болып па.

Рә з и я. Жігітшілік құрғысы келеді гой.

Кұм а р. Ха-ха-ха... Эй, жігітім, сен ертең менімен бірге жүр. Бухгалтериядан бір-ақ күнде түгел есебін берейін. Бар да қорға. Ха-ха-ха!

Мұ р а т. Сіз асықпаңыз. Еңбекақы біздің елде уақытпен, са-ғатпен өлшенеді.

Құм а р. Ҳа-ҳа. Сегіз сағаттың жұмыс күні дегің келеді гой. Завоевания революции. Тапқан екенсің шопандарға сағат өлшеуді.

М ұ р а т. Сіздіңше, қалай?

Құм а р. Меніңше, шопан қой қалай күйсейді, қалай жусайды, қалай оттайды, — солай жұмыс істейді. Бұл зауыт, шахта емес. Қой мәселесі станок емес қаңтарып қоятын. Сізден бұрын ешкімнің ойына келмеген гой, сірә?

М ұ р а т. Міне, гәп осында... Соғыстан бұрын бұл мәселе қолга алынған, бірақ соғыс киіп кетті. Ақсақал, сіз қанша еңбекақы алласыз айына?

Жә к у д а. Бұйырганын аламыз гой.

М ұ р а т. Бұйырганын? Жоқ олай болмайды енді. Зоотехник сізден көп артық алады. Еңбек бейнетін тартқан адам зейнетін де өзі көрсө керек.

Құм а р. Немене, сонда мен хат танымайтын қараңғы шалдан кем алушым керек пе, тапқан екенсің наң жеместі.

М ұ р а т. Қай еңбегінізben артық алмақшысыз?

Құм а р. Эй, жігітім, мен оны сенен сұрамаймын.

М ұ р а т. Ал жарайды, ендеше. Қазір әр шопанда қанша бас қой? Қаншасына жауап береді?

Құм а р. Қанша жүктелсе, соншасына жауап береді.

М ұ р а т. Ал мына Шәрипа қаншасына?

Құм а р. Одан ешкім сұрамайды. Шалғана жауап береді.

М ұ р а т. Міне, мәселе осында. Егер, Шәрипа қазір көмектеспесе, шал үйқтамас еді. Қазір қой күнде төлдейді. Тұні бойы шаммен екеуі кезектесіп отырады. Жас төлдеген малға күнітүні су қайнатады. Яғни күніне жиырма сағатқа жуық жұмыс істейді. Мына көрші шопандардың да күні осы. Ертең жайлалаға шығады. Қузыгө дейін таулы жердің шопандары күнде қарлы тасқа өрмелесе, күз түсे төмен жылжиды. Бір күн тыным жоқ, уақытпен өлшеуге қой шаруашылығы көнбейді. Ендеше, әр қойшының қарамағына берілер отар шаруашылық ерекшелігіне қарап шақталып, мерзімге лайықталып бөлінуі керек. Бұл әлі бер жагы.

Жә к у д а. Мына сөзіңнің жаны бар, егер ойланса. Ай, бірақ қын жұмыс екен. Егер мұны тексерсең, қарагым-ай, біраз уақытың кетер.

Мұрат. Ата, қазір бұл жұмысмен арнайы шүгышданатын ғылыми институт деген ашылды. Онда жүзедеген адам жұмыс істейді. Менікі солардың бір пүшпагы ғана.

Жеке. Ойбай-ау, әңгіме бұзау емізер демекші, әлгі бір қойды соя қояйынышы.

Орнынан тұрады.

Мұрат. Ақсақал, ет бар емес пе?

Күмәр. Эй, жігітім, сен енді жаман үйді қонағы билейді демей, тынышыңа отыр. Зоотехник қойдың басын жемегенде, сенің басыңды жей ме. Одан да мына берген тегін арақты ішіп ал.

Мұрат. Мен енді ішпеймін.

Күмәр (*Рәэзияға*). Келіңіз. Сіз екеуміз. (*Соғыстырыады, кекетіп.*) Мына кісі жолдасыңыз ба?

Рәэзия (*құрсініп*). Солай десе де болады.

Күмәр. Е, дүние жалған. Біреудің ажалы оттан, біреудікі судан. Кейбіреулердің салымы қыздан.

Сырттан асығып Жәкуда келеді.

Жеке. (қызына). Шәкіжан, тұр, жаным, киін. (*Өзі киініп жүр.*) Далада қар жауып кетіпті. Боран болғалы тұр. Қойлар ығып кетер. Қайырып әкелейік.

Шәрипа асығыс киінеді, Мұрат та атып тұрып киінеді.

Мұрат (*Құмарға*). Сіз де киінбейсіз бе?

Күмәр (*кекесін құліп*). Немене, мен осында қой бағуға келді дейсің бе. Әлде маған да еңбекақы бөлейін деп пе ең? (*Шығып бара жатқан Мұратқа.*) Ә, түсіндім. Қорықпа. Келіншегің қой емес, жемеймін. Сен де Шәрипамен кетіп барасың гой. Бар, бар. Ҳа-ха-ха!

Музыка. Шам сөнеді. Түнек қараңғылық. Сыртта шай-шайлаған адамдардың даусы. Маңыраган қой, қозы үндері. Суылдаған бүрқасын. Әлден уақытта музыка патефон үніне ұласады. Шам жанады. Үстел үстінде ондық шам. Ескі патефонда соғыстан кейін шыққан бір би әуені. Үстел маңында Құмар мен Рәэзия билеп жүр. Әуен аяқталады. Рәзия пластинканы аударады.

Р ә з и я. Сіз өте жақсы билейді екенсіз.

Қ ұ м а р. Баяғыда техникумда жүргендे жүлде алғанмын.

Р ә з и я. Бәсе, бар тұлғаңыз бишлікке жаратылған.

Қ ұ м а р. Сіздің фигураңыз да аққудай екен.

Р ә з и я. Жас күнімде балет мектебінде оқығамын.

Ш ә р и п а (қабақ шытада). Мұрат келген жоқ па?

Қ ұ м а р (би ыргагымен жүріп). Немене, адасып қалдыңыздар ма?

Ш ә р и п а. Қас қарайып кетті. Сыртта алай-түлей боран.

Сырттан Жәкуда кіреді.

Ж ә к у д а (алақтап). Келмеді ме. Апымай, адасып кетер ме екен? Шәкіжан, сен ана қозыларға жылы су бер, дірдектеп тұр байғустар. Мен Мұратты іздейін. Қөрінбейді.

Екеуі де шығады. Сырттан дыбыс беріп айғайлаған Жәкуданың «еңелеген» даусы. Іште ескі пластинка үні.

Р ә з и я (*тазы да жаңа пластинка қойып жатып*). Әлгі Мұрат шынында да адасып кетер әлі. Қой қайырып жүріп адасса, арманы жоқ. (*Енді алыстан Рәзияға қолын созып тақпақтайды*). Ақ боранда қой орнында, садақ мойын аққуым, салып жүрсе ән геккүін, түсер едім, кетер едім жалғыз оның соңында. Сонда Аққу үлбіреген ақ төсімен аймалап, қанатымен желбіреген құшақтап, асылар ма ед темір төске, мойныма. Ақ боранда талмай, шіркін, шүберекке түйіп жанды, о дарига, аққуымның түсер едім соңына! Өліп кетсем, мұрдем кетсем, арманым жоқ аққұсымның жолында! (*Екеуі де күледі.*)

Ал енді қой үшін өліп кету, ай не знаю... (*Тазы күлкі.*)

Сырттан Жәкуда келеді. Қолында фонарь. Шілтерін көтеріп жағып жатады.

Ж ә к у д а (күбіжіктей жүріп). Әлгі Мұратты іздең Шәрипа кетті.

Р ә з и я (*селк етіп*). Шәрипа-а!

Ж ә к у д а. Апымай, жүқа шинельмен үсіп қалар ма екен.

Қ ұ м а р. Әй, шал, соғыста үсімеген оны мына май боранда құдай алар деймісің. Несіне абыржып жүрсің, бүгін көрген

құқайың ба? Одан да әлгі соятын қойың қайда, бізді аштан-аш қантарып қояйын деп пе ең.

Жәкуда (*шығып бара жатып*). Шырағым, өзің білесің гой, ана ауыз қорадағы қойлардың бірін алып соя бер. Қас қара-йып барады, мен тәбеле шығып панағмен белгі беріп, айқайлап түрмасам, әлгілер үйді таба алмас! Ренжіме енді, қарғам. (*Шығып кетеді.*)

Құмар (*қалтасынан бәкі алып жалақтатып, ойнатады.*) Бұл кешелер адам сыйлауды да білмейді. Мен сізге бүтін бір деликатес көрсетемін. Жүріңз. (*Шамды алып шығып кетеді.*)

СОТ ЗАЛЫНДА

Мұрат. Мен ол кеэде үйтқыған ақ боранның ішінде едім. Ыққан қой соңында жүріп, бір тұп шидің түбінде қоздаған қара саулықтың үстінен шықтым. Бауырына жабысқан екі қозыны қойныма тығып, кері бұрылғанда, жел өтіне қарсы елпенде, саулық соңымнан ұшып отырды. Құртікке омбылап, жүре алмасам, тұмсығымен тұртқілеп, қозыларымды жылы орынға тез жеткізе ғөр дегендей жалынышпен болымсыз маңырайды.

Рэзия. Сенің соңынан іздел Шәрипа кетті дегенде, тұңғыш рет қызғаныш оты, біртүрлі тұла бойымды қүйдіріп өткендей болды. Неге ғана Шәрипаның орнына өзім іздел шықпадым деп өкіндім. Бірақ ол өкініш ұзаққа бармады. Мен ол арада сені емес, ақ боранда қорықпай, дала кезіп кеткен Шәрипаның ерлігін қызғанған екенмін.

Мұрат. Сенің атқа міне алмайтыныңды білсем де, алдыман салт атты көлденеңдей шыққанда тағы да «Рэзия, Рэзияш» деп қалай ұмтылғанымды да байқамадым. Ол Шәрипа еді. Аттан домалай түскен Шәрипа қойнымдағы қос қозыны күпісіне тығып, мені атқа мінгізді. Өн бойымнан саулаған тер енді алға жүрген сайын ызғырық жел өтінде мүэ боп қата берді.

САХНАДА КӨРІНІС

Музыка. Патефонда «Огонек» әні. Үй ішінде Құмар мен Рэзия билеп жүр. Екеуі де шала мас. Аяқтарын тәлтіректеп басады. Ән аяқталады.

Күмәр (пластиинканы аударып жатып, ишегина сүйенген Рәзияга өзөүрей қарап ықылық ата сөйлейді). «Көтеріп алаңға отырсам да, салмағың білінбейді бір мысқалдай, Рәзия! Не деген мұсін, не деген келбет, айналайын! Адам баласын осылай жаратқан құдайдан айналайын! Бірақ анадай ынжыққа теліген жасағанның жаэуына су құяйын.

Пластинка дөңгелей жөнеледі. Екеуі де биге шығады. Би аяқталмай үйге үсті-басы қар-қар Шәрипа мен Жәкүдаға сүйенген шалажансар Мұрат кіреді. Би тоқтайды. Би құшағында тұрган екеуіне қарамастан Мұратты төргі бөлмеге алып кетеді. Бұлар қайта билей жөнеледі. Би соңында қайта шыққан Шәрипа патефон мойнын бұрап тастайды.

Күмәр (көзі бақшаң етіп). Өй!

Шарипа (Рәзияга). Жолдасыңыз үсіп өле жаәдап келді, қасына барсаңызшы.

Рәзия. Оған жапалақша жарбаңдал, сіздің соңыңыздан бар деген мен емес.

Шарипа. Әке.

Ішкі бөлмеден Жәкүда шығады.

Күмәр (ықылық атып мұрнын тыржитып). Әй, Шәрипа, қызығанбай-ақ қой, бәрібір мен сені... («Алмаймын» дегенді қолымен мегзейді).

Шарипа (устел үстіндегі жартылықтың бірін алып). Әке, мына арақпен Мұраттың арқасын сылаңызшы. Өкпесіне сүйк тиіп қалар ма екен. Мен ас қамдайын.

Күмәр (отырып жатып). Одан да сейтші. Тұн ортасы аугалы қашан. Ана етінді салып қойғанбыз. Ендігі жидіп кеткен шығар. (Шәрипа ауыз бөлмеге шығып кетеді.) Мына бір аспирант болмаса ғой, түк пәле жоқ. Ана қыз да, қайтсін, жасы кеп қалған, іші қүйеді ғой. Вообще, жаман қыз емес. Бірақ, Рәзия, өздеріңдей біреу болмаса, ауыл қызын қайтем! Әншнейін, ел арасында бос жүрмей, қырындау ғой біздікі.

Есі шыққан адамдай боп Шәрипа жүгіріп келеді, қолында екі қозының қаны сорғалаған басы.

Шарипа. Әке, әке.

Жәкүда шығады.

Ж ә к у д а . О , не қызыым?

Ш ә р и п а (даусына бұлғызып). Мына қозыларды сойған сіз бе?

Қ ү м а р (шылым түтінін будақтатып). Мен, мен! Сойған мен!

Ш ә р и п а . Қалай гана көзің қызып сойдың? Қыс ішінде туган алғашқы қошақандар. Аузына емізікпен сүт беріп асырап ем. Басқа қой жетпеді ме?

Қ ү м а р . Басқаларына шөп жеткізіп алсаңдар да жарар. Оларды біз жемегенде, қай қонағыңа берейін деп ең. Деликатес ол, уылжыған деликатес.

Ш ә р и п а . Не деген аяусыз... аяусыз едің.

Қ ү м а р . Жарайды, жетті. Не болды соншама, атам қазақ қозы жеп көрмегендай. Таусылма. Орнын өзім жабамын.

Ш ә р и п а . Орны-ын?! Осы сөзді қалай ұялмай айтып тұрсың?

Ж ә к у д а . Айналайын, басқаң басқа болсын, шығын орнын жабамын дегенің не сөз?

Қ ү м а р . Эй, шал, тым көкіме! Талай тексерістен өзім алып қалып жүрмін. Биыл шөбінді үнемдемей, ресуалағаныңың өзі жетеді, бір түртіп жіберсем, қылмысың тіріліп шыға келеді.

Ж ә к у д а . Шырағым-ау, ол не қылмыс? Отыз жылғы адап еңбегім сақалым ағарғанда қарамға шықпақ па, не айтып тұрсың?!

Қ ү м а р . Ендеше, көп мұләйімсімей тамақтарыңды әкел, басқасын кейін көре жатармыз... Қане!.. (Төр үйден қалиышлап Мұрат көйлекшең шыға келеді.)

М ү р а т . Не деген арсыз жігітсің!..

Қ ү м а р . Өй, өй, мынау тірілейін деді гой!

Р ә з и я . Мұрат, Мұрат!

М ү р а т . Сендейлерді де ел басқарып, шаруа бағып жүр дейді-ау! Корқыту, үркіту! Қысы-жазы мал соңында салпақтаған азаматқа қамқор болып, қол ұшып беру орнына, мынадай қысылшанда боранмен бірге келген сендей жігіт – жігіт емес, жұт. (Ұмтыла тұседі.)

Қ ү м а р . Эй, шал, мына Келгінбайыңа осылай басындырып қоямысың! Мынауың тіпті осы үйдің иесіндей зіркілдейді-ай!

Ж ә к у д а (Мұратты бөгөп). Қарағым, шырағым, оранып жата түршы, ел баласы еркелеп не айтпайды. Ол да қонақ қой!

Құм а р. Тер ұстаган ғой. Адам тер қысқанда аузына келгенін сандырақтайты.

Мұ р а т. Солай ма, сандырақ деймісің!.. (*Ұмтылады*.)

Р ә з и я (*Мұраттың қарсы алдына келіп*). Жетті енді. Тілің шығайын деген екен. Өнеріңді жасырып, бұғып жүр екенсің ғой!..

Мұ р а т. Рәзия, сен араласпа. Бұл ел тірлігіндегі сен түсінбейтін мерездік. Қол астындағыға қамшы үйрер пасықтық. Мен көре турып мұндаіларды басындыра алмаймын.

Құм а р. Сен өзің бізді жөндеуге келдің бе, әлде тегін жерде күнелту үшін жүрмісің?

Р ә з и я. Масқара-ай, естіртпегенің осы еді.

Ж ә к у д а (*Құмарға*). Саған да жетеді енді...

Құм а р. Эй, эй! Шал... Е-е-е! Мына шинельдіні негып төрінде талтаңдатып қойды десем, күшік қүйеу етейін деп жүр екенсің ғой.

Ш ә р и п а (*булығып*). Босатыңыз үйді.

Мұ р а т. Кетіңіз бұл үйден!

Құм а р (*атып тұрып киінеді*). Жар-рай-ды, кетейін. Бәрің жабылайын деген екенсіңдер. Эй, шал, осы үйге өзің шақырып, аяғыма бас ұрмасаң, менің атымды өзге қой.

Р ә з и я (*ол да киіне бастайды*). Мен де кетемін, ала кетіңіз. Қалаға жеткізіп саларсыз.

Құм а р. Жүріңіз. Өздері жалғыз қалсын, тілегендері сол ғой.

Ш ә р и п а (*Рәзияны бас салып*). Сіз қайда баrasыз? Сізге не болды? Мұныңыз не? Жо-жоқ, жібермеймін.

Р ә з и я. Мен ұстаяға қақыңыз жоқ. АナンЫҢ да сізге қосылғасын тілі шығайын деген екен.

Ш ә р и п а. Ол кісінің тілі жоқ па, сөйлемесін бе?

Р ә з и я. Енді сіз сайратып отыра尔斯ыз!

Мұ р а т. Рәш!

Ш ә р и п а. Тым құрмаса ауру кезінде тастап кетпесеңізші.

Р ә з и я (*шығып бара жатып*). Емдейтін сіз барсыз ғой!

Мұ р а т (*ұмтыла түсіп*). Рәзия, Рәзияш!

Рәзия мен Құмар шығып кетеді. Минорлы музыка.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Алыста мұнартқан тау сілемдері. Маужыраған көктем. Құлпырған дала. Құстар үні. Бар тіршілік ән салып түр.

Қолында қойшы таяғы — Шәрипа.

Шәрипа. Биылғы көктем не деген ерекше көктем еді! Тау бөктерінде қауызы ашылмаған гүл, бүршік жармаған өсімдік қалмапты, балауса алма ағаштарына дейін биыл үлбіреген ақ гүлге көміліпті. Әр шыбығына жүэ-жүэ ақ көбелек қонақтағандай. Мамырлай жүзген аққу бұлттар қандай сұлу. Бұлақтардың құміс сылдыры да жылдағыдан бөлек. Биыл құс та не деген қисапсыз көп. Тізіліп үшқан қаз қаңқылы, үзік-үзік көкек даусы, тіпті тауқұдірет үні не деген әсем еді. О, ғажап, ен далада ақтылы қой соңында жалғыз жүріп, мұндай көктемді бірінші көруім.

Әлде әркімнің өз көктемі бар ма еken? Солай шығар-ау... Иә, солай. Солай еken-ау. Онда... биылғы көктем — менің көктемім, биылғы құс әні — менің әнім. Биылғы бұлақ күлкісі — менің құлкім.

Менің ғажайып көктемім, менің аспаным... менің күнім...

Ән салып, билей жөнеледі. Бұл кеэде арбаның сыңар доңғалағын дәңгелетіп Жәкуда өте береді.

Шәрипа (көңілді күліп). Қоқе, бір жаққа жүреін деп жатырсың ба?

Жәкуда. Иә... қаңсып қалған ба, суға сала түрмасам... Қойларды иірдің бе, Шәрипа?

Шәрипа. Өздері де бір арадан тапжылар емес. Жерге жағысып қалыпты... Қайда бармақшысың, көке?

Жәкуда (шығып бара жатып). Әлгі... Мұрат аяқ астынан жүрмекші болып...

Шәрипа (жалғыз, шошынғандай). Мұра-ат... Мұ-рат жүрмекші?..

Музыкалық пауза.

Жәкуда өтіп бара жатады.

Шәрипа. Қоқе, Мұрат аға қайда жүрмекші?

Жәкуда. Қайда жүруші еді, Алматысына баратын шығар. Таңертең совхозға салт кетіп еді. Әлі келмей жатыр ғой өзі.

Шәрипа. Ойда жоқта бұл қалай?

Жекуда. Өзінің де үшарға қанаты болмай жүр еді. Алматыдан орталықта телеграмма келіпті. Жиналыс дей ме. Срошнай шақырып жатыр.

Шәрипа. Мұлдем кете ме?

Жекуда. Ол арасын қайдан білейін. Енді үйі бар, күйі бар адам, қайтушы еді.

Жәкуда кетеді.

Шәрипа (жалғыз). Мұрат... Мұрат, кетпеші... Мұлдем... Не деген... ауыр жаза еді. Тағы да жалғыз... жалғызыбын. Қоралқора қой соңында құлазыған жалғыз қойши. Құн ұзын жапан түзде қой жайып оралғанда сенің үйде екенінді ойлап, бар ауыр жүк ишімнан сыптырылып түскендей болушы еді-ау. Тағы да жалғыздық салмағы — қасірет салмағындаи қонақтағаны ма!

Жәкуда енді бір доңғалақты дөңгелетіп қайтадан өте береді.

Шәрипа. Қеке, Мұрат ағайды мен шығарып салайыншы...

Жекуда. Шығарғанда, мен көлікті разъезде қалдырып, Алматыға дейін бармақпрын. Шаруам бар. Әлгі Құмарлар да, бір айдан асты, келмей жатқан жоқ па.

Шәрипа. Сол Алматыңызға да мен барайын.

Жекуда. Онда сен не бітірмексің? Одан да мен келгенше малға бас-көз бол... (Жәкуда кетеді.)

Шәрипа (қабак шытып). Иә-иә, мал бар екен гой. Мал... мал тұрганда қайда бармақпрын. Енді бар мұнымды тағы да қойларға айтармын. Олар түсінсе бірсәрі... Ай, қеке, сен де түсінбейсің. Сені тастап кетейін деп жүр деймісің. Сен де тастамағансың бір кезде. Амалым қанша. Бірақ ойласайшы, мен түгілі, қатқан қара ағаш та көктемде бүршік жарып, жапырақ жайды... Мұрат ағаның әр сөзі жадымнан, әр әні құлағымнан кетпесе не шара! Не істейін, қалайша көкірегімнен қуып шығайын. Әмірім жүрмей қойды гой. Сен де кешіре гөр, Мұрат ага!

Сырттан дабырласқан дауыстар естіледі.

Жәкуда мен Мұрат кіреді.

Ж ә к у д а. Шәкіжан, әлгі туыстарға апаратындарды шабаданға... ана... Рәзияға деген сәлем-сауқаттарыңды жеке салғайсың.

Шәрипа шығып кетеді.

Ж ә к у д а. Шырагым, Мұрат. Сөл тізе бүкші... Саган салар бір қолқам бар еді.

М ү р а т. Айтыңыз.

Ж ә к у д а. Мына Шәрипа қарындасың да бой жетті гой. Соған бір ағалық қамқор жасасаң.

М ү р а т. Іә, Жәке?

Ж ә к у д а. Шәрипаны қалаға бірге ала барсаң қайтеді.

М ү р а т. Бірге деймісіз?.. Е, барса барсын. Осы ма қолқаның?

Ж ә к у д а. Жоқ, әлі тыңда. Жай-жапсарымызға өзің де қанық болып жатырсың. Бір сыр айтайын... Жер ортасы жасқа келгенде жұбайым қайтыс болды. Сый-сырына, міnez-тұргысына бұрыннан қанық осы Шәрипаның анасымен қосылдық. Жаржаңартып, төсек жаңғыртып жасарайын деп қосылғам жоқ, тұзымыз жарасқан соң төрт кішкентайымен алғып, тату-тәтті өмір сүрдік. Ол да қайтыс болды. Енді жар ізденеп желіккен-нен гөрі жетімдерді жеткізгенді абзал көрдім. Өстіп жүріп, өз жастығымның базары тарқағанын, Шәрипаштың қектемінің келгенін байқамай қаппын. Әттең, не керек, Шәрипа жүрт көзіне түспей дара өскен жабайы алма ағашы сияқты... Әлгі Құмарлар жемісін жегісі келеді...

М ү р а т. Құмар... енді ол... бұла боп өскен еркіндеу жігіт қой. Жас тоқтата келе түзеліп кетер.

Ж ә к у д а. Өзім де солай ойлаушы ем. Және де ел жігіті. Шәрипа да көз алдымда жүрер еді. Бірақ Құмар — үйірінде ойнақтап өскен асау тай емес, түзде еркін өскен азулы аю екен. Ондай аюлар жеміс қасиетін біліп, үзіп жемейді, бұтағын сындырып, бүлдіріп жейді. Зоотехник қойшының қызын да қой дейтін болу керек. Қойқаңдал келіп қолтығына қыса кеткісі келеді. Көзімнің тірісінде, өзім қой болсам да, қызыымды қой ете алмаспышын...

М ү р а т. Апырай, ақсақал, өзіңіз үндемей жүріп, көп нәрсені біліп жүреді екенсіз-ая.

Ж ә к у д а. Біліп жүргенім ғана емес, түйіп жүргенім де көп. Ол жағын қазбаламайық. Шәрипа жас. Жас адам — аңғал. Оның үстіне дала қызы. Қыс ішінде дала бораны — елеуіштің

астынан түскен үн сияқты — ештеме көрінбейді. Сол боранда жалғыз жортқан бір қасқырдың аузына қапылыста түсіп кете ме деп қорқам. Сол үшін де сенімен көптің ортасына барып, ел таңып, жұрт білсе екен деймін. Екі қолға бір жұмыс — ол жерден де бір қызмет табылар. Өзің қамқор болсан, өз жолын тауып кетер, адаспас деймін. Осы еді айтпағым.

Мұра т. Апырай... сөзіңіз орынды... Бірақ өзіңізге... Жападан-жалғыз... қиын болмай ма?

Жеке Кыын болып, мені қасқыр да, аю да жемес. Ақан сері айтыпты ғой:

Ер жетім — ақылсыздан әйел алса,
Отырып от басында тақымдаса.
Таусылған кірер үй жоқ кәрі жетім,
Ойнайтын тең-құрбысы табылmasa.
Тагы да бұл дүниеде әйел жетім,
Кезінде теңін тауып қосылmasa.

Менің жетімдігім ештеңе етпес. Шәрипаны балалық жетімдіктен шығардым, ендігі жерде қарағымның көктемін жетімсіреткім келмейді.

Шәрипа келеді.

Шерип а. Көке, бәрі дайын. Сәлемдемелерді салып қойдым.
Ас та дайын.

Жеке Кызыым, өзің де қамдан.

Шерип а (таңырқап). Қамданғаны қалай?

Жеке Калага сен барасың. Мен малға ие боламын. Жалғыз саған қиындау соғар.

Шерип а. Жоқ, көке, мен ешқайда да бармаймын.

СОТ ЗАЛЫНДА

Мұра т. Сен кеткеннен бергі үш ай үш жылдай болып, сені қатты сағындым. Неге екенін білмеймін, тіпті сенің кіді сөздерің еркелік сияқты, қойышылар аулында тастап кеткениң өкпелеген бала қылығы сияқты көрінді. Калага, саған жеткенше жүргегім алып үшты.

Р ә з и я. Сенің күнара жазған сағыныш хаттарыңды, ақыл айтқан, шаруа жайын баяндаған хаттарыңды жиі алғып, кейінгі кезде оқуды да қойғанмын. Сен кешірімді болып кішрейген сайын, өзімнің неге кекір еле бергенімді сарапқа салмап ем. Рас, алғашқыда үйге сыймай, сенің орныңды жоқтағандай қоңылтақсып жүрдім. Кейін Шүйкетайға қосылған соң, оның бәрі ұмыт болды. Сенің стипендияңды алуға барғандаған, су астында көрінген малта тастай бұлдырап, бір сәт есіме түсетінсің.

М ү р а т. Ал мен екі күн жүріп, самаладай жанған қала оттарын көргенде, өз үйімнің отын көргенше асықтым. Эркімнің өз ошағының оты қандай ыстық. Түн жарымында жеткенде тerezeden шам жарығы көрінді. Сенің жүэзің елестеді. Бірақ сен бұрынғыдай қатал, сұық көріндің. Гап сол арада сені көрем деген қуаныш пен кеудеден итерердей салқын үнің қатар жарысып, тұла бойым бір ысып, бір мұздады.

Р ә з и я. Мен болсам, сенің келетініңнен бейхабар едім. Тіпті мезгілсіз келетініңді білсем де, селт етпейтін бейгам, салғырт адамдай, сені есімнен шығарған едім. Сол күні Шүйкетайдың айтуымен сылтау етіп, мениң жалған туған күнімді тойлап жатқанбыз.

САХНАДА КӨРІНІС

Мұраттың үйі. Мол дастарқан. Музыка. Үйде Рәзия, Құмар, Шүйкетай, үяд жігіт.

Шүйкетай. Үн, желпінейікші бір. Әлгілердің ортасында тынысым тарылып, денем құрыстап, зорға отырдым. Қайдан гана шақырғасың оларды, Рәштай. Өңкей бір өтірік қылымсып қалған бірдемелер. Өмірі сауық құрып көрмеген үйкүшіктер өңшең.

Құм а р. Ештеңе етпейді. Өмірде ондай өгіздер де болады. Жүк салсаң, пыс-пыс етіп тарта береді. Отқа қойсаң, оттайды. Қарны тойса, үйктайды. Ертеңіне тағы да пыс-пыс мойынағашын іліп алғып жүк тартады. Одан басқаны білмейді, қызықпен сайрандал жүрмейді, ондайды көзге де ілмейді. Өйткені ол адам ба, аты оның — надан да!

Шүйкетай (қолын шапалақтап). Па-паң-па! Қүйып

жіберейін сол үшін. Гумырканың поэзиясы үшін. Шіркін-ай, шұмектетіп құйып-құйып жібересің-ау, ақыным. (Бәрі ішеді.)

Р ә з и я. Шынында осы сіз ақынсыз ба?

Ү я ң ж і г і т. Әлде ақынға жақынсыз ба?

Қ у м а р. Өh, қосшы бала, өзі сенде де бір тықыр бар ғой.

Ү я ң ж і г і т. Е, екі ауыз өлең шығармайтын қазақ бар ма?

Қ у м а р. Рас, оның рас. Әй, бірақ осы күнгі ақындарың да жүнжіп кетіпті. Кешегі соғыс жылдары бір ақын «Мұнай бер, мұнай бер, соны сенен сұрайды ел» деп, қайдарғы іс-қоңыстың маңынан өлең іздесе, енді қазір комбайн, трактор деген тырылдақ өлеңдер көбейіп барады.

Ү я ң ж і г і т. Ал өзіңіз не жазып жүрсіз?

Қ у м а р. Мен бе? Мен, бауырым, поэзияны жерден, аспаннан, көмірден, темірден іздеймей, тұра адамның өз бойынан іздеймін: қызыдың қолан шашы, мөлдір көзі, пісте мұрны, қылған белі.

Ш ү й к е т а й. Шиедей ерні, ха-ха-ха!

Қ у м а р. Аяғы, балтыры, аха-ха!

Ш ү й к е т а й. Oh, айтқандай, қанеки, құйып жіберейік. Сен «Балтыр» деген өлеңінді оқып жіберші. Сол үшін ішеміз.

Қ у м а р. Ыlm... Ал тыңданыңдар:

Ақ балтыр, қара балтыр,
сары балтыр,

Жас балтыр, мосқал балтыр,
кәрі балтыр.

Тоқ балтыр, дөңгеленген
уыз балтыр,

Әжімді, ыңғыл-жыңғыл қуыс балтыр.

Сіңірі тарамыстай қатқан балтыр,

Көгеріп түйме көздер батқан балтыр...

Ү я ң ж і г і т. Мұныңыз тромбофлебитпен ауырған балтыр болды ғой.

Қ у м а р. Ха-ха-ха. Өзің бір, қосшы бала, төбенде көзің бар түйсікті жігіт екенсің. Болашақ дәрігерсің ғой, тауып айттың. Иә, һым:

Жүріске қажымайтын жуан балтыр,
Кездессе, ол — бағың да, қуан, батыр.

Белтірлік толық болса, оймақ өкше,
Шіркін-ай, он жыл бірге ойнап өтсе!
Тік аяқ, маймақ аяқ, шодыр тізе,
Көгеріп түйме көздер батқан балтыр...
Шаршадым көп аяқты тізе-тізе.
Болғанда сіңірлі аяқ, ол — төзімді,
Шығанға жеткізеді ол өзінді,
Жар құшсаң, басты ойлама, аяқты ойла,
Бозбала, гибрат ет бұл сөзімді.

Ұ я ң ж і г і т. Мұныңыз қыз сипаты емес, аттың сыны гой.

Қ ұ м а р. Ха-ха! Әй, бауырым, өзің жан дәрігері болайын деп жүрмісің, мал дәрігері болайын деп жүрмісің?

Ұ я ң ж і г і т. Біреуі болармыз, әйттеуір. (Бәрі ішіп қояды.)
Ал сіздер ренжімесеңіздер, мен кетейін.

Р ә з и я. Ой, оныңыз не, асықпаңыз.

Құмар бара берсін дегендей ымдал, көзін қысады.

Ұ я ң ж і г і т. Басым ауырды.

Ш ү й к е т а й . Жаным-ау, онша көп ішкен жоқсың гой басың ауыратындей.

Ұ я ң ж і г і т. Жоқ, апай... Әh, тәтей, түh, Шөке, араққа да, поэзияға да тойдым.

Қ ұ м а р. Жарайды, рақмет, бауырым. Әлі, тірі болсаң, мына ағаңың неше түрлі өнерін көресің. Тек аяғыңды ағаңмен тең басып жүре біл.

Ұ я ң ж і г і т. Рақмет, ал мен кетейін.

Қ ұ м а р. Ал, ендеше, тағы бір алып жіберейік. Сосын сен студентсің гой. Мә! (Қалтасынан будыратып ақша шығарады.)

Ұ я ң ж і г і т. Ой, ағасы, қойыңыз. Мұныңыз не, алмаймын. Үят тағы.

Ш ү й к е т а й . Үятты қайтейін деп ең, әй, жаным-ай. «Қожаң берсе, қойыңыца сал» деген. Салып ал. (Ақшаны үяд жігіттің қалтасына бүктеп салады.) Бұл — ағаңың тәбәрігі.

Ұ я ң ж і г і т. Ал, аға, рақмет! Енді кетейін, әйтпесе жатақханаға кіргізбей қояды.

Ш ү й к е т а й . Үйбай, бұлдіршінім-ай. Жатақханаға әбде-ен бауыр басып қалған екенсің. Ол апаң үйі деп отырмысың. Үй

табылады... Жарайды, жүр, кішкене таза ауада сергіп қайтайық. (Үяң жігітпен шыға берे, қайта кіреді.) Әлі аузынан сүті арылмаған бала емес пе, қанша ішсе де сендерден ұялуын қоймайды. Жаңа сойған шикі терідей жылбысқы бауырымның, кішкене уқалап-суқалап, иін қандырып келейін... Біраңдан соң қайтып келеміз. Есік ашарсындар.

Шүйкетай мен үяң жігіт тыста.

Ү яң жігіт. Ал, апай, мен кетемін, мына ақшасын өзіне алып барыңызшы. Айдаладағы біреуден жөн жоқ, жосық жоқ ақша алып күн көрмей-ақ қояйын.

Шүйкетай. Айналайын-ау, ала бер. Одан Құмардың ризығы кеміп қалар деймісің. Септің жігіттің әдеті емес пе.

Ү яң жігіт. Өншегін мастықпен сіздердің алдарыңызға жасаған қыры шығар!

Шүйкетай. Түк те мастық емес. Сау кезінде де істейтіні сол. Сен мына алтын жүзіктерді көремісің?

Ү яң жігіт. Онша да мұнша жүріп бар саусағына саусылдатып жүзік таққанды көргенім осы. Же зыранақпышыз немене? Ана Рәзияға да сізден жүққан ғой деймін.

Шүйкетай. Оның бәрін туган күніне әкеп берген тағы да Құмар. Ана құлағындағы сырғаны көрдің бе, бір қаралық.

Ү яң жігіт. Мына жүзіктерді де сіздің туган күніңзге сыйлаған ба?

Шүйкетай (күліп). Е-е, мұның сыры көп. Мына бір шарбақ жүзік, ұмытпасам, Сәния деген қызбен, мына құс тұмсықты, әлгі Әминамен, мына қүйма жүзікті Мәрзиямен, мына ақықтасты — Құлзиямен таныстырган еңбегіме алғамын. Ал мына алтын сағат Рәзия үшін. Дүниеде құны туспейтін зат болмайды. Ал алтынның бағасы гұмыры кемімейді.

Ү яң жігіт. Қызбен таныстыру не деген қымбат еді!

Шүйкетай. Е-е, қарағым-ай, жай таныстыру бар да, алдын ала қүшәламен улағандай мас қып, жыландај арбап, перідей сиқырлап тастау бар.

Ү яң жігіт. Мынауыңыз гажап өнер екен. Ал мені неге сиқырлап жүрсіз? Әуелі туысым деп іздел келіп едіңіз, сөйтсек, үш қайнасақ сорпамыз қосылмайтын болып шықты.

Шүйкетай (құліп). Сорпамыз қосылмаса, тілегіміз қосылар, мен де қартайып тұргам жоқ.

Ұяң жігіт. Ойбай, қойыңыз, апай, өзінді тіпті.

Шүйкетай. Ой, шошыма, қосшы бала! Мен саған жабысып қалар деймісің... Ал, шынын айтсам, сені тауып алғаным – өзің жуас немесің, саған бір ақыл айтайын деп едім. Өзің үстіңде қарашы. Үстінде басы бүтін бір кім жоқ: өңшең ескі-құсқы. Аяғындағы бәтеңкең де келапандай, тегі, ағандықі болар. Оқуынды бітіргенше тәуір кініп, жақсы тамақ ішіп, тегін ойынсауық құрып жүрмейсің бе?!

Ұяң жігіт. Ондай тегін дүние аспаннан жауа ма?

Шүйкетай. Аспаннан емес, жерден, елден жауады. Қосшы бала, осы сен анда-санда базарда қасапшы болып ет сатуға қыбың келе ме?!

Ұяң жігіт. Қойыңыз қайдагыны... атам қазақ сауда істеп құн көрген жоқ...

Шүйкетай. Сауда істемесе, содан есесін де жіберген.

Ұяң жігіт. Ал ол етті қайдан алам?

Шүйкетай. Онда не шаруаң бар. Мына бексерсіне (бексерсін ұрады), санына алақандай-алақандай мөр басылған ет болса болмай ма! Келістік пе осыған?

Ұяң жігіт. Дегенмен енді, білгенім жақсы гой. Айтпасаңыз мейлі. Олай соқыртеке ойнарым жоқ. (*Кете бастайды.*)

Шүйкетай. Тұра тұр. Эй, қосшы бала-ай, аңғалдаусыңдау. Заманыңа қарай амалы дейді. Тіршілкте ашықауыз болсаң, арам өлесің. Кешегі таршылық заманда, білмейсің, анада айттым гой, военный складтың кілтшісіне тидім дедім гой. Соғыс біткен соң пішту деп жонымды бір-ақ көрсеттім. Енді бір мықтыға тигім келеді. Әттең, біреуінің әйелі осындауда өле де қалмайды.

Ұяң жігіт. Ниетіңіз қалай жаман еді.

Шүйкетай. Е, біреу өлмей, біреу күн көрмейді. Ал мына Құмарға неге жабысып жүрмін? Осыншама байлық Құмарға қайдан жауып жатыр, білемісің?

Ұяң жігіт. Қайдан білейін. Мені сөүегей деймісіз!

Шүйкетай. Сөүегей болмасаң, тыңда. Бірақ тісіңнен шығарушы болма. Құмар құз бойы ет комбинатына мың-мыңдаған қой өткізеді. Әр әкелген жолы он бес-жырмасы өзінікі. Одан үкімет кедейленіп жатқан жоқ.

Ұяң жігіт. Халықтың енбегі ше?

Шүйкетай. Е, ей, ботақаным-ай, әлі мұғалімдер айтатын кітап сөзінен шыға алмай жүрсің-ау, сәбім-ай!

Ұяң жігіт (ызбарлы). Сендердің сұмдықтарыңда жаңа көзім жетті. Мына ақша арам ақша екен гой. Мені де арандатпақшы екенсіңдер гой. Қазір мен Құмарыңды... (Ұмтыла береді.)

Шүйкетай (женінен тартып). Эй, айналайын, сабыр, сабыр. Құмарда не жазық. Ол байиын деп жүр деймісің. Бәрін қызық үшін жұмсайды. Біздің қызық үшін жұмсайды. Осы... үшеуміздің... тәртеуміздің қызығымыз...

Сыртта машина кеп тоқтайды. Екеуі аңтарылып тұрып қалады. Сырттан дабырласып Мұрат пен Жәкүда келеді. Бұларды көрмейді.

Мұрат. Міне — біздің үй. (Жолаушының қолына қарап.) Оу, шабаданыңыз қайда?

Жекуда. Таксиде.

Мұрат. Оны не ғып алмадыңыз? Ойбай-ау, кетіп қалып жүрмесін.

Жекуда. Жоқ, мен қазір келем деп кеттім.

Мұрат. Қазір келемінде не, үйге кірмейміз бе?

Жекуда. Рақмет, Мұрат. Өзің жолдан қажып келдің. Үйіндеге еркін тынық. Мен әлгі бір туысымның үйіне барайын. Және келін де жатып қалса керек, тұн жарымында мазасын алып қайтеміз.

Мұрат. Оу, отағасы, мазасын алғаны қалай? Алыстан сағынып келгенде қабақ шытар деймісіз. Атамаңыз, болмайды.

Жекуда. Айналайын. Қала жағдайын білеміз гой. Сынамаймын. Жата-жастана келерміз. Үйінді көрдім, рақмет!

Мұрат. Отағасы, лұқсат жоқ. Сіз маған меймансыз. Қала деп қорықпаңыз. Ниет дұрыста қаласы не, даласы не, қане, мен шабаданыңызды алып келейін.

Жекуда. Тұһ, тым қыстап кетті-ау. Енді қалада... қалада қалай өзі. Жарайды есік аштыра бер, мен өзім әкелейін.

Мұрат есік қағып тұр.

Шүйкетай. Ойбай, кеттік. Анау Мұрат қой.

Ұяң жігіт. Мұрат деймісің? Онда үйге барайық біз де. Ұят болар, не деп ойлайды?

Шүйкетай. Не деп ойласа, о деп ойласын, жұмысың қанша?

Үяд жігіт. Сіз не деп тұрсыз?

Шүйкетай. Оларға неменеге қимаң қышиды. Бірі өліп, бірі қалсын.

Үяд жігіт. Барып тұрган, қалай еді... әзәзіл екенсіз. (*Жүре береді.*)

Шүйкетай. Үйбай, мынау қайтеді-ей, үйбай, шірік неме!

САХНАДА КӨРІНІС

Мұрат үйінің іші. Сыртта қайта-қайта қағылған есік. Есік алдына тәлтіректей басып Құмар келеді. Қолында бір бөтелке арақ. Рәзия төргі бөлмеде, көрінбейді.

Кұмарат. Жетті, жетті, немене, ашығып қалдыңдар ма. Үйге кіруге рұқсат жоқ. Мә, мынаны алып тайып тұрыңдар. (*Есік ашады.*) Марш! (*Мұрнына тақаған бөтелкені жасқап, ішке Мұрат, соңын ала Жәкуда кіреді.*)

Кұмарат (сасып қалып). Өй, бейшақытта бұл не жүріс!

Мұрат. Бұл тергеуіңе жол болсын. Сасқаның ба, сасығаның ба? Өз үйіме қай уақытта келсем де хақым бар шығар. Сіз мезгілсіз не гып жүрісіз?

Кұмарат. Мен жүрсем, жасырынбай, ашық жүрмін. Сенің жүрісің, қазақтың жалпақ тілімен айтқанда, ұры иттің жүрісі сияқты екен. (*Сырттан цяң жігіт кіреді.*)

Мұрат. Қазақ тілін олай бұрмаламаңыз. Ұры ит біреудің еттігіне түседі. Сіз қайда қаймақ, қайда сүт тұрганын аңдып жүретін ұры мысық екенсіз.

Кұмарат. Әй-әй, байқап сөйле!

Мұрат (бастырмалап сөйлеп). Оның ұры иттен жамандығы сонда, ол ит құсан біржола алып кетпейді, біреудің адап дәмін малшылап, арамдалап кетеді. (*Алға өте береді.*)

Жекуда. Қалада айлап жатқанда сені мал өткізіп жүр десек...

Кұмарат. Әй, шал, сен-ақ қайда барсам тақымдап қалмадың гой, саған не жоқ қыстырылып!

Ұяң жігіт. Онда мен қыстырылайын. Мә! (Ақшасын бетіне шашып жібереді.) Ақсақал, міне, өткізген малдары. (Іштен Рәзия жүгіріп шығады.)

Рәзия. Бұл не айғай!

Мұрат. Рәзияш! (Үмтылады.) Амансың ба, жаным!

Рәзия. Емешегің үзілмей-ақ қойсын. Сағынған шығарсың жаман қатты.

Жекеуда. Есенсің бе, қарагым!

Рәзия. Амансың ба? (Мұратқа.) Немене тағы да қойшылар аулындағы өнерінді бастайын дедің бе? Құлағым тыныш еді.

Мұрат. Енді, мен...

Рәзия. Иә, сен, сен, жолдастарыммен түзде қыдырсам оны, үйде қыдырсам оны көре алмайсың. Бұл үй емес, түрме болдығой, түрме. (Ұяң жігіт, соңын ала ақшасын жинап Құмар шығып кетеді. Сыртта Шүкітайдың сылқ-сылқ күлкісі.)

Мұрат. Отагасы, төрлетіңіз. Біз жай әшейін.

Жекеуда. Ойпирым-ай, ретсіздеу болды-ау, жаңа айтып едім.

Рәзия (төрі бөлмеге кетіп бара жатып). Аядай үйге қонақ әкелип. Бұл гостиница ма? Шәрипаны да ала келмедің бе?

СОТ ЗАЛЫНДА

Мұрат. Сол түн екеуіміздің үш жылғы тәтті де аңы өміріміздің соңғы түні еді.

Рәзия. Мен диванға киімшеш құлаған күйімде өз-өзімнен күйініп, таң атқанша кірпік қақпай шықтым.

Мұрат. Мен де тас төбеге қадалып, үзақ таңды көзіммен атырдым. Сен күйініп жатсан, мен елегізіп жаттым. Қасыңа екі рет келіп едім...

Рәзия. «Әрі түр қасымнан, жолама маңыма!» — деп, жылан көргендей ытырынғаным әлі есімде.

Мұрат. Мен саған басу айтып, «неге ашуландың, достарыңды шақырганыңа қарсылық еттім бе, басылшы, сабана түсші» деп қылууга келіп ем қасыңа.

Рәзия. Олай айтарыңды білсем де, сенің әр сөзің маған ке-

кесінді удай көрінетін еді. Тұрпідей сөзіңен кірпідей жиырылушы едім гой.

Мұра т. Сенің тыңдамасыңды білген соң, сөзді ушықтырмайын, ертең ашуы тарқар деп, сабырға көндірдім. Тап ертең дүнне асты-үстіне келер деп сонда да ойламап едім.

Рәзия. Иә, ертеңінде сен үйқтап жатыр екенсің, үстел үстіне қағаз жазып қалдырып, үйден шығып кеттім.

Мұра т. Оқыдым қағазыңды: соғысқа алғаш кіргенде дәл қасымнан снаряд кеп жарылғанда денем мұндай мұздамаған болар. Хатыңды оқығанда безгек ұстагандай тұла бойым қалтырап, басым зеңіп, отырып қалдым. Сенің үнің құлағымның түбінде дүңгірлеп, әр сөзің дәл жүргегімнің тұсынан зеңбірекше атқылап жатқандай болды.

Рәзия. Иә, мен сенен құтылу үшін ең ауыр сөздерді аямай жазған ем. Әлі есімде: «Мұрат, неге сен соңымнан салпақтап қалмайсың? Менен не алмағың бар? Әлде мына алақандай екі бөлмелі үйді, қандайған ағаштарды қимай жүрмісің! Олай болса тастадым саған, дүниекоңыз! Кешке өз бүйімдарымды машинамен кеп алып кетемін. Ол кезде соңғы рет көзіме құбыжықтай көрініп үйде отырмасаң еken. Соңғы тілеуім. Енді мазамды алма!» деп жазған ем.

Мұра т. Мен де саған «Кешір мені, мазаңды енді алмаймын» деп хат қалдырып, өз қолымызben алғаш құрған үй табалдырығын зорға аттадым. Бала күнімде анам қайтиас сапарға аттанғанда жалғыздықтан тұнғыш рет тұншыға жылап ем. Сол жетім көңіл қайта тіріліп, жүргегінен айрылған қуыс денедей жансыз шұбатылып шықтым үйден. Сені бірге туған туысқанымдай көретін ем гой. Сенен мәңгі айрылғаныма түк сенбеймін, мәңгіріп шықтым. Қолымда екеуіміз бірге түскен жыртылған суреттің бір жағы ғана. Иығыңды сүйеп отырған сен қақ айрылған суреттей менен мәңгі айрылған екенсің... Содан бірер күннен соң тағы да қойшылар аулына кеттім. Сенен бір хабар болар деп елеңдеген көңіл күн өткен сайын суи берді.

Рәзия. Мен болсам сені тез ұмыттым. Арқам кеңіп, тордан шыққан азат құстай еркін ұшып, сауық құрдым... Бірақ тез арада соңың бәрі су сепкендей басыларын ойламап едім. Қөп ұзамай шын бақытсыздыққа кезіктім. Құмар екеуміз таныстармен тауда серуендер, артынан жеке қыдырып, қалаға кеш оралдық.

Алатаудың кешкі көрінісі. Ұясына жақындаған құннің алқызыл шапағы шыңдардың басына түскен. Етек жағына ішір қараңғылығы баяу жайылып келеді. Рәзия мен Құмар тауды бөктерлеген асфальт жолдың бойында тұр.

Құмар. Эй, эй! (*Құмар ысқырып жібереді. Машина даусы тоқтамай өтте шығады.*) Қап, тоқтамауын қарашы. Жарты литрдің ақшасын алса іші қеуіп кете ме екен. (*Тағы машина даусы.*)

Рәзия. Құмар. Е-ей, эй, ала кет, ала. (*Ысқырық.*)

Құмар. Өй... ішің... ішінде... беті шар табақтай біреу-ақ отыр. Тоқтамауын қарашы, арқалап әкететіннен жаман. Дақадан қайтқан мұқтылардың бірі-ау, сірә.

Рәзия. Құн кешкіріп барады. Автобус та бұл арамен жүрмейді. Жаяулап қалмасақ жарап еді.

Құмар. Жаным, уайымдамашы. Мына тұрған қала түгілі, дүниенің төрт бұрышына сені мойныма мінгізіп жүргуге бармын, Рәзияжан.

Рәзия (наезднып). Жоқ, әшейін, түнге қалып қоямыз ба де-генім ғой. Тау түні де суық.

Құмар. Түнге қалсақ, көк майса шөпті жастанып, бәйшешекті бүркеніп жата кетерміз, о-оһ, рақат!.. Оһ, тағы бірі көрінді. Осы жолы сен үшін астына түссем де тоқтатармын-ау.

Рәзия. Қойшы қайдагыны айтпай.

Екеуі де қол көтеріседі.

Құмар. Мынау жүк машинасы ма, жоқ, тіпті бензовоз.

Рәзия. Мейлі, алса, отырып кетейікші.

Құмар тап жолдың үстіне қолын ербендетіп шыға келеді де, қисайып жата кетеді. Машина донғалағы сыр-р-р етіп құрт тоқтай қалады. Есіктен қарғып шыққан солдат ұрса жөнеледі.

Солдат. Эй, өзіңнің есің дүрыс па, басып кетсем кім жауап береді. Не деген есірік адамсың!

Құмар. Айналайын, ғапу, ғапу! Бассанд, ешкім жауап бермей-

ді. Көп болса, қазақ зоотехникасы мен поэзиясы қайғылы қазага ұшырайды.

Р ә з и я. Қойши қалжыңды. Інішек, бізді қалаға ала кетпейсің бе?

С о л д а т. Қайдан білейін, тіпті мастиардың бәрі машинаның астына түсе берсе... Эй, білмеймін... Кішкене әскери тәртіпке салып, үйретіп алса...

Қ ұ м а р. Эй, қарагым, әскеріңмен қорқытпа. Алатаудың бектерінде жүріп бензин тасығаныңа мастанамысың, біз Берлинге дейін барғанбыз. Қошқарбаев Рейхстагқа ту тіккенде, өзіміз пулеметтің оғымен жолын аршып тұрганбыз.

С о л д а т. Өзіңіз бір әзаржақ екенсіз. Бізге жолаушы алуға болмайды. Әйтсе де, даға қалай тастап кетемін, отырыныңдар.

Қ ұ м а р. Эй, бізді тап үйдің табалдырығына дейін жеткізіп саласың.

С о л д а т. Құп болады...

Қ ұ м а р. Аға лейтенант.

С о л д а т. Аға лейтенант! (Честь береді.) Үйіңіз түгіл, айықтырығышқа дейін жеткізіп салуыма болады.

Қ ұ м а р (отырып жатып). Өзің қылжақбас неме екенсің.

С о л д а т. Темекіңізді тастаңыз. Мынау бензовоз екенін көріп тұрсыз гой.

Машина оталып кетеді. Құмар ән салады.

Қ ұ м а р.

Қақаған қыстың сәні ызғарменен,
Кекиғен бастың сәні ызбарменен.
Кемпір-шал бір-біріне қою шайдай,
Бозбала, жастың сәні қыздарменен-ау!..

Эй, қарагым, бұрылыстарда абайлап жүр, тастай алмай жүрген басымыз жоқ. (Солдат әлденеден ыңғайсызыданып, қол тормозға бір, рөлге бір жабысып, абыржы бастайды. Айтып келе жатқан өлеңін дозарып.) Эй, сен үдетіп келесің гой. Баяулат машинаңды.

С о л д а т (абыржып). Тормоз... тормоз ұстамай қалды.

Қ ұ м а р. Не дейт. Тоқтат, ойбай!

С о л д а т. Жоқ, енді болмайды. Баспалдаққа шығыңыз, баспалдаққа. Қол бұлғаңыз жолдағыларға! (Үздіксіз сигнал.)

К ү м а р (көзі алақтап кеткен. Баспалдаққа атып шығады.) Рәзия, Рәзия! (Бар даусымен.) Ал мен секіремін, сен де секір, өлеміз, құримыз әйтпесе, тез, кеттім... (Секіреді.)

Көшенің бұрылыстарынан шыға келіп сигнал берген машиналардың даусы, адамдардың үрейлі үні, шу. Рәзия машинадан шығып, кузовтың жақтауынан амалдап үстайды да, есікті жауып, баспалдақта тұрып сырт құртесін бұлғап айгайлап келеді.

Р ә з и я. Жолдан кетіндер. Жолдан. Кетіндер-ер! Жо-о...

С о л д а т (әлден уақытта есі шыға айгайлайды). Алдымыңда парк. Енді секіріңіз. Ал бүрдым. Секіріңіз тез. Тез! (Көзі алайып кетеді.) Балалар, балалар. Колонна. Секір, секір.

(Рәзия секіріп кетеді. Салдыр-гүлдір еткен машина, сықырлап сынған терек даусы. Лап еткен от көрінеді.)

Қайғылы музыка.

САХНАДА КӨРІНІС

Аурухана. Палата. Ақ кереуетте Рәзия жатыр. Әлгі музыка аяқтала бергенде ол шошып оянады. Сандырақтап сөйлейді: «От, от! Балалар! Сәбілер!» Әлден уақытта есін жияды.

Р ә з и я (ыңғырсып сөйлейді). Кім бар мұнда, сусын берер жан бар ма?

Ақ халатты медсестра келіп, сусын береді.

Р ә з и я (сусынды ішіп). Апатаі-ай, айтыңызы, не болдым?

С е с т р а. Ештеме етпейді, жазыласың.

Р ә з и я. Эрине, сіздер үшін таңсық емес, біз секілді ғарып жандарды күнде көресіздер.

С е с т р а. Олай деменіз. Біздің міндетіміз қайғыру емес, емдеп қатарға қосу. Сіз үш күндей есіңді жинай алмай жаттыңыз. Енді бәрі ұмыт болады. Операция ойдағыдай жасалды.

Р ә з и я. Апатаій-ай, мәңгі мүгедек боп қалғаным ба?

С е с т р а. Неге, олай деме. Аяғыңың сынығы бітеді, ертең-ақ бұрынғыдай шапқылап кетесің. Тауға да шығасың...

Р ә з и я. Тауға деймісіз? Шын ба? Солдат қайда, не болды? Машинасы аман ба? Өзі аман қалды ма. Әлденеге соғылғандай болды ғой. От, жалын не? Айтыңызшы, білесіз бе?

С е с т р а. Ол кімің еді?

Р ә з и я. Ешкімім де емес.

С е с т р а. Онда сұрамай-ақ қойыңыз. Әуелі өзіңіз жазылыңызшы. Қазір сізге ешқандай көлденең бір ой ойлауга, қамығуға болмайды.

Р ә з и я. Сіз осы сөзіңізбен-ақ мені ойга қалдырыңыз. Айтыңыз, оның несі жұмбақ. Солдат... не болды?

С е с т р а. Ол биыл гана әскерлік міндетін атқаруға келген бұл-діршіндей жап-жас жігіт екен.

Р ә з и я. Оны көрдіңіз бе?

С е с т р а. Жоқ, газетке суреті шықты.

Р ә з и я. Газетке? Не деп жазыпты?

Минорлы музыка.

С е с т р а. Машинасыңың аяқ тежегіші де, қол тежегіші де ұстамай қалған. Тау жолымен төмен зымыраған машина жылдамдығы уақыт өткен сайын артып, құйындай ұшып қаланың тап ортасымен келе жатады. Содан паркке жете бергенде тап алдынан, көлденең көше бойымен сапқа тұрган балалар өтіп бара жатады. Бәрі де аяқтарын апыл-тапыл басқан сәбилер. Солдат не істерін білмей, машинасын жалт бұрып, көлденең терекке соғады. Елу жылғы кәрі ағаш тубірімен жұлдынып құлайды. Машина екінші терекке соғылғанда, аударылып барып лап етеді. Әп-сәтте күлі гана қалыпты.

Р ә з и я. Солдат аман ба?

С е с т р а. Қайдан аман болсын. Бір жапырақ киімін де таба алмапты. Қазір ол орынға гүл қойып, ағылып жатқан халық...

Музыка.

СОТ ЗАЛЫНДА

Р ә з и я. Қайран қыршын жас солай қаза тапқан екен. Егер машинасын бүрмаса, не өз басын сауғалап секіріп түсіп қалса, жолды кесіп өтіп бара жатқан бұлдіршін балалардың талайы опат болар еді. (*Күрсініп.*) Мен алғаш рет сәби қасиетін, біреу үшін екінші адамның жанын пида ететінін тұнғыш рет көзіммен көрдім. Адам деген үлкен аттың, сен айта беретін мақсат-мұраттың ұлылығын алғаш түсіндім... Бұрын бәрі әншіейін бір бос сөздей көрінуші еді... Сөйтіп ауруханада гипсте ұзақ жаттым. Машина езіп кеткен екі аяғымды тізеден төмен кесіпті. (*Күрсінеді.*)

М ү р а т (*баяу ғана*). Мен ол кезде қой соңында далада жүріп, сен тартқан михнаттан бейхабар едім.

Р ә з и я. Жығылғанға жұдырық — төрт ай өткен соң тағы да сорладым. Гипсін алған аяқ жарасы жазылып келе жатқанда гангренаға ұшырап, оған қоса тән азабымен бірге жан азабына да түстім...

САХНАДА КӨРІНІС

Палатага қолында түйіншегі бар, халат жамылған Шүйкетай кіреді.

Шүйкетай. Рәзия! (*Есік алдында әлденеден жасқанғандай тұрып қалады*).

Р ә з и я (*арбада теріс қараган күйі баяу ғана*). Шүйкетай-мысың!

Шүйкетай. Амансың ба, Рәзия.

Р ә з и я. Амандығымды көріп тұрсың гой. Эйтеуір, адаспай тауып келген екенсің. Неше ай іздедің?

Шүйкетай (*жүгіріп келіп қолынан ұстап, содан соң орындықты алып қатарласа отырады*). Рәзияш, кешір, талай рет келдім. Ішке енгізбеді.

Р ә з и я. Бір жапырақ қағаз жазып жіберуге болатын еді гой.

Шүйкетай. Мен... мен енді...

Р ә з и я (*аузын қағып*). Жарайды, сенің ендігі ақталғаныңнан не пайда!

Шүйкетай (*күрсініп*). Рәзия... Шынымен екі аяғыңды да кесті ме?!

Рәзия. Тобығымнан кесіп еді, ол аз дегендей енді тізеден жогары кеспек.

Шүйкетай. Неге?

Рәзия. Гангрена дей ме... Мейлі, енді әйтеуір біткен адаммын ғой. Табаныңмен жер басып жүрмеген соң, түгел кесіп тастаса да бәрібір.

Шүйкетай (*орнынан тұрып, теріс қарап кетеді. Аз бөгеліп*). Рәзия, бойында нәресте бар дейді ғой?

Рәзия. Иә, болса ше?

Шүйкетай. Оны енді... былай дәрігерлерге айтып...

Рәзия. Неге?..

Шүйкетай үнсіз.

Рәзия. Ә, білем, білем. Операция кезінде қыын боларын дәрігер айтқан. Тегі, сені араға салған ғой.

Шүйкетай. Жоқ, Рәзия. Операция кезін білмеймін, одан кейінгі қыындығын айтам.

Рәзия. Не қыындығы?..

Шүйкетай. Рәзия, біз екеуміз аз да болса жолдас боп, үйреніскең жандармыз. Саған жаным ашыған соң тұрасын айтамын. Дос жылатып айтады дейді. Ертең ол баланы асырап, жеткізу азап емес пе.

Рәзия. Оны білем... Мен де саған тұрасын айтайын. Сенімен бірге біраз жыл қыдырып көрген қызығым қызық емес, тұнық суды лайлап жүрген бұзық жандардың есірік, масыл тіршілігі екен. Оның бәрін тежегіші ұстамаған машинада болғанда бір-ақ білдім. Откен істің өкінішін қайтаруға енді дәрмен жоқ. Сол үшін де дүниеге келер сәби азабын тартып, адам етсем, бар қылмыстан арылып, адамдық парызды өтегенім болар еді. Ендігі тілек сол... Мен екі аяғымнан айрылғанда «енди кімге керекпін» деп, сұлгіге буынып, өлгім келді. Енді дүниедегі ең жеңіл өлімді берсе де, одан қашар ем. Өйткені менің де әлі керегім бар екен. Сендерге шіріген жұмыртқа болсам да, дүниеге көзін ашар сәбиге анамын. Менің ендігі досым да, егіз туысым да сол.

Шүйкетай. Жетім-жесір боп, жоқшылықпен өскен балада не қадір. Аңы да болса айтайын: саған енді Мұрат та, Құмарың да қайрылмайды.

Рәзия. Сен де қайрылмассың!

Шүйкетай. Мен енді... келіп тұрармын.

Рәзизя. Шүйкетай, бұдан былай саған жолдастыққа жарай алмаймын, бұдан былай сен де мазамды алмасаң еken. Келгеніңе рақмет. Басым сынып барады...

Шүйкетай (*kemtіp bара жатып*). «Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ». Балажан бола қалған екенсің, әлі өкінерсің, өкінерсің, тұра тұр!

СОТ ЗАЛЫНДА

Рәзизя. Сөйтіп, соңғы өзәзілдігіне көнбекен мені Шүйкетай солай табалап кетті. Бірақ одан кейін ешкімнен ауыр сез естіп көргем жоқ... Ауруханада күн сәулесімен бірге дүниеге келген нәресте атын Сәуле қойдым. Ендігі тіршілігімнің сәулесі де сол еді.

Мұрат. Мен де ауыр соққыдан мәңгіріп, таныстардың бетін көруге шыдамай, ауыл ішіне кеттім. Жар жарасына емші болған — Шәрипа.

Рәзизя. Мен сендерді еш жазғыра алмаймын, жазықты өзім. Ойнақтап жүріп от бастым. Міне, мен сот алдында, бар жүртшылық алдында сен кінәлі атанбасын деп бәрін ақтардым. Кеш мені. Шәрипа екеуіңе тілерім бақыт қана.

Мұрат. Мен де сот алдында, мына жүрт алдында ақталу үшін ақтарылып отырган жоқпын. Өкінішті өмірдің өткінші жауынына төтеп бере алмаған өз кінәмді де түгел айтқым келді. Сен албырт едің, жас едің, өмірдің көп бұралаңынан өткен мен, сенің аз күнгі ақылшың болсам да, тәрбиешің бола алмадым. Сен де кеш, Рәзия!

САХНАДА КӨРІНІС

Палата. Рәзия мен Сәуле.

Сұйуле. Мама, мама, неге үндеңей қалдың? Бар болғаны осы ма?

Рәзизя. Иә, жаным, өзің де енді түсінген шығарсың. Алаканға салып аялаганнан басқа Мұраттың түк кінәсі жоқ еді. Жесірлік ноқтасын өз қолыммен осылай кигем.

С ә у л е. Жоқ, содан әрі не болды? Сотпен айырылысып, мүгедек сені тастап кеткені ме?

Р ә з и я. Айырылыспауға оның да шарасы жоқ еді. Арада жылдар өтіп кетпеді ме. Сен ол кезде бір жасқа толған ең. Мұрат менен құдер үзіп кеткен соң, Шәрипаға үйленіпті. Ол да бұл кезде нәресте күтіп жүр екен. Оның жазығы не? Оны қалай тастасын. Бәрі кеш. Оған жазғырма, күнім. Бәріне мен өзім кінелімін. Мен өзім, жалғыз өзім.

С ә у л е. Жоқ, мама, бар кінәні өзің жалғыз арқалап, оны жазғырма дейсің. Мен қалай жазғырмаймын. Жастық әуенімен жаза басқан ана кінәлі болса да, дүниеге жаңа көзін ашқан сәбидің не кінәсі бар еді?

Р ә з и я. Бәріне кінәлі өзім. Жасымда ешкімді теңгермедім. Ол кезде айнаға шашымды тарағ, киімді түзеу үшін қарамайтынмын. Өзімнің сұлулығымды, басқалардан артықтығымды көру үшін қарайтынмын.

Бар дүние, тіршілікке де солай қарадым. Мен ол кезде кейбір дүниекоңыз, мақтан сүйер жандардың көрмеге гана қойған жылтырақ ыдысы сияқты едім. Енді, міне, сабынның алқындысындаі тозған адаммын. Бойымдағы кір саған дарымасын деп, 18 жыл бойы сені сол сабындаі жуып келемін. Енді соңғы сөзімді тыңда!.. Қызыым, саған айтам!

С ә у л е. Мама, соншама неге таусылып сөйлейсің. Операциядан кейін-ақ айтпайсың ба?

Р ә з и я. Жаным, сен ажала жалынба. Дүниедегі ең қайрымсыз да, адал да ажал. Ол керек еткен күні ешкімнің шағымына қарамайды... Мұратты батыр емес, қорқақ, батыл емес, ынжық деп ем. Кеш білдім, нағыз еңіреген ер, асыл азamat екен. Шын батыр алаңғасар есіріктен емес, салмақты сабырлыдан шығады екен. Мұраттың білегі күшті емес, жүргегі күшті, жүзі сұлу емес, жаны сұлу еді. Қайтейін ерте арындал, кеш білдім. Ендігі бар тілеуім — сен арандамасаң болғаны. Адам қасиетін қастерлей біл. Өмірлік жар дүкеннен сатып алған қуыршақ емес. Оны шашынан сүйреп ойнай алмайсың. Мазагыңда көнбейді. Жазықсыз жанын жаралап алсаң, қайтіп жамауыңа келмейді. Осыны ұқ. Осы тілегімді орындасаң, бүкіл адамзат алдындағы күнәмнан арылғаным. Ендігі арым да, барым да сенсің, құлыным!.. Мұратты келтірмеген де өзім едім. Оны айтуға аузым бармайды. Ол құпияны (жастығының астынан қағағ алады) өзің оқырсың, түсінерсің.

Медсестра келеді.

С е с т р а . Операцияға!

Колясканы демеп Рәэзияны алып кетеді.

С ө у л е . Ма-ма!

Р ә з и я . Берік бол, құлымын!

Түк, түк, түк — жүрек соғысы. Қараңғы тунек. Тек алыста операция жасап жатқан дәрігерлердің көмескі көлеңкесі көрінеді. Түк, түк, түк — жүрек дыбысы. Мазасызданған Сәуле. Қолында анасы тастап кеткен қағаз. Әлден уақытта жүрек дыбысы күрт үзіледі де, дәрігерлер көлеңкесі жоғалады. «Мама!». Шыңғырган Сәуле даусы қайғылы әнге үласады.

Қайғылы ән:

Анашым, анашым,
Шынымен қиганың ба дала таңын,
Артында жалғыз қалды балапаның.
Анашым, анашым,
Шынымен бір күн болмай сұыды ма
Сипайтын маңдайымнан алақаның.
Желге, күнгө тигізбеген
Аялаган баласын.
Қабақ шытып білдірмеген
Тағдыр салған жарасын.
Шыныменен жалғыз тастап,
Кеткениң бе сұық жерге, анашым, анашым!

САХНАДА КӨРІНІС

(Драма эпилогы)

Күркіреген күн, жарқылдаған найзагай. Дүркіреп келіп жауын құйып кетті. Ұзын темір шарбақ. Шарбақ ішінде молалар. Үстінде кең халат, ала көйлек, ала дамбал киген, шәркесін сүйреткен тақыр бас, сақал-мұрты қырынбаған, қызыл мұрын мосқал адам далбаң етіп шарбақ ішінен шыға келеді. Бұл — Құмар. Алсақанында бір уыс күміс. Санап түр.

Кұмадар. Жиырма, отыз, бір сом... бір сом жиырма бес тиын. Oh, жарымаған жарыместер, қалтасынан бір тиын шықса, өліп кете жаздайды. Өңкей қалтырауыцтар. Бәрібір ертең өлесіндер. Сендердің орындарың осы ара. Мен ертең байимын. Бәріңе шашамын. Шашамын дүниеге... Э, ә, қемпірлер келе жатыр. Табамын, қазір-қазір. (*Жүгіріп кетеді.*)

Колшатыр ұстаған екеу терек тубіндегі тасқа кеп отырады. Бұлар Мұрат пен Шәрипа. Шәрипаның қолында шоқ гүл.

Шәрипа. Мына жауын ұзақ жаумаса иғі еді.

Мұрат. Өткінші жауын гой, қазір ашылар.

Шәрипа (*екінші жаққа қарап*). Ана бір жүрген қайыршы ау, киім киісі бір тосын екен, қарашибұзынын.

Мұрат. Қайбір қайыршы дейсің, жалған тіленшілер гой. Бұл араға тек қағылған-соғылған маскүнемдер келеді. Өлік шығарған адамдардан садақа алып, араққа салады.

Шәрипа. Нé деген сұмдық! (*Мұраттың білегінен шап береді.*) Мұрат, Мұрат, мынау таныс. Қ-Құмар емес пе?

Мұрат. Нé дейді?.. Иә, иә Құмар!

Шәрипа. Бұл байғұсқа не болған?

Мұрат. Әбден тозып біткен екен!.. Шәрипа, мен саған айтпап едім. Жақында Құмарға іздеу салған ем. Қазір Құмар ішімдіктен ұстамалы ауруға шалдығып, жындыханаға түсіпті.

Шәрипа. Жындыханаға?!

Мұрат. Иә, арақтың зардабы. Үстіндегі киімдері сол жындыхананікі гой. Тегі, қашып шықкан болар.

Шәрипа. Бұған дейін қайда жүрді екен байғұс, білдің бе?

Мұрат. Совхоз байлығын судай шашып, жігітшілік құрып жүріп, кейін үш жыл отырып шықса керек. Көп жортқан жылан да аяғын көрсетпей ме.

Шәрипа. Мұрат, анау осылай қарай келе жатыр, кетейікші.

Мұрат. Сездірме. Отыра бер. Ауруы ұстаған кезде болмаса, тимейді ондайлар. (*Тақыр басынан су сорғалаган Құмар анадайдан шляпасын шешікендей реверанс жасап, басын иіп, шұбырта жөнеледі.*)

Кұмадар. О благородное создание всемогущего... (*Басын көтеріп алып.*) Ой, мұсылман екенсіндер гой. О-о! Жарық дүниені жалпағынан басып, масайрап жүрген құдай пендесі.

Қазір екі дүниенің деңгейінде отырсың. Оң жағында (көшес жақты нұсқап) қыбырлаған адам, жыбырлаған машина, сеңдей соғылып, сапырылысып жатқан тіршілік, сол жағында (моланы көрсетіп) үнсіз мұлгіген, бұл жалғаннан бейхабар, сөзден де, көзден де мақұрым, тәбе-тәбе бықырлаған мола, мола-аң! Е-е, тірі пенде ертең сенің баратын орның да сол ара, сен де жер томпайтасың. Саған да ертең тірілер тауғиқ тілеп, артында қалған дос-жора жұма сайын еске алып, қайыр-садақасын береді. Сен де көзің ашық, көнілің ояу тірлігінде, кең аспанның астында азат құстай еркін қалқып жүргенде, сүм ақшаға тарлық етпе, ертең шиқ етіп жанаңың шыққанда, асыл жар да, маңыраган мал да, бала да, қала да, дала да, жайқалған бақшаң да, сумандаган ақшаң да артында қалады. Тарылма, тірі пенде, өлгендерді құдай рақмат айласын, сендердің сауаптарың жайласын, өздерің жер басып жүре тұрыңдар. Аллаң ақбар, аумин!

Мұрат (зілді). Барыңыз, ақша жоқ!

Кұмас. Қағаз ақша болмаса, күміс те жетеді.

Шеріпа. Бірдеме берсөнші. (Сөмкесін аша бастайды.)

Мұрат. Бұларға арақ үшін бересің бе? Жоқ, жаман үйретпе.

Кұмас. Әй, жолдас, мен арақ ішем бе, шарап ішем бе, онда шаруаң болмасын, садақаны сұрап бермейді, оң қолыңмен бер, сол қолыңмен бер — бәрібір.

Мұрат. Жоқ дедім гой, жоқ!

Кұмас. Әй, өзің бір өлмейтін сайтан сияқты сараң неме екен-сің (Койнынан түбінде арағы бар четушка алады да, аузын үрлеп, қолымен қайта-қайта шертеді.) Кш-кш, кетіндегі деймін, қарашы жорғалауын, бәрібір сендерді ме, бірге құртартмын-ая!

Шеріпа (чрейленіп) Мынау не айтып отыр?

Кұмас. Әлгі ақбас профессор біздің бөтелкелердің аузына мына ақ тышқандарды ылғи қаптатып қояды. Бәрібір одан қорқайын деп жатқан Құмар жоқ! (Қылқылдатып ішеді.) Әй! (Мұратқа қарап.) Арақ деген не, білемісің, білемісің деймін!

Мұрат. Е, арақ — ішімдік, адамды мас қып есінен тандыратын тентек су, жынды су.

Кұмас. Жын-ды! Сен олай арақты қорлама, үят болады!

Мұрат. Кімнен, арақтан ба?

Кұмас. Арақтан да, оны ішетін тамақтан да.

Мұрат. Сіз күнде осылай ішкенде ауырып қалмайсыз ба?

Құм а р. Түң, сен де бір сөз емес сөзді айтасың-ау. Арақ жүрген жерде ауру жүрмейді. Сен ғой мына жауыннан панарап, тұмау тиеді деп отырысың. Әрине, арақ ішпегенде тұмау тиеді. Ал ішкен адамға жауын тамаша закуска. Қалада ылғи мұрны шуылдаپ, суланып жүретін тұмаукештер бар. Оның бәрі дым сызбайтын найсаптар. Ал ішкен адамның мұрны үнемі қып-құрғақ, жалын атып, помидордай қып-қызыл бол жүреді (*Мұрның көрсетеді*).

Мұ р а т. Эй, қайдам, әйтеуір ішімдіктен гепатит, гастрит дейтін өңкей ит аурулар жабысады дейтін еді. Сіздің мұрныңыз да сондай ит аурулардың бірі шығар?

Құм а р. Жолдас, сен олай менің мұрнымды оскорблять етпе. «Қардың басын қар алады» демекші, әлгі ит ауруларыңыздың басын алатын да арақ итіңіз. Ол төбетіңіз ішке кіріп алып бір үріп береді дейсің, бар қанышық құйрығын қысып, тым-тырақай қашады.

Мұ р а т. Сіз қажымайды екенсіз.

Құм а р. Несіне қажимын, балалар аман.

Жасымда талай қызбен түсіп отқа,
Күйсем де, барғаным жоқ ешбір сотқа.
Шашылған бес баламды асырайды
Детсад пен доммалютка круглый сутка!

А, өлең емес пе, ә?! Үйқас-үйқас, ішкі мазмұнмен қиуласып жатқан жоқ па? Сол үшін. (*Ішеді.*)

Шә р и п а. Жетеді енді.

Мұ р а т. Жоқ, көп сойлесе бұлардың есі кіреді... Сені осы жүрт ауру дейді ғой, рас па?

Құм а р. Ауру, Е-е, ол ана шампан секілді, ақбас профессордың былшылы ғой. Мен жынды емеспін, мас та емеспін. Олар білмейді. Менің бойымдағы сырқаттың бәрі де маниялық ауру. Алғашқыда өлең жазып, ақын болам дедім. Онда мания величия деген ауруға үшірадым. Одан соң қыз атаулы маған гашық болып эротомания дегенге кезіктім. Эротты білесің ғой: гректиң махаббат пайғамбары. Сөйтіп махаббатқа белшемнен батып жүргенде, арақ дариясына да сұнгіп, дипломания дертіне түстім. Арақ ішкен сайын бұрынғы ақындық шабыт түрткілеп қоймайды, өлеңді де арақша сапырып, шампанша бұрқыратып жазып

тастаймын да, редакцияларды да поэзия төңізіне қарық қыламын. Бірақ өлең танитын кім бар, өздері көк инені қөзінен түрте алмай жүріп, білгіштеріне не бересің, сен графоманияға шалдыққан аурусың дейді. Мейлі, не десеңдер о деңдер. Бір сомдарың бар ма одан да деп, қатындары тамаққа берген қалтасындағы құмістерін қағып кетем. Ал соңғы кезде жасыратыны жоқ, мания преследования деген пәле жабысты. Әлті айтқан жетімектер қазір ер жете бастаған сияқты, күнде біреуі папалап соңыма түсіп, жағамнан алатын секілді. Кеш түссе-ақ болды, жындыхананың терезелерінде, бұрыш-бұрышынан жетімектерім елестейді көзіме. (Бетін басып отырып қалады.)

Ш ә р и п а. Жаңбыр басылайын деді, жүрейік.

М ұ р а т. Қап, мынаумен сөйлесудің сәті түсті ме деп ем.

Қ ұ м а р (басын көтеріп). Мен, мен... не айттып кеттім. Тағы да шатасқан екенмін ғой. Ие, не айттым?

М ұ р а т. Мынаган ес кіре бастады.

Қ ұ м а р (саусақтарының арасынан Мұраттарға қарап қройленгендей). Жоқ, жоқ, сен, сен Мұрат емессің бе?

Ш ә р и п а. Таныды, таныды.

Қ ұ м а р. Сен Шә-шә, Шәрипасың. (Ерні дірілдеп.) Мен ауруға шалдықтым ғой. Кешіріңдер! Не айттым, өзім де білмеймін, не айттым сендерге?

Мұрат пен Шәрипа молага қарай жүреді.

Қ ұ м а р. Тоқтай тұрындаршы. Тым құрымаса сау кезімде бір ауыз сөйлесейікші. Тастанаңдаршы, тастанаңдаршы!

Соңдарынан ілеседі. Қайғылы ән — «Анашым».

САХНАДА КӨРІНІС

Зират іші. Жас қабір. Құлпытаста Рәэзияның суреті. Шәрипа қабірге ғұл қояды. Бас киімдерін алып Мұрат пен Шәрипа үнсіз түр. Ән аяқталады.

М ұ р а т. Бұ дүниеден бақытсыз кеткен қыршын жас, күнәміз болса кешу сұрай келдік, топырагың торқа болсын!

Соңдарынан жеткен Құмар суретке үнділіп, шошып кетеді.

Құмар. Мынау Рәэзия гой. Бұл қашан өлген? Сорлы басым, тым құрмаса бір уыс топырақ та сала алмадым-ау!

Мұрат (қабірден алыстап). Бүгін қайтыс болғанына жетінші күн.

Құмар. Сәуле, Сәуле. Қызыым қайда?

Мұрат. Оны да ұмытпаған екенсің гой?

Құмар. Кешіріндер мені! (Екі іні салбырап, тізерлеп отырып қалады.) Рәэзия ауруханаға түскенде одан да, баладан да беziп, Шүйкетайды жұмсағаным рас еді. Ол «құтылдық, бала болмайды» деп келіп еді. Кейін тірі екенін білдім. Кейін сенің алимент төлеп, өкіл әке болғаныңды естідім. Қор болмас дедім.

Мұрат. Жазықсыз сәбиді мен де қор болмасын деп пана ма алғаным рас. Әкелік арды аттап, өз балаңнан сен безгеммен, сот алдына аттан салып, атойладап, әкесі емеспін деп безуге менің арым бармады. «Бірақ мен өлі әке болайын, Сәулеге көрінбейін» деп Рәэзияға ант беріп ем.

Құмар. Қамқоршы болуга ақылың жеткенде, бір көрінуге дәтің жетпегені қалай?

Мұрат. Күндердің күнінде, бүгінгідей қызыым қайда деп үялмай сұрарыңды біліп ем. Сол кезде күнде көріп бауыр басқан қызыым шын әкесін тапса, екінші рет соққы жеуден артық жаза болмас еді. Екі рет, бір-ақ рет өлген әке боп, Сәуле алдында қылмыс арқаладым.

Шеріпа (алысқа қарап). Мұрат, Сәуле келе жатыр!

Мұрат (абыржып). Сәуле! Бүгін мен не де болса бар шындықты айттып, ағынан жарылармын деп бел байлап ем. Осы арада кездесерімді білгемін. Бірақ сен тап болар деп ойламап ем. Ал енді өзің сөйлес Сәулемен, өзің жарыл ағынан! Әкелік атыңды өзің арашала!

Қайғылы ән — «Анашым». Мұрат пен Шәрипа үзаңқырап тұрады. Қара жамылған Сәуле анасының қабіріне гүл қойып, ән аяқталғанша үнсіз тұрады.

Құмар (тізерлеп отырған қалпы). Сәуле, жарығым, қызыым!

Сәуле (жасты көзін бұрып, баюз ғана). Сіз кімсіз?

Кұм ар. Мен... мен Құмармын... Әкеңмін, қызыым!

Сәуле (баяу ғана). Мен сізді танымаймын...

Кұм ар (тізерлеп, ерні кемсендеп, дірілдеген қолын созып, жақындаиды). Қызыым, мен шын әкеңмін. Кешір мені. Әкеңмін!

Сәуле (баяу ғана). Жо-жоқ, сіздің әке болуга хақының жоқ, сіз, сіз тіршілікке жетімдік етіп жүрген қатыгез жансыз.

Шәрипа, Мұрат, Сәуле бір-біріне қарсы жүріп тұрып қалады.

Шәр и п а. Қарғам, мамандың топырағы торқа болсын!

Мұра т. Қайырын берсін! Жан күйзелетін қаза болды. Амал не!

Сәуле (жасты көзін көтеріп). Мені тастап кетті... Жалғыз... Жалғыз қалдым гой!

Мұра т (басын көтеріп). Неге олай дейсің, жаным. Біз бар емеспіз бе, қызыым!.. Қызыым!

Сәуле. Па-па! (Қүшақ жайып ұмтылысып, бірін-бірі құшагына алады.)

Кұм ар (көзі аларып, шошып). Бармаймын! Мен жынды емеспін! А-а-а-а!

Айғайлаған бойы молаға жүгіріп көрінбей кетеді. Құн күркіреп жарқылдайды. Жауын жауып кетеді. Мола ішінен күркіреген күндей Рәэзияның үні: «Қызыым, саған айтам, ендігі арым да, барым да сенсің! Қызыым, саған айтам!» Дауыс тұншыға бітеді. Музыкалық тәмәм.

С о ң ы.

ӨЛАРА

(Екі актілі деректі драмалық хроника).

Қатынасушылар:

В.И. ЛЕНИН

Ф.Э. ДЗЕРЖИНСКИЙ

ФОТИЕВА ЛИДИЯ АЛЕКСАНДРОВНА – СТО және
СНК хатшысы

ЖАҚАЙ ТАЙШИЕВ – В.И. Ленин сақшысы, кейін «Петрокок» құрылышының қызметкери, продналог инспекторы

ТОМЧУК ИВАН АНТОНОВИЧ – Петрокок темір жол торабы құрылышының бастығы әрі бас инженері

ИЛЬИН ЛЕОНИД ИВАНОВИЧ – Петрокок темір жол торабы құрылыш бастығының орынбасары әрі Еңбек, Қорғаныс Кеңесінің және Халық шаруашылығы Жоғарғы Кеңесінің өкілі

ЖУКОВ ПРОКОПИЙ КАЛИНОВИЧ – Көкшетау уездік атқару комитетінің председателі

АРТЮХОВ Я.С. – Азық-түлік халық комиссариатының қызметкери

НУРИСЛАМ – милиционер, татар ішінде өскен жігіт (қазақшага татар сөздерін араластыра сейлейді)

НОЯН – жұмысшы, 45 жаста

ЖАСАҒАН – жұмысшы, 55 жаста

ӘЛИМА – жұмысшы қызы, 17 жаста

ШӘЛТІК – жұмысшы, 45 жаста

САЛИХА – аспазшы, 45 жаста

НЕСТЕР – бұрынғы патшалық Ресей солдаты, соғыс мүнедегі, ағаш аяқ

КИРИЛЛ – орта шаруа

БОТАШ – жалшы

КҮЛӘНДА – Жақайдың қалыңдығы

ХРИСТОЛЮБОВ – кулак

МАТАЙ – бай

БЕЛОВА – banda атаманы

КОРНЯК – ақтың офицері (көзілдірікті полковник)

МАХНОВ – ақтың солдаты

Прологте солдат, эсер (жаршылар)

Оқиға 1921 жылдың ішінде өтеді.

БІРІНШІ АКТ

Бірінші бөлімге кіріспе

Прологтің басынан аяғына дейін революция, азамат соғысы жылдарындағы музыкалы қүй баяу ойналып тұрады. Сахнада екі адам — азамат соғысының солдаты және эсер партиясының мүшесі. Үстібасы жүдеу солдаттың қолында винтовка, арқалаганы қап. Қара фрак, үзіліндр қалпақты эсер жұмсақ фаэтон үстінде сөйлеп тұр.

С о л д а т. Жас Кеңес өкіметіне жан-жақтан қауіп төндірген жау жеңілді. Антанта айтағындағы Колчак, Юденич, Деникин, Врангель ойнатқан соғыс нажағайынан аспанымыз тазарды. Енді көгімізді басқа қара түнек, ауыр бұлт басып келеді.

Э с е р (*жар салғандай, қуанышты айғайлап*). Кеңестік Ресей енді бұл бұлттан айыға алмайды. Бұған қару да, үгіт-насихат та жүрмейді. Бұл — тілсіз жау. Большевиктерге жеткен апат. Аштық апаты. Мәскеу, Петроградтағы жұмысшылар, Еділ бойындағы шаруалар бір үзім нансыз қалды. Ауруханаларда сүзек, іш ауруымен жатқандар сыймайды. Көшеде қайыршылар!

С о л д а т. Еліміздің астықты аудандарында продотрядтар аштық жайлаган жерлерге азық-түлік дайындауда.

Э с е р. Барап жер қалмай жарға тірелген большевиктер жанталасып проразверстка, продналог — жаңа экономикалық саясат дегенді ойлап тауып, халықтың қанын сулікше сорып отыр.

С о л д а т. Аштық — фабрика мен зауыттардың тіршілігіне қауіп төндіріп тұр. Фабрика, зауытсыз күйзелген түрмисты жөндеуге болмайды. Күйзеліске жаны кірген кулактар, орта шаруалар қолындағы артық астығын бермей, жасырып отыр.

Э с е р. Елден жинаған азбыншы астық пойыздармен Сібір, Қазақстаннан келеді. Қап арқалаган бүкіл Ресейдің ол жұмырына жүқ болар ма?! Еділ бойы, Татария, Башкириядан аштар Сібірге, Солтүстік Қазақстан жеріне лег-легімен көшіп, ауып жатыр. Көбі жол бойы аштан өліп, қырылып жатыр.

С о л д а т. Бұл кеэде Сібір мен Қазақстанның ұраны — «Астық үшін күрес — социализм үшін күрес!» Солтүстік Қазақстанның даласында тынымсыз ағылған түйелер керуені, азық-түлік артқан көліктер көші.

Ә с е р. Бәрібір Қеңестік Ресей аштық алапатынан құтыла алмайды. Құннен-құнгеге қайыршылық өсіп, социализм қан тамырының соғысы бәсендеп келеді. Бұл — тұнғиыққа құлаудың басы.

Бірінші көрініс

В.И. Лениннің Горькийдегі жұмыс бөлмесі. (Бұл кездे — 1921 ж. 1—22 қаңтарында демалыста болатын.) Жазу үстелінің қасында Лидия Александровна Фотиева отыр. Ленин телефонмен сөйлесіп тұр.

Л е н и н (телефонмен). Жолдас Кизас, енді Еңбек және Корғаныс Қеңесі председателі атынан Наркомпрод жазған телеграмма мазмұнын оқып берінді...

(Телефонда Совнаркам телеграммалар бюросының менгерушісі Кизастың үні. Ленин тыңдал тұр). Бірінші телеграмма: «Омбыға, Сибпродкомның председателі Кагановичке. Арнайы бүйрекпен күнде кемінде екі вагон астық Екатеринбург үлестіру қоймасына, бір пойыз ет Мәскеуге Наркомпрод атына жөнелтіліп отырылсын...» Екінші телеграмма: «Челябинскіге, Губпродкомиссар Гринюкке. Арнайы бүйрекпен күніне астық артқан екі маршрут етпен Мәскеуге Наркомпродқа жөнелтіліп тұрсын. Он бес вагон азық-түлік Омбы темір жолы арқылы Өңгістік Оралға жөнелтілсін». Үшінші телеграмма: «Түменге, Губпродкомга. Арнайы бүйрекпен қаңтар ішінде он бес маршрут астық Екатеринбург үлестіру қоймасына, сегіз маршрут Петроградқа, Наркомпродтың тоңазыту қоймасының атына жіберілсін...»

Л е н и н. Дұрыс. Телеграммалардың соңына менің фамилиямды қоюға рұқсат. Бүгіннен қалдырмай тікелей байланыс арқылы жөнелтіңдер. (Тұтқаны іледі.)

Л е н и н. (Фотиевага). Лидия Александровна, мына хат жолдас Середаға. Сибревкомның председателі Смирнов жолдас Сібір мен Солтүстік Қазақстанға 100 мыңдай гана адамды қоныстандыруға шамамыз келеді деп хабарлаған. Ал Қазақстан Совнаркомының председателі Радус-Зенькович жаңа қоныстанушыларды қабылдаудан үзілді-кесілді бас тартады. Осы хатты алысымен Середа жолдас Радус-Зеньковичпен сөйлессін және қанша адам қабылдайтынын анықтасын.

Ф о т и е в а. Владимир Ильич, Середа жолдас қазір ауырып жатыр.

Л е н и н. Онда хат Наркомзем коллегиясының мүшелері Муралов, Теодорович, Кураевтардың біріне табыс етілсін.

Ф о т и е в а. Мақұл, Владимир Ильич.

Л е н и н. Мына хат кеше осында келіп кеткен Эзіrbайжан делегациясының мүшесі, темір жол жұмысшысы Касумовқа табыс етілсін. Осы хат арқылы ол Наркомпродтан Баку жұмысшыларына азық-түлік, киім-кешек жөнелтілуін талап етуіне болады.

Ф о т и е в а (хатты алып). Мақұл, Владимир Ильич.

Л е н и н. Гляссерге тапсырма – Иосиф Виссарионович Сталин жолдасқа күнде дәрігер шақыртып тұру үшін Аллилуевамен келісіп, уақытын белгілесін. Содан соң менің кабинетіндегі үстел үстінде, әйтпесе «вертушканың» үстінде болар, «РКП(б)-ның IX съезі», «Біздің партияның жаңа міндеттері» атты кітаптарымды жібере салсын деп Гляссерге менің өтінішімді айтыңызшы.

Ф о т и е в а (бәрін жазып алып). Мақұл, Владимир Ильич!

Л е н и н. Ал сау болыңыз, Лидия Александровна!

Ф о т и е в а. Владимир Ильич! (Сәл бөгеліп.) Сізге де менің бір өтінішім бар еді.

Л е н и н. Айтыңыз, Лидия Александровна!

Ф о т и е в а. Сіз демалыстағы адамсыз, көнілінізге келмесін, Сізге көп жұмыс істеуге болмайды. Аязды далада жүріп көбірек тынығуыңыз керек.

Л е н и н. Осы ма өтінішіңіз?

Ф о т и е в а. Бұл дәрігердің бүйіріғы!

Л е н и н (қуақыланып). Сонда дәрігерлер менің ғұмырымды үзартуды ойлайды-ау тегі, Лидия Александровна!

Ф о т и е в а. Әрине, әрине, Владимир Ильич! Сіздің денсаулығыңыз болашақ өмір үшін, халық үшін, жақсы тұрмыс үшін қажет!

Л е н и н. Рақмет, Лидия Александровна! Болашақ жақсы өмірді көрү, әрине, бәрімізге де қымбат. Ал сол тамаша тұрмыс үшін өз өміріміздің қысқарғанына қарамай нәтижелі еңбек, мағыналы тіршілік ету, сол арқылы өзіңіз айтқан жақсы болашақты тездету – бәрінен қымбатырақ! Лидия Александровна, ренжи көрменеңіз!

Фотиева кетеді. Телефон шырылдайды. Ленин телефон тұтқасын көтере бергенде, ішке Жақай Тайшиев кіреді.

Л е н и н (*тұтқаға*). Гапу етіңіз, бір минут!

Ж а қ а й. Рұқсат па екен? (*Честь беріп*.) Владимир Ильич, Сіздің шақыруыңызben келіп тұрган сақшы Жақай Тайшиев!

Л е н и н. Отырыңыз!

Ж а қ а й. Владимир Ильич, сыртта екі адам Сізге кіруге рұқсат сұрап тұр... Сіздің шақыруыңызben. Пропускілері бар.

Л е н и н. Кірсін деңіз. Және өзіңіз де бірге кіріңіз. Құзетті тапсырған боларсыз.

Ж а қ а й. Тапсырдым; Владимир Ильич! (*Жақай кетеді*.)

Л е н и н (*тұтқаға*). А, жолдас Литвинов! Сіз Воровский жолдаспен сауда өкілі ретінде Италияга бару жөнінде сөйлесіп, менімен хабарласыңызышы... Иә, бүтіннен қалдырмаңыз.

Тұтқаны іледі. Ішке Жуков, Томчук және Жақай кіреді.

Ж у к о в. Т о м ч у к . Саламатсыз ба, Владимир Ильич!

Ж у к о в. Демалыс уақытыңызда сіздің мазаңызды алмадық па, гапу етіңіз!

Л е н и н. Адамдармен әңгімелесу, алыстағы ел жағдайларына қанық болу, әр күннің жұмыс сыйбагасын орындау — мұнан асқан демалыс бар ма? Жайғасып отырыңыздар. Тайшиев жолдас, сіз де отырыңыз.

Ж а қ а й. Маған отыруға болмайды, Владимир Ильич!

Ж у к о в. Владимир Ильич, мен Солтүстік Қазақстан атынан Кеңестердің Бүкілресейлік VIII съезінің делегаты ретінде келіп отыромын.

Т о м ч у к . Мен өзініздің шақыртуыңызben.

Л е н и н (*Жуковқа*). Сіздің аты-жөніңізben сырттай қанық-пын. Прокопий Калинович Жуков, Көкшетау уездік атқару комитетінің председателі. Солай емес пе?

Ж у к о в (*орнынан тұра бере*). Солай, Владимир Ильич!

Л е н и н. Отыра беріңіз, Прокопий Калинович... Әңгімені сізден бастайық. Уезіңіздегі басты шаруашылық қандай?

Ж у к о в. Мал шаруашылығы. Егін шаруашылығы да баршылық. Бірақ мал да, астық та негізінен байлар мен қулактардың қолында. Продразверсткада ең көртартпа элементтер — осы қулактар мен байлар болды.

Л е н и н. Әрине, олар еш уақытта құшағын ашып қарсы алмайды. Олардан ала білу керек.

Ж у к о в. Дәл солай, Владимир Ильич.

Л е н и н (Жуковқа). Ресейдің аштыққа үшыраған облыстарына Сібір аудандары мен Солтүстік Қазақстанның қанша азықтұлік беруге мүмкіндігі бар? Соны айтыңызшы.

Ж у к о в. Біз алдын ала есептедік. Дәл айту қиын. Жобамен 20—25 миллион пүттай астық, миллионға жуық ірі қара және үсақ мал.

Л е н и н. Өте жақсы, өте жақсы! Иван Антонович, міне, естіп отырсыз, Сібір аудандары мен Солтүстік Қазақстаннан ғана осыншама азық-тұлік дайындалса, бұл, сөз жоқ, үлкен жеңіс, қолға тиген әр пүт дән, аштық апатынан адамдарды ғана құтқарып қоймайды, сонымен бірге, күйзелген губернияның шаруашылығы мен тарыққан жеңіл, ауыр өнеркасіп жүйесін де сақтап қалады. Сондықтан да бұл жағдайды мейлінше терең, түбегейлі түсініп, оны орындауға тиістіміз деп қана емес, өздерінізді міндеттіміз деп санаңыздар.

Ж у к о в. Ақтық күшіміз жеткенше бұлжытпай орындаімыз, Владимир Ильич. Көліктің ең қолайлы түрі — түйе керуенімен, ара-арасында тарантас, бричка, таратайқа, ходок, екі аяқ арбалармен тасуға тұра келеді...

Л е н и н. Бүкіл Азия мен Еуропа мәдениеті бір кездे осы керуен жолдарымен жүріп, алмасып тұрған. Сіздің жерлесінің Жангелдиннің интернационалдық отряды үш мың шақырым жолды түйе керуенімен өтіп, революцияға зор көмегін тигізді. Әрине, шөл далада есілген құм үстімен түйеден басқа көлік жүк артып өте алмаған да болар еді. Ал қазіргі жағдайда керуенниң жүрісі шабандau емес пе, жолdas Жуков?

Ж у к о в. Солайы солай гой, Владимир Ильич. Бірақ басқа амал жоқ. Өзім де айтуға оқталып, көмейіме тіреліп отыр еді.

Л е н и н. Сіз қысылмаңыз, көкейінізде дүдемал құдікті ойлар болса, бүкпесіз ашып айтыңыз. Бояма, жылтырақ сөздер, құрғақ уәде, жалған ақпар — міне, іске кедергі келтіретін зиянды, қауіпті дүниелер. Барымыз бен жоғымызды жасырмай, басынан ашып алсақ, кейін батыл сөйлеуімізге жеңіл болады. Құлагым сізде, Прокопий Калинович!

Ж у к о в. Жол өте алыс, Владимир Ильич. Ұлан-байтақ қазақ даласындағы Ақмола губерниясының шеткі облыстары Петро-

павлдан мың шақырымдай қашықтықта. Бұл екі орта көлікке де, адамға да жайсыз. Оның үстінен тап жаулары да — бай, кулактар, ақгвардияшылар қалдығы, шамасы келсе, талап жеуге әзір. Азық-түлік өнімдерін дайындау қындығы өз алдына да, бұл өнімдерді Қазақстаннан тасып әкетудің қындығы өз алдына бір бөлек мәселе.

Л е н и н. Міне, сол себепті, бүгінгі күні де, келешекте де өлкедегі астықты аудандарды еліміздің өнеркәсіп орталықтарымен байланыстыру мақсатымен РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесі 1918 жылғы 3 сәуірде Петропавл — Қекшетау жолын, яғни Петрокок жолын салу жөнінде қаулы еткен. Шетелдік интервенция мен азамат соғысы бұл жоспарға мейлінше кедергі жасады. Петрокок темір жолын салу — қазіргі кезде уақыт күттірмейтін тығыз шаруалардың бірі. Өйткені бұл жол бүгінгі күні де, болашақта да аса маңызды азық-түлік торабы болмақ. Иә, аса маңызды әрі екпінді азық-түлік торабы!.. Петропавл мен Қекшетаудың арасы қанша, 200 шақырымдай болар, сірә, жолдас Тайшиев?

Ж а қ а й. Тура жүрсе 180, ал былай 200 шақырым, асуымен болады. Олай дейтінім — темір жолды түп-тура салу мүмкін емес. Арада көлдер, томарлы сұлар, батпақты қопалар көп.

Л е н и н. Егер, сіздер 200 шақырым темір жолды бір жарым жылдай уақытта төсеп үлгерсөніздер, болашақта темір жол шұрайлы, қүйікалы қазақ даласын белдеуlep, әрі қарай үзай бермек, тармақталып кете бермек. Ойлаңыздар, он жылда жол қаншама жерді қамтиды?!

Осы жолмен жүретін пойыздарға тиеп, ертеңгі күні сол далага, астықты, малды далага, жүз мың бірінші класты тракторлар жөнелтіп, оларды бензинмен, машинистермен қамтамасыз етсек, онда орта шаруаның өзі: «Мен коммунияны қолдаймын!» — деп шыға келер еді. Әрине, бұл әлі фантазия. Міне, осы жол құрылышының болашақ бас инженері Иван Антонович Томчук жолдаспен де бұрын алдын ала қылдасып, жоспарлаған едік. Қалай ойлайсыз, Иван Антонович, Петрокок темір жолы құрылышын бір жарым жылдың ішінде аяқтау мүмкін бе?

Т о м ч у қ. Егер құрылыш материалдары дер кезінде жеткізіліп, жұмысшылармен, көлік, киім-кешек, құрал-саймандармен қамтамасыз етуде жергілікті мекемелер де жәрдем етсе, одан да жылдамырақ аяқтауға әбден мүмкін.

Л е н и н. Ал үкімет таралынан, өндіріс орындары жағынан

сіздерге қандай көмек қажет?.. Прокопий Калинович?.. Иван Антонович?

Жуко. Өндіріс орындарына қазіргі ауыр жағдайда біз көмек көрсетуіміз керек, ал... олардан жәрдем сұраудың өзі... Владимир Ильич...

Ленин. А-а, жәрдем... Міне, өзіңіз дұрыс айтып отырысыз. Сіздерге Халық шаруашылығы Кеңесі тарарапынан бірнеше ондаған автомашина беру көзделіп отыр. Аса үқыпты пайдалансаңыздар шаруашылық жұмысъына автомашиналар көп септігін тигізбей мег? Бұл жәрдем емес пе?

Жуко. Эрине, тамаша септігін тигізер еді, Владимир Ильич... бірақ...

Ленин. Иә, иә, бөгелменіз, айтыңыз, не бірақ?..

Жуко. Жанармай мәселесі қыын болмас па екен?

Ленин. Дұрыс айтасыз, өте дұрыс! Бұкіл елімізде жанармай мәселесі мықтап шешілмей, шаруашылықтың қай саласы болмасын ілгері баспақ емес!.. Ал әзірше, біз алдын ала ойластырық, сіздерде Айдабол спирт зауыты бар емес пе?

Жуко. Иә, Владимир Ильич!

Ленин. Міне, сол зауыттан сіздердің жұмыстарыныңдың төтеше қауырттылығын, екпінділігін ескере отырып, 2 мың шелек спирт босатуды үйғардық... Үнемдеп жұмсаңыздар, үнемдеп...

Томчук. Эрине, Владимир Ильич, эрине!

Ленин. Тағы да қайталап айтамын — біздің алдымызда кулактармен аяусыз құресп тұр, аяусыз! Бұл құресте Петроград, Иваново-Вознесенск жұмысшылары үлкен жәрдем етуге даяр. Сіздерге ең табанды, шынықкан жұмысшылардан бірнеше прод-отряд жіберілмекші.

Жуко. Бұл тамаша көмек, Владимир Ильич!

Ленин. Бірақ сырттан келетін адамдардың көмегіне сеніп, жайbaraқат қол қусырып отырып қалмаңыздар. Жергілікті адамдардан жұмысшы, инженерлер, басшылық қызметке кадр даярланыздар, тәрбиеленіздер. Негізгі көмек, болашақтағы күш — жергілікті адамдардың инициативасына, социализм құрылышына деген қалың бұқараның ниетіне байланысты болмақ. Мысалы, міне, жолдас Жақай Тайшиев. (Жақай қалт тұра қалады.) Петрокок жұмысъына сіздің барғыңыз келеді гой.

Жақай. Эрине, Владимир Ильич! Үлкен рақмет! Қасық қа-ным қалғанша аянбай жұмыс істеуге әзірмін.

Л е н и н. Жақай Тайшиев сіздің жерлесіңдіз, Прокопий Калинович. Міне, нағыз жергілікті кадр!

Ж у к о в. Бірақ маман емес қой, Владимир Ильич! Гапу етіңіз.

Л е н и н. Жолдас Тайшиев, өмір тарихыңызды, түнеугұні поста тұрып айтқаныңыздай, тапжылтпай қайталап беріңізші.

Ж а қ а й (нақпа-нақ). 1916 жылы қара жұмысқа алындым. Окоп қаздым. Соғыста қираған темір жолдарды жөндеу мамандығын игердім. Кейін Жангелдин отрядының жауынгері болдым. Қазір қызыл командирлер даярлайтын Бірінші пулеметшілер курсында, ВЦИК атындағы мектепте оқимын.

Л е н и н. Қалай, Иван Антонович, Прокопий Калинович? Егер жолдас Жақай Тайшиевтей қызыл командирлер табыла берсе, Петрокок құрылысына жаман болмас еді.

Ж у к о в, Т о м ч у к. Сөз жоқ, сөз жоқ, Владимир Ильич.

Л е н и н (устел үстіндегі қагаға қол қойып, Томчукке). Иван Антонович, мынау сізге мандат. Петрокок құрылыс мәселесіне байланысты қандайда қыншылықтар, кедергілер кездеседі – тікелей менімен хабарласып тұрыңыз. Ал жолдарыңыз болсын, іске сәт, жолдастар!

Ж у к о в, Т о м ч у к, Ж а қ а й. Сау болыңыз, Владимир Ильич! (Жуков, Томчук, Жақайлар шыға береді.)

Л е н и н. Тайшиев жолдас! Бірер минутқа бөгеліңізші. (Қағаз алып жаза бастайды.) Мына қағазды Кремльдің Комендант басқармасына беріңіз. Екі пардан киім-кешек аласыз. (Жақайдың көзі еденде, бұрышта жатқан телефонға түсken. Ленин байқап қалды да, еденнен телефонды алып Жақайға береді.) А, бүгін жана телефон қойған екен, ескісін ауды ұмытып кеткен гой, ауыз бөлмеге қоя саларсыз.

Ж а қ а й (телефонды үстап тұрып, батылданып.) Владимир Ильич, осы телефоныңызды маған беріңізші, көзіңіздей көріп жүрейін!

Л е н и н (сөл таңырқай, күлімсіреп). Ала қойыңыз, жолдас Тайшиев.

Ж а қ а й. Рақмет, Владимир Ильич!

Л е н и н (арқасынан қағып). Қазір еліміздің халі ауыр кез, Петрокок темір жолын тез арада бітіру керек. Сол біткен соң қайтадан келіп оқуыңызды тәмемдаңыз. Есіңізде болсын, қалыңдығыңызды ала келіңіз! Уәде? (Колын алады.)

Жаңа қаңырау! Рақмет, Владимир Ильич! Уәде! Тапсырмалықтың бүлжытпай орында, қайта ораламын! Өмір бойы сіздің сақшыңыз боламын!

Екінші көрініс

Жаңа темір жол құрылышындағы жұмыс ыргағы: шақ-шақ еткен, шынылдаған темірлер, гүрс-гүрс соғылған қайла, сүймен дыбыстары. Жер қазып, балшық лақтырған адамдардың үні. Солардың арасынан бағанагы ілген сыйның рельсті ұрган балға дыбысы естіледі. Бұл — жұмыстың аяқталғанын білдіретін немесе тамаққа шақырған хабаршы белгі.

Інші қарандылығы. Көкжиекте (задник) төселген темір жол шұбатылып жатыр. Қалқиған қос көрінеді. Қос сыртында арба түр, көр-жер құрылыш материалдары, шпалдар, зембілдер шашылып жатыр. Қостан әрірек, жерошақ маңында ас пісіріп, күйбендерген әйел жүр. Бұл — Салиха. Бірі қайласын, сүйменің, бірі қүрегін иықтарына салып, дабырласып жұмысшылар келеді. Ноян, Жасаган, Әлима. Шәлтік басын бүркеніп алып, қорылдап үйқтап жатыр. Ноян оны жағасынан бүріп, тік көтеріп алады.

Ноян (ызалы). Oh, үятсыз неме! Тағы да қара басқан еken, тағы да!

Шәлтік (қырылдал). Жібер, жібер! (Сылқ етіп құлайды.) Құрдас екем деп, басынба олай! Ауыруға да болмай ма?

Ноян. Қөрдік, ауруың асқынған еken. Сілекейің шұбырып, қорылдал тұрып жатырсың.

Шәлтік. Мен өзі солай ауырамын!

Ноян. Шорту-морту! (Күрегін шыңдаіп бастайды.)

Жасаган. Эй, Шәлтік, шын үткен жоқ еken. Бүгін сенің кесіріңнен нормамызды орындаі алмай қалдық.

Әлима. Бүкіл ел болып мың-мың адам жабылып, күні-туні тынымсыз жұмыс істеп жатқанда, үйқтауға келіп пе едіңіз.

Шәлтік. Сендер келсендер соқа бастарың. Ал мен ат-арбаммен келдім. Мына шойын жолдың құрылышы, көрерсіңдер, енді екі-үш жылсыз бітпейді, әлі күнге дейін Қызылжардың түбінде көртышқан құсап жерді бүркыратып қаза береміз, қаза береміз...

Н о я н. Е-е, тыныштықпен қаза берсең ұлы той ғой, Жасеке, Колчактың қалдықтары бай-кулактармен қосылып, тағы да ордалы қасқырларша жиналып, көтеріліс ашуға әзіrlenіп жатыр дейді. Негізгі көздейтіндері — осы құрылыш.

Ж а с ағ а н (*шиңдал отырған күргегін қоя салып*). Оны кім айтып жүр?

Н о я н. Ана орыс жұмысшылары айтады.

Ж а с ағ а н. Олар біледі, біледі. Тағы да бір сойқан болады десейші.

Н о я н. Қазір жұмысшыларға қару-жарақ алдырып жатқан көрінеді. Бір қолымызға мылтық, бір қолымызға қүрек алып жұмыс істейтін боламыз әлі!

Ш ә л т і к (*орнынан атып тұрып*). Әліма, атты сыртқа ту-сан жіберіп пе едің? Осы ашық-жарықта елге кеткенім жөн сияқты. Шынында, осы жұмыс менің қолым емес!

Ә л и м а. Ұялмайсыз, ә? Еркек басыңызben бас саугалағыныз келеді, ә?

Ш ә л т і к. Эй, сен қыздан-ақ көретін болым ғой! Онда тұрған не үят бар!

Н о я н. Осыдан кетіп көр, шорту-морту. Кімнен сенің жаңың ардақты? Ана Жақайдан үят та!

Ш ә л т і к. Ол кімнің шікіресі?

Ж а с ағ а н. Қарағым, ол Лениннің өзінен келген адам!

Н о я н. Төңкеріске қатысқан. Біз үшін қан кешкен адам.

Ш ә л т і к. Біз үшін? (*Кекесін күледі.*) Сенгіштерін бұлардың...

Н о я н. Өй, шорту-морту! (*Күргегін шықылдата ұрып-ұрып жібереді.*) Тіліңде шоқ түссін... Салиха-а, ас дайын ба, ас? Көне, таңнан тұрамыз, ертерек жатайық.

Ж а с ағ а н. Оу, айтқандай, әлгі Жақай інішекті шақырмап па едіңдер?

Ш ә л т і к. Эне, келе жатыр сөмкесін салақтатып. Ботқала-рынызды түсіре беріңіздер.

Ә л и м а (*алысқа қарап*). Шынында да, осы кісі сөмкесін қасынан бір елі тастамайды, ә?

Ш ә л т і к. Оның ішінде... Бәсе, бәсе, мылтық бар, мен білсем. Ол осындаі бір сұрқылтайдың боларын құн ілгері біліп жүр екен ғой.

Н о я н. Құнде сол сөмкені ауыздарыңа бір алмасаңдар, көнілдерің көншімейді-ау! Қөйлек-көншегі шығар ішіндеңі.

Ш ә л т і к. Иә деген, онда жуғызбай ма? (*Жақай келеді.*)

Ж а қ а й. Кеш жарық.

Ш ә л т і к (*орнынан атып тұрып*). Айналайын, сөмкеңді маган бер, біреу ұрлап кетеді.

Ж а қ а й (*жымыып*). Сіздей жалқау адамға ұстатуға болар ма екен.

Ш ә л т і к. Немене, ішінде мылтық бар ма, асыл тас бар ма?

Ж а қ а й. Одан да қымбат нәрсе бар.

Н о я н (*Шәлтікке*). Шорту-морту... (*Жақайға.*) Жақай інішек, осы сөмкенің ішіндеңігे мына Шәлтіктің құмартқанына бірнеше құн болды.

Ә л и м а. Шәлтекең түні бойы құрсініп, пысылдал, қорылдал, үйқтай алмай шығады.

Ш ә л т і к. Әй, қарағым, қыз басыңмен тілің мен жағыңа сүйенбеші. Інішегім, не бар ішінде, айтшы, айта қойшы.

Н о я н. Айтшы, жерігі басылсын!

Ж а қ а й. Кәне, не бар дейсіздер? (*Салиха да ошақ басынан жүгіріп келген.*)

С а ли х а. Алтын.

Ш ә л т і к. Оны мен айттым: алтын және күміс.

Ә л и м а. Балғаның, шоттың, кетпеннің, құректің, тағы тағылардың басы.

Ш ә л т і к. Атаңның басы! Әһ, саған айтқан жоқпын.

Ж а қ а й. Таппадыңыздар.

С а ли х а. Жиқының кептиген қазы-қайталайы.

Ә л и м а. Мен таптым! (*Күліп.*) Пойыздың доңғалағы!

Ж а с ағ а н. Айдың сынығы!

Ш ә л т і к. Қазақы араба!

Н о я н. Отарба! (*Жақай басын шайқап түр.*)

Ш ә л т і к. Таптым-таптым!

Ә л и м а. Міне, ертегінің тапқышы.

Ж а с ағ а н. Иә, не екен?

Ш ә л т і к. Мұның ішінде... мұның ішінде, дәу де болса, түк те жоқ... Вот, солай.. (*Бәрі құледі. Шәлтік жыламсырап.*)

Қарағым, айтшы, ойпышым-ай, үйқтай алмайтын болдық-ау, айтшы!.. Ал айтпасаң, мен ертең жұмысқа шықпаймын.

Ж а қ а ѹ. Жарайды, көрсетейін сіздерге. (Сөмкені ашып, ішінен телефон шығарады.)

Б ә р і (*таңырқап*).
— Бұл не?

— Не нәрсе мынау?

— Ой, алмай?

Қолында кәкпірі бар Салиха да жүгіріп келген.

С а л и х а. Қаяғым-ау, бұл не нәйсе?

Н о я н (*еріншектеу*). Е-е, бұл өлгі сөйлесетін, немене еді, Ақмолада көргенмін, сол емес пе?

Ж а қ а ѹ. Иә, Ноян тапты. Телефон дейді мұны.

Б ә р і. Тләйпон?

— Глибон?

Ж а қ а ѹ. Теле-фон!

Н о я н (*манғаздана*). Мұнымен ту-ту Мәскеумен сөйлесуге болады.

Б ә р і. Не дейт?

— Мәскеумен?

С а л и х а. Қалай сөйлеседі? Шын ба, қаяғым-ау?!

Ш ә л т і к. Іә деген, әйтеуір оқымаған қаранды деп бізді алдай берсөңдерші...

Н о я н. Ой, шорту-морту, алдағанда, біреу сенен ақы сұрап отыра ма еken!

С а л и х а. Мынау би жақсы нәйсе бойды ғой өзі.

Ш ә л т і к. Ал шын еken? Онда берші маған, үймен сөйлесе қояйын.

Н о я н. Эй, Шәлтік, өзің бір қаранды десе, қарандысың-ау, шорту-морту. Эйеліңмен сен қалай сөйлесесің, оның осындағы тлипоны бар ма еді тыңдайтын? Ҳа-ха. Дұрыс емес пе, Жақай?

Ж а қ а ѹ. Иә, иә, бұл жерден сөйлесу үшін, ол жақта да нақ осындағы телефон болуы керек.

Ж а с ағ а н. Жөн, жөн сөз. Өзім де солай топшылап едім.

Ә л и м а. Сонда, ағасы, сіз мұны қайдан алғып жүрсіз?

С а л и х а. Иә, сізге кім бейді?..

Ж а қ а ѹ (*масаттана*). Бұл... Бұл — Лениннің телефоны.

Б ә р і. Лениннің?

С а л и х а. Шын ба, қаяғым-ау?

Ш ә л т і к. Е-ей, қазағым-ай, кеппеліктің де бір шегі болушы еді.

Н о я н (*Шөлтікке*). Әй, осы сен-ақ аузың жыбырлап, үнемі құдіктенесің де отырасың-ау. Тегі, әйелінді көп ойлайтының да сол сенімсіздігінен-ау, шорту-морту.

Ш ә л т і к. Өй, құрдас екем деп мені жұндай беретінің не? Әзің-ақ сенгіш бол, менде шаруаң қанша?

Ж а с ағ а н. Жарайды, сен екеуіншің дауың бітпес. Шырағым Жақай, одан да шынымен Ленинді көрдің бе, одан да соны айтшы бізге.

Ә л и м а. Ағасы-ағасы, айтыңызшы, айтыңызшы.

Ш ә л т і к. А-ай, күмәнім бар. (*Кекесінмен*.) Осы сіз бе, тап өзіңіз бе Ленинді көріп жүрген?

Ж а қ а й (*намыстанып*). Көрмек түгіл, ұлы көсемнің кеңесін, пәтерін күзеткен сақшымын!..

Ш ә л т і к. Бәсе, айтпадым ба? Күзетте тұрғанның бәрі Ленинді көре бере ме екен! Сен де айтасың-ау, шырағым!

Н о я н. Әй, сен де бір... Пәтерін күзеткен адам көрмеуші ме еді, қөзін байлап қояды деймісің...

Ш ә л т і к. Жарайды, Салиха, тамағыңды әкелші, бөстекі ертегіні кейін өздерің тыңдарсыңдар.

Ә л и м а. Сізді ұстап отырған кім бар, үйқтай беріңіз...

С а л и х а. Мә, кәпкіді ай да, өзің түсіп жей бей!

Ж а қ а й (*Шөлтік сөзіне шамданып, орнынан атып тұрады да, құректі алып, мылтық құсатып қалт тұра қалады*). Бір күні Владимир Ильич үйге өте кеш оралды. Мен мылтықты қыса ұстап, кірпік қақпай тұрмын. Пропускін көрсетіп, қасымнан өте берді де, қайта бұрылды.

Ш ә л т і к. Ленин? Сенен рұқсат сұрап, пропыска көрсетеді? Хи-хи-хи.

Ж а қ а й. Ол кеэде, әлі ұмытқам жоқ. Владимир Ильич 1 қантардан 22 қантарға дейін Горки деген жерде демалыста болатын. Содан соң көзіме тұра қарап біраз тұрды да: «Жақай, постыны айырбастаған соң маған келші, әңгімелесейік...» — деді.

Ж а с ағ а н. Мына қара!

Ш ә л т і к. Оу, сені, күзетшіні, шайға шақырды ма?

Н о я н. Үйге деді гой, шорту-морту!

Сырттан дабырласып екі-үш адам келеді. Томчук, Жұков, милиция формасында Нұрислам. Жұмысшылар орындарынан өре түрегеледі.

Т о м ч у к. Отыра беріңіздер, отыра беріңіздер.

Ж у к о в. Саламатсыздар ма? Мазаларыңызды алдық па?!

Н о я н. Е, ештеңе етпейді. Қазақтың төрі қашанды қонақтікі.

Т о м ч у к. Бұл кісілер – қазақ жұмысшылары. Өз көліктерімен келгендері де бар.

Ж у к о в. Сіздер жұмыста басқа үлт өкілдерімен араласып жүреді екенсіздер де, тамақ ішерге қелгенде бөлектеніп кететіндеріңіз қалай?

Т о м ч у к. Бұл кісілер елден ет, құрт, ірімшік алдырып тұрады.

Ж а с ағ а н (*Ноянға қисайған басын көтеріп алып*). Нет, нет, бастық-бредседәтл, біз олардан тамақ-ас, қалай еді, не күшәйт, қарапшил қылып, илай жалейт қылып жүрген жоқпыз. Там, стлавайға мұсылманский запрейтский.

Ә л и м а (*танауын қайқайтып*). Там талпақ танау – қабан бар. Нельзя!..

Т о м ч у к (*Жуковқа түсіндіріп*). Мұсылмандардың шошқа етін жемейтінін білесіз.

Ж а қ а й. Аяқ-табақты да араластырмайды. Нан, қанттарын, тиесі пайоктарын қостарына алдырады!

Ж у к о в. Да, да, білем, білем, түсінікті. Ал енді, ғапу етіңіздер. Жақай жолдаспен одаша сезіміз бар еді.

Н о я н. Оу, бұларың не?

Ж а с ағ а н. Бұлай болмайдыский, нильза! Махан күшайтский нады. «Келгенше қонақ ұладыский, келген соң үй иесі ұлададский».

Ж а қ а й. Отагасы, қазір сөйлесіп келейік.

Томчук, Жуков, Жақай, Нұрисламдар авансценаға қарай шығып сөйлесіп тұр.

Ж у к о в. Жақай жолдас, сізге тапсырма жүктемекшімін. Жауапты әрі қауіпті тапсырма!

Ж а қ а й. Айтыңыз! Революция солдаты әрқашанда дайын! Тек темір жол жұмысынан қол үзіп кетпеймін бе?

Т о м ч у к. Бәрі де осы жұмыспен байланысты. Бірінен-бірін айыруға болмайды.

Ж у к о в. Жақында Ақмола губисполкомы президиумы мен Ақмола Губком РКП(б) президиумының продналог жөніндегі

бас қосқан мәжілісі болды. Губпродкомиссар Патрикеевичтің ба-яндамасы бойынша жағдай өте нашар. Адам төзгісіз. Осы қүнге дейін жөнелтілетін астықтың 50 пайызын орындаі алмадық.

Т о м ч у к. Негізгі себеп — кулактардың қолындағы астықты, тіпті кейбір жерлерде шаруалардан ештеме ала алмай отырымыз. Оған басты себеп — біздің сөзімізден гөрі, революция жаууларының үгіті көпшілікке анағұрлым өтімді. Бізде бүгінгі жағдайдың мәнін дұрыс үғындыра郎ық, көзі ашық алым-салық инспекторымыз аз...

Ж у к о в. Сізді нағыз бір қырсықты жер, бір түйір бидай, бір малдың түгін ұстаптай, жасырып, тығып отырган ауылдар мен казак станицаларына продналог инспекторы етіп жібермекшіміз.

Т о м ч у к. Есіңдіде болсын. Қазір темір жол Дәрменге келіп тұrsa, сіз оралғанша алға ілгерілейміз. Сіз сол жердегі азық-түлік тиесінде жауапкерсіз.

Ж а қ а й. Құп болады! Қанша адам, қандай керуен?

Ж у к о в. Керуенді Ақанбұрлық жақ беттегі кресткомдардың, қосшы, батрақ одактарының көмегімен үйімдастырасыз. Адамдарды да солай табасыз. Эзірше қасыңызға екі-үш жұмысшыны ертіп алуыңызға болады. Милиционер Абдрашитов Нұрислам — (қолымен нұсқап) Петропавл қаласынан арнайы көмекке жіберілген өкіл. Сізben бірге жұмыс істейді...

Н ұ р и с л а м. Қару жағы қалай?

Ж у к о в. Да-а, қару беріледі. Бірақ барлық істің оқ шыгармай аяқталғаны жөн.

Н ұ р и с л а м. Егер мұлдем қырсығып отырып алса!

Ж у к о в. Тактика керек, тактика. Ревтрибуналдың көшпелі сессиясы таяуда Черкасск округінде болған 58 продналог жұмысын қараган. Үш қызметкерді ату жазасына кесіпті.

Ж а қ а й, Т о м ч у к. Не үшін?

Ж у к о в. Жалған документ, пара, асыра сілтеушілік, қызмет бабын заңнан тыс пайдалану. Мен сіздерді алдын ала сақтандыру үшін үрейлендіріп тұрған жоқпын. Сіздер атқару комитетінде арнайы жетекші инструкциямен танысадыздар. Бүгін түнде жүру керек, Жақай Тайшиев!

Ж а қ а й. Құп болады!

Үшінші көрініс

Ауыл сырты. Эр жерде жетегі көтерілген ырдуан, ләкшенжелер, қос аяқ қазақы арбалар. Аштықпен күрес, продналог жайлыш жазылған орысша, қазақша (төтенше жазумен) ұрандар: «Все силы на продфронт!», «Каждый пуд полученного зерна поможет сохранить крестьянское хозяйство голодных губерний», «Орталық Ресей, Орал Еділ бойындағы бауырларымызға қол үшін берейік!», «Нан үшін күрес — социализм үшін күрес!», «Бар қүшіміз — азық-тұлік майданы үшін!»

Әлденені күтіп отырган ауыл, станица адамдары. Өндери қашқан кулак Христолюбов пен Матай бай екі жақтан шығады да, бірін-бірі ымдал шақырып, авансценага келіп тоқтайды.

М а т а й. Салпы етек қайыршылар тағы да келді.

Х р и с т о л ю б о в. Қанша адам екенін білемісің?

М а т а й. Итім білсін. Әйтеуір Кекөзектің бойында керуен жатыр, кірешілер сонда болар.

Х р и с т о л ю б о в. Қарулары бар ма екен?

М а т а й. Бұлар қарусыз жүруші ме еді. Және осы жолы беттері тым жаман.

Х р и с т о л ю б о в. Сонда қанша мылтық, қанша қылыш?

Пулеметтері де бар шығар?

М а т а й. Итім білсін!

Х р и с т о л ю б о в (тістеніп). Осы сенің итіңнен басқа, астыртын жөн-жоба білетін бір дені сау адамың бар ма?

М а т а й (бұл да тістеніп). Дені сау-у!.. Дені саулардың бәрі ит боп кеткен жоқ па бұл күнде.

Х р и с т о л ю б о в. Ендеше солармен бірге үріп, бірге ұлыйық!

М а т а й. Ұлып жүрген әлгі сенің Беловтарың. Ел төңіректей, азуларын құр ақситқаннан басқа оларында түк қауқар жоқ.

Х р и с т о л ю б о в. Белов жақында өлген. Большевиктер өлтірді. Оның орнында әйелі жүр.

М а т а й. Әйелі? Оу, қатын ел бастап не бітіруші еді? Атаманға жарыған екенбіз.

Х р и с т о л ю б о в. Әйелдің азуы қақпан секілді, тістеген жерінен өлмей айырылмайды.

Бұлардың сөзін сырттан айғайлай, даурыға жеткен Боташ пен Кирилл бұзып кетеді.

Боташ. Эй, жарандар, жарандар, мына келген адамдар тегін адамдар емес екен.

Кирилл. Жап-жаңа сөйлесіп қайттық.

Боташ. Өз құлагымызбен естідік. Фажап-ғажап.

Кирилл. Тура Мәскеуден келген.

Дауыстар:

— Ну, не боп қалды?

— Соншама не көрдіңдер?

— Түстерінен шошынғаннан саумысыңдар?!

Боташ. Ана келген өкілдер бар гой...

Кирилл. Продинспекторлар.

Боташ. Керала, тұра тұршы, мен айтайын.

Кирилл. Сен айта алмайды, мен жақсы айтады.

Боташ. Какой-такой жақсы...

Кирилл. Лениннің өзінен келген.

Боташ. Тура қасынан келген.

Кирилл. Құнде-құнде көрген. Охранада тұрған.

Боташ. Қарауыл болған.

Кирилл. Ленин арқадан қаққан, бірге обед ішкен...

Христолюбов. Эй, Кирилл!

Матай. Ей, сұмырай, Боташ!

Христолюбов (*Кириллге*). Не деп мыжып тұрсың?!

Матай (*Боташқа*). Не оттап тұрсың?!

Боташ. Мен оттайтын мал емеспін, адамша сөйлеп тұрмын.

Кирилл. Байқаңыз, жолдас бай, сөйлеуге бостандық!

Матай. Эне, қайыршылар келе жатыр.

Христолюбов. Кирилл, бері кел. (*Жеке.*) Тағы да ес-кертемін. Егер тісінен шығарсаң... Колчактар қайта оралады. Басыңды ойла...

Кирилл. Жарайды, Христос атымен. (*Шоқынады.*)

Матай. Боташ, бері кел, егер аналардың алдында мұрның шуылданап, бірденені мұңқітер болсаң, сасық текедей бақ еткенінді білмей қаласың... Түсіндің бе?

«Саламатсыздар, амансыздар!» — деп қару-жарақ асынған Жақай мен Нұрислам келеді. Жақай телефон салған сөмкесін үстел үстіне қойғанда, Нұрислам алты атарын кабурасынан шығарып, үстелге қояды да, қалтасынан орамалын алыш қаруын тазалап отырады.

Ж а қ а й (жүртқа қарал). Жолдастар! Шаруалар! Бай-құлақтар! Жайғасып отырып, тынышталыңыздар! Сіздердің бәріңіз қазақша жақсы білесіздер.

Н ұ р и с л а м. Бізләрдә, вахыт бик тығыз. Күп болтайт итәргө бұлми!

Ж а қ а й. Иә, біз мұнда ыргалып-жыргалып жүре алмаймыз. Ұлы Ресей жеріндегі жұмысшы бауырларымыз нансызтамақсыз отыр...

Н ұ р и с л а м. Ақ Еділ бойындағы харташыларымыздың, ішташләріміздің күні онан бик яман!

Ж а қ а й. Осы төңіректегі ауылдар мен станицалардағы бай-құлақтар, орта шаруалар әлі күнге дейін еліміздің халін түсінбепті, продналог орындалмаған. Ертеңге дейін біздің қызыл керуенге астықтай, малдай алым-салықтарын төлеуі керек. Қысқасы, біз ертең жүреміз.

Н ұ р и с л а м. Қысқасы, кімде-кім продналогтың вәносынан баш тартса, Губисполкомның постановление әсе бүйінша Рев трибуналның судыбелон яуапқа тартыла!

М а т а й. Әй, млитсия бала!

Н ұ р и с л а м. Сіз байқап сүйлагез. Во-первых, мин бала тугел, икеншедан, исемем бар. Нұрислам!

М а т а й. Ә, қарағым, онда атың жақсы екен. Исләм болсан, мұсылмандығың да бар шығар.

Н ұ р и с л а м. Сіз улай большевик адамды спровоцировать итмәгез мусулман, христиан — биз признавать кылми!

Ж а қ а й. Не айтқыңыз келеді?

М а т а й. Менің бір түсінбейтінім — біз жұмысшыларға астық береміз, олар несін береді?

Ж а қ а й. Сізде, басқа орыс кулактарында шөп машина, іс машина бар. Солай гой?.. Көп ұзамай трактор, автомобиль аласыздар. Оны кім береді?

Н ұ р и с л а м. Мануфактура — оны кім шығара?

М а т а й. Ал барымызды бүгін соларға беріп, өзіміз ертең аш қалсақ, кім жәрдем береді, жұмысшы темірін жегізе ме?

Ж а қ а й. Сіз олай бүрмаламаңыз. Ресейде, Еділ бойында жұмысшылар ғана емес, шаруалар да бар. Оларда да егін бар. Бұрын жұтқа ұшырағанда, патша үкіметі тұсында ешкім бір-біріне қайырым етпейтін. Ал қазір Қенес елінің жұмысшы-шаруасы бір туысқан, бір-біріне қарасу — ұлы ұранымыз!

М а т а й (отыра беріп). Ай, қайдам, тап қазағымның баласы аштан қырылып жатса, ешкімнің жалт та қарамайтынына мен кепіл!

Ж а қ а й (жігерленіп). Сіз олай іріткі жасамаңыз! Ленин тірі тұрғанда, қазақ аш болмайды!

Орнынан Нестер тұрады да, ағаш аяғын орай басып, ортага шығады.

Н е с т е р (Жақай мен Нұрисламға қарап). Мына отырған қазақтар мен казактар түгел біледі. 14-жылғы соғыста мына аяқты окопта қалдырып, ағаш байлап қайттым. Келген соң тегін жатқан жоқпын, сол кезде Германиямен соғысқан аш солдаттарға, матростарға, осы сендер сияқты, ел-елді ақсап жүріп астық жинастым. Қулактар онда аянган жоқ. Барын берді. Сөйтсем, текке қиналып, елді де қүйзелтіп жүрген екенбіз. Германиямен бітімсіз соғыс — жазықсыз жандарды қыру екен. Ал онан кейін азамат соғысы. Бәрібір дүниежүзілік пе, азамат па, соғыстың аты — соғыс. Және кім мен кім? Орыстар бірін-бірі қырып-қырып болды.

Д а у ы с т а р (жарыса, жамыраса):

- Сөз-ақ!
- Өте дұрыс.
- Өй, айналайын Нестер!
- Шіркін, қып-қызыл соғысты көрген, көзі ашық қой.

Н е с т е р. Ендеше, егін екпей, шаруа бақпай, бір-бірімен бітімге келмей, басқа-көзге төпелеп соғыса берген ел аштыққа тап болмағанда, алтынға тап болмақ па? Ол үшін біз, мына біз қүйзелуіміз керек пе? Біресе разверстка, біресе продналог...

Н ұ р и с л а м. Тоқтат бос сөзді! (Алтатарын көтереді.)

Н е с т е р. Өй, милиционер, сен олай қорқытпа мені. Мен кулақ та, бай да емеспін. Мына кеудені ашып тастап, дойчтардан Ұлы Ресейді қорғаған Нестермін! Үңірейген мылтық аузында тұрып кірпік қақпаған Нестермін! Әкірендеме маған.

Д а у ы с т а р:

- Иә, әкірендеме!
- Бейбіт елге тиіспе!
- Мылтықпен қорқытпаңдар.

Н ұ р и с л а м. Кеңес үкіметі разверстка деді ме — развер-

стка, продналог деді ме — продналог. НЭП деді — НЭП! Неге? Не үшін? Оны тұсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Бер деді ме — бересің. Бермейді екенсің — контрсың!

Д а у ы с т а р (жамырасып):

- Е-е, сол-лай екен...
- Тұсіндірудің қажеті жоқ екен...
- Жар-райды, жар-айды.
- Тұсінбей-ақ та қояйық, жоқ астықты жерден қазып бермей-ақ та қояйық.

Ж а қ а ї. Жолдастар, жолдастар, тынышталыңыздар. (Ес-тілер-естілмес.) Нұрислам, сөл сабыр етші. Жолдастар, Нестердің сөзінің жаны бар.

Н е с т е р. Бәсе!..

Ж а қ а ї. Нестердің продналог жайын тұсіндір деп талап етуі дұрыс. Бұл жөнінен губерниялық газетте күн құрғатпай айтылып жатыр.

Н у р и с л а м. Бұларға мәймәңкелеудің не қажеті бар, жол-даст Жақай.

Ж а қ а ї. Мен сіздерге тұсінікті болу үшін Ақмола губерния-лық «Мир труда» газетінің 216-нөмірінде шыққан «Балалар өліп жатыр» деген мақаланы оқып берейін.

Д а у ы с т а р:

- Астағыпраяла, не дейт?!
- Балала-ар?!
- Өліп жатыр дейді?
- А-ай, қазит не жазбайды.

Ж а қ а ї (мақаланы оқиды. Жүрт сілтідей тынған). «Еділ бойындағы ми қайнатар ыстық апрат бар егін, бар шөпті, есімдік атаулыны қылтанағына дейін күйдіріп жіберді, енді бұлдіршін балалар мен балдырган нәрестелер қырдағы қынадай қырылып барады. Қаңбақтай балалардың терілері сүйектеріне жабысып, бастары ісіп-кеуіп, аштық зардабынан адам кейпінен айрылған. Беттері құлтілдеген дәрменсіз аштардың жанарсыз көздерімен қарағандары қандай аянышты. Осындағы жан түршігерлік сүм-дықты, балалардың аянышты кейпін көз алдына келтіре білген адам мұндай апатқа қарсы шықпаса, жер басып жүргемеген болар еді. Өйткені олар қылтиып шыққан қурай емес, біздің жеткін-шектеріміз, біздің орнымызды басатын болашақ үргағымыз емес пе? Біз солар үшін, тамаша келешек үшін құреспедік пе? Егер ау-

зын арандай ашқан аштықтан біз соларды құтқарып қала алмай, дәрменсіздік көрсетсек, біздің құнымыздың қанша болғандығы. Революция жауларымен айқаста жеңіске жеткен революция елі аштан өліп бара жатқан өз кішкентайларын қалайша құтқарып қала алмайды.

Жоқ, құтқара алады!

Ол үшін бұл жолға әркім өзінің ақшасын, дүние-мұлкін ғана емес, өзінің бар күшін құрбан етуі керек, балаларға қамқорлықты өзіне міндет тұтып, ел үшін бар уақытын арнап, басқа тіршілік қараетін, жеке басының тыныштығын бұзуы керек. Сонда ғана біз балаларды сақтап қала аламыз».

Жақа й. Міне, жолдастар, сіздерден жұмысшы бауырларың ғана көмек сұрап отырган жоқ, нәрестелер, балалар нәзік қолдарын созып, сәби алақандарын жайып отыр... (Үнсіздік.)

Нестер. Элгі, газетке мақала жазған кім екен?

Жақа й. Надежда Крупская!

Жүрт (құбірлесін):

— Ол кім?

— Надежда кім?

— Женщина значит?

Нестер (айғайлап, білетініне мақтанашипен). Надежда Крупская жолдас Лениннің зайыбы.

Дауыстарап (жаппай):

— Лениннің?! (Үнсіздік.)

Кирілл (ортага шығып). Инспектор жолдас, мен, өзі, орта шаруамын. Өзіме тиесілі салықты бүгін десең — бүгін, ертең десең — ертең төлеймін. Тек қапшықтарың болсын, менде басы артық қапшық жоқ.

Боташ. Мен де барымды берер едім...

Нестер. Мен де...

Жақа й (Боташқа). Ботеке, сіз тақыр кедей екенсіз. Кедейлерден салық алмаймыз... Заттай да алмаймыз.

Жүрисла�. Заң сулай! Ал кулактар?

Мата. Мен құлақ та, сирақ та емеспін. Егін де салмаймын.

Жақа й. Астық болмаса, малдай бересіз.

Жүрислаам. Шұшыны да аңлыми тұрасың, а?!

Мата. Андаймын, түсінемін. Бірақ не пайда, жерден қазайын ба?

Христолюбов. Менде беретін ештеме жоқ...

М а т а й. Менде де... Оу, патша өкіметі де: «Дай, дай!» Кеңес үкіметі де: «Дай, дай!» Қашанғы асырай береміз!.. (*Екеуде орындарынан тұра береді.*)

Ж а қ а й (әекіріп). Отырыңдар!.. Соңғы бір ауыз сөз... (*Боташқа.*) Ботеке, Матаій байдың малы бар гой?!

Б о т а ш. Болмаганда, оны қай құдай алады. Бар. Сарықайың жақта бес қос жылқы жатыр. Бір тұяғы сетінеген жоқ.

Ж а қ а й. Кирилл атай, кулак Христолюбовтың, оның төңірегіндегі адамдардың астығы бар гой?!

К и р и л л. Бар. Жаңағы аш балаларды бір жыл асыраса міні құрамайды. Төрт жерде, төрт қамбада жасырулы. Бірақ қайда екенін айтпаймын. (*Шоқынады.*)

М а т а й (жүргізу қарап). Уа, жүртім, бағанадан бүгіп отырған бір сырдың бетін ашайын сендерге. (*Орнынан тұрады.*) О заман да, бұ заман, бір елде жүт болды екен деп екінші елден алым жинап, күзегенді кім көрген. Әрі кеткенде әр адам өзінше қайыр сұрап күн кешетін. Ендеше, әлгінің барлығы ойдан шығарылған сөз. Бұл алым-салық — біздің қанымызды там-тұмдап жұтып, ақыры сілемізді қатырып өлтірудің шарасы. Екіншіден — мына сияқты салықшылардың баю жолы. Мениң кім көрінгенге тегін бере салатын далада жатқан малым жоқ.

К ө п ш і л і к (жапа-тармагай гүлдеп):

- Апыр-ай, жаны бар сөз!
- Шынында, солай екен-аяу!
- Расында да, аты-жөні жоқ кімге береміз.

Х р и с т о л ю б о в. Дұрыс айтады Матаій, халқым менің, ойланыңдаршы өздерің. Екі жыл болды бүкіл елден май, жұн, ет, бидай, тары — бәрін өкіртіп алып жатыр, алып жатыр. Қаншама мың-мың керуен Сібір жолымен кетіп жатыр, кетіп жатыр. Мәскеуде отырғандардың қалтасына құйылып жатыр, құйылып жатыр. Жо-о-қ, ол сол қуйінде қалталарына сыймайды. Ол — шетелге сатылып, орталықтағы большевик мырзалардың сандығына алтын, меруерт бол сыңғырлап түсіп жатыр, түсіп жатыр!

К ө п ш і л і к (гүлдесіп):

- Бәсе, бәсе!
- Осыншама неге жандары аши қалды дейсің.
- Тапқан екен оп-оңай баюдың жолын.
- Атамнан әрмен.

Ж а қ а й. Болдыңдар ма, бай мен кулак?!

Христољубов. Болды не, болмады не, сендерге шындық бәрібір ұнамайды...

Жақај. Ал ендеше, менің сендерге соңғы сөзім — мынау. (Сөмкеден телефон алып, беті қызылмен жабулы үстелге қояды. Жүрт үрейлене қарайды.) Мені осында продналог жинауға Лениннің өзі жіберді.

Дауыстар (таңырқасып):

— Лениннің өзі?!

— Ленин!

— Ал көрек болса.

Кирілл. Мен жаңа айтпадым ба!

Боташ. Біз өтірік айтатындаі көрдіңдер.

Жақај. Мынау — телефон. Лениннің өзі берген телефон. Қазір құлағын бұраймын да, тұра орталықпен сөйлесемін. Мұндағы орта шаруаның алым-салыққа қарсы емес екенін, тек бай-құлақтардың табандап жатып алып, неше түрлі жала, пәле сөздермен халықты арандатып, үкіметтің саясатына тікелей қарсы шығып отырған контр пифылдарын, сол арқылы ел арасында қорқау қасқырларша әлі тіміскілеп жүрген кешегі Колчактың сілімтіктеріне, ақ бандыларға жәрдемдесіп жатқандарын, Матай бай, сені де, Христолюбов, сені де айтамын. Бұл арадағы қазақтарды қисық жолға түсіріп отырған, Матай — сен, казакорыстарды сен — Христолюбов! Қазір Лениннің өзінен рұқсат аламын, тығулы астықтарың мен мал-мұліктірінді түгел экспоприациялап, өздерінді де алып кетемін.

Нұрислам. Тура қамауға аламыз! (Жақај телефон құлагын бұрай бастайды.)

Матај (атып түріп). Шырағым, өкіл шырағым, Жақај айналайын, титтей ғана мұрсат берші...

Христољубов. (Матаймен жарыса). Ну енді, инспектор жолдас, аздап келісейікші...

Жарық сөнеді. Музыкалық пауза.

Жарық қайта жаңғанда — сол дала. Жақај жалғыз, етігін шешіп, қайта шұлғауланып отыр. Сырттан Жасаган, Шөлтік, Элима, Нестер, Боташ, Нұрисламдар келеді. Нұрислам Жақайға қағаз ұсынады.

Нұрислам. Тізімдегінің бәрі үрындалды, бармақтарын қой-ғыздық. Мына Нестер де, Буташ та возчик бұларға килемстеләр.

Ж а қ а й. Кеттік онда!

Сырттан «Жақайлап» айғайлаған, жылаған әйел даусы.

Ж а қ а й, Н ү р и с л а м (алысқа қарап). Бұл кім?

Б о т а ш. Бұл бір панасыз көліншек. Жақында күйеуі өлген.

Матайдың жесірі. (Құшақ жая Құләнда кіреді.)

К ү л ә н д а. Жа-а-қай! Тірі екенсің гой.

Ж а қ а й (танаып). Құлән-да-а! Жа-а-ным! (Екеуді құшақтасады.)

К ү л ә н д а (жылап). Жақай, сені өлді деп Жұманияз бай Матайдың інісіне зорлап қосқан. Бір тайға сатты. Енді тастай көрмеші, Жақай! Тастай көрмеші! Жалынамын! Сенің Құләндан әдім гой, тастамашы. Эйел байғұста не кінә бар. Жазғырмашы?!

Ж а қ а й. Құләнім менің, енді өмір бойы тастамаймын, өмір бойы бірге боламыз! (Жарық сөнеді.)

М а т а й (қараңғыда үні ғана естіледі). О, Жақай, Жақай. Малымды алдың, жесірімді алдың. Қорқыгтың хұқметіңмен. Енді мен де түстім жолыца. Мен қорқыгтаймын. Мен... (Тістенген, ашиңған үнмен.) Мен тек қана... қаныңды ішемін! Қан! Қа-а-н!

Төртінші көрініс

Сарт-сұрт, сарт-сұрт еткен дыбыс. Ұңқыңқ еткен үн. Жарық жанғандағы көрініс. Беліне дейін жалаңаштап, етпетінен салып қойған Кириллді ақтың солдаты Махнов сүмбімен (шомполмен) көсліте үрып тұр. Үстел үстінде самогон. Үстел маңында Белова, Корняк, Матай, Христолюбов. Бұл – банда ставкасы – беренелі үйдің нұсқасы. Задниките ну қарагай түнереді.

К и р и л л (жалынышпен). Бауырларым-ау, не жазығым бар? Тым құромаса... айтып... жазаласаңдаршы...

К о р н я к. Болады гой енді.

Б е л о в а. Жара-й-ды, жетті! (Кирилл әорға басын көтеріп, киімін киейін деп жатыр.)

Б е л о в а. Киме кебініңді, әлі ерте, пигмей! Тағы да жон етіңе Петрокок жолын салдырамын.

К и р и л л (қорқып қалып). Жо-жоқ, мен киінейін деп жатқан жоқпын. Самосад іздел жатырмын қалтамнан. (Кирилл темекі орап отыр.)

Б е л о в а. Неге дүре жегеніңді білемісің?

К и р и л л (иығын қиқаң еткізіп). Құдай білмесе, мен түк білмедім.

Б е л о в а. Онда шомпол аз боп қалған гой.

К и р и л л. Құдай үшін, құдай үшін, жетеді, таяқ көтеретін менде не қауқар бар?!

Б е л о в а. Сен середняксың ба?

К и р и л л. Құдай білмесе, мен өзімнің кім екенімді, он-солымды білмеуші едім, середняк деген ат қойыпты. Мүмкін, солай шығар.

Б е л о в а. Ендеше, дүрөні сол үшін жедің.

К и р и л л. Сол үшін? Онда сол атты, құдай үшін, өздерің алыңдаршы. Кулак та, бедняк та болмайын. Ештеменің керегі жоқ.

Б е л о в а. Өтірік айтасың, середняк болу саған үнайды. Тімді. Екі жаққа бірдей, әрі-сәрі қалғың келеді. Нагыз қаупті жау — середняк — сенсің. Кеңес үкіметіне жағынып, қулактардың жа-сырын астығын айтып, өзің де беріп, жағымпазданасың. Бізге келіп тағы... тұлкісің сен, тұлкісің. Сенің тұлкі терінді сыйырып алайп, біраз илеу керек.

К и р и л л. Бәрібір, менен қасқыр терісі шықпайды.

Б е л о в а. Ой, сұмырай, оны да біледі. Тілінің удаійын! Махнов, Махнов! Қасқыр терісі шықласа, сенің терісіз қалған борша-борша етіңден котлет шығады. (Махнов кіреді түксүіп.)

М а х н о в. Құлагым сізде, Ваше сиятельство!

Б е л о в а. Мына середнякты ана жаққа апарып, тағы да он порциямен «тамақтандыр».

К и р и л л. Бауырым, бауырым!

Б е л о в а (айғайлап). Ба-ар! (Киімдерін, қолтықтап Кирилл кетеді.)

Б е л о в а. Ал сен, қайсах, Матай бай! Немене, Ресей импе-риясына қарсымысың? Ертең патшалы Ресей қайта орнағанда не деп жауап бересің?

М а т а й. Кімге жауап берерімді қазір өзім де білмеймін.

Х р и с т о л ю б о в. Матай да сіресіп бағып еді, әлгі орта-лықтан келген қазақ бәрін де қорқытып алған жоқ па.

М а т а й. Менің жауым ешкім емес, өзімнің қазағым. Қазақ қазақты ұстап бермесе, іші кебеді. Эйтпесе ауылда тыныш жат-

қан залалсыз қазақты Мәскеудегілер қайdan біледі. Қонырау-
латып жататын өзіміздің сорлы қазақ.

Б е л о в а. Иә, ол не деп қорқытты? Немен күш көрсетті?

Х р и с т о л ю б о в. Қазір продналог төлемесеңдер, өзде-
рінді тұрмеге қамап, бар астықтарыңды, мал-мұліктерінді түгел
сыптырғап аламыз деп, тұра орталықта телефон соқты.

Б е л о в а. Теле-ефо-он?! (*Корнякқа қараиды.*)

К о р н я к. Тұсінсем бұйырмасын.

Б е л о в а. Қайдагы телефон?

Х р и с т о л ю б о в. Қайдагы телефон болушы еді, кәдімгі
Мәскеумен сөйлесетін телефон.

М а т а й. Лениннің атын айтса-ақ, қорқамын ба, сыйлаймын
ба, әйтеуір, тілім күрмеліп қалады.

Б е л о в а. Телефонмен қайда отырып сөйлесті?

Х р и с т о л ю б о в. Мына Матай аулында отырып сөйлесті.

Екі офицер жаңа тұсініп, қарқылдап тұрып күледі.

К о р н я к (көзінің жасын *сүртіп*). Oh, большевиктердің
ойлап таппайтыны жоқ.

Б е л о в а (ызалы). Әрине, мынандай надандар мен жабайы
түземдіктер тұрганда, большевиктерге құресу қыын емес. Эх,
сормаңдай Ресей! Кімге қор болдың?!

М а т а й. Сонда олар тлибонмен сөйлесе алмай ма?

Белова ыза боп, қолын шығарып, түкіреді.

Б е л о в а. Мынаны сөйлеседі!

К о р н я к (чнатпай). Екатерина Васильевна, сізге жарас-
пайды!

Б е л о в а (өзін-өзі кекеткендей). Екатерина Васильевна
жоқ, Катька бан-н-дит!.. Және бұдан кейін менімен еркектер-
ше «сен» деп сөйлесуінді талап етемін. Ендігі мәселе — мынан-
дай. Христолюбов, бізге жаңадан тың күш қосылмақшы, кемі
бес жұз адамға, осы маңдағы помещиктермен бірігіп, азық-тұлік
дайындаисыңдар. Сен — Матай бай, бес жұз ат дайындаисың!
Тоқта-а, тұра тұр! Біз мына келе жатқан Петрокок жолын
талқандаймыз.

М а т а й. Маған шойын жол емес, ең әуелі керуендең құртуым
керек, керуен басын... Жақа-ай!

Б е л о в а. Мына мидай далада көшіп жатқан керуендердің нешеуін тонадық, қырдық, бәрібір азаймайды. Мейлі, олар тасбақаша жылжып, Петроград, Урал, Мәскеуге жеткенше, ол жақтағылар аштан қырылып та болады. Біздің міндегі — темір жолды құрту!

К о р н я к. Бұдан басқа жолдар бар емес пе?

Б е л о в а. Өмбы, Челябинск жолы таяуда тағы да үзіледі. Бізге тапсырылған — Петрокок жолы.

М а т а й. Бір сүйем Қызылжар — Қекшетау жолында тұрган не бар? Жоқ, мен Қақайды іздеймін...

Б е л о в а. Эх, қайсаҳтар, мұрындарыңың астындағыдан басқаны көрмейсіңдер-ау, дала тағылары, мустанги! Сендерден тұқым қалмас-ау, тұқым.

М а т а й. Соған қиналып тұрган шығарсың, жаман қатты!

Б е л о в а. Вот, надан! Эй, Матаї, қайсаҳ даласына қарай шықкан Петрокок не, білемісің?

М а т а й. Азық-тұлікті орталыққа тез жеткізу үшін жедел салынып жатқан шойын жол.

Б е л о в а. Жобаң дұрыс. Бірақ бұл темір жол емес — үзын ішектей шұбатылған, Сібір жолынан бері бөлек шыққан соқырішек.

Х р и с т о л ю б о в. Соқыріше-ек?

К о р н я к. Мынауың образно, Екатерина, то есть Катька-атаман!

Б е л о в а. Ал сол соқырішек өсе келе, үзара келе не болады?

Х р и с т о л ю б о в. Жарылады.

Б е л о в а. Жо-оқ, ол жыланға айналады. Жылан үзара береді, үзара береді, Петропавлдан Қарағандыға дейін, одан әрі шұбатылып кете береді, кете береді. Ішке кіріп алған жылан не істейді?

М а т а й. Жегенінді бойыңда жүқтыврмайды.

Б е л о в а. Ақыры жылан айдаһарға айналып, ішіне сыймай, өзінді жұтады.

К о р н я к. Образно! Өте образно!

Б е л о в а. Міне, Матаї бай, бұл — сенің далада кірген, же-рінің асты-үстін түгел жалмайтын бүгінгі жылан, ертеңгі айдаһар. Ол өспей тұрганда, басын қырқу керек. Сен болсан, мінетін 500 ат тауып беруге қиналып тұрысың. Ол ертең айдаһар аузына түседі. Ендеше, қазір, әлсіз кесірткедей кішкентай кезінде, өлара тұсында құрту керек.

К о р н я к. Өлара?

Б е л о в а (*сөзін нығарлап, зәрлі тілмен*). Мен Кеңестердің өларасын айтып тұрмын. Қазір большевиктердің аштықтан, соғыстан титықтап, сенделіп, соқыртеке ойнағандай тәлтіректеп, жан-жагын сипалап, қолына не ілігеді деп қарманып жүрген қараңғы тұсы — өлара кезі. Осал кезі.

К о р н я к. Образно, образно!

Б е л о в а. Бес жұз қарулы адаммен біз темір жолды ғана емес, бар жұмысшыны, большевиктерімен қоса тып-типыл, жермен-жексен етеміз. Ал сен — Христолюбов, сен — Матай, адамдарыңмен қоса, біздің қарамағымызда боласыңдар. Сәл қарсылық етсөндер, ең әуелі сендерді, отбасыңды (қылышымен ауаны тілгілеп) қанжоса қыламын! Болды!

Бәрі ант бергендей, сұрланып тұр. Жарық баяу сөне береді. Қүйқа тамырыңды шымырлатқандай ішін тарта ұлыған қасқырлар үні.

ЕКІНШІ АКТ

Бесінші көрініс

В.И. Лениннің кабинеті. Іште Дзержинский мен Ильич ерсілі-қарсылы жүр. Қабагында кірбің. Қолындағы газетті оқиды. Репропро-дуктордан газет мақаласын оқыған мұнды үн естіледі.

«...Қасында жетелеген төрт жасар ұлы бар башқұрт әйелі жа-нынан өтіп бара жатқандарға көседей арық қолдарын созып, қу сүйек алақандарын жаяды. Таңгертеңнен бері зар қақсан, қарлықкан даусымен бір сөзді қайта-қайта айтып жалынады, жалбарынады:

— Икъмяк ек, аксә ек, атай ульган...

Бақытсыз сәби дүниеде не бол жатқанын қайдан білсін, әлсіз қолдарымен анасының өңірінен тартқылап, қынқылдап нан сұрайды:

— Ашат, ашат!

Ақыры баласының жалбарынышты үніне шыдай алмаған дәрменсіз ана баласын көтеріп, құшақтаған бойы Еділ өзеніне жүгіре жөнелді. Ұлын бауырына тұншықтыра қысып, ақтық күшімен жардан өзенге бір-ақ қарғыды. Дауылды күні буырқанып

жатқан қанды су аナンЫ да, баланы да тұншықтырып, тұңғиыққа ала жөнелді».

Ленин ерсілі-қарсылы жүр. Сырттан Фотиева кіреді.

Ф о т и е в а. Владимир Ильич, сіз сұраған жаңағы телеграммаларды әкелдім.

Л е н и н. Оқыңыз.

Ф о т и е в а (телеграмма оқиды). «Сібір магистраліндегі азық-тұлік тиеген пойыз составтарын Полтава, Петропавловск тұстарында бандиттер бірнеше дүркін оқ астына алды... Көп жерлерде вагондар істен шықты... Омск — Челябинск арасы аса қауіпті жағдайда... Ондаған километр темір жолдар табаны бүлінді. Мүмкіндігімізше, қолдан келгенше, шараларды жасап жатырмыз.

Сибревком»

Л е н и н. Лидия Александровна, бұл жөнінен Жол қатынасы Халық Комиссарының орынбасары Шоминді, кейінірек Цюрупаны маган телефонмен қосарсыз.

Ф о т и е в а. Мақұл, Владимир Ильич! Мына телеграмма Петропавловск — Қекшетау жол құрылышынан, Томчуктан. «Күтпеген жерден кулактардың бүліншілігі бүрк етті. Жаңа салынып жатқан темір жол торабын бүліншілікке ұшыратып, тұтқыылдан жасаған шабуылдары нәтижесінде екі ай бойы құрылыш жұмысы тоқтап қалып еді, қазір қайта жаңанды. Әйтсе де Мәскеумен, басқа да қалалармен байланыстың үзілуі өз алдына, Петрококқа құрылыш материалдары мен азық-тұліктің сирек келуі жұмыс қарқынына зиянын тигізбей қоймайды. (Екінші телеграмманы оқиды.) «Жергілікті өкімет Петрокок құрылышы басқармасының мекеме үйін Губсоюзға әперу әрекетін әлі қойған жоқ. Жақында күшпен шығарамыз деп коқан-лоқы жасап отыр. Амалсыздың күнінен хабарлауға тұра келді. Томчук».

Л е н и н. Леонид Иванович, естіп отырсыз ба? Бұл тарапынан қазір сөйлесеміз. Лидия Александровна, былай деп телеграмма тексін жазыңыз. (Фотиева жаза бастайды.) «Петропавловск. Ревком. Қешірмесі — «Петрококстройға». Екпінді азық-тұлік торабы Петропавловск — Қекшетау темір жол құрылышының аса маңыздылығын еске ала отырып, осы құрылыш басқармасын мекеме үйінен шығару — зордың күшімен әрен қойылып,

жана жандана бастаған жұмысқа кеселін тигізіп бұлдірумен ба-
рабар деп санаймын. «Петрококстрой» басқармасын бұрынғы
мекеме үйінде қалдыруды ұснынамын.

Орындалуы хабарлансын.

СТО председателі – Ленин».

Л е н и н. Рақмет, Лидия Александровна, енді сыртта қутіп
жүрген Артюхов жолдасты жіберіңіші. (Фотиева кетеді.)

Л е н и н. Сіздердің шаруаларыңызды теңірек бітіріп жібе-
руге болар еді. Эйтсе де, Артюхов деген адамды көрудің еш
артықшылығы жоқ. (Сырттан Азық-түлік Халық Комисса-
риатының қызметкері Артюхов кіреді.)

А р т ю х о в. Саламатсыз ба, Владимир Ильич! Мен – Артюхов.

Л е н и н (жалт қарап). Иә, білемін, таныстырмай-ақ қо-
йыңыз. Азық-түлік Халық Комиссариатының қызметкері Ар-
тюхов Яков Степанович екеніңді сіз сөзбүйідашыл, бюро-
краттығыңызben сырттай, алдын ала таныстырғансыз.

А р т ю х о в (күмілжіп, папкасын ашип, қағаз алады). Шаруалардың хаттары... маган түскен еді...

Л е н и н. Ол хаттармен де таныспын. Егістерін бұршақ ұрып
кетуіне байланысты өздерін азық-түлік салығынан босатуды
сұраған шаруалардың өтініш хаттары емес пе?

А р т ю х о в. Дәл өзі, Владимир Ильич!

Л е н и н. Бұл хаттар сіздің тартпаңызда қанша уақыт жауап-
сыз жатты?

А р т ю х о в (күмілжіп). Екі айдай уақыт...

Л е н и н. Дәлірек айтқанда?!

А р т ю х о в. Екі ай, он жеті күн.

Л е н и н. Енді несіне келіп түрсіз?

А р т ю х о в. Ақылдасуға, кешірім сұрауға...

Л е н и н. Ақылдасқыңыз келсе, бұдан екі жарым ай бұрын
келуіңіз керек еді. Ал кешірім сұраута кеш қалдыңыз. Сіздің
ісіңізді, Мәскеу Төтенше комиссиясы коллегиясының қаулысына
орай, кеше мен хат арқылы Мәскеу революциялық трибуналына
жолдадым. Ендігі кешірімді трибуналдан сұрарсыз.

А р т ю х о в. Тым қатал емес пе, Владимир Ильич?! Өзіңіз-
ақ шешіп, өзіңіз-ақ ұрыссаңыз болмайтын ба еді?!

Л е н и н. Мен жұмыс бабында қателескен адамдарды ғана
жөнге салып, тәртіпке шақыра аламын. Ал қылмыс жасаған
адамның үкімін шығаратын арнаулы мекеме бар.

Артюхов. Владимир Ильич, қылмыс емес, мүмкін, салақтық болар.

Ленин. Салақтық деймісіз?! Салақтықты өз қара басыңызға жасаңыз, оны ешкім айыпта, үкім шығара алмайды, ал қалың бұқараға жасасаңыз, ол еш уақытта да кешірілмейді. Оның аты — қылмыс!

Артюхов. Мен енді... кеше жауап жазып жібердім.

Ленин. Өте кеш. Ол жауабыңыздың енді түкке қажеті жоқ. Екі жарым ай бойы бұршақтан қалған азбыншы егінді шаруалар орып та алды. Ал азық-түлік салығын жинаушылар жоғарғы жақтан арнайы бүйрек келмеген соң, оларға түскен салық мөлшерін кемітүге қақысы болмады. Сонда қалай?

Артюхов. Ол жерлерді продинспекторлар әлі түгел аралай қоймаған шығар.

Ленин. Өндіріс орталықтары, ірі қалалар аштық зардабын тартып жатқанда, сіз сияқты сөзбүйдашылар ғана жайбарақат отырмаса, жас Кенес үкіметіне жаңы аштың адамдарда тыным жоқ. Бір ғана Қазақстанда Петроград, Мәскеу, Тула, Иваново-Вознесенск жұмысшыларынан құралған жүзденеген азық-түлік отрядтарының жұмыс жүргізгенін өзіңіз жақсы білесіз. Қостанай уездік партия үйімінан 600 коммунист мобилизацияланды. Ақмола губерниясында 62 мың шаруа өз көлігімен кіре тартып, азық-түлік тасуға қатысып отыр. Алпыс екі мың шаруа... Олар, сіз сияқты, Азық-түлік Халық Комисариаты қорынан күнде паек алып, еңбекшілер хаттарына жауап бермей креслода шіреніп, менменсіп, дандайсып отырған бюроқраттар емес, түн үйқысын төрт бөліп, мезгілімен асын да іше алмай, астық үшін, яғни социализм үшін күресіп жүргендер. Біз орталықта қалың бұқараның қамын ойлауға, соған жәрдемдесуге, халық пен партия арасын алшақтатуға емес, қайта тұтастырын сақтауға отырған адамдармыз. Қалың бұқара сеніп, өтініш етеді еken, сендірелік іспен жауап беруге міндеттіміз. Бізге, орталық аппараттарға, жоғарғы қызмет орындарына патшалық құрып, кеудесін көтеретін бюроқраттар, тәкаппарлық қөрсететін аристократтар, сілейіп қалған әулиелер керек емес, керісінше, халық мұддесін ойлайтын, соған орай іс тындыратын қарапайым коммунистер қажет. (Сырттан Фотиева кіреді.)

Артюхов Владимир Ильич, кешірім сұраймын, бір қателік етті!

Леңин. Егер революция жеңісінің алғашқы күндерінде сіз сияқты бұқара ісіне жеңіл-желпі қарайтын өркөкірек адамдар басшылық қызметте отырса, оған көне берсек, ертең етіміз өліп, ол дерт әдетке айналып, Артюховтардың бүкіл елімізді жайлап алмасына кім кепіл. Ендігі үкімді сот шығарады. Барыңыз. (Артюхов кетеді.) Лидия Александровна, Мәскеу революциялық трибуналына Артюхов Яков Степановичтің сөзбүйдашылық ісі жайында жазылған мениң хатымның соңына мына сөз қосылсынышы: (Фотиева жағады.) «Р.С. Партиялық және саяси тұргыдан алғанда да, әсіресе Кеңестердің VIII съезінің шешімін орындау мақсатында да, сөзбүйдашылық жөніндегі іс бойынша сottың негұрлым салтанатты, тәрбиелік жағдайда өтуінің және үкімнің жеткілікті дәрежеде нанымды болуының маңызы ерекше зор».

Фотиева. Владимир Ильич, жаңа гана екі қуанышты телеграмма түскен екен!

Леңин. Оқыңыз, олай болса. Бүгін кілең бір ренішті хабарлар көбейіп кетіп еді.

Фотиева. Телеграмма: «В.И. Ленинге, Сибревкомнан. Мамыр наряды бойынша тиелген, жөнелтілген астық ақпарын хабарлаймын... 8 мамырдан бастап, яғни сіздің жауынгерлік бүйрығының алғаннан бері, 1173 вагон тиеліп, 1133 вагон жөнелтілді...» Екінші телеграмма: «Семипалатинск облысынан тағы да 500 мың пүт астық күтіп отырмыз... Жаңа үш жарым миллион пүт маусым айының тапсырмасын Қекшетау ауданы, Алтай және Омбы губернияларындағы тауар алмастырумен келетін астықпен жаппақтыз... Жалпы 8 миллион пүт астық дайындауды ойластырып отырмыз». (Ленин телеграммаларға бұрыштама қояды. Фотиева кетеді.)

Леңин. Феликс Эдмундович, міне, көріп отырсыз. Еліміздің ең ауыр күндерінде Сібір, Қазақстан қаншама көмек етіп жатыр. Жақында гана Қостанай уезі бес күнге берілген бүйрықты екі жарым күнде орындал, 100 вагон астық жөнелтті. Болашақта біздің ең ірі астықты өлкелеріміздің бірі Қазақстан болуында сөз жоқ. Өте бай өлке. Тек онда жатқан байтақ жерді қалай көтеріп, игеруді білу қажет. Сөз жоқ, көтереміз де игереміз... (Телефон шырылдайды.)

Л е н и н (телефонмен). А, жолдас Фомин, саламатсыз ба! Омбы-Челябинск жолы таэартылды ма?

Т е л е ф о н д а д а у ы с. Бізге әлі хабар түсken жоқ. Омбы жағынан азық-тұлік составы шығыпты. Бос вагондар сұрайды. Тілектері орындалды, тиісті шара қолданылды, Владимир Ильич!

Л е н и н. Өте жақсы! (Тұтқаны іледі.)

Л е н и н. Леонид Иванович, ғапу етіңіз, сіздің қаншама уақытыңыз босқа кетті.

И л ь и н. Жоқ, Владимир Ильич, мен осында келгелі болашақ жұмыстарым үшін қаншама пайдалы сабақ алдым.

Л е н и н (устелден қағаз алып). Леонид Иванович, сізге мынандай тапсырыс: Сіз, Енбек және Корғаныс Кеңесінің, Халық шаруашылығы Жоғарғы Кеңесінің өкілі әрі Петропавл – Көкшетау азық-тұлік темір жолы құрылышы бастығының орынбасары ретінде Қазақстанға СТО қаулысын іске асыру жөнінде командировкаға барасыз. Жолай Дружинино – Екатеринбург участогінің жұмысын тексеріп, Петропавл – Көкшетау темір жол құрылышына жөнелтілетін материалдарды қадағалайсыз. Бұл жұмыс кезінде (мандаттың ұсынып) мына мандат бойынша, құрылыш жұмысына қатысы бар мекемелердің кез келгенінен көліктің жүру кестесін, рельс, шпал және басқа материалдардың Петрококке тез жөнелтілуін, ол құрылышқа бөлінген қажетті дүниелердің басқа жерге кезекті кетіп қалмауын талап етесіз. Қажетті төтенше жағдайда осы мандат бойынша телеграмманы литер «А» және «Б»-мен беріңіз. (Телефон шырылдаиды.) Ал жолыңыз болсын!

И л ь и н. Сау болыңыз, Владимир Ильич!

Л е н и н. Феликс Эдмундович, Сібір мен Солтүстік Қазақстанда контрреволюциялық әрекеттер мен бандылардың белең ала бастауы, оған жанашылардың көбеюіне не себеп бар? Кеңес қызметкерлері тарапынан да қателіктер, тәжірибесіздіктер жоқ емес пе?

Д з е р ж и н с к и й. Владимир Ильич, таяуда Ревтрибуналдың көшпелі сессиясы Черкасск округінде болған 58 продналог жұмысын қараган екен. Сонымен таныстым. Үш қызметкерді ату жазасына кесіпти.

Л е н и н. Не үшін?

Д з е р ж и н с к и й. Жалған документ, пара, қызмет бабын

заңдан тыс пайдалану, асыра сілтеушілік. Осында қателіктер біраң жерлерге тән болып бара жатыр ма деймін.

Л е н и н. Міне, міне, асыра сілтеушілік, сөзбүйдештырылыш, мен менсіген керенаулық — революция жауарының отына құйылатын майлар — осылар! Сіз мына бір телеграмманы оқыңызышы.

Д з е р ж и н с к и й (окиды). «Мәскеу. Совнаркомпредседателі жолдас Ленинге. Республикағы көшпелі, жартылай көшпелі тұргындарды ет салығынан босату туралы шыққан декрет түгелдей құлақтандырылды. Мал шикізатын дайындау түз елінде қолдау тауып отыр. Монголияға, республикадан тыс онтустік өлкелерге қазақтардың мал-мұлкімен көшуі азайып келеді, таяуда мұлдем тыйылады.

КазЦИК председателі — Мендешев,
Казнаркомпрод — Шлейфер».

Л е н и н. Қалай ойлайсыз, Феликс Эдмундович! Мына телеграмма сыңайына қарағанда, алыста жақтан жартылай сауатсыз қалың елге революция жеңісін түсіндіріп үйрету орнына, кейде қоқан-лоқы жасап, үркітіп аламыз ба деймін.

Д з е р ж и н с к и й. Ия, Владимир Ильич, бұл тарапынан алдымызда көп жұмыстар тұр. Асыра сілтеушілік, басшы адамдардың жаңа қоғамға деген ниетіне ғана емес, көбінесе білімділігіне де, кейде қайсыбір ұлт өкілдерінің тілек мұдделеріне немікүрайды қарайтын арақатынастарға да байланысты дүниеғой.

Л е н и н. Міне, дәл ойлаған жерден шықтыңыз. Сібір мен Солтүстік Қазақстан — өте бай, кең өлке ғана емес, түрлі ұлт өкілдерінің тамаша шоғырланған да жері. Ондай жерлерде әр ұлттың тілі мен дінінің, психологиясы мен, өзінің айтқандай, талай мұдделерінің ерекшеліктерін түсінбей тұрып, тек әкімдікпен қызмет ету — қателіктеге апарып соғар еді.

Менің сізді шақырганым да сол. Сіз РКП(б) Орталық Комитетінің ұсынысы бойынша, СТО уәкілі ретінде Батыс Сібір мен Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарына, яғни Ақмола, Семей губернияларының партия органдарына астық дайындауды және тасуды үйімдастыруды, контрреволюциялық әрекеттер мен бандыларды жоюда нақты көмек көрсетесіз. Жолға дайындалыңыз.

Д з е р ж и н с к и й. Мақул, Владимир Ильич! (Телефон шылдырайды.)

Л е н и н. Сау болыңыз, Феликс Эдмундович!

Дзержинский кетеді. Ленин тұтқаны көтереді.

Л е н и н (*телефонмен*). Иә... А-а, Цюрупа жолдас, қазіргі еліміздің басына түскен уақытша ауыр хал бәрімізге де аян. Әйтсе де, халқымызға наң қандай керек болса, жан азығының да, яғни рухани азықтың да сондай қажет екенін өзіңіз жақсы білесіз. Ендеше, Александр Дмитриевич, сізден сұрайтыным — Үлкен театр мен басқа театрлар арнайы қорлармен және құнделікті тамақпен, мүмкіндігінше, қамтамасыз етілсін... Қадағалап отыру Брюханов жолдасқа жүктелінсін! Сау болыңыз!

Алтыншы көрініс

Уілдеген, ысқырған қысқы жел. Темір жол құрылысының басы. Бұзылған жол, қираган вагондар, шашылған рельс, шпалдар. Құрылыс материалдарын арқалап тасып, сапырылысқан жұмысшылар. Әр жerde сүйеулі винтовкалар, құрулы пулемет. Бір бұрышта түйіншектерін ұстап, көзі алақтап отырган Шәлтік. Бөрене көтеріп келе жатқан басы таңулы — жаралы Ноян оған төніп ақырады.

Н о я н. О, сұжүрек, жатқызайын ба, осы бөренемен!

Ш ә л т і к. Өй-өй, жындандың ба?

Н о я н. Сен жынды ма, мен жынды ма?

Ш ә л т і к. Мына шойын жол бәріміздің де есімізді ауыстыруды, дені дұрыс бір адам қалған жоқ. Әнен, түрлерін қарашы, түрлерін, ха-ха-ха! Ұсқындары не деген жаман! (*Ноян бөренесін тастай беріп, жағадан ала түседі.*) Өлтірді мынау өлтірді, өлдім, ойбай, өлді-ім!

Бір қолы асулы, жаралы Жақай мен Томчук жүгіріп келіп араша-лап алады, қолдарында қайла, күрек — Нестер, Боташ, Құләнда, Салиха, Нұрисламдар қоршап тұра қалады.

С а ли х а (*Ноянға*). Тимеші, өзі қойқақ немені, қайтсін!

Ж а қ а й. Шәке, не боп баrasыз?

Ш ә л т і к. Ақымақ боп барамын! Сол ма айтпағың?

К ү л ә н д а. Ағасы, жалғыз сіз бе қындық көріп жүрген?

Б о т а ш. Ертең-ақ ұмыт болады.

Шәлтік. Үміт болады? Мына ұсқындарың үміт бола ма? **Ха-ха!** Жұлым-жұлым, жүнін жұлған тауықтай тұргандарыңды қараши! (Үмтыла берген Ноянды **Жақай** кеудесінен итеріп тоқтатады.) Не үшін? Күзде біtedі деген темір жолдарың осы ма, біту орнына омыртқасы үзіліп, омырылып-омырылып белінен шойырылып жатыр. Эй, Құләнда, жәнім-ау, саған не жоқ, байдың қолында толықсып, майысып отырмай, осында шпал, рельс көтеріп, белің қайысуға келген шығарсың! Эй, Нестер, саған не жоқ, жалғыз аяғыңмен шойнаңдап, Герман соғысынан алмаған орденді осы шойын жолдан алайын деп жүрген шығарсың! Эй, жәмән жалшы Боташ...

Жақай (ақырып). Жетті енді, Шәлтік! (Басқаларына.) Кәне, жұмыстарыңа барыңдар. Бұл кісі кешеден бері ауырып жүр. (Жүрт тарай береді.) Әйтпесе ешқайда да кетпейді.

Шәлтік (жыламсырап отыра кетеді). Оу, айтыңдаршы, жұмысшылардың тең жарымы қашып кетті. Босатыңдаршы. Маңайда жау болмаса, өзім-ақ ауылға кетер ем. Жолда біреуміреу... Кім біледі. Айнала жау. (Орнынан атып тұрып.) Ей, жарандар, жарандар, ес бар ма сендерде, аш-жалаңаш, биттеп, құрттап жүремісіңдер осылай! Мен жынды ма, сендер жынды ма! (Кемсендейді. Тарс еткен оқтың дыбысы естіледі.)

Жақай. Қару алыңдар! Тасаланыңдар!

Ұзақ уақыт атыса жүріп барып, алысқа ұзап басылады. Тым-тырыс. **Жақай** мен Томчук екі жақтан шығады.

Жақай. Иван Антонович, тұтқындан шабуылға шықкан атты әскерлерге төтеп бере алмай, бандиттер жан-жаққа бытырай қашты. Кімдер болды екен?

Томчук. **Жақында** Сибревком бізге көмекке алтайлық екі атқыштар отряды келеді деп хабарлаған.

Жақай. Сібір армиясының еңбек батальонынан да мың адам келеді дегендері қайда?

Томчук. Не де болса, бір тың құштің қосылғаны анық. **Жақай**, жұмысшылар демалсын, қас қарайып келеді. Тамақ жагы қалай еді?

Жақай (тысқа үрэйлене қарап). Иван Антонович, осылай қарай бір топ солдаттар келе жатыр. (Екеуді де жасырынады.)

Томчук (айғайлап). Кімдер бұл келе жатқан?

Д а у ы с. Өзіміз.

Ж а қ а й. Жақындаңдар! Аттан түсіп, екі-ақ адам келсін!

Томчук пен Жақай қарулатын оқтанып күтініп отыр. Екі адам алыстан келе жатыр. Таңғанда екі жақтан Томчук пен Жақай шығады.

Т о м ч у к (танаңып). Дзержинский! Жолдас Дзержинский (*Револьверін қайда қоярын білмей, сасқалақтап.*) Феликс Эдмундович, қайдан жүрсіз мына мидаій далада?

Д з е р ж и н с к и й. Өзіңіз қайдан жүрсіз, Томчук жолдас, мен де сол жерден. (*Документтің ұсынады.*) Әуелі тексеріңіз, содан соң қол алысуға болады.

И л ь и н (ол да документтің ұсынып). СТО-ның өкілі және Петрокок темір жол торабы құрылыш бастығының, яғни сіздің орынбасарыңыз — Леонид Иванович Ильин. Тікелей Владимир Ильичтің нұсқауымен! (*Жақай Тайшиев, Томчук қол алысып амандасады. Жұмысшылар үрпісіп тұр.*)

Д з е р ж и н с к и й (бәріне). Саламатсыздар ма? Қалай жағдайларыңыз?! Бір қолдарыңызда мылтық, екінші қолда қүрек?! Иә, жағдайларыңыз қыын. Жол бойы көріп келем, қыын, қыын! (*Жасырынып, бұзып жатқан Шәлтік жүгіріп келеді.*)

Ш ә л т і к. Какой такой қыын. Қиыннан да қыын. Нашардан да нашар.

Ж а қ а й. Шәлтеке!

Ш ә л т і к. Немене, өздерің тыңдамайсыңдар, басқага...

Ж а қ а й. Шәлтеке!

Д з е р ж и н с к и й. Айтсын, айтсын.

Ш ә л т і к. Мен енді работа тастап, ауыл поехалский.

Д з е р ж и н с к и й. Неге?

Ш ә л т і к. Мұнда то война, то работа. Ладно. Ал ат помер. Кто кушал, кто не знайт. Кругом сволыш. Псе сволыш. Сапох порвал сам порвал псе порвал. Әй, (*Салихага қарап*) мынау Салиха сталавай работайт. Сишаң не работайт. Зашем работайт: шәй ниту, мясы ниту, даже шошқа мясы ниту!

Д з е р ж и н с к и й. Расында, аяқ киімдері мұлдем тозған екен.

Ш ә л т і к. Какой-такой тозған. Вот (*ұлттаны сөгілген етігінің табанын көрсетеді*), тоже кушайт хошыт.

Т о м ч у к. Жақында Новосухотандағы етік шеберханасынан міне-міне төрт жүз пар етік аламыз деп отыр едік, алдыңғы күні

ғана бандиттер Федотов бастаған етікшілерді өлтіріп, етіктерді бір араға үйіп, өртеп, құлін ғана қалдырыпты.

Ж а қ а й. Петеҳово станциясында жұмыс көліктеріне үйілген 17 мың фунт шөпті де кеше түнде өртеп кетіпті. Адамның аштығынан көліктің аштығы да кем емес, жанға батып тұр.

Д з е р ж и н с к и й. Біразыңыз жаралысыздар ғой, дәрігерлік көмек қалай?

Ж а қ а й. Біз шыдармыз-ау. (*Күләндаза*.) Айтқандай, Құләнда, баршы, шөлдеп жатқан шығар. Ана бір қираган вагон ішінде Әлима дейтін қызымыз жатыр. Халі өте ауыр. Бандиттер аттаппай қойды ғой!

Д з е р ж и н с к и й. Иә?

Н о я н. Мен айтайыншы. Продналогтан жинаған мың шақты ірі қара мал бар еді. Жол бүлінгелі ағаш бауырында Боташ пен Әлима бағатын. Бір күні дала түгел өрт. Жұмыс көліктеріне міне сап жетсек, бандиттер табынды аралай жүріп түгел керосин құйып, от тастағты. Иін тіресе жанып, өкірген сиырлар өзімізді таңтап кете жаздады. Ал Әлиманы аттың үстіне байлап, керосин құйып өртеп қоя берген екен, зорға арашалап алдық. Өлім халінде жатыр.

Д з е р ж и н с к и й. Бізбен келе жатқан тачанка бар. Қазір соган салыңыздар да, қай жағы жақын — Петропавлға не Қекшетауға қолма-қол жеткізіңдер. Жолдас Томчук, сіздерде жол қатынасының үзілуіне байланысты қоймада жатқан азық-түлік бар ғой, содан жұмысшыларға тиесі паектерін босаттырыңыз! Ильин жолдастың айтуына қарағанда, енді екі-үш айсыз шпалдар болмайды. Бұрынғы тіршіліктеріңізді жасай беріңдер. Керуен шпалдық бөрене, құрылыс материалдарын тасумен қоса, продналогты да бұрынғыдай бірге жүргізсін. Олардың да киім-кешек, тамақ жағын қадағалаңыз.

Н е с т е р. Бір сөз. (*Қалтасынан қағаз алады*.) Тура айтасыз, Дзержинский жолдас. Мына қағаз Атбасар уезінің ревкомы шығарған қаулы, сол қалпында оқып берейін: «Постановили: Выдать киргизам-воэчикам (қыргыз дегені қазақтар ғой) по 12 фунтов муки на человека на проезд от Атбасара до Петропавловска и по одной коробке спичек на 10 человек». Ал осының өзі бізде орындалмайды. Гапу етіңіз, бұл — шындық!

Ш ә л т і к. Ай, қайдам, ертең оқытындар да, бастықтар да осы байдың балалары болып, біз пақырлар солардың жұмсағанымен жүрмейік. А-ай, күдіктене беремін!

Д з е р ж и н с к и й. Күдіктене білу дұрыс, ал құрлесе білу одан да дұрыс! Томчук, Тайшиев жолдастар. Сіздер, мүмкіндігінше, ертең кешке Қекшетау уездік атқару комитетіне бүкіл талап, сауалдарыңызбен жететін болыңыздар. Жаралы адамдардың дәрігерге қаралуы керек, еңбек тәртібін бұзушылар болса, олардың да «емделгені» жөн! Қош-сая болыңыздар!

Ш ә л т і к. Жолдас, Дзержен!

Ж а қ а й. Қой деймін!

Ш ә л т і к. Менің бір күдікті ойым бар еді. Тұсінбей-ақ қойдым.

Д з е р ж и н с к и й. Айтыңыз.

Ш ә л т і к. Эй, Жақай, сен... Осы жұмыстан әлхалдап кетпес те едім. Бірақ ойлаймын. Осы байдың балалары неге істемейді? Төңкеріске дейін де, төңкерістен кейін де, бәрібір салпақтайтын — біз.

Д з е р ж и н с к и й. Сіз өзіңізге үй салсаныз, байлар көмектесер ме еді?

Ш ә л т і к. Қайдагы көмектесу, қайта құлатып кетер. Оу, ол өз үйім ғой.

Д з е р ж и н с к и й. Бұл жұмыс та сіздікі, сіздің үйіңіз. Ендеشه, байдың балаларын күттүңіз бекер. Оларды қиратады деп қана күту керек.

Жетінші көрініс

Банда ставкасы. Сырттан жығылып-сүрініп Белова бастаған шайка кіреді: Корняк, Христолюбов, Матай, Кирилл. Бәрі де гүрс-гүрс отыра кетеді. Шаршаған, шалдықкан, беттері қызыарып, тутігіп кеткен. Белова кіре бере үстел үстінде түрган сүйретпе шыныңдағы самогонды езуінен өңіріне дейін ағыза-тамыза қылқылдана жұтып тұр.

К о р н я к (белдігін шешіп, қылышын қоса қабат лақтырады). Бәрі де бітті... бітті бәрі де!

Б е л о в а (шыныны аузынан алып). Не бітті, ештеме біткен жоқ. Бұл әлі басы. (Темекі тұтатады.)

К о р н я к. Басынан жырым-жырым жыртылып, тоz-тоz болсақ, ең артында тың жалаңаш қаламыз. Өте күлкілі, қызықты финал! Ха-ха-ха!

Б е л о в а. Бақытсыз пессимист!

К о р н я к. Сенің оптимистігің сол екен ғой, Колчак, Деникин,

Юденич, Врангель, ұлы Антанта жеңе алмаған большевиктерді сен, сенің басын қоса алмай бытырап, әр жерде қашып, пысып жүрген ұсақ бандыларың жеңуі керек. Абсурд!

Б е л о в а. Корняк, көзілдірігінді шеш, көзілдірігінді! Сен тауық көз ғана емес, саяси соқырысың. Офицер болмай, көзілдірікті данышпан пескарь болуың керек еді.

К о р н я к. Сонда сенің көрегендігің қай жерінде?

Б е л о в а. Қаншама темір жолдарды қираттық, қаншама қоймаларды бұлдірдік, құрылыс материалдарын, астықты, шепті өртедік.

К о р н я к. Оның атын тонау дейді. Біз – бұлдірғыштер, тонағыштар, бандиттер. Ҳа-ха-ха! Ал көтере айтқанда, біз цирктегі клоундармыз: цирк жұмысшылары аренага қажет дүниелерді қойып жатқанда, клоун оны ұрлап алып, екінші жаққа қойып, мәз болады. Не деген күлкілі, ха-ха-ха!

Б е л о в а. Құл, құл, кім кейін құлер еken. Қазір Ресейдің барлық түкпірінде біздің эсерлер үлкен дайындық үстінде.

К о р н я к. Қандай эсерлерді айтасың? Милюков пен Авксентьевтер ме? Америкаға барып Ресей туралы ауыздарына келгендерін оттап, бар «жарылқағандары» сол «Ара» қоғамына «көмектеспендер» деп, байбалам салып жүрген эсерлер ме? Ресей Америкасыз-ақ күн көреді. Мына қырғыз-қайсақ даласында кемедей жүзеген керуендерді көремісің. Продфронт деген сол!

Б е л о в а. Қөріп жүрмін маң-маң басып қыбырлаған, ыргалған түйелерді. Ол жүріспен Кеңестер қанша жерге ұзамақ.

К о р н я к. Ол – ғасырлар бойғы дала ыргағы, ертең бұларда пойыз жүреді, пойыз. Әне, большевиктердің ертеңгі ыргағы.

Б е л о в а (қылышын сұрып). Тоқтат, турап тастаймын!

К о р н я к. А-а, үнамай ма! Сен эсерлерге сенесің, олар бастаурын сауғалап қашып кетті, ертең сен де қашасың. Әлде Семипалатинскіден келетін көмекті күтемісің? Құт, құт. Келеді.

Х р и с т о л ю б о в. Одан да соны айтпайсыңдар ма, бір-бірінді мұқаттанша. Қашан келеді еken?

К о р н я к. Сендер газет оқымайсыңдар, шөп өртеп, рельстің болтын бұрап жүріп қолдарың тимейді. «Мир труда» газеті жақында ғана жазды: «Семипалаттағы партизандар дивизиясы да, 170-ші оренбургтік казак дивизиясының қалдығы да быт-шыт болып күйрекен». Ҳа-ха! Құтіндер енді о дүниеде!

Б е л о в а (құлагын басып, бақырып). Тоқтат, тоқтат, мен

енди шыдай алмаймын, парша-паршанды шыгарамын. (*Кыл-кылдатып самогон ішеді.*) Сені де орыс офицері дейді-ау. Корқақ маймыл! Көзілдіркіті маймыл!

К о р н я к (*орнынан атып түркел, иығындағы погондарын бырт-бырт үзіп лақтырады*). Мә, мә! Офицерліктен қалғаны осы болса!

Б е л о в а. Эттең... стройдың алдына тұргызып, трибуналсыз-ақ атып тастар едім.. Махнов! Махнов! (*Махнов кіреді.*)

М а х н о в (*зорға сөйлем*). Сіз шақырдыңыз ба, Ваше...

Б е л о в а. Енді кім шақыруыш еді!.. Барлаушылар келді ме?

М а х н о в. Жоқ!

Б е л о в а. Қанша солдат қалыпты, санадың ба?

М а х н о в. Жиырма шақты.

Б е л о в а. Дәлірек айтқанда!

М а х н о в. Он сегіз. Төртеуі жарты.

Б е л о в а. Жартысы қалай?

М а х н о в. Жаралы, шала-жансар жатыр. Үшеуі қашып кетті. Соңғы дезертирді ағашқа тасалағанша атып үлгеріп едім, ажалы жоқ екен...

Б е л о в а. Эх, Махнов, ашсың гой, мешкей, тигізе алмадың?

М а х н о в. Жо-оқ, мылтығым оталмай қалды.

Б е л о в а. Аю, майтабан аю! Махнов, мохнатый аю, маҳровая тряпка! (*Самогон ішеді.*) Бар, бар! Барлаушылар келсе, хабарла. (*Махнов кетеді.*)

Б е л о в а (самогон аққан иегін сүртіп тұрып, теріс қараған күйі). Матаій, әй, киргиз!

М а т а й (*ызадан қалышылдан*). Мына жұдырықпен қақ бастан отырғызсам...

Б е л о в а (әүелі түсінбей, көзі бақырайып, содан соң қира-ландаң келіп реверанс жасайды). Мерси, кайсақ-киргиз или киргиз-кайсақ мырза, мерси!

М а т а й (*теріс қарап*). Өзі кейіп оғырган жанымды одан әрі кейітуін қарашы, сволыш!

Б е л о в а. Сен мүнда неғып отырсың аштан-аш?

М а т а й. Арандатып-арандатып алып, енді кекетесің, ә, өле алмай тұрып.

Б е л о в а. Шын айтам, аулыңа бармайсың ба?

М а т а й. Менде ауыл, үй қалды ма? Кімге көріне аlam. Қазақтың ұлан-ғайыр жері қазаққа ұлтарақтай болып қалмады ма? Барар жер, басар тау жоқ.

Б е л о в а. Бар онда, большевиктердің аяғына жығыл, кешірім сұра.

М а т а й. Енді өлсем де ақтан да, қызылдан да кешірім сұрап, жақсылық тілемеспін. Екеуі де қанымды сүлікше сорып, малымды аждаһадай жұтқаннан басқа түк бермейтініне көзім жетті.

Х р и с т о л ю б о в. Патшадан шен алғаның қайда, ұмыттың ба?

М а т а й (*шапаның ашып жіберіп*). Мынау ма, темір ме, қарғыбау ма! Бұдан басқа сендер не бересіңдер? Бала болармын ба, алдайтын, ит болармын бар жетектейтін. Мә! (*Знагын жылдып алып, Христолюбовке лақтырады.*) Николай патшаны көрсөң, өзіне қайтарып бер, шалбарының құйрығына тағып алсын!

Б е л о в а. Сонда сен көкте де жоқ, жерде де жоқ, қайда бар-мақшысың?

М а т а й. Құдайдың қасына барамын.

Х р и с т о л ю б о в. Эй, Матай, шыныңды айтшы, не ойың бар. Мына үкімет тойынып алған соң, тағы да бізге ауыз салды-ау, түрі жаман.

М а т а й. Оны өзім де білем. Елім тарылғанмен, барап жерім тарылған жоқ. Кетем! Монгол—Қытайға кетем!

Б е л о в а. Малыңды да ала кететін шығарсың?

М а т а й. Енді құзғындарға шашып кетер деймісің.

Б е л о в а. Матай мырза, екеуміздің жолымыз онда тағы да бірге болатын болды. Тамаша! (*Сырттан Махнов келеді.*)

М а х н о в. Барлаушылар келді. Екеуі қашып кетіпті. Біреуі-ақ келді. Маңайдағы ауылдар мен станицаларда қаптаған қызылдар дейді. Еш жер бос емес.

Б е л о в а. Тіпті тамақ ішетін жер де жоқ па?

К и р и л л (*темекісін орап отырып*). Түстенетін жердің қалмаганы-ау.

М а х н о в. Айтқандай, мына жақындағы ауылдан кеше үлкен керуен өтіпті. Бөренелер сүйреткен, азық-түлік артқан 100 шақты туиелі керуен дейді. Адамдары, қару-жарактары онша көп емес көрінеді.

Б е л о в а. Бөренелер? Темір жол құрылышының материалда-ры? (*Тістенеді.*)

М а х н о в (*кетіп бара жатып*). Айтқандай, керуен басы, әлгі-і телефоны бар инспектор дейді.

М а т а й (селк *etin*). Ах, Жақай сүм ғой, кеттім. Белова, Катька, маган он адам бересің бе? Өзімнің он жігітіммен қосқанда жетеді.

Б е л о в а. Сонда, бізді тастап кетіп, өзің ғана тонамақсың ба?

М а т а й. Тонау емес, анау сүмның жанын зәннамға кетіремін, кегім бар, өшім бар ол кәззәпта. Мениң жауым — сол қазақ. Өз елін сатып жүрген сол қазақта өшім...

Б е л о в а. Білем, білем... Қазақтың бір-біріне өштігі өсектен аспайды. Ақырлап келгенде орға құлататын да, көзін құртатын да біз. Өштігің бар да, күшің жоқ. Ал бәріміз де кеттік. (*Самогонды қылқылдатып іshedі.*)

М а т а й. Әттең, ауыл алыс, баспалап барып жылқыдан тың аттар мінер ек.

К и р и л л. Ваше милосердие! Мениң енді масылдықтан бөтен түк септігім тимейді сендерге. Босатшы, құдай үшін, балаларыма барайын. Босатшы!

Б е л о в а. Жо-оқ, сені Қытайға дейін, Тибетке дейін ала кетем. Мениң атымды бағасың... Доғар сөзді!.. Сен жүрмейсің бе, полковник мырзя? (*Матай мен Кирилл кетеді.*)

К о р н я к. Жоқ. Текten-тек қырылуымыз жетер енді. Адамды босқа өлтірудің не қажеті бар.

Б е л о в а. Еш уақытта адам өлтіріп көрмеген шығарсың?!

К о р н я к. Жасырмаймын, өлтірдім. Ұлы орыс жерін сақтау үшін өлтірдім.

Б е л о в а. Енді неге айнып қалдың?

К о р н я к. Пайдасыз құрбандықтар. Ресейді енді қорғау мүмкін емес. Саған да берер кеңесім сол — жазықсыз жандардың қанын мақсатсыз төгіп қайтесің.

Б е л о в а. Киргиз қаны орыс қанынан қымбат емес!

К о р н я к. Адам қанының бәрі бірдей тәтті! Ендігі жерде большевиктерге деген өштігіміз — адамзатқа деген жауыздыққа айналып барады.

Б е л о в а. А-а, жауыздыққа деймісің? Жауыздықты кім бастаған екен. (*Ашынып.*) Мен шығармын! Мениң күйеуім полковник Белов шығар! Көз алдымда большевиктердің қолынан қанға боялған Белов кінәлі дерсің. Кешегі сән-салтанаттың, думанды кештердің ортасы болған патша сарайы жазықты шығар? Ресей анамыздың емшегінен қан аралас сут сорғалап қансырап жатқанда, мүмкін, сенің ақылыңмен, қолима мылтық орнына

желпуіш алып, желпініп отыруым керек шыгар! Сен ұста менің желпуішімді, сен ки менің торғын көйлегімді. Сен аман қал бас сауғалап, ерек емес, қа-а-тын! (Басқаларына.) Қәне, тұрыңдар! (Корнякқа.) Сен осында қалмақпсың?

К о р н я к. Саған бәрібір емес пе?

Б е л о в а. Жо-оқ, бәрібір емес. Сен менен бұрын шығуың керек. Орыс офицерінің әйелі жау жерінде жолдастын қалдырып кетпейді. Сен мені бұрын қалдырып кетуің керек. Тұр, сатқын, дезертир.

К о р н я к. Кім дезертир? Эмифацияға кететін адам дезертир ме? Әлде?..

Б е л о в а (револьверін сұрып алып). Тұр, сұмырай, әйтпесе қазір атамын.

К о р н я к. Егер шүріппесін басар болсаң, менің де мылтығым бірге атылады. (Шинельдің оң жақ өнірін ашып қалады. Сол қолында револьвер.)

Б е л о в а. Жарайды онда. (Револьверін қалтасына салады да, самогонның қалғанын түбіне дейін іshedі.)

К о р н я к. Соңғы мақсатың — менің бұрынырақ кетуім болса, шығайын. (Есікке беттейді.) Айтқандай, естеріңе сала кетейін. Дзержинский келіпті!.. Антоновтардың ұсын ашып, жақсылаپ сөйлескен көрінеді. Сендер де дайындала беріңдер. Аждаһаның аузына қояндардың өзі барып түседі.

Б е л о в а (тістеніп). Дзержинский! (Табалдырыққа аттай бастаған Корнякқа.) Полковник Корняк, шыныңды айтшы, қайда кетіп бара жатырысың?

К о р н я к (бұрылып). Қорықплай-ақ қой, сендерді сатпаймын... Дзержинскийге. Ол өзі-ақ тауып алады.

Б е л о в а. Ендеше, қайда баrasың?

К о р н я к. Басымның ауған жағына.

Б е л о в а. Шетелге ғой. Қай елге өтпексің?

К о р н я к. Тұған жерімді тастап еш елге кетпеймін.

Б е л о в а. Тұған жерінде сені паналатар бос жер қалды ма?

К о р н я к. Ресей анамыздың құшағы кең. (Кетеді. Белова көк желкеден атып жібереді. Корняк жақтауды ұстап тұрып қалады.)

Б е л о в а. Сенің Ресей жерін басып жүруінді қызғанамын.

К о р н я к (көзі алара бұрылып). Бетпе-бет атуға... Әттең...

(Жақындаïй береді, жақындаïй береді. Белова атып-атып қалады да, тура өзіне асыла құлаган Корнякты итеріп тастайды.)

Б е л о в а. Кеттік! (Жарық сөнеді.)

Сегізінші көрініс

Тұн. Ұлыған қасқырлар үні. Бақыр ілген мосы астында оттың шоғы жылтырайды. Әріректе қомдарына тай-тай жұқ артқан шеккен түйелердің, тіркелген бөренелердің нұсқалары қараңдап көрінеді. Мосыны айнала қоршаған көруеншілер елеңдеп үрейленіп, түйелер жаққа қарап отыр. Сырттан Нұрислам кіреді.

О т ы р ғ а н д а р (жарыса, үрэйлі). Не екен?

— Ештеме көрінбей ме?!

— Ненің даусы?!

Н ұ р и с л а м. Ештеме күренми, тұлкі ме жүрген...

Б о т а ш. Қой, тұлкінің үні ондай болмайды. Қасқыр шығар.

Ж а қ а й. Құзеттегілер қалай, сергек пе екен?

Н ұ р и с л а м. Бір икәуі юқладап қалыпты, жұлқылап-жұлқылап зорға үяттым.

К ү л ә н д а. Қайтсін шаршаған гой. Неше күн, неше тұн жаяу жүру оңай ма?

Б о т а ш. Және Қақай құсап, бірде шәркемен, бірде жалаң аяқ жүрсе.

Н е с т е р. Эх, шіркін, екі аяғым бүтін болса, жер шарын жаяу арапап шық десе, қабақ шытпас едім.

Н ұ р и с л а м. Е, аяқ иүқ булғаш, айтасын бит.

Ш ә л т і к. Тұра тұр. Мынау қасқыр емес, адам үніне келеді. (Бәрі үрэйлі, тың тыңдаиды.)

Б о т а ш. Өй, қорыққанга қос көрінеді, ештеме емес.

Ш ә л т і к. Ай, қайдам, жүрегі құрғыр бүгін тайдай тулайды. Бірденені сезе меб?

Б о т а ш. Қой, қайдагы сүмдықты айтпай.

Ш ә л т і к. Қайдан ғана кіреші болдым екем, мынау бір қиямет-қайымның қыл көпірі гой. Айнала жау.

Н е с т е р. Қайдагы жау? Жау дегеннен даламыз тазарды. Қалған-құтқан қашқындары не қылар дейсің, алыстан ұлып-ұлып қояр.

Нұрислам. Олай дерге булми, бдительность — сақлық кирәк, сулай емес пә, (*Жақайға*) сақшы иптәш?

Жақаи. Иә, «сақтықта қорлық жоқ» дейді. Қашқан жау — ашынған жау!

Шәлтік. Апыр-ай, ә. Түнеугі бір жолдағы орыс аулы айтып отырған жоқ па, Колчактың әскерлері қашқанда сол ауылдың жастарының басын кесіп, миын шағып, көз сүйегін үндірейтіп, түгел қазыққа іліп кетіпти.

Боташ. Қазыққа емес, шарбаққа.

Шәлтік. Бәрібір емес пе, жетекке ілсе де.

Күләнда (*Жақайдың гимнастеркасын жамап отырған*). Қайдагы қорқынышты нәрсені қайдан бастадыңыздар, одан да бағанағы әңгіменді айтшы, Жақай.

Нестер. Иә, иә, қай жерге тоқтап едің... Картаның алды...

Боташ. Тұра тұр. Картаның алдына алып барды...

Жақаи. Иә, содан, Владимир Ильич қабырғаға ілуі қартаның алдына алып барды...

Боташ. Картадеген сонда немене, қабырғада бола ма?

Нестер. Картадеген — үлкен қағаз. Онда бүкіл қалалар жазылады.

Жақаи. Владимир бүкіл қабырғаны тұтас жапқан қартадан, міне сенің республикаң деп таяқшасымен өзі көрсетті. Недеген көл-көсір қазақ жері. Ленин түйдектетіп айтып жатыр, айтып жатыр. Таяқшасы жүрген жерлермен көзім бірге жүгіреді. Мынау — Петропавл, мынау — Қоқшетау. Осы араның жолы «Манызды азық-түлік торабы», — деп отырғанымыз дейді. Бұл жол мұнымен шектелмейді, әрі қарай созыла бермек, тарамдана бермек. Мына Бурабайға, Ақмола, Қарағанды, Қарталы... одан әрі кете береді, кете береді... Қазақ даласының үсті ғана емес, асты да тұнған байлыш. Үстінде жайқалған егін, мыңғырған мал тарамтарам жолдар, тұтіні бүркүраған зауыттар, астында алтын, күміс, мыс, жез, көмір шахталары. Бәрі де халық иглігіне, болашақ үрпақ иглігіне айналады. Мына сенің аулыңа әлі электр жарығы барады, көшелерінде автомобиль, даланда тракторлар, аспаныңда айырлан үшіп жүреді... Некерек, айтып жатыр, айтып жатыр. Кемі жиырма, отыз жылдың төңірегінде болатын жағдайларды түсіндіріп жатыр, түсіндіріп жатыр...

Шәлтік. Бәрін жатқа айта ма, қағазға қарай ма?

Жақаи. Қайдагы қағаз. Бәрін, бәрін жатқа. Тіпті кішкентай

қаланың, өзен, көлдің аттарын, зауыттардың, темір-мыстардың кеңін жатқа заулатқанда таң қаласың.

Б о т а ш. Биылғыдай аштық, жұт болмайды деді ме?

Ж а қ а й. Қайдан болсын. Егер бір жерде егін шықпай қалса, дақ, екінші жерде шығады. Пойыз бәрін де жеткізіп тұрады.

Ш ә л т і к. Е-е, онда мына керуен қайда қалады, митыңдан, жаяу-жалпылап жүрмейді екенбіз гой.

Ж а қ а й. Әрине, керуен жолының ол кездे керегі не? Бәрі қалады.

Н е с т е р. Жақай, Жақай! Сен, шынында, біз сияқты сауаты аз, шала Жақай емессің, біздің бәрімізден де білгіш, көзі ашық, Ильчті көрген — дана Жақайсың!

Ш ә л т і к. Сөз-ақ! Лениннің құзетшісі болсам, мен де оқы мыстылардың бәркін теріс айналдыраң ем.

Б о т а ш. Сондай жерден кетіп жүрген, әй, Жақай-ай.

Н е с т е р (күліп). Құләнданың магниті тартқан гой!

Б о т а ш. Айналайын, сенің де маңдайың ашылайын деп түр екен, Жақайдың дер кезінде жетуін қарашы, енді Құләнданы да ала барасың, ә?

Ж а қ а й. Осыдан барысымен Петрокок құрылысындағы жұмысыма қайта кірісемін. Как бітті, так Мәскеуге тайып тұрамын. Мен Лениннің сақшысы боламын, Құләнда оқиды, сауатын ашады. Өздерің келе қалсандар... «Қысылшаң кезеңдерде арыпашып жүріп, көп жұмыс тындырган адамдар еді», — деп, ретін тауып, сендерді Владимир Ильичпен жолықтырамын.

Ш ә л т і к. Ә-әй, өшейін осы жердегі көңілжықпас сөз ғой, онда барған соң бәріміз үміт болармыз...

Н е с т е р. Неге?! Жақайға өзім сенемін. Осыдан мені кіргізбе! (Жұдышығын көрсөтіп, күледі.)

Б о т а ш. Шіркін-ай, Ленинді бір көріп, сөйлесіп, сосын өліп кетсем де арманым болмас еді.

Ш ә л т і к. Сөз-ақ, Ленинді көрген соң, қайта өлмеу керек.

Н е с т е р. А-а, жаның тәтті-ay, ә?!

Ш ә л т і к. Тәтті болмаганда. Алдымызда жақсы заман келе жатыр дейді, оны көрмей неге өле қояйын. (Селк етіп.) Тағы да бірдене естіле ме? Мынау біртүрлі дыбыс. Ай, тап осы жолы адамның үніне келеді. (Бәрі тың тыңдаиды.)

Б о т а ш. Ай қоргалаган кез, аш қасқырлар шығар... алыстан торып жүрген.

Жақаи. Түйелердің бұрауын көріп, күзетшілерді байқап келейік. Қезекпен отырып тамақтанып, демалайық.

Н е с т е р. Иә, сол дұрыс болар. Таң қараңғысымен жүреміз. (Бәрі тұрып кетеді. Құләнда бақырдың қақпазын ашуға үмттыла беріп, өз-өзінен қиялдан, отырып қалады.)

К ү л ә н д а. Ал, Құләнда, енді бұл дүниеде не арманың бар. Кеше кім едің, бүгін кімсің. Ертең Мәскеуге барасың. Жақаймен өмір бойы бірге тұрасың. Ауылдан келген қазақтар: «Күйеуің кім, шырағым?» — дегенде: «Жақай, Жақай гой», — деймін. «Е-е, кәдімгі Жақай. Кремльде істейтін Жақай ма?» «Иә, — деймін, — Лениннің сақшысы!» (Жүргіріп барып сөмкедегі телефонды әкеледі. Жан-жагына қарап, телефонды бұрауга бата алмай қайта-қайта оқталып.) Жүрегім дүрсілдеп қоя берді-ау. Тлибонды қолыма алсам-ақ сөйтеді. Әуелі бұрамай тұрып жаттығып алайынши. (Телефон түткәссын құлағына апарып.) Қалай бастасам екем... Жолдас Ленин... Жоқ... Ленин ата... Мен... Мен... Жақайдың қалыңдығы Құләндамын. Сізben сөйлесуге қорқып... жоқ... жүрегім аузыма тығылып... Жолдас Ленин, рақмет сізге, мың да бір рақмет жаусын сізге! Мен кім едім, мынандай аспан мен жердің кеңдігін көрмей, ақ пен қараны айыра алмай, күнде... қорлықта жүрген күн едім. Қазір еркін үшқан қос қанатты құстаймын. Жақайдың қолынан үстап, қайда үшсам да еріктімін. Мен секілді талай сорлы бейбақтардың маңдайын ашқан, азаттық әперген сізге мың-мың алғыс! (Көзіне жас алып.) Жақай айтады, сізді... сүмдардың атқан оғының зардабынан сырқаттанып жүр дейді. Ауырманыңшы, Ленин ата! Біздің бақыттымыз үшін ауырманыз... Сіз тұрганда, — дейді Жақай, — біз аш та, жалаңаш та болмаймыз, бізді енді ешкім жасыта алмайды, жылата алмайды. Мен Жақайға сенемін! Рақмет сізге! Алда риза болсын, Ленин ата!

Құләнда телефон құлағын бұрап-бұрап жібергенде, сыртта мылтық атылып, әлдекім баж ете қалады. «Жатыңдар», «Мылтықтарыңды оқтаңдар», — деген дауыстар. Гүрс-гүрс атылған мылтық үні. Айғайшу. Телефонды құшақтай алып, Құләнда: «Жақа-а-ай!» — деп айғайлап жүгіреді. Қараңғылық. Атыс жақындаі түседі. Әлден уақытта саябырып барып, бәрі де тынады. Тым-тырыс... Жарық жанғанда бақыраштағы етті кесек-кесегімен жұлмалап жеп отырған бандиттер: Белова, Христолюбов, Матай, темекі орап отырған Ки-

рилл. Әрірек аузы буылған екі қанаң қап түр — ішінде қолға түскен адамдар. Сырттан Махнов келеді, қолында телефон.

М а х н о в. Ваше благородие, мына телефонды өліп жатқан әйелдің құшагынан зорға сұрып алдым.

М а т а й. А, залым, қалыңдығын да, тлепонын да тастап зытқан екен. Қап, әттеген-ай!

Б е л о в а (*Махновқа*). Ана бақырды ал да, аналармен бөліп жендер, сосын керуен түйелерді түгел атындар, құрылыс материалдарын шашындар, азық-түліктің бәрін төгіндер. Босаған қаптарға өліктерді салып, бір түйемен Петрокок темір жолына қарай жіберіндер, аштарға біраз азық болсын!

М а х н о в. Құп болады. (*Бақырды алып кетеді.*)

Б е л о в а. Кирилл, ана қаптың аузын ашишы. Әлгі сұмырай сақшы соның ішіне тығызып отырған шығар. Сендерге мен бір спектакль көрсетейін. (*Кирилл ашады. Ишінен жарадар Нестер шығады.*)

К и р и л л. Нестер!

Н е с т е р. Сен әлі осылардың жағында жүр ме едің? (*Кириллді жақтап бір қояды.*)

Б е л о в а (*қалтасынан бесатар алып, Кириллге лақтырады*). Кирилл, сениң шамаң келмейді. Көрдің бе, тыртан етіп жығылдың, мә, атып таста!

К и р и л л (*бесатарды қағып алып*). Ғұмырымда мылтық атып көрген емен және кісі атып...

Н е с т е р. Азғындар, сендердің өлім еккеннен басқа қолдарыңнан ештеңе келмейді, енді көзім мұлдем жетті. Еркекшора мадам, соңғы дәмің шығар, жеп қал, енді сен де қанша өмір сүремін дейсің.

Б е л о в а (*теріс қарал, ет мүжіген қалпы*). Кири-илл, болсанышы енді, ананы сайраттай! (*Кирилл қолы дірілдеп Нестерге жақындаі-жақындаі келіп, бесатарды Нестердің қолына құстата салады.*)

Н е с т е р. Кирилл ата алмайды. Мен ақтың солдатымын бұрынғы, мадам, әуелі сізден бастап көрейін. (*Бесатарын кезеңіп түр. Белова мүжілген жілігін тастап, енжар бұрылып қарайды да, Нестерге баяу жақындаі береді.*)

Б е л о в а. Орыс солдаты орыс офицерінің әйеліне қол көтеретін болған. Эх, тәртібің бұзылған, Ресей! Ұсқынсыз Ресей!

(Нестер шүріппені басып-басып қалады. Бесатар атылмайды. Нестер лақтырып жібереді.)

Б е л о в а (бесатарды еңкейіп алып, екінші қалтасынан оқшығарады). Кирилл, фапу ет, оқталмай қалыпты. Мұны былай оқтайды. (Оқ салады.) Сосын былай атады. (Нестерді атып салады.)

Н е с т е р (құлап бара жатып). Қанішер!

Б е л о в а (Кириллге). Үйрендің бе? Үйреніп ал, о дүниеге барғанда да саган керек болады, тағы көрсетейін қалай атуды. (Кириллдің өзін атып салады.)

К и р и л л. Ох.. қаныпезер! Осылай боларын сезуші едім. (Құлайды. Белова екінші қапты өзі ашады. Ішінен үрейленіп, жасқанып Шәлтік шыгады.)

Б е л о в а (аузымен тоқтық тартып). Мынау кім? Бұл сөйлесуге де түрмайды. (Теріс қарап тұрып ата салады.)

Ш ә л т і к (кеудесін басып, кемсендеп). Шынымен өлгенім бе?! (Құлайды. Сырттан қан-қан жаралы Жақайды алдына салып, Махнов кіреді.)

М а т а й (қуанып). Ә, бәлем, түстің бе қолға, жаман қара құл! А, құдай, бар екенсің гой! (Жақайдың жақындалып.) Мен сен үшін жүрмін салпақтап. (Тапанишасын сұырады.)

Б е л о в а. Тоқта! Күн шыққанша, аттар тыныққанша, уақыт бар, біраз ойнай тұрайық.

М а х н о в. Өліктерді жинап жүріп, қапқа салайын деп жатсақ, ыңырысиды. Жарадан талып жатыр екен.

Б е л о в а. Жарайды, жүре бер... Ал, сақшы жол-дас-с! Әңгіменді айт жүртқа айттып жүрген. Біз де тыңдайық. Ә-ә, қарның ашты ма, біз сіздің етті байқамай жеп қойыптыз, то есть, өліп қалған шығар деп. Мә, мына сүйекті кемірсең де талгажау. (Жерден жілікті алып, бетіне лақтырып жібереді.)

Ж а қ а й (әлсіз үнмен). Мен сендердей ит емеспін қалған сүйекті кеміретін.

Б е л о в а (сүйекті алып, бетіне тақайды). Кемір мынаны, кеміресің. Кеміртемін... Сол-ай ма? (Жілікпен іштеп үрады.)

М а т а й. Маған берші өзін.

Б е л о в а. Фапу етіңіздер, мырзалар, мен байқамай, ашу үстінде ұрып жіберіптін. Сіздерге біраз спектакль көрсетуім керек еді.

Ж а қ а й. Сендер күштерінді құлап жатқандарға, аш-жалаң-аштарға жасайсыңдар, арсыздар!

Б е л о в а. Біз бе арсыз, сіз бе арсыз?

М а т а й. Сен оңбаган бізді алдап жүрген, сен суайт, сен арсыз!

Х р и с т о л ю б о в. Барлық жерден азық-тұлікті алдап алып, жүртты қан қақсатып жүрсің, сукин сын!

Б е л о в а. Ал сөйлес, часовой Жахай, әне телефоның. Эне жатыр. Сөйлес. Кіммен сөйлесуші едің? Орталықпен, Ленинмен? Ал бізді де алдап көр. Біз де тыңдайың.

Ж а қ а й (*басын зорға көтеріп*). Мен ешкімді де алдағам жоқ. (*Телефонға тізэрлеп келіп*.) Бұл — Лениннің телефоны! (*Телефонның құлағын бұрап-бұрап жіберіп*.) Алло, Алло, жолдас Ленин! (*Куанышпен*.) Владимир Ильич, телефонда Жақай, сіздің сақшыңыз Жақай Тайшиев! (*Белова ызадан, ашудан бұлығып, зорға күліп тұр. Матай мен Христолюбов Жақай сөйлеген сайын қорқып, шегіншектей береді*.)

Ж а қ а й (*тұтқаға*). Петрокок темір жолы Қекшетауга таянды. Сіздің жарлығыңыз түгелдей орындалды. Тек қана мен... мен соңғы керуенді жеткізе алмадым. Қазір айналамда бөрілер, өларада бірін-бірі ұлып шақырған қасқырлар тұр. Гозған, азған сілімтіктер. Колчактың соңғы құйыршықтары. Олар жақында қуриды.

Сырттан гүрс-гүрс атылған мылтық даусы естіледі.

М а х н о в (*есі шығып*). Қызылда-а-ар! Келіп қалды, келіп қалды.

Бәрі тым-тырақай қашады. Матай қашып бара жатып, кері бұрылып, Жақайды ту сыртынан атып кетеді. Сырттағы атыс алыстай береді. Жақай әлденені сөйлескендей телефон тұтқасын аузына тосып, бүк түсіп отыр. Атыс әбден тынғанда Жақайдың даусы репропротордан естіледі.

Ж а қ а й д ы ң ү н і (*әуелі сыйырмен*). Жолдас Ленин! Владимир Ильич, өлара бітті. Қөмізде жаңа ай оңынан туып келеді. Қазақ даласында жаңа керуен — жаңа отарба жүре бастады!

Алыстан талып естілген пойыз доңғалақтарының үні паровоз гудогіне астасып, қүшейе түседі, жаңғыра түседі.

С о н ы.

ЖАРАПЫ ГҮЛДЕР

(Екі бөлімді драмалық поэма)

Кейіпкерлері:

БАҚЫТ – мосқал кезі, 40-тың ішінде

БАҚЫТ (Сыбызы) – бала кезі, 7-сынып оқушысы

ҚАСЫМ (Пипин Короткий)

АПЛАШ (Қожанасыр)

БАЛТАШ (Кеңірдек)

БАЛШЕКЕР (Шегіртке)

ТАУРИД ЭММА ИВАНОВНА – оқытушы, 50-дің мол ішінде

БАТТАЛ – майдангер (бір көзі шыны көз)

ГҮЛСІМ – мектеп директоры

ВОЕНКОМ – Гүлсімнің ағасы

ТАУРИД КАРЛ ФЕДОРОВИЧ – Эмма Ивановнаның ұлы

НЕМІС ОФИЦЕРІ

Көпшілік сахнада – балалар

БІРІНШІ БӨЛІМ

Бірінші көрініс

Даң-дұң, даң-дұң – қалай болса солай тартылған пианино үні (какафония). Перде ашыла береді – сахнада ескі пианиноны тала-са үргылаган бір топ оқушы балалар: біреуі саусағымен, біреуі шынтағымен, енді бірі жұдырығымен пергілеп жатыр. Қастарына енте-лей басып қырықтар шамасындағы, самайына ақ кірген адам келеді. Бұл – ақын Бақыт.

Б а қ ы т. Балалар, балалар, бұларың не, бұларың не! Токтаңдар, аясандаршы, бұл күйсандық емес пе?

Б а л а. Бұл тоған пианино гой, Бақыт ағай, ешкімге керегі жоқ. Көп тілдері сөйлемейді. Биыл мұны завхоз далага шығартып тастаған.

Бақыт (қалтасынан ақ орамал алғып, пианиноны сүртеді).
Іә, тозған пианино. Бірақ, балалар, білесіңдер ме, қазір бұл —
ұнсіз қалған көне ескерткіш. Сөйлете білсең көне дүниенің де өз
тілі бар. Ескіні де қадірлей біл. Мен аулыма келген сайын осы
пианиноны бір көрмей кете алмаймын. Әрдайым осы қүйсандық
өткен өмірді еске салады...

Жарық сене береді де, пистолет жарығы Бақыттың бетіне түседі.
Ол сөйлеген бойы авансценаның бір бұрышына келіп тұрады.

Одан бері көп жылдар
етіп кетті іргелі,
Отыз көктем,
Отыз қыс,
Отыз жаз бен
Отыз күз —

Қанатты, үшқыр уақыттың
Табаны жерге тимеді.
Біз де ол кездे, балалар,
Өздеріңдей оқушы ек.
Зердемізге бірақ та,
Кітаптан емес, жырақтан
Өмір мен өлім белдескен,
Хабарды тиғен құлаққа,
Үреймен күнде тосушы ек.

Сендермен жасты болсақ та,
Бізді бала демейтін.
Ыстыққа қүйіп,
сүйкта
Түн қатып жүріп тоңсақ та,
«Тамагыңды іш,
үйықта», —
Деп мұсіркеп, туыс та
Қамыңды онша жемейтін.
Тырнауыш, айыр иықтан,
Жаз болса, әсте түспейтін.
Титықтап, қажып жұмыстан

Жүргенде,
қайда туысқан:
«Мезгілмен тاماқ іш дейтін!»

Казіргі күндей тоқшылық,
Жүгіру қайда доп қуып.
Тары көже, бидай қуырған, —
Үлкені астың бұйырған.
Жамаулы киім — жоқшылық.
Балалық шақтан тез өттік,
Ерте есейіп, ер жеттік,
Еркелік қалған жөнімен,
Кетпейтін ылғи көнділден
Қайғыны үнсіз тербеттік.
Бұзылып батыс реңі,
Жау келе жатқан жыл еді.
Соғыстың өткен зардабы,
Талайдың өлген ардағы,
Сүм заман еді, —
біл енді.
Бір сүйем Кеңес жерінен
Шегінсе жаудың бармагы,
Қуанған елдің арманы —
Жеңіс боп тұрган кез еді.

Адамзаттың дүшпаны
Оқ пенен ажал құсқаны —
Неміс боп тұрган кез еді.

Өлең соңында «Священная война» секілді ән айтылады да, соңынан ол балалардың қосыла салған «По военной дороге» әніне ұласады.

Екінші көрініс

Военкомат. Соғыс комиссарының кабинеті. Үстел. Биікті Стalinнің портреті. Екінші жақта — «Родина-мать зовет» дейтін плакат. Одан төменде карикатура — қолы қан-қан Гитлердің суреті. «По военной дороге» өлеңін айтып бір топ балалар кіреді. Қасым, Бақыт, Аплаш, Балташ, Балшекер. Ұзынды-қысқалы қолқылдаған шинель,

кең гимнастерка, каска, фуражка, танкішілер шлемі. Аяқтарын теуіп, өлең айтқан балалардың алдында соғыс комиссары капитан Жангожин честь беріп тұр.

Қ а с ы м. Айт, два! Айт, два! Стой. Налево. Жолдас капитан... бір топ болашақ жауынгерлер сіздің қарамағынызға келіп тұр.

Б ә р і қ о с ы л ы п . Служим Советскому Союзу!

В о е н к о м. Вольно! (Темекісін тұтатып.) Ал, сөйлеңдер, болашақ жауынгерлер. (Ұсқындарына қарап сөл жымияды.)

Қ а с ы м. Жолдас капитан! Бәріміз да өз ықтиярлығымызben әскерге сұрана келдік.

Б а қ ы т. Неміс басқыншыларымен соғысамыз.

В о е н к о м. Мылтық ата білесіңдер ме?

Б ә р і д е. Білгенде қандай. Білеміз.

Қ а с ы м. Мен, жолдас капитан, ұшып бара жатқан үйректі көзdemей атып түсіре берем.

В о е н к о м. Жау саған үйрек емес. Мылтық ата білсең, оны алғып жүре де білесің гой?

Қ а с ы м. Еhe, мылтық түгілі, бір қап бидайынызды иыққа салып қайқаңдай жөнелгенде... Сіз менің күшімнен қорықпаңыз.

В о е н к о м. Мылтықты жай көтеру бар да, Берлинге дейін жеткізу бар.

Қ а с ы м. Енді... Мылтықты орта жолда тастап, Берлинге өлең айтуға бармайтын шығармыз.

В о е н к о м. Тіл бар, балақай, тіл ұзын. Бірақ бой қысқа.

Қ а с ы м. Сіз менің бойыма қарамаңыз. Соғыс басталғалы шөгіп қалған бойды кемітіп қайтесіз. Әкеңіз, ағаларының майданға кетіп, бар үйдің жұмысы мына мойныңызға түссе, сіз де өспей қалар едіңіз.

Б а л ш е к е р. Мұны біз Пипин Короткий дейміз.

Қ а с ы м. Бойым аласа демесеніз, осылардың бәрінен үлкен-мін. Жас деген бірақ жерге келіп қалды гой.

В о е н к о м. Нешедесің? Нешінші сыныптастың?

Қ а с ы м. Он алтыдан... он... сегізіңізге кеттік. (Күмілжіп.) Жетінші сыныпта. Жолдас капитан, биыл бір сыныпта үшінші жыл отырамын. Сабақ жағына кінәліміз.

В о е н к о м. Үш жыл? Oho, жо-жоқ, жаман оқушы — жақсы солдат бола алмайды.

Касым. Жолдас, капитан, уш үйдің жұмысы мойнымда. Оның үстіне колхоз жұмысы. Шөп шабу, егін ору, шым ою, қыста мал жайлай, ең арты диірмен тартуға дейін менің мойнымда. Оқуды қай жерде оқимын. Ал немістерге септік жалғауы мен көбейту амалын айтуға бармайтын шығармын.

Бақыт. Жолдас капитан, мен жақсы оқимын. Мені әскерге алыңызышы.

Военком. Сен нешедесің?

Бақыт. Он төрттемін.

Военком. Жоқ, сен тым жассың.

Касым. Айттым ғой сендерді алмайды деп, жассыңдар. Мына мен болсам бір сәрі.

Бақыт. Иә деген, жасқа қарамайды. Украина бізден жас балалар соғысып жүр емес пе?

Военком. Олар неміс қолында қалған балалар — партизандар.

Бақыт. Маған партизан болса да бәрібір. Бірақ әкемді көре алмаймын ғой онда.

Военком. Экең қайда?

Бақыт. Соғыста. Екінші Украина майданында. Бес ай болды хат келмегелі.

Военком. Фамилиясы кім?

Бақыт. Мәмбетов.

Военком (селк етіп). Мәмбетов?

Бақыт. Білесіз... Соңғы рет командирі мақтап жазған хатты апама өзініз әкеп бергенсіз.

Военком (даусы жарықшақтанып). Иә, иә, білемін. Папан алдыңғы қатарлы солдат. Өте мақтаулы азамат. (Сөзді бұрып.) Сенің атың кім?

Бақыт. Бақыт.

Аплаш. Мұны біз Сыбызғы дейміз. Сыбызғыны шебер тарлады. Өзі де қурайдай ғой.

Балшекеर. Және ақын өзі. Немістерге шығарған өлеңі де бар.

Военком. Қане, айтсы, Бақыт, өлеңінді.

Бақыт. Онша мықты емес, жолдас капитан.

Военком. Сонда да тыңдайық.

Касым. Бақыт, слушай мой команда!

Бақыт (алға шығып). Енді... (Күмілжіп.) Сіз сұраган соң, айтайын:

Немістер —

қанға жеріген, —
Адамның етін жегіштер!

Айн, звай, драй

Болсам да мен сыбызғы — қылдаі қурай,

Қолымда екі пүттүк пулеметпен

Сендерді жоқ қыламын шөптей турай.

Неміс-неміс — колбаса,
Мен турайын, сен аса!

Аталар салған батырлық жолда

Айнымай біздер тұрамыз,

Отанға кірген аш қасқыр — немістерді қуамыз.

Жауыздардың бастарын жұлып, тістерін қагамыз,

Өз жерінде — қойдай бәрін қырамыз!

Айн, звай, драй,

Біздердің салтымыз солай!

Неміс-неміс — колбаса,

Мен тураймын, сен аса!

Қолында дырау қамшы, бір көзі ақиған шыны көз, әскери киімді
Баттал тұлан тұтып жетіп келеді. Балалар военкомның артына тығы-
лады. Баттал өлең оқып тұрган Бақыттың құлагынан бас салады.

Б а т т а л (құлагын бұрап). Oh, дезертир, менен бәрібір
құтыла алмайсың. Қазір әкеңде таныттайын.

Б а қ ы т. Құлағым-ай, құлағым-ай.

Военком арашага түседі.

Б а т т а л (қамышысын көтеріп). Қане, бәрің де алдыма
түсіндер!

В о е н к о м. Тұра тұр. Соншама не бол қалды?

Б а т т а л. Оны мыналардан неге сұрамайсың. Жұмысты тас-
тап, осында қашып келген, қарай гөр. Құз болса мынау. Қырау
түссе бастады. Егін жиналмай жатыр. Oh, дезертилер. Соғыста
бұлай қашса, әкем болса да табан аузында, так сказать, атып тас-
тар ем.

В о е н к о м (жүмсақ үнмен). Балалар, шынында бұларың
жарамаған екен. Сендер ғой майданға барамыз деп, жұмыстан
қашып келіп тұр екенсіндер ғой.

К а с ы м. Егін даласы — майдан даласы емес.

Б а т т а л (*цмтылып*). Көрсетейін мен саған майдан даласын! (*Военком тағы арашалап, ортасына түседі.*) Қарашы тілі мен жағына сүйенуін. Мұның шегедей болып майданшылына не бересің.

Б а л т а ш. Сонда немене, айыр, тырнауыш арқалап жүре бермекпіз бе. Барамыз майданга. Әкелерімізден ардақты еместіз.

Б а т т а л. Қуатит енді!

В о е н к о м. Балалар, сендер бір нәрсені түсінбей тұрсыңдар. Мұндағы айыр, күрек те — соғыстағы мылтық. Егін даласы да — екінші майдан.

Б а т т а л. Бұларға нә мәймөңке керек. Давай, алға түсіңдер. Табандарыңды тіліп тұрып, так сказать, күні-түні жұмысқа салмасам бар ғой. Қөздеріңе көк шыбын үймелетем!

В о е н к о м (*даусы ациқрақ шығады*). Жолдас ефрейтор!

Б а т т а л. Әй, маған әкіреңдеме. Сендей капитанның талайын, орысша айтқанда, видали.

В о е н к о м (*балаларға*). Жауынгерлер, в одну шеренгу становись! Смирно! (*Балалар әскерге алатындаи қуанысып, тәз сапқа тұрады.*) Равнение на середину! Балалар, сендер тылдағы жауынгерсіңдер. Сендердің ағаларың, әкелерің майданда қан кешіп жүр. Оларға жылы киім, оқ-дәрі, нан керек. Оны дайындастын тылдағы біз. Сендер бала да болсаңдар, бар жұмысты атқаратын азаматсыңдар. Тылдағы көмек — сендердің қолдарыңда. Отан сендерге қарап отыр. Қазір сендердің оқу оқып, доп қуып жүретін қездерің. Бірақ оны уақыт көтермейді. Талай қалалар мен деревняларымыз фашистердің қолында. Жауелімізге баса-көктеп кіріп келеді. Егер олар тез шегінсін, женілсін десеңдер, жұмыстарыңда барыңдар. Бұйырамын. Қане, смирно! Направо! В плечо вперед, шагом марш!

Б а т т а л. Запивай! (*Балалардың соңдарынан ілесе береді.*)

В о е н к о м. Сіз тұра тұрыңызшы.

Балалар «По военной дорогені» айтып шығып кетеді.

В о е н к о м. Сен балаларға тым қатал екенсің.

Б а т т а л. Немене, олардың аузына емізік салу керек шығар. Қазір бір дән жерде жиналмай қалса, білемісің, оның аты Отан алдында, орысша айтқанда, преступление. Қазір балаларға мәймөңкелеп, үлкендерге жарамсақтанатын уақыт емес.

В о е н к о м. Ол түсінікті. Эйтсе де баланың аты балағой. Былай, алдап жұмсағайсың ба?

Б а т т а л. Алдап! Төбенде шығып ойнақтасын дейсің ғой. Обалы маған емес, так сказать, немістерге.

В о е н к о м. Жасыңдағы әпербақандығың әлі қалмаған екен.

Б а т т а л. Мұныңды қалай түсінуге болады. Соғысқа барып жуасып қайтпадың дегенің бе?

В о е н к о м. Байқа, балаларды қияли етіп алма.

Б а т т а л. Өзімде де бір түйір нерві қалған жоқ. Соғысқа бармаған сендер не білесіңдер. Мына бас адам басы ма, қойдың басы ма? (Өз басын өзі қасиды.) Ал мына көз ненің көзі? Мен немістерге басымды қой басының орнына табаққа салып, мына көзімді, так сказать, асатқан шығармын, мүмкін.

В о е н к о м. Ол түсінікті ғой. Бірақ қазір кімнің төрт құбыласы түгел? Сен жаңа Бақыт деген баланы қатты ренжіттің. Кешірім сұрауыңыз керек.

Б а т т а л. Титімдей баладан ба?!

В о е н к о м. Титімдей емес. Ол енді өз үйінің бас көтерер азаматы. Үй иесі.

Б а т т а л. Азамат, үй иесі. Әкесінің көзі тірі тұрганда оған, орысша айтқанда, хөзяйын болу қайда!

В о е н к о м (*теріс қарап*). Оның әкесі енді бұл дүниеде жоқ.

Б а т т а л. Бұл дүниеде жо-оқ...

Қайғылы музыка. Шам сөне береді.

Үшінші көрініс

Күз. Кеш. Егіс даласы. Шағын қос. «Бәрі де майдан үшін!» транспаранты ілулі. Қос басында екі бала — Қасым (Пипин Короткий) мен Бақыт (Сыбызғы) шөп машинасы шалғысын қайрап отыр. Бақыттың аузында дамыл жоқ. «Дыңғыл-дыңғыл, дың-дың» деп неше түрлі күйді салып, шалғы тістерін зыр айналған шарыққа жүгірте салады (бір қолы таңулы).

Қ а с ы м. Эй, Сыбызғы, осы сенің-ақ күйің таси береді екен. Дұрыстап салсайшы.

Б а қ ы т. Күйдің не бөгеті бар. Мына қолым емес пе бөгет бол отырған.

К а с ы м. О, проклятый немістер, сендер болмасаңдар гой, осындаң қара бастарын ала алмай жүрген шалапайларды маңыма жуыттар ма ем.

Шаң-шұң, бірін-бірі қуып екі бала келеді: Аплаштың (Кожанасыр) қолында бишик, Балташтың (Кеңірдек) қолында заноска. Аплаш Қасымның артына тығылады. Балташты Бақыт ұстай алады.

К а с ы м (арашалап). Оу, Кеңірдек, не бол қалды?

Б а л т а ш. Эй, Кожанасыр, ер екенсің, жасырынбай жекпепежек шық.

А п л а ш (асықпай). Ер екенім рас! Бірақ андағы заноскамен жарғызатын сенің басындаі далада жатқан бас жоқ.

Б а л т а ш. Шіркін-ай, мұрныңды бет қылар едім.

А п л а ш (асықпай). Мен сенің ана аузыңды құншығыстан қаратар едім.

Б а л т а ш (ұмтыла түсіп). Төбеңнен тесік шығарар едім.

А п л а ш. Ал мен болсам, ана сопақ төбеңнен бозторғай жұмыртқалайтын үя салармын.

Б а л т а ш. Әттең, андағы Пипин Короткийдің артына тығылмасаң...

К а с ы м. Эй, менде не жұмысың бар. Ал бұл тығылмаса не істер ең, Кеңірдек?

Б а л т а ш. Жерге қағып жіберіп, суырып алар ем.

К а с ы м. Бұл соншама, немене, шеге ме екен, бір қағып, бір суырып ала беретін. Мә, ендеше, қаға гой. Бақыт, қас қарайып кетпей шалғымызды қайрап алайық одан да. (*Балташ пен Аплаш бір-біріне кіжініп тұрып қалады.*)

Б а л т а ш. Қағып жіберіп, жалпаңнан түсірейін бе?

А п л а ш. Әттең, әкең әскерде жүр, аямын.

Б а л т а ш. Мұның аяғышына не берерсің. Кеңірдегінді жұлып алайын ба осы?

Сырттан «тр-тр-р!» деген дауыс шығады да, Баттал айғайлай келеді.

Б а т т а л. Атставить! Разойдись!

Балташ пен Аплаш қолдарындағы «қаруларын» тастанап, екі жаққа тарайды.

Б а т т а л (*Қасымға қарап*). Встать! Сен не ғып ерте келіп отырысың³

Қ а с ы м. Қөрмейсің бе, шалғының тістерін ауыстырып отырмын.

Б а т т а л. Оған не болды?

Қ а с ы м. Арамшөпке қақалып, бір-екі тісі сынып қалды.

Б а т т а л. Соған да сынганы ма? Немене, соншама кемпірдің тісі ме ол?

Қ а с ы м. Етке қақалса адам өліп те қалады. Былтыр Бестерек деген жерде бір қомағай шал біреудің жаназасы үстінде етті өлемендене жеймін деп, тісіне сіңір ілігіп қалып, ет не әрі, не бері кетпей, тұншығып жан тапсырган.

Б а т т а л. Атставить! Қуатит! Напрасный сөздің қажеті жоқ. Бұдан кейін саған запас тіс жоқ, өз тісінді салмасаң. Үқтың ба... Бақыт, сенің қолыңа не қылған?

Б а қ ы т. Қақалған шалғының алқымындағы арамшөптерді алып жатқанда, көлік жүріп кетіп...

Б а т т а л. Әйтеуір саусақтарың аман ба?

Қ а с ы м. Онша терең кескен жоқ. Ештеме етпейді. Өзініз айтатындаи: «До свадьба живиот».

Б а т т а л (*енди Аплаш пен Балташқа*). Ал сендерге не жетпей қырқысып жатырысыңдар? Так сказать, қораздар құсан!

Б а л т а ш. Әлгі Қарапидің сынның мүйізін кезекпен мінуші ек қой...

А п л а ш. Мінсе немене?

Б а т т а л. Атставить! Пәрәдкемен сөйлеңдер.

Б а л т а ш. Содан мына Қожанасыр Шабдар атты екінші күн қатарымен мініп кетіпти. Шабан өгізбен қырман басына бүгін зорға жеттім.

А п л а ш. Сен онда тырнауышқа отыр. Қарапидің сынның мүйізі түгілі, Бопан қара да, қанша елпілдек өгіз болғанымен, тырнауышқа жүре алмайды.

Б а л т а ш. Бопан қара да, Топан қара да керегі жоқ. Ендігөрі ұраусыз міндің гой, тұра басыңды заноскамен қақ айырамын!

Б а т т а л. Қуатит! Эй өзің бір Кеңірдек десе дегендейсің-ау. Іздейтінің, так сказать, төбелес. Ылғи қызылкенірдек боласың да жатасың. (*Отырады.*) Өй, өгіздің қасиетін білмейтін бұзаулар. Біз кеше осы қазағымның өгізімен ту-ту майданға дейін барғанбыз.

А п л а ш. Майданға деймісіз?

Қ а с ы м. Әй, Қожанасыр, түк білмейсің. Батекең талай рет бәйге шолақ деген өгізben немістерді қырып салған.

Б а т т а л. Қырса несі бар, қыргам!

Б а қ ы т. Аға, шынында, немістерді көрдіңіз бе?

Б а т т а л. Е, соғысқа қатысқан адам көрмеуші ме еді. Қөрмек түгілі, бірге отырып сөйлескенмін де.

Қ а с ы м. Баттал ағай талай рет олармен табақтас болған.

Б а т т а л. Табақтасы несі?

Б а қ ы т. Аға, немістерді қалай көрдіңіз, өздері қандай болады, соғыс жайлы бір әңгіме айтып беріңізші.

Б а л ш е к е р. Аға, айтып беріңізші. Әңгіме айтыңызышы.

Қ а с ы м. Әңгіме емес, так сказать, ертегі де.

Б а т т а л. Несі ертегі?! Әй, қылжақбас, Пипин Короткий, сен-ақ құрдасымдай ойнай бердің гой. Әкеш, темекің бар ма? (Кол дорбадан темекі алып орай отырып, әңгіме бастайды.) Соңғы рет марқұм Бәйгешолаққа мінгесіп Иванов деген сержант екеуіміз немістерден тіл әкелуге шыққанбыз.

Б а қ ы т. Ненің тілі?

Қ а с ы м. Өтіздің тілі.

Б а т т а л. Немістің тілі. Орысша айтқанда — язық.

Б а қ ы т. Ә, сөй демейсіз бе? Немецкий язык деңіз.

Б а т т а л. Иә... Тұн тастай қараңғы. Тезірек ай тумай тұрып бір-екі тіл алып келе қояйық деп Бәйгешолақтың су жорғасына салып, сыптыртып келе жатқанбыз. Тап алдымыздан әңқиіп немістің тигрі шыға келмесі бар ма.

А п л а ш. Тигр? Арыстан ба?

Б а қ ы т. Әй, арыстанды лев дейді. Тигр деген жолбарыс-ыс, сауатсыз.

Қ а с ы м. Оттапсыңдар. Ол танк емес пе! Сендер де үялмай-қызармай соғысқа барам дейсіңдер-ау.

Б а т т а л. Үлкендігі тұра біздің, так сказать, колхоз сарайын-дай. Бізді көріп қалды. Атака деп тұра шаптық.

А п л а ш. Бұрылып кетпедіңіздер ме?

Қ а с ы м. Сен дедің бе мына Қеңірдектен қашатын.

Б а т т а л. Атам жаудан қайтпаған. Нагашым Қарақыпшақ Қобыланды емес пе! Ивановқа «белімнен мықтап ұста» дедім де, өгізге қамшы басып, қайқы қылышымды жалақтата «Отан үшін алға!» — деп ұмтылдым. Марқұм Бәйгешолақ та сәйгел тиген-

дей шолақ құйрығын шаншып алып, көзі қанталап тигрді мүйізімен періп өтті. Шақыр-шұқыр етіп екеуі бірімен-бірі сүзісіп кеп мәңкігенде, Бәйгешолақтың үстінен біз де сыйырылып тұстік. Тигрдің ішінен қарасы жүзге тарта неміс шашылып қалды.

А п л а ш. Тигрдің қарны жарылып қалды ма?

Б а т т а л. Онысын қайдам, біз тұра қаштық, пулеметпен ат-қылап немістер де шәуілдеп қуып берді.

Қ а с ы м. Жаудан бетініз қайтпаушы еді гой.

Б а т т а л. Қайтпаганда, оларға аялдасақ уақытымыз зия кетпей ме. Біздің задачамыз, так сказать, тіл әкелу гой...

Б а қ ы т. Иә, тіл әкелу. Қасым, бөгемеші сен.

Қ а с ы м. Бәтекең өзі де бөгелейін деп тұрган жоқ.

Б а т т а л. Содан қашып келе жатып бір өзенге қойып кетіп, жалдап, әрәң құтылдық. Бірақ үстіміз малмандай су. Енді не істеу керек?

Қ а с ы м. Кептіру керек. Соңан соң өтектеу керек.

Б а т т а л. Тура айтасың. Қалай кептіру керек. Бір-ақ амал – тезек тери керек. Содан не керек, Иванов та деревняда тезек теріп өскен шаруақор жігіт екен, екеуіміз әп-сәтте бір қап тезек теріп алдық.

Қ а с ы м. Жаңа тұн тастай қаранды емес пе еді. Қалай көрдіңіздер?

Б а қ ы т. Е, ай туатында мезгіл болды гой.

Б а т т а л. Иә, ай туған. Және Украинаның айы қазақы арбаның доңгалагында үлкен болады екен. Содан тезектерімізді жағып отырғанбыз, анадай жерге он шақты неміс кеп, мылтықтарын тазалай бастады. Оларда шаруамыз қанша, «Гутен морген!» – дегендеріне, «Гутен тах», – деп, отты маздатып қойып, тыр жалаңаш шешініп, жасымнан белімнің бір құяңы да болушы еді, так сказать, қақтанып отырмын. Бір кезде біздің қасымызға бір неміс келіп, отқа темекісін тұтатып, бұтып-шатып көр-жерді әңгімелеп отырған. Әлден уақытта: «Әй, осы сениң шашың неге қара?» – деді. «Е, қазақ болған соң қара болат та», – дедім. «Ә-ә», – деп қойды. Біраздан соң: «Ал көзің неге қара?» – деді.

А п л а ш. Ол кезде екі көзіңіз де бар ма еді?

Қ а с ы м. Оттапсың, туғанда шыны тығып туды деймісің.

Б а т т а л. А как же! Әрине, бар. Содан: «Е, қазақ болған соң қара болат та», – дедім тағы да. Әлгі неміс: «Ә-ә, қазақ, қазақ», –

деп отырды да, бір кеңде құйрығына шоқ басып алғандай баж етіп, «Русь, русь», — деп аттан салмасы бар ма. Сол жерде сарт-сүрт алыса кеттік.

Б а л т а ш. Эп, бәлем!

Б а т т а л. Басқа немістер де келіп қалды. Иванов екеуміз етігімізді де киіп үлгере алмадық. Жалаң аяқ алыса түстік. Маган бір еңгезердей дәу неміс тиген екен, мені олай да, бұлай да лақтырады. Мысықша дік ете қалып, қайта атылам.

Б а қ ы т. Жамбасқа алмайсыз ба, жамбасқа!

Б а л т а ш. Жығып салып, ішке-ішке теппейсіз бе?

Б а т т а л. Оған бола қоя ма? «Мен саған көрсетемін, мен құрестен дүние жүзінің шемпионымын», — деп қояды. «Мен де тегін емеспін, талай рет ауданда бас балуанға түскенмін», — деймін. Бір кеңде ырысладай жүріп: «Әу, осы сен кімсің?» — дейді. «Мен Шарықбайдың Батталымын!» — деймін. «Ұлтың кім?» — дейді. «Ұлтым қазақ», — деп ем, аузынан көбігі ағып жынданып кете жаzzадады.

А п л а ш. О несі екен?

Б а т т а л. «Сендерді жеңгенде ең алдымен қыратынымыз қазақ болады», — дейді. «Неге?» — десем. «Сендер шеттеріңнен мерген-снайперсыңдар» — дейді. «Е, Қамбар батырдың бөлесімін», — деп ем. «Кай Қамбар, Шапалайдың Қамбары ма?» — дейді. «Мә саған, Шапалай!» — деп әуелі шапалақпен тартып жібердім де, іштен қазақша шалып алыш періп кеп қалдым. Құлпаршасы шықты. Кейін сөйлемермін деп, так сказать, қапқа салып алдым.

Қ а с ы м. Құлпаршасы шықса ол қалай сөйлейді?

Б а т т а л. Е, олар жылан сияқты, тіріле береді. Содан «үң» деп шалбарымды киіп отырсам, тағы бірі келіп қалды. Үшқырымды көтере сап, тамагына атылдым.

А п л а ш. Шалбарыңыз түсіп кетті ме?

Б а т т а л. Гүссе, оған қарайтын уақыт па. Жүтқыншағы тура қаздың жұмыртқасындаі екен, мыжып жатырмын, мыжып жатырмын. Бір кеңде: «Босат, ойбай, қылғынып барамын!» — дегені гой...

Қ а с ы м. Өздері қазақшага да судай екен-ау.

Б а т т а л. Ойпырмай, сен де бір қисық сөйлемесең, отыра алмайсың-ау. Ал, қане, «Әңгіме бұзау емізеді, бұзау таяқ жегізеді» демекші. Тамақ ішіп, ертерек жатып қалайық. Ертең таңмен жұмысқа тұрамыз.

Қа с ы м (*қисайып жатып*). Эй, балалар, осы биыл оқуды қойсақ қайтеді.

Ба л т а ш. Оқудан мұрның қанап жүр еді.

Ап л а ш. Е, бір сыныпта үш жыл отырды не, төрт жыл отырды не.

Қа с ы м. Оқығанда нәқиратам дейсің. Жібі түзу бір мұғалімің жок.

Ба л т а ш. Немене, Баттал ағай тақияда тар келіп түр ма?

Қа с ы м. Е, Батекең бар екен гой. Биыл орыс тіліне жаритын болдық. Бірақ не болса, о болсын, әйтеуір темекі тартып түрүымызға жақсы болды.

Ба т т а л. Эй, темекі дегенді мектепте қоясың. Қазір әншнейін үйқыларың ашылсын деп, орысша айтқанда, жалеу... Шынында да темекің таусылмайды, осы сенің фабрикаң бар ма-ей, немене?!

Ба л т а ш. Жол үстінің бәрі фабрика емес пе оған.

Ап л а ш. Ағай, мұның темекісі — кәдімгі аттың қызы.

Ба т т а л (*шориып түсіп*). Не дейт?!

Қа с ы м. Эй, сен де айтасың-ау. Ішіне аздал жапырақ сама-саттың түкілін араластырам. Таза өзі болса сорылмайды гой.

Жерге дастарқан жайып, ал **ж**а-қотан отырған балаларға Балшекер шай жасап, орталарына бір таба бидай қояды.

Ба т т а л (*табага шошына қарап*). Мынау не?

Ба л ш е к е р. Бидай гой, ағай.

Ба т т а л. Қандай бидай?

Қа с ы м. Қәдімгі бір-екі **ж**асық тоңмай салып, табага қуырған ыстық бидай.

Ба т т а л (*атып түрүп*). Встать! Қандай бидай деймін!

Ба л ш е к е р (*түсініңкірлемей*). Қәдімгі, қәдімгі...

Ба т т а л. Ескі ме, так ск~~с~~азать, жаңа ма?!

Ба л ш е к е р. Ескі **ж**айдан келсін, жаңа...

Ба т т а л. Жаңа!.. Мұндай өнерді кім үйретті сендерге? Қалай гана тамақтарыңдан өтеді. **Б**ұл бидай емес — оқ, оқ! (*Балалар шошынып қалады.*)

Қа с ы м. Қайдагы оқ! **Аға**, сіз қай көзіңізбен... (*Аузын басады.*)

Ба т т а л (*ежірейіп*). Екі көзіммен де көріп түрмени. Қазіргі бір дән — неміске атылатын **бір** оқ, білемісің оны?

А п л а ш (шын сеніп). Бұдан бытыра жасай ма?

Б а т т а л. Бытыра, бытыра. Өзің бытыра.

К а с ы м. Қысық егзек надиақ ңіттесрек.

Б а л ш е к е р . Ріб аbat адіадиб нағрут ен раб.

К а с ы м. Рұт арұт, еднегемеж регөт ңісіміед...

Б а т т а л. Эй, не деп кеттіңдер тағы да? Осы бір кері сөйлегенді қашан қоясындар.

Б а л ш е к е р . Аға, балалардың қарны ашып жүрген соң, біраз масақ теріп, көпейкеге соғып алыш ем.

Б а т т а л. «Қарны ашып» өлмейсіңдер. Ана жақта от кешіп жүрген әкелерің тойып жүрген шығар. Бұларың преступление. Орысша айтқанда під сот кетесіңдер. Нанды алдымен майданга жөнелту керек.

Б а қ ы т. Аға, бүгін айран да келген жоқ. Ірімшік те бітіп қалыпты. Сосын...

Баттал Бақытқа бір қарап, теріс айнальш жүріп кетеді.

К а с ы м (аїқайлап). Баттал аға, мына бидайды төгіп тас-тайық па?

Б а т т а л (теріс қараган күйі). Жей беріңдер.

Балалар қаужаңдасып шай іше бастағанда сырттан арба салдыры естіледі.

Б а л ш е к е р . Айраншы атай да келіп қалды.

Б ә р і. Хат келді, хат келді!

Б а л т а ш (сүзіле қарап). Мынау әйел ғой.

А п л а ш. Директор. мынау Гүлсім апай.

Гүлсім келеді. Қолында хат сөмкесі.

Б ә р і. Саламатсыз ба, Гүлсім апай!

Г ү л с і м. Айраншы атайларың ауырып қалыпты. Мына сөм-кені беріп жіберіп еді. Ішінде жиналған хаттар болуы керек.

Балалар жапа-тармағай сөмкені ашып хат алыш, оқып жатады. Бақыт үмтүлыш, бос қалған сөмкенің түбіне қарап, үнжыргасы түсіп қостың қасына қисаяды. Сыбызығысын алыш, мұнды ән тартып жата-ды. Гүлсім Батталды авансценага қарай алыш шығады.

Б а т т а л. Гұлсімжан, өзің тола бастағансың ба, әлде сағынған соң солай көріне ме?

Г ү л с і м. Қой, балалардан үят та.

Б а т т а л. Еh, сағынғанның не үяты бар.

Г ү л с і м. Балаларды бүгін елге апару керек.

Б а т т а л. Елге? Қой, ертеңгі жарты күнгі жұмыс қалмай ма.
Енді орақ бітуге өзі де аз-ақ қалды.

Г ү л с і м. Апармай болмайды. Бақыттың шешесі кеше келген...

Б а т т а л. Е, онда Бақыт барсын. Басқалары не алады?

Г ү л с і м. Бүгін естіртпекші.

Б а т т а л. Өзі шын boldы ма?

Г ү л с і м. Шын болғаны да.

Б а т т а л. Осы күнге дейін несін жасырып келген?!

Г ү л с і м. Шешесі жаздай қой соңында — сыртта болған жоқ па. Ол кеңде естіртсе, кемінде бір жұма уақыт қойды кім бағады. Басқарма кейін — күзде естіртерсің деп Военкоммен келісіпті.

Б а т т а л. Естірту дегеннің өзі бір пәле boldы гой.

Г ү л с і м. Пәлесінен бұрын талайлар талма ауруға да шалдық-кан жоқ па?

Б а т т а л. Не десең, о де. Балаларды жібере алмаймын. Орыс-ша айтқанда, категорический...

Г ү л с і м. Болмайды. Олар да елдің ендігі азаматтары. Оның үстінен Бақыттың сыныптас достары. Басқа бригадаларға айтпас-пыш, кейін естір.

Осы кеңде аспанда тыраулап ұшып бара жатқан тырналар үні естіледі. Бәрі аспанга қарайды. Бақыт қолын соза ұмтылып авансценага келіп тоқтайды. Сахнада шам сөнеді. Бақыт пистолет жарығында.

Б а қ ы т. Тырау-тырау, тырналар,

Тізіліп қайда барасың?

Сәлемімді ала бар

Көрсөң майдан даласын.

Майданда жүрген әкем бар,

Көрсөң сәлем айтарсың.

Жеріме кірген — жыландар,

Тұмсықтан ұрып тойтарсын.

Мың батпан мұнды әкелген

Немістен ессе қайтарсын.

Артында қалған ел-мекен
«Хат салып түр», — деп айтарсың.
Өзің де байқа, майданда
Оқ тисе, мұнда қайтпассың,
Әкемді бірақ жасытпа,
Қайғырып жүр деп айтпассың.
Жеткізе гөр сөзімді,
Қамыымды, достым, жегейсің.
Жақында ұлың өзінді,
Іздеп те келер дегейсің.
Тырау-тырау, тырналар,
Тізіліп қетіп барасың,
Сәлемімді ала бар,
Көрсөң майдан даласын!

Мұнды әуен. Пистолет жарығы сөнеді.

Төртінші көрініс

Сахнада Бақыттың үйі. Мұңайған адамдар. Балалар үйге кіре бере ошарылып қалады. Бақыт жан-жагына жалтақтап анасын іздейді. Оң жақта бетін ақпен жапқан адам жатыр. Бақыт қасына келіп тұрып қалады.

Бақыт (анасының бетін баяу аша бере). Апа-а!

Гүлсім (анасын құшақтап жылап жатқан Бақыттың шашынан сипап). Қайырын берсін! Әттең, жете алмай қалған еkenбіз. Амал не?

Военком. Жүргегі жаман екен гой, кім білген. Өкінішті болды.

Бақыт (басын көтеріп). Тым құрмаса бір күн қасында бола алмадым-ау, апа. Кеш мені. Қасында бола алмадым. Соңғы сөзінді ести алмадым. Енді сен алыстасың... Енді менде ана ж-жоқ!

Военком. Бақыт, айналайын, берік бол. Сен де енді үлкен азаматсың... Берік бол... Мынау... Мынау әкеңнің майданнан жіберген киімдері. (Бақыт магынасыз қарайды.) Отан үшін қанды жорықта жанын пида еткен адамдардың өлмес ес-

керткіші. Біз мәңгі ұмытпаймыз. Отан солдаттары. Әкең партия тәрбиелеген нағыз коммунист еді... (*Бақыт мәңгірген адамдай, түк түсінбей военкомның қолындағы шинельді алады.*)

Бақыт (*шинельді жазып*). Қан, кімнің қаны?! Кімнің шинельі?!

Военком. Отан үшін, елі үшін кеңес солдаты Мәмбетов қаза тапты. Жолдастар, үнсіз тұрып, марқұмды аза тұтып, еске алайық!

Бақыт. Па-па! (*Шинельді құшақтап, тізерлеп отырып қалауды.*)

Аз үнсіздік. Сыбызығыда қайғылы музыка баяу ойнап тұрады.

Бақыт (*басын көтеріп*). Па-па, апа, жалғыз... **Жалғыз** қалдым ғой. Бір күннің ішінде жетім қалдым. Жетімекпін енді. Неге... Неге менің атымды Бақыт қойдыңдар. Неге... Неге Бақытсыз қоймадыңдар.

Тағы шинельді құшақтап, анасының қасына сүйретіле барып тізерлеп отыра кетеді. Осы кезде сырттан жан ұшырып Балшекер кіреді.

Балшекер (*чрейлі*). Ойбай, немістер келіп қалды, немістер... Екі арбамен түсіп жатыр.

Тұрагандар (*абыржып*). Немістер, немістер. Келіп қалды. Келіп қалды.

Бақыт атып тұрып, екінші жаққа жүгіріп, қосауыз мылтық алғып шығады.

Бақыт (*мылтығын көтеріп жүгіре жөнеледі*). Колдарында өлем. Бірге ала өлем, немістер. Жауыздар!

Военком. Тоқта, тоқта! Жолдастар,abyrjymaңdar!

Музыка.

Шымылдық.

Бесінші көрініс

Бақыттың үйі. Бақыт пен Қасым қолдасып дірмен тартып, ыңылдарап ән айтып отыр. Санқ етіп радио сөйлейді. Балалар құлақ түреді.

Радиодатыс. Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Кеңес информбюросының хабарын береміз. Бір тәулік бойы Кеңес Армиясы Сталинград түбіндегі кескілескен ұрыста неміс басқыншыларын көп шығынға ұшыратты. Бірақ екінші тәуліктे жау күшінің басымдығынан біраз шегінуге тура келді. Көптеген қалалар мен деревнялар қирап, бүліншілікке ұшырауда.

Қасым. Әй, мына атаңа нағлет немістерің не деген өлемен еді...

Бақыт. Шіркін-ай, папам тірі болғандағой, әлі де соғысып жүрер еді-ау. Осы радиодан соғыс хабарын берген сайын бұрын папам туралы бірдеме айтатындағы елеңдей қалушы едім. Қазір біртүрлі қудерімді... (Даусына бұлығып, сөзін жалғай алмайды.)

Қасым. Айтпақшы, осы сен интернатта туратын болдың ба?

Бақыт. Өзім де білмеймін. Көршілер: «Үйінді қаныратып қайда барасың, тым құрмаса бір жылға шыда», — деседі.

Қасым. Соны мен де естідім. Шынында, әкеңнің тұтінін туитетпей, үңірейтіп тастап кетуің ұят болады. Шыда.

Бақыт. Шыдауын шыдармын-ау. Бірақ жалғыздық қыын екен. Әлі үйрене алмай жүрмін. Кейде түн ішінде ана ауыз жақта, қорада шайтандар жүретін сияқты. Башпайлары сырт-сырт етеді.

Қасым. Әй, қорыққанға қос көрінеді. Корықпастың амалы бар ғой — сен өзінді соғыстамын деп ойла. Егер қару-жарақ қоймасын түн ішінде қуэтсек, қайтер ең.

Бақыт. Е-е, онда үйқтамайсың ғой. Қолында автомат.

Сырттан жүгіріп Аплаш пен Балташ келеді. Жүэдерінде қуаныш.

Балташ. Алаш (жарыса). Сүйінші, сүйінші.

Қасым. Иә, иә, не болды?

Бақыт. Біреу келді ме әскерден?

Балташ артына жасырып тұрган волейбол добын жерге бір ұрады.

Қ а с ы м. Әй, мынау доп қой, қайдан алдыңдар-ай?

Б а қ ы т. Қекеннен келді ме-ей?

Б а л т а ш. Табыңдар, қайдан алдым.

А п л а ш. Қайдан алдың де.

Қ а с ы м. Қайдан аласыңдар. Әскерден біреуінің әкең жіберген шығар?

Б а қ ы т. Қайсыңдікі, әй?

А п л а ш. Екеуміздікі...

Б а л т а ш. Сырты менікі.

А п л а ш. Іші менікі.

Қ а с ы м. Оттапсыңдар! Қалайша екеуіндікі болады. Біреуіне жіберген шығар?

Б а қ ы т. Карапидің қара өгізін бөлісе алмай жүрген сендер.

А п л а ш. Честно, Ленинский.

Б а л т а ш. Оллахи-белахи, көктегі жұлдыздай, жердегі шөптей...

А п л а ш. Ақж, Бұж болайын! Іші менікі, орысша айтқанда, собственный.

Қ а с ы м. Өй, қайдан алдыңдар? Жұн добыңа айырбастап алдың ба?

Б а л т а ш. Сатып алдық.

А п л а ш. Екі кесе бидай...

Б а л т а ш. Сыртын мен сатып алдым, ішін Аплаш.

Б а қ ы т. Кімнен? Аудан орталығында ондай ешкім жоқ едіғой.

Б а л т а ш. Немістерден.

А п л а ш. Әлгі Шарапидің ауыз үйіне кірген проселен неміс барғой...

Б а л т а ш. Соның жалтыр шеке бір баласы бар екен. Фамилиясы қызық — Сальфельд.

Б а қ ы т. Немістен сатып алғанға мәз болып тұрыңдар, ә?

А п л а ш. Е, несі бар. Алсақ, өзіміздің еңбек күнге тиген би-дайдан бердік. Ешкімнен үрлагамыз жоқ...

Б а л т а ш. Өздеріңде болмаған соң көре алмайсыңдар...

Б а қ ы т. Әкеш онда, көрейін.

Б а л т а ш. Әуелі қолыңды жуып кел.

Б а қ ы т. Қолым неміс добынан таза! (Балташтың қолынан добын жүзліп алады да, желін шығарып жіберіп, табанына салып доп тысын қақ айырады.)

Б а л т а ш. А п л а ш. Өй, әй! (Жармасады. Қасым ортага түседі. Екеуінің малақайын жүзүп алып, бастарына қақ айырылған доп тысын зорлан кигізіп, қүйрықтарынан бір-бір тегін шығарады.)

Қ а с ы м. Марш!.. Қарашы өздерін немістерден алғанға мәз боп жүргендерін.

Б а қ ы т (терезе жаққа қарап). Әй, осында военком келе жатыр... Қасында перселен әйел бар.

Қ а с ы м. Осы военкомды көрсем жүргегім зу ете қалатын болыпты. Ылғи жаманат жеткізетіндей көрініп тұрады.

Б а қ ы т. Енді маған несін айтар дейсің.

Екеуі қолдасып дірмен тартып отыра қалады. Сырттан военком мен басында қауырсын қадаған ескі шляпа, самайынан ақ шашы көрінген, жеңіл пальтолы, дірілдеп тоңған елулердің мол ішіндегі әйел Таурид кіреді.

В о е н к о м. Амансыңдар ма, азаматтар!

Т а у р и д. Здравствуйте, дети!

Қ а с ы м. Саламатсыз ба, жолдас капитан!

В о е н к о м. Дирмендерінді сәл қоя тұрсаңдар қайтеді.

Балалар екі-үш рет айналдырып барып, селсоқ тоқтатады.

В о е н к о м. Ал, балалар, ертең енді оқуларың басталады.

Қ а с ы м. Иә, қыс ішінде бастайық деп тұрмыз. Бір сыныпта қалай үш жыл отырмайсың.

В о е н к о м. Ә, әлі ұмытқан жоқ екенсің гой. Ал, Бақыт айналайын, сен интернатыңа барасың. Мен директормен жақсылап сөйлестім. Саған қысқы киімдер беретін болды. Біз де мүмкіндігінше көмектесеміз.

Б а қ ы т. Мен интернатқа бармаймын.

В о е н к о м. Неге, айналайын? Жалғыз қалай тұрасың? Интернат үйде түрган балаға көмектесе алмайды.

Б а қ ы т. Мейлі.

В о е н к о м. Қой, ол болмайды.

Қ а с ы м. Жолдас капитан, үйді қаңыратып иесіз тастап кету казақ ырымына жаман.

В о е н к о м. Ә, солай ма? Ендеше, мен сендерге оның онай жолын айтайын. Міне, мына кісі үй таба алмай жүр.

Бақыт. Неміс пе? Пәрселенге үй бергенше, өртеп жібергенім жақсы емес пе.

Военком. Айналайын-ая... Енді...

Бақыт. Сонда менің әкемнің тұтінін неміс түтетіп отырмақ па?

Военком. Қой, ол қазақшылық болар.

Бақыт. Әкемді неміс өлтіреді, мен оған үй беремін.

Военком. Ол Германияның немісі, бұл өзіміздікі...

Бақыт. Өзіміздікі болса, бұларды біздің елге курортқа жіберген шығар, неміс — бәрібір неміс! (*Қасым қарқылдан тұрып күледі.*)

Касым. Эй, бағанадан мына әйел кімге үқсайды деп олай ойлап, бұлай ойлап жаңа таптым. Біздің үйде бір кәрі тауық бар, қыста ылғи қорада бүріседі де жүреді. Өзі жұмыртқаламайды да.

Бақыт. Балташтың тобан аяғындағай ғой.

Касым. Тура, тура.

Военком. Тоқтатыңдар! Үяттарың қайда? Шешелеріңдей адам емес пе... Бақыт, интернатқа шықпасаң да, мына кісі осында тұрсын. Саған да жалғызсырамауда жақсы.

Бақыт (*аңырақ*). Сіз не айтып тұрсыз өзі?! Ендігі жетпегені төрімде немісті талтаңдатып қою еken ғой. Иесіз үйді басынғыңыз келді ме!

Касым. Одан да әлгі сайтандардың талтаңдап жүргені артық емес пе? Ніредә оның абынайылдық, ұынаным ысамиқ еген ыдишық.

Бақыт. Эй, қойшы.

Военком. Жүрініз.

Военком, Таурид шығып кетеді.

Алтыншы көрініс

Сүт машинаның барабанынан жасалған қонырауды дамылсыз согып, ерсілі-қарсылы жүтірген окушы. Шағын мектеп бөлмесі. Бөлме ішінде алсызып-жұлдызқан балалар ойнап жүр.

Касым (*қонырау тынған соң*). Тише, балалар, тише. Слушай мой каманда! (*Балалар тына қалады.*) Қазір бірінші сабак орыс тілі. Орыс тілі пәннің мұғалімі ефрейтор Бате-

кең Шарықбаевтың алғаш келуін өзі үйреткен әнімен қарсы алайық.

Б а л а р. Ура, Ура!

А плаш. Ал, Бақыт, бастап жібер. (*Бақыт бастай жөнеледі, басқалары қосылады.*)

По военной дороге Шалбарбек
Етрибоги боевой восемнадцатый год.
Был с гор и на долги от кубас,
И на долги ни коней понимас нам пахот.

Есік жақтан сығалаған «Ал келе жатыр» деп белгі береді. Есіктен мұғалім кіре берді-ау дегенде өлеңдерін додарған балалар тымақтарын аспанға атып, уралап қоя береді. Бірақ есіктен кірген директор Гұлсім Жанғожина мен шашына ақ түскен, жүдеу киімді бейтансыс неміс әйелін көрген оқушылар таңырқап тұрып қалады.

Г ү л с і м. Саламатсыздар ма, балалар, отырындар.

Балалар орындарына самарқау отыра беріп, дабырласып кетеді.

А п л а ш. Мынау ескі детсадтың бір жағына түскен неміс қой-ай!

Б а л т а ш. Бұл неге келген-ай!
Қ а с ы м. Әнеугұні үй таба алмай тентіреп жүрген кемпір емес пе? Бізге сабак беретін шығар, вот тебе на! (*Бәрі ду күледі.*)

Г ү л с і м (өктем). Тынышталындар, балалар.

Қ а с ы м (балаларға қолын көтеріп). Тыныштық керек, тыныштық!

Г ү л с і м. Балалар, мына менімен келген адам Эмма Ивановна Таурид дейтін апаларың.

Б а л а л а р (қосыла). Тәуір ит! (*Ду күлкі.*)

Б а қ ы т (тістеніп). Неміс апа болып па!

Г ү л с і м. Эмма Ивановна сендерге жаңадан келген мұғалима.

Б а л а л а р (қосыла таңырқап). Мұғалима-а?

Г ү л с і м. Және сынып жетекшілерің. Орыс тілінен сабак береді.

Б а л а л а р (қосыла). Орыс тілінен?

— Неміс орыс тілінен?

— Баттал ағай қайдада?

— Е, Баттал Шарықбаевич.

Гұлсім. Сендер енді сұрақты көбейте бермендер. Баттал ағаларың басқа жұмыста. Ал ескертемін, кімде-кім Эмма Ивановна туралы әлгіндей өрсекел сөздер айтып, тілін алмады бар ғой, ертеңінде мектептен қуылады.

Қасым. Аудан орталығында бір-ақ мектеп бар. Одан шықсақ, Мәскеуге барып оқимыз ба?

Гұлсім. Жәкібаев, тілінді тарта сөйле! Тілің үзын-ау, тілің!

Қасым. Алай-ау, соңда менің тілім сиырдың тілі болғаны ма!

Гұлсім. Жетті енді! Ал сабак бастауыңызға болады, Эмма Ивановна, сәтті бастама болсын!

Таурид. Рақмет, Гульсум Махмутовна!

Директор соңғы партага келіп отырады.

Таурид. Балалар, жаңа директор мені таныстырыды. Ал енді сендермен танысып қояйық. (Бақытқа.) Балақай, сенің фамилияң, атың кім?

Бақыт (орнынан тұрмай, созалаң үнмен). Мәмбетов. Тағы не айтайын?

Таурид. Оқытушы сұрақ қойғанда, оқушы әрқашан орнын тұрып жауап береді... Ата-анаң бар ма, қайда істейді?

Бақыт (орнынан атып тұрып). Әкем де, шешем де жоқ. Екеуін де немістер өлтірген...

Балалар бірінен соң бірі тұрып, өз бетімен жауап береді.

Қасым. Жәкібаев Қасым. Әкем де, үш ағам да майданда. Немістердің мұрнын қан жалатып жүр.

Балшекер. Менің әкем майданнан келген. Екі аяғы жоқ, мүгедек.

Алаш. Менің ағатайым майданда. Ал әкемді әскерге алған жоқ. Қөксау ауруы бар...

Гұлсім. Балалар, балалар! Тәртіп, тәртіп... Отырыңдар. Өріп қеткендерің не.

Таурид (өз сұрағынан ыңғайсызданып). Қадірлі, балалар! Жаңа мен осы класқа келе жатып, жақсы бір өн естідім. Өздерің өнші екенсіңдер.

Қасым. Вот тебе на! Бақыттың аузымен салған күйін естісөң, талып қалар ең.

Б а л т а ш. Мұрдем кетер ең десейші!

К а с ы м. Әй, Бақыт, және біреуін салып жіберші. «Адай» қүйін.

Б а л а л а р. Салшы, салшы.

К а с ы м. Бақыт, слушай мой команда!

Б а қ ы т. Немене, мен неміске концерт қоюым керек пе?

Т а у р и д. Жарайды, балалар! Кейін естірміз. Қазір бәрің қосылып әлгі әнді айтып беріңдерші.

К а с ы м. Вот тебе на! Бұл орыс тілі сабагы ма, ән-күй сабагы ма?

Т а у р и д. Бұл — орыс тілінің алғашқы сабагы!

К а с ы м (*директорға қарап қойып*). Онда айтып берейік. Жалко што ли! Әй, Шырылдауық шегіртке, сен қосылма, бүзасың. Слушай мой команда (*Қасым ән бастайды, бәрі қосылады.*) «По военной дороге Шалбарбек...» (*Түгел айтып шығады.*)

К а с ы м. Вот и все!

Т а у р и д. Ал осы өлеңнің сөзін тақтаға қайсың жазып бересің?

К а с ы м. Жалко што ли? Бәріміз жазып береміз.

Т а у р и д. Сен, қызыым, атың кім, тақтаға шығып, жаэшы.

А п л а ш. Оның аты Балшекер.

Балшекер тақтаға өлең мәтінін жаза бастайды.

К а с ы м. Товарищ Тәуірит! (*Директорға қарап қояды..*)

Т а у р и д. Эмма Ивановна.

К а с ы м. Жарайды, Емген Ивановна. Балшекер деген өзі сияқты аты да тәтті қыз. Бал деген, қалай еді-ай орысшасы, балалар? Енді былай (*қолын көтеріп*) вот так созыладыский.

Т а у р и д. Резина ма?

К а с ы м. Жо-оқ, резенде дейді гой. Балшекер соншама галош деп тұрсың ба. Жарайды, кейін табармыз. Ал шекер деген қант, яғни шақпа қант емес, шаймен ішетін ұсақ — құмшекер. Қазір ол жоқ, соғыс басталғалы бәрі жоғалды гой. Бірақ біз шай ішкенде ылғы осы Балшекердің тәтті маңдайын бір жалап қойып іше береміз.

Т а у р и д (*тақтаға қарап*). Ал жазып болдың ба? Балалар, қараңдаршы, қатесі бар ма? Кім табады? (*Балалар жапартамагай күбірлеп оқиды.*)

А п л а ш. Бір қатесі жоқ.

Қ а с ы м. Вот тебе на! Біздің Баттал ағайдың үйреткенінде мін бола ма? Орысшаға судай Батекең біле ме, сен білесің бе?

Т а у р и д. Балалар сендер сөзін дұрыс үйренбекен екенсіңдер. Қане талдап көрейікші. Сен, балақай, атың кім, айтшы. Мына Шалбарбек деген не сөз?

Б а л т а ш. Шалбарбек... Шалбарбек. Ол, ол енді... Кісінің аты. Шұлғаубек, Сыргабек, Жалаубек сияқты...

Қ а с ы м. Оттапсың... Мен айттайын. Ол шалбар... енді, былайша айтқанда, дамбал, штан деген сөз.

Т а у р и д. Ал, мына Кубас, понимас деген не сөз?

Қ а с ы м. Кубас деген, енді... Кубас – Кубас, бұл немістердің қу басы.

Г ү л с і м. Жәкібаев!

Таурид тақтадагы өлеңнің қателерін түзей бастайды.

Қ а с ы м (директорға бұрылып). Гұлсім апай-ау, мен білгенімді айтып түрмyn, ойдан шығарады деймісіз. Өзіңіз желке-мізден отырып алыш...

А п л а ш (тақтага қарап). Мәс-сағ-а-ан, қатесі қалай көп-ай!

Б а л т а ш. Эй, мына немісің орысшаға судай ғой!

Қ а с ы м. Біздің Батекеңнің орысшасы әшейін шатекең болып шықпаса игі етті.

Бөлмеге рұқсатсыз баса-көктеп Баттал кіріп келеді, балалар ду құледі.

Т а у р и д. Сіз біреуді іздел жүрмісіз? Мұнда сабак жүріп жатыр.

Б а т т а л. Маган ешкімнің керегі жоқ. Жай әшейін сенің сабагыңды тыңдай келдім.

Т а у р и д. Сізben үзіліс кезінде сөйлесейік. Әзірше сабакқа бөгет жасамасаңыз екен. Мұнда бөтен адамға рұқсатсыз кіруге болмайды.

Б а т т а л. Мен бе бөтен адам? Сонда менің шығып тұруым керек болды ғой. Вот тебе на! Менің кім екенімді білесің бе өзің?

Т а у р и д. Бұл арада сізді білу-білмеудің қандай қатысы бар? Сабактан кейін танысайың.

Б а т т а л . Ә, әлі танымайды екенсің гой. Мен Батталмын.
Комендантын.

Б а л а л а р (құбірлесін). Комендант...

— Немістердің коменданты.

— Коменда-ант. Преслендердің бастығы.

Қ а с ы м. Батеке, сіздің атыңыз енді Батекең емес, Шалбар-бек болды.

Б а т т а л . Шалбарбек? Қайдагы Шалбарбек?

Б а л т а ш. Ана тақтаға қараңыз.

Баттал тақтаға қарап, жақындаиды.

Б а т т а л . Ә-ә, мына келгінбай енді мені де мазақ еткісі келген екен... (Бүйрықпен.) Переселенка Таурид, қазір тура менің соңымнан ілес. Сенімен кеңседе сөйлесемін.

Г ү л с і м (орнынан тұрып). Сабак бітпей ешқайда бармайды.

Б а т т а л . Ә, директор жолдас, сен де осында екенсің гой. Жәр-р-әйді, жәр-р-әйді. (Тауридке қарап.) Сабагыңды таста. Ер соңымнан.

Г ү л с і м. Ешқайда бармайды.

Б а т т а л . Мен комендантын. Немістердің билігі — менің қолымда.

Г ү л с і м. Мен директормын. Мектеп билігі — менің қолымда. Эмма Ивановна, сабагыңызды жүргізе беріңіз. Үзіліс кезінде маған жолығып кетерсіз.

Б а т т а л . Ісім сендермен болсын! (Шыға береді.)

Қ а с ы м. Батеке, біздің құлағымыздың тамырын үзіп болдыңыз, енді мыналардың құлағын бір бұраңызшы.

Т а у р и д. Балалар, тақтаға қараңдар...

Жарық сөнеді. Балалардың тақтадагы өлеңді дабырласып оқыған дауыстары естіліп тұрады.

«По военной дороге шел в борьбе,
И тревоге боевой восемнадцатый год.
Были сборы не долги,
От Кубани до Волги
Мы коней поднимали в поход...»

Қоңырау даусы.

Директордың кабинеті. Гүлсім мен Баттал.

Гұлсім. Ұят болды-ау, ұят болды.

Батта л. Кімнен, неміс кемпірінен бе?!

Гұлсім. Ақ шашты ана емес пе ол. Балалардың алдында беделін түсірмекпісің. Былай да балалар «неміс, неміс» деп зырзып етеді.

Батта л. Неміс екені өтірік пе? Балалар — молодес! Менің тәрбиемнен шыққан жауынгерлер.

Гұлсім. Неміс болғанмен, фашист емес қой бұлар.

Батта л. Гұлсім, айналайын, тек өзінді жақсы көргендіктен гана айтайын, ендігөрі мұнданай сөзді қайталама. Немістерді жақтап сөйлегеніңді біреу-міреу естімесін. Соғыстың қайнап тұрған кезінде жазатайым бол кете баарсың. Байқа. Бұл немістердің бүкіл секреті біздің қолда. Жау қазір еліміздің көп жерін басып алды. Ертең, жаман айтпай жақсы жоқ, біздің ауылға келсе, таяқты осы немістерден жейсің.

Гұлсім. Фашистер жеңеді деп кәперіме де кірмейді.

Батта л. Кәперіңде кірмесе, мына немісті неге бауырыңа тартып жүрсің?

Гұлсім (шошынып). Бауырға тартқаны қалай?!

Батта л. Тұсінбей тұрғаның. Орыс тілінен биыл мен сабак беруге тиіс емес пе ем.

Гұлсім. Онда Эмма Ивановнаның келетінін кім білген. Сениң жеті-ақ сыныптың білімің бар. Ал ол болса — Саратов университетінде сабак берген оқымысты адам. Және Райономен келісілген.

Батта л. Олай бұрмалама. Сендердің құйтырқыларыңды білем. Орысша айтқанда, как пять пальца! Өнберстетте сабак берген оқымысты адам. Міне, түбіңде осындаілар жетеді. Оның әгінт емесін қайда білесің?

Таури д. Рұқсат па екен?

Гұлсім. Келіңді, келіңді. Оттырыңыз. (Орнын ұсынады.)

Батта л. Оттырмай-ақ қой. Мен көп ұстамаймын. Бірінші сұрақ — бірінші сабакты әлгі мен үйреткен өлеңнен неге бастадың? Так сқазать, патриоттық өлең үнамады ма?

Таури д. Ғапу етіңді. Ол өлеңге ешқандай қарсылығым жоқ. Қайта балалар орысша өлең үйренсе, оған тілі жаттығады.

Батта л (күп). Тілі жаттығады. Балалар Шалбарбек деп маған құлсе, қазақты бір-біріне мазақ еткізіп, бір-біріне айдалап салу мақсатың орындалады. Қазақ сауатсыз дегің келеді, солай емес пе?

Гүлсім. Неге олай бұрмалайсың?

Баттал. Мен қазір қызмет бабындағын. Егер мешайт етсең, өз кабинетіме әкетіп сөйлесемін. (*Жүзін Тауридке бұрады.*)

Тариф. Фапу етіңіз! Мен ол өлеңді сіздің үйреткеніңізді білген жоқтын. Білген күнде де, оқушылардың орысша таза сөйлеуге жаттығуы үшін қатесін түзеткен болар ем, басқа мақсат болған жоқ. Иланыңыз.

Баттал. Жарайды, бұл туралы кейін. Екінші сұрақ — сениң мені, мына мені, осы жердің азаматын, Отан үшін қан төгіп келген кеңес солдатын «бөтен адам» деуін қалай? Сен бе, мен бе бөтен?!

Гүлсім (шыдамай). Сен бүгін сол жамбасыңдан үйқтап тұргансың ба?

Баттал. Тура етпетімнен түсіп үйқтап шықтым. Түсімде сені көрдім. Шалқаңнан түсіп, жайсыз үйқтап жатыр екенсің. Таурид, жауап бер.

Тариф. Мен сізді бөтен дегенде, әншейін, әлгі сабаққа қатысы жоқ адам деген мағынада...

Баттал. Жарайды, бұл туралы да кейін. Үшінші сұрақ — лишни диаланда жалғыз балаң бар, ол әскерге кеткен екен. Немістерді соғысқа қай кезден бері алыш жүр?

Тариф. Ол арасын білмедім. Менің ұлым — Карл майданға соғыс басталғанның ертеңінде сұранып кеткен. Коммунист менің ұлым!

Батта. Қашаннан бері хат алмайсың?

Тариф. Қөп болды. Бір жылдан асып барады.

Батта. Бір жылдан... Қызық екен... Қара қағаз да жоқ.

Тариф (шошынып). Атамаңыз.

Батта. Ең соңғы хаты бар ма? Қай жерден салған?

Тариф. Бар.

Баттал. Маған әкеп бер. Бүгін. Мен баланың қайда екенін, өлі-тірісін біліп беремін.

Коңырау соғылады.

Гүлсім. Бұл кісі сабаққа барсын.

Батта. Бара бер. Әзірше мектепте істей бер. (*Таурид кетеді.*)

Гүлсім. Баттал, сыпайылықтан қалғанбысың? Тым құрмаса қазақтың үлкенді сыйлау әдеті қайда?!

Б а т т а л. Сыпайылық немістерге жүрмейді. «Жауды аяған, так сказать, жаралы». Сосын менің жұмыс методымда шаруаң болмасын. Өз методыңды біл... Иә, айтқандай, сенің методың белгілі. Мен саған жабысып қалады деп жүрсің гой. Сенің қаррамағында енді мұғалім болмай-ақ қойдым. Мені менсінбей жүрсің. Білем. Құдайға шүкір, не көп, басы бос қыздар көп.

Г у л с і м. Баттал, олай деме, мен саған айттым гой деймін. Сөз берген адамым бар. Ол майданда. Антыымды аттап кете алмаймын. Менің өз билігім өзімде шығар.

Б а т т а л. Тұсінемін. Тұсінемін. Менің көзім жоқ. Соқырмын. Мен немістерге көзімді садақаға беріп келген шығармын. Майданда неміс шығарсын көзімді. Мұнда неміс мазақ етсін. Сен соларға қосыл, ана военком ағаң екеуің.

Г у л с і м. Ағамда шаруаң болмасын.

Б а т т а л. Ол соғысқа бармай, жылы жерде отырганына мәз. Көрсетермін отырганды. Екеуінің не істеп жүрген фактілерің қолымда. Енді ісім сендермен болсын! Сендермен!

Баттал шығып кетеді.

Сегізінші көрініс

Бақыттың үйі. Бақыт астына тапал орындық қойып, пеш аузында жылынып отыр. Аяғында пима. Қолында жұлым-жұлымы шыққан ескі кітап. Кітап бетіне шимайлап өлең жазады да, дауыстап оқиды. Белдерін шарта буынған рабайсыз қалың киімді Қасым мен Аплаш беттерін үқалап үйге кіреді. Бірінің мойнында әскери сөмке, екіншісінің қолында шүберектен жасаған сөмке.

К а с ы м. Уни-үң, мына күн қайтеді-ай, бетті жалап барады. (Аплаш екеуі пешке жылынады.)

А п л а ш. Күн төрт жерден құлақтанып тұр.

Бақыт. Бес жерден де. Сен де Батекең құсап өтірікті шімірік-пей согатын болыпсың гой. Саған да жүққан ба.

К а с ы м. Батекең болса күн он екі жерден құлақтанып, ай бес жерден қотандынып тұр дейді. Дегенмен күн әлемет суық, бет қаратпай тұр.

А п л а ш. Мектеп те азынап кетті. Бүгін сия қатып қалды.

Бестеректен келе жатқан Шәлтік деген бір шалдың мұрны үсіп жолда түсіп қалыпты.

Қ а с ы м. Әй, Қожанасыр, сен де соғасың-ау. Оның кеңсірігі атам заманнан бері жоқ. Танауы саңырайып тұратын.

А п л а ш. Ал ендеше Эмма Ивановнаның бетіне не болды?

Қ а с ы м. Ә, оның дұрыс. Бақыт, кеше кешке мектепке келе жатып Тауридтің беті үсіп кетіпти.

Б а қ ы т. Кешке мектептен не алады?

Қ а с ы м. Ой, кеше тамаша әдеби кеш болды. Эмма Ивановна Симонов деген жазушының соғыс туралы жазғандарын оқып, түсіндірді. Керемет қызың. Келесі жұмада тағы болады.

А п л а ш. Өй! Жаңа көріп тұрмын. Аяғында пима бар гой. Сені жалаң аяқ қалды деп жүрсек.

Б а қ ы т. Мә, қызыңсаң, сен кие гой. (*Аяғын көтереді. Пиманың табаны түгел ойылып түскен, жалаң аяғы сопаң етеді.*) Пешке жаям деп күйдіріп алғам жоқ па? Табандауға да келмейді.

А п л а ш. Әй, Сыбызғы, интернатта да қазір пима жоқ. Таңертеңгі сменнің кейбір балалары түскі смен балаларының пимасын киіп баратын көрінеді.

Қ а с ы м. Әй, маған бір тамаша ой түсті. Сен гой он бес күн сабактан қалдың, енді мен қалайын. Сен менің пимамды киіп, оқуға бар.

Б а қ ы т. Қой, онда не болды. Мен қалдым не, сен қалдың не?

Қ а с ы м. Қызыңсың-ау, Сыбызғы. Сен барсаң, үздік оқисың. Саган сабак қалдыруға болмайды. Ал мен, шынымды айтайын, осы жетінші сынып жеткен жерім шығар. Ай, биыл да, оллаһи, көше алатын түрім жоқ.

Б а қ ы т. Е, олай ойлай берсең, жетінші сыныпта сақалың шықканша отыра бересің. Одан да дайындалмайсың ба?

Қ а с ы м. Диәрмен тартып отырып та, мал жайлап жүріп те күбірлеп, дайындалып жүремін. Бірақ қонбайды. Ойлаймын: жасымда тауықтың жұмыртқасын үясынан алып іше беруші едім. Тегі, менің миым да тауықтың миына айналып кетсе керек.

А п л а ш. Әй, бүгін бұл орыс тілі сабагында қызық қылды гой. Соны айтшы.

Қ а с ы м. Бүгін өз-өзімнен пысықсып, қол көтеріп, тақтага шыға қоймаймын ба. Әлгі Эмма Ивановна келгелі өзі орыс тілі пәні де қызықты өтетін болды. Тақтага көп сөйлем жаздым. Өзің

білесің ғой, мені қинайтын «б» мен «в» қарпы ғой. Ол келген жерде, балаларға сыбырлап «қарға ма, қоңызша ма» десем, бұлар да қайбір қарағым, бірі — қарға, бірі қоңызша деп шақшадай басымды шарадай қылды.

Бақыт. «Қарға», «қоңызша» дегендерің не?

Алаш. Эмма Ивановна алфавиттің бәріне ат қойып үйретті ғой. «А — акула, бә — букашка, вә — ворона, гә — глаза...»

Қасым. Эй, тұра тұр... Иә, бы — букашка, вы — ворона — қарға! Содан кез келгенін қоя бердім. Сөйтсем, «брать» деген сөз «вратъ» болып шығыпты. «Благо — влаго», «вить — бить» болыпты. «Сегодня Ваня сходил в баню» деген сөйлем «Сегодня баня сходил вы ваню» болып шығыпты.

Бақыт (құліп). Сонда монша Ваняға барған ғой.

Қасым. Тұра тұр. Элі қызығы бар. Сабактың орта кезінде Эмма Ивановна бір упражнениені аудартты. Оnda қазақша «қып-қызыл, қоп-қоңыр, қап-қара, көкпенбек, аппақ, сап-сары» деген бояуларды аудару керек екен. «Мен аударам, мен аударам», — деп ұшып кете жаzdадым. Мұғалім рұқсат етті. Мен әуелі саудаласып алдым: «Дұрыс аударып шықсам, бес қоясыз ба?» «Қоямын», — деді. «Әй, ғұмырымда бір бес алған шығармын», — деп сыйырта жөнелдім. «Қып-красный, сіп-си-ни, бел-белый, кап-каришни», — деп, құдай ұрып, сап-сарыны айтқанда балалардың ду күлмесі бар ма. Сөйтсем, орыстар красный-красный, желтый-желтый деп қайталай береді екен ғой.

Жүгіріп Балшекер кіреді, қолында келапандай екі пима.

Балшекер. Бақыт, Бақыт, мә, саған пима әкелдім.

Тастай береді.

Қасым. Мұны қайдан алдың-ай, қыз?

Балшекер. Экемдікі. Бақыттың аяқ киімі жоғын айтып ем, сарайдағы кебежеден алдырып, «Бақыт сабағынан қалмасын» деп беріп жіберді.

Алаш. Өзі не киеді? (Байқамай айтып қалғанын анғарып, аузын басады.)

Қасым. Эй, Кожанасыр-ай, екі аяғын да немістерге беріп келген адам не киоші еді.

Балшекер. Бақыт, киши, киши.

Бақыт өз пимасын шешіп, үлкен пиманы кигенде қонышына көміліп кетеді. Жүре беріп, етпетінен түседі.

Қасым. Эй, мынау диудың пимасында! Рәзмері қанша екен?

Сырттан Таурид кіреді, қолында үлкен түйіншек.

Таурид. Рұқсат па екен?

Бақыт. Лұқсат демесе, кірмей ме екен осылар? (Орнынан тұрмайды.)

Таурид. Аман ба, Бахитка? Сендер де мұнда екенсіндер? Бахитка, сен жерде неге жатасың, еден сүйц емес пе?

Қасым. Военный диаладан попластунский жүргүте задание берген.

Таурид. А, солай де. Бахитка, сен оқуга неге келмей жүр десек, аяқ қімің жоқ екен гой.

Балшекер. Енді бар.

Таурид. Бар болғанда, мынаумен жүре ала ма?

Қасым. От тебе на! Тұнеукүні Батекең «Біздің әскерлер жарты Еуропаны попластунша өтіп, Берлинге дейін барады» деген. Немене, Бақыт сонда бес шақырым мектепке попластунский бара алмай ма?

Таурид. Қой, құлмендер, балалар. (Түйіншегін шеше бастайды.)

Қасым. Эмма Ивановна, бұл бір падишаң болды гой. Мұны таңертең мектепке көтеріп апарамыз, үйге көтеріп әкелеміз. Пимасы су болмайды. Жолдың керегі жоқ.

Алаш. Пима жүргүте жарамаса, не керек. Көрпемен-ақ орап алмаймыз ба.

Бақыт. Енді мазақтағыларыңыз келді ме? (Пиманы сілкіп лақтырып жібереді.)

Таурид. Мә, Бахитка. (Түйіншектен жалтыраган етік алып береді.)

Алаш. Ух, ты-ы!

Қасым (етікті бас салып). Во-от, сапо-га-а! Мұндай етік военкомда да жоқ. Ой, Бақыт, енді оқушылардың бәрі сенің аяғыңа қарайтын болды. Мә, киіп ал!

Бақыт. Бұлардың етігімен күн көрмей-ақ қойдым.

Қасым. Жалаң аяқ жүріп намысты қайтесің. Киіп ал, ешкім де білмейді.

Бақыт. Білмегенде... қайдан алдым деймін жүртқа. Майданнан әкем жіберді деймін бе?

Аплаш. Эй, онда маған айырбаста. Менің әкем бар...

Қасым. Оттапсың!

Бақыт. Иә, ие, кие рой.

Аплаш. Бақыт, кешір, мен байқамай...

Қасым. Мұның әкесі жаумен жағаласып жүріп... Сенің көксу әкең пештің түбінде, жамbastap жатып өлең. Ал мен де байқамай айттым, қалай екен?

Аплаш. Мен шынында...

Балшекер. Эмма Ивановна, тамаша етікті қайдан алдыңыз?

Таурид (құрсініп). Ұлымдікі.

Балшекер. Ұлыңыз барма?

Таурид. Бар. Майданда.

Аплаш (үрэйленіп). Майданда? Бізben соғысып жүр ме?

Таурид. Жоқ, Аплаш, фашизмге қарсы.

Қасым. Вот тебе на! Неміс неміске қарсы.

Бақыт етікті үнсіз кие бастайды.

Таурид. Баламнан қалған жалғыз белгі еді. Кейде шабаданнан алып қарап отыратын ем. Сол кезде менің Карлым қызметінен келіп, өз бөлмесінде тып-тыныш үйқтап жатқандай көрінетін. Енді ылғи көз алдымда жүретін болды Бахитка.

Бақыт киіп алады. Жүрелеп етікке тесірейе қараған Аплаш ішін тартады.

Балшекер. Немене, жыртығы бар ма-ай?

Аплаш. Ой, Аллай, мен жүдеп кетіппін-ау өзі. Мына қарашы, етіктен көріп түрмyn өзімді.

Қасым. Ой, Қожанасыр сол! (Күледі.)

Аплаш. Несіне күлесің. Мен өзімді-өзім көрмегелі екі жыл болды. Әпкемнің айнасы ана жылы сынып қалған.

Балшекер (терезе жаққа қарап). Балалар, Батекен келе жатыр.

Таурид (ол да терезеге қарап). Ал мен кетейін. Бахитка, енді сабағыңнан қалма. (Шығып кетеді.)

Бақыт (соңынан). Рақмет, Эмма Ивановна... (Өзі абыржып.) Әй, Қасым, мына еткіті шеше тұрайыншы. Тағы да немістен алдың деп Батекең...

Қасым. Тұра тұр. Әйтеуір үяласың гой киуге? Мен қызық жасаймын. Батекең «қайдан алдың?» — десе, «Военкомматтан алдым» де. Оны бір қызықтырып, аяғындағы етігіне айырбастатайық... Үндеме, үндеме... Мен үстіне малақайын, портупеялы белбеуін, тағы бірдемелерін қосып аламын. Дымдарың іштерінде болсын.

Тогызыншы көрініс

Военкомның кабинеті. Ашық терезеден торғайлар үні естіледі. Бөлмеде военком мен Гұлсім.

Гұлсім (терезе жаққа қарап). Қарашы, аға, кеше ғана азынаған далага тағы да көктем келді. Титімдей торғайларға дейін қайтадан тіршілік қамына кіріскең. Дүниеден неше бір абзал жандар мерзімсіз кетіп жатыр, кетіп жатыр. Табиғаттың онда шаруасы жоқ. Өз тіршілік қамы өзінде.

Военком. Иә, Гұлсім, аз жылдың ішінде қаншама азаматтар көз жұмды. Ҳабар-ошарсыз кеткені қаншама. Бірақ күдер үзбей керек.

Гұлсім. Жоқ, күдер үзбейміз гой. Әйтсе де бір хабары болманы жанға батады.

Военком. Мен де сұрау салып жүрмін. Бірақ жау ес жигызып жатыр ма...

Гұлсім. Ал мен кетейін. Аға, сізге келген себебім — біздің Таурид Эмма Ивановна деген оқытушымыз қатты науқастанып ауруханаға түскен. Сол бүгін шығады. Тәуір. Екі-үш ай бойы орыс тілі пәні жүрмей қалып еді, балаларға қыын болды.

Военком. Орнына уақытша біреу таппадыңдар ма?

Гұлсім. Кім бар?

Военком. Әлгі Баттал (құліп) сабақ бере түрмады ма?

Гұлсім. Қойыңызшы, аға! Сасқан үйрек артымен сұнгидінің көрімен, анада ешкім табылмаған соң, амалсыздан алмақ болғанымыз рас. Енді пәлеге қалдым. Қазір Эмма Ивановнадан басқа жоғары білімді жібі түзу бір оқытушымыз жоқ.

В о е н к о м (өзіне-өзі). Қайран, осы түсқа кездескен оқушылар не деген бақытсыз еді.

Гұлсім. Аға, сол Эмма Ивановнаның, өзініз білесіз, тұрмысы нашар. Өзі жалғызелікті адам. Ауруханадан шыққан соң да үйінде біраз жатуы керек. Соған сіздерден не көмек болар екен?

В о е н к о м. Көмек? Ай, қыын-ау... Дегенмен көрерміз.

Гұлсім. Жарайды, аға. Біз де мектеп тарапынан барымызша көмектеспекпіз. (*Шыға береді. Сырттан Баттал келеді. Түсі қатулы.*)

Б а т т а л (*Гұлсімді бөгеп*). Гұлсім, тұра тұр. Айтатын әңгіме бар.

Гұлсім. Асығыспын. (*Батталдың етігіне қарап.*) О-о, тамаша етігің бар екен. Байғазы сұрамайсың ба?

Б а т т а л. Олай кекетпей-ақ қой. Мұны сенің ағаң берген жоқ. Тұра тұр дедім гой. Мына военком екеуіңнің төбелеріңнен жай түсетіндей хабар алып келдім.

Гұлсім (*шошып*). Ол не хабар? Майданнан ба?

Б а т т а л. Иә, майданнан. Бірақ сенің жігітіңнен емес.

Гұлсім. Онда ағама айта бер. Естірмін кейін. (*Асығыс шығып кетеді.*)

В о е н к о м. Бара берсін. Бүтін әлгі Таурид деген мұғалімдері ауруханадан шығады екен.

Б а т т а л. Е, ана неміс кемпіріне құрмет көрсетеді де: «Жауды аяған жарады».

В о е н к о м. Баттал, осы сен Тауридке неге өшігіп алдың? Ол байғустың балаларға білім бергеннен басқа не жазығы бар?

Б а т т а л. Соған неге жаңың ашиды? Анада ол үшін үй іздел жанталастың. Ара-тұра аман-саулығын біліп тұратын көрінесің.

В о е н к о м. Ол майдангердің шешесі. Эскер отбасына қарайласу — менің қызыметтегі де, азаматтық та борышым.

Б а т т а л. Әсіресе Тауридке де. Басқа немістерге неге солай қарамайсың?

В о е н к о м. Олар әскер отбасы емес. Оларға қалай қарау — сенің шаруаң.

Б а т т а л. Сенің немістерге көзқарасыңды тексеру де, так сказать, менің шаруам.

В о е н к о м. Сен мына түріңмен менен әлі жауап аларсың! (*Күледі.*)

Б а т т а л. Мен алмаганмен, басқалар алар. Неміс үшін сот алдында жауап бересің. Енді сенің неміс партиясын мақтауың ғана қалды.

В о е н к о м. Дәмек зор екен. Осы сен неміс-неміс дегеніңді қашан қоясың? Қараңғы адамдар айтса, олар неміс пен фашист дегеннің айырмасын білмейді. Оларға жаудың бәрі — неміс. Бар ауыртпалықты әкелген де неміс.

Б а т т а л. Ол өтірік пе? Неміс — фашист болмаса, Тауридтің баласы қайда?

В о е н к о м. Ол майданда.

Б а т т а л. Қай майданда?

В о е н к о м. Е, қайсыбірін біле береміз? Кеткеннен хабарсыз көрінеді. Өлі ме, тірі ме, ол арасы беймағлұм.

Б а т т а л. Мен білемін. Мына мен білемін. Таурид Карл Федорович Қеңес үкіметінің барып тұрган қас жауы.

В о е н к о м. Не айтып тұрсың? Неге нахақтан қаралайсың?

Б а т т а л. Мә, саған қаралаған.

Қалтасынан алып, бір парақ қағаз береді. Вoenком оқыған сайын үрейлене түседі.

Б а т т а л (*военкомның орнына отырып, кекесінмен*). Гұлсім екеуіңдің жандарың шығып еді. Бәсе, бір кәкір бар сендерде. Енді түсінген боларсың. (*Военкомның қолынан қағазды жылды алады.*) Сен тексертпегенмен, мен тексерттім.

В о е н к о м (*құмілжіп*). Ол армиядағының бәрі жау емес шығар. Оны әлі уақыт көрсетер.

Б а т т а л. Уақыт, уақыт. Не уақыт керек. Қазіргі жау — кейін де жау. Мынада анық жазылған: «Карл Федорович Таурид Власовтың қарамағында жұмыс атқарған». Ендеше Власов немістерге сатылғанда, так сказать, ол да қол көтеріп бірге кеткен.

В о е н к о м. Қағазда «қол көтеріп» демейді, «содан кейін белгісіз» депті ғой.

Б а т т а л. Неміске беріліп кеткендер қол көтермегендे, аяғын көтере ме! Енді сен, так сказать, власовшыларды да ақтағың келді ме? «Без известия» кетті деген, ана жаққа өтіп, бізге қарсы оқ жаудырып жатыр деген сөз. Ал оны осылай тәрбиелеген шешесіне шық жүктірмай жүрген сен, қарындасың — екеуің енді не болатындарыңды білесіңдер ме?

В о е н к о м. Осы қорқыту, үркіту деген қашан қалады? Таурид баласы үшін күймек пе?

Б а т т а л. Күймек түгілі, ертең мектептен шыгады. Жаудың шешесі кеңес балаларына, так сказать, қандай патриоттық тәрбие бермек? Ал сен екеуінді мен қорқытпаймын. Менсіз-ақ әділ жазаларыңды аласыңдар. (*Шығып кетеді.*)

Оныншы көрініс

Тауридтің үйі. Шалқаймалы үстелде қалың оранып, тұмшаланған Эмма Ивановнаны қоршаған оқушылар. Аплаш, Балшекер, директор Гүлсім. Таурид әңгіме айтЫП отыр.

Т а у р и д. Гитлершіл фашистер тек адам баласын «асыл нәсілді» немістерге тәуелді ету ғана емес, бүкіл адамзат жасап кеткен мәдени қазынаны да құл еткісі келеді. Кезінде Германияның кейбір қалалары әдебиет-мәдениет ошақтарына айналған. Мысалы, қандай қалаларын білесіңдер, балалар?

Б а л ш е к е р. Берлин, Дрезден.

А п л а ш. Лейпциг.

Т а у р и д. Лейпциг. Дұрыс айтасыңдар, тағы қандай қалалары бар?

Балалар ойланып қалады.

Г ү л с і м. Потсдам, Майсен...

Т а у р и д. Тағы қандай?.. Иен.

Г ү л с і м. Иә, иә. Сосын... Веймар.

Т а у р и д. Веймар. Дұрыс. Міне, осы Веймар қаласы — ұлы адамдардың ұлы шығармаларын тудырган тарихи қала. Мұнда неміс поэзиясының алдыбы Гете тұрган. Ол өз шығармалары арқылы немістің ұлттық әдеби тілін байытты.

А п л а ш. Гетеңі білеміз. Суретін көрнеміз. Мұрны күркетауықтың мұрнындай үзын гой.

Б а л ш е к е р. Оның қандай шығармалары бар? (*Аплашқа.*) Әй, Қожанасыр-ай!

Т а у р и д. Иоһан Вольфгангтың дүние жүзіне әйгілі туындылары — «Фауст», «Вильгельм Майстер». Ағайынды Гrimmдер неміс тілі сөздігін жасағанда, негізінде, осы Гете поэзиясының

бай тіліне сүйенген. Веймарда атақты Фридрих Шиллер де 1790 жылдан бастап тұрган.

А п л а ш. Шиллердің қандай шығармалары бар?

Т а у р и д. «Вильгельм Тилль», «Орлеан қызы» аты әйгілі туындылары бар. Веймарда бұл екеуінен басқа Веймар операсының дирижері Франц Лист өмір сүрген. Осындай әдебиет пен өнердің орталығы болған Веймардың қасында Эттерсберг деген кішігірім тау бар. Ол Гете поэзиясында кездеседі. Осы тауда 1937 жылдың шілде айынан бастап адам баласы бүрын естімеген жауыздықтың қаны сорғалаған концлагерь ашылған.

А п л а ш. Ой, Алла-ай, пионер лагерінен басқа да лагерь болады екен-ау. Конслагерь деген не? Онда кімдер демалады?

Т а у р и д. Ол — демалыс орны емес. Ол — антифашистер, яғни фашизмге қарсы адамдар қамалатын орын. Қобінесе коммунистер жазаланған.

А п л а ш. Біздің коммунистер ме?

Т а у р и д. Неміс коммунистері.

А п л а ш. Немістерде де коммунистер болады екен гой.

Б а л ш е к е р. Эй, Қожанасыр, мешәйт етпей отыршы. Иә, со-сын, Эмма Ивановна?

Сырттан даурығып Қасым кіреді. Қолында түйіншек.

Қ а с ы м. Саламатсыз ба, Эмма Ивановна. Қайырлы болсын, айықтыңыз ба?

Т а у р и д. Аман ба, Қасымчик. Рахмет, сәл айыққан сияқтымын.

Қ а с ы м (*түйіншекті ашып, сиразынан көтерген тауық шығарады*). Мынау, Эмма Ивановна, сіздің ауруханадан емделіп шыққаныңызга орысша айтқанда пәдеркө, қазақша шашу дейді. Мынау — бауырсақ. Әлгі біздің Батекең әскерден келгенде «што такой думалақ» дейтіні осы.

А п л а ш. Эй, әжең тауықтарға тигізбеуші еді, қалай қиып берді, тегі, жойқап кеткенсің гой, Пипин Короткий.

Қ а с ы м (*жайласып*). Бұл өзі бір кәрі тауық. Және қысыр тауық.

Б а л ш е к е р (*куліп*). Қысыры несі? Сиыр ма сонша?!

Қ а с ы м. Қысыры сол — жұмыртқаламайды. Екі жыл болды. Өзі тобан аяқ. Былтыр аязда жылы қорадан тысқа шығып кетіп, бір аяғы үсіп қалған. Анада, «осы неге жұмыртқаламайды»

деп, проверке жасай қояйын десем, шойнаңдал алып ұстаппайды. Әбден ит әуреге салды. Сондағы Бақыттың шығарған өлеңі бар. Қалай еді-ай, Қожанасыр, иә былай:

Тысқа шығып келем деп, қораны аяп,
Бұл күнде болып қалдың тобан аяқ.
Жұмыртқаңды жетүтүгін бала едім гой,
Шойнаңдал қашып жүрсің жоламай-ақ.

Гүлсім. Мынау шынында жақсы өлең екен. Бақыт түбінде ақын болады.

Қасым. Содан соңынан қалмай ұстап алдым да, проверкеден өткізіп, жұмыртқаламайтын болған соң, қанды еткізіп, әжеме көрсетпей, қапқа тыға салдым. Әжемнің бір жақсы көретін тауығы еді.

Тауридан. Қасымчик, құрметіңе ракмет! Сен әженоңді ренжітпе. Шашу дедің бе? Шашуга мына бауырсақ та жетеді. Ал ана тауықты әжеңде көрсетпей әкеткениң жарамаған. Оны үйіңе алып бар.

Қасым (басын сипалап, қыбыжықтап). Жо-жоқ, Эмма Ивановна, әжем біледі. Әжем тауық етін жемейді. Сосын, айтқандай, бұл тауықтың кінәсі бар. Айтайын.

Балшекер. Түү, қызық әңгімеге бөгет жасадың гой.

Алаш. Айтсын, айтсын. Сен Қасымды тоқтатам деп отырмысың енді...

Тауридан. Айта гой, тыңдайық.

Қасым. Кеше түн ортасында қорада бір әтеш шақырады. Әжем оятып жіберді. «Әй, қағынғыр, түн ішінде шақырып жатқан қай әтеш, басыңда көрінгірді көріп келші», — деді. Мен шығуга ерініп: «Әлгі көк балақ қой», — дей салдым. Ол әжемнің жақсы көретін әтеші. «Қой, ол емес, мынау дәү де болса, қызыл кенірдек», — деді. Онысы біздің Балташ секілді төбелесқой, шұбар әтеш. Содан «Қой, ол емес, қой, бұл емес» деп әжем екеуміз жат та таласып, қызыры бәстесіп, сыйқсина шаммен қорага шықсақ, Балшекердің даусындағы қырқылданап, қиқылданап шақырып отырган мына тобан аяқ. Әжем де, мен де шошып кеттік. Тауық шақырса, ол тек жаманатқа көрінеді. Содан басын аллакбар деп қызып түстік. Өзі де семіз екен. Қысырдың бәрі семіз келеді... Ой, мыналар да келіп қалды, сабаздарың!

Сырттан Бақыт пен Балташ кіреді. Бақыттың қолында қосауыз мылтық пен қараша қаз. Балташтың қолында қызғалдақ.

Б а қ ы т, Б а л т а ш. Эмма Ивановна, есенсіз бе?

Б а қ ы т. Сауықтыңыз ба, Эмма Ивановна, мына Балташ екейіміз көлден көл қоймай жүріп, ақыры мына қараша қазды атып алдың. Сіздің ауруыңызға алғаш келген қараша қаз ем дейді.

Б а л т а ш. Мынау көктемде алғаш шыққан қызғалдақ.

Т а у р и д. Рақмет, ұлдарым менің!

Г ү л с і м. Ал отыра қалындар, Эмма Ивановна, әңгіменің жалғасын...

Т а у р и д. Эттерсбөргке кіреберіс бетонды жолды фашистер әлгі қапастағыларға салдырған. Жол салу кезінде талайы таяқтан, соққыдан өлген. Сондықтан оны «қанды жол» деп атаған. Лагерь кақпасында: «Әркім өз көрешегін көреді» деп жаэзылған. Міне, атақты адамдар өмір сүрген, бүкіл дүние жүзі білетін мәдени ошақ Веймарды фашистер — нацистер осылайша азаптың ошағына, айуандық ошағына айналдырып отыр. Ол қалада Пушкинге де ескерткіш орнатылған. Оны да фашистер құлатыпты, Ясная Полянаны басып алғанда Лев Толстой музейін де қиаратып, оның құнды, асыл мұраларын өртеп жіберген. Бірақ олар өздерін фашистің демейді, ұлы рейх солдатымыз дейді...

Сырттан тұксіп Баттал кіреді.

Б а т т а л. Тағы да жиналғансындар ма? Не айтып отырсыңдар?

Г ү л с і м. Оны сенен сұрай алмадық, Баттал.

Б а т т а л. Ԉұрамақ түгілі сұрасың. Аяғыма жығылып, жалынып сұрасың. Бүгіннен бастап бұл үйге жиналуға запрет.

Қ а с ы м. Батеке, бұдан былай әкіреңдеуінізді қойыңыз. Біз де дүниеде не бол жатыр, білгіміз келеді, так сказать, мешайт етпенің.

Б а т т а л. Немістің үгітін тыңдағым келеді де.

А п л а ш. Ал сіз керемет екенсіз. Гете кім? Шиллер кім? Ол Германияның қай қаласында өмір сүрген? Айта қойыңызы.

Б а т т а л. Ондай неміс офицерлерін білмеймін, білгім де келмейді. Ал сендер қазір бұл үйден табандарыңды жалтыратындар. Бұл — жаудың үйі.

Т а у р и д. Сіз не деп тұрсыз? Бұл сөзіңізге жауап бересіз.

Б а т т а л. Мен емес, әуелі сен жауап бересің. **Қорқытуын қара** мына мыстанның.

Г ү л с і м. Олай деуге қақың жоқ !

Б а т т а л. Сенің қорғаштауға қақың жоқ. Кімнің үйіне жиналып, кімнің лекциясын тыңдал жүрсің? Балаларды да улағың келеді. Мұның баласы — жау. Оны сен ежелден білетін шығарсың, мүмкін.

Балалар үрейленіп қалады.

Б а т т а л. Сен балаңның қайда екенін білмеуші едің ғой. Мен білемін. Сенің ұлың — Қарл Федорович Таурид Власовпен бірге Гитлерге қызмет етіп жүр.

Т а у р и д. Жоқ, ж-жоқ. Мүмкін емес! (*Талықси береді, Гүлсім ұстайды.*)

Б а л а л а р. Мәссаған!

— Власовпен дейді?

— Ол сатқын!

Б а т т а л (балаларға). Кетіңдер бұл үйден! Жаудың үйінде бір минут қалушы болмандар! (*Бақытқа зекіріп.*) Әкеңді осылар өлтірсе де, намысың, жігерің жоқ екен.

Б а қ ы т (шығып бара жатып). Сіз де жаудың етігін ұялмай киіп жүрсіз ғой!

Б а т т а л. Не дейт!

А п л а ш. Иә, андағы етік сол Карлдың етігі. Эмма Ивановна берген.

Б а т т а л (отыра қалып шешеді. Қолында салбыраған екі етік, шұлғауы шұбатылып Бақыттың соңынан жүгіреді). Етігімді шеш, етігімді бер.

Қ а с ы м. Баттал Шарықбаевич, сауда сақал сипағанша!

Жарық сөнеді.

Он бірінші көрініс

Пионерлер клубы. Бұрышта пианино. Балалар алсып-жұлсысып, біреулері чехарда, енді бірі — ләңгі теүіп ойнап жүр. Бойына шақ әс-кері гимнастерка, жаңа етік, фуражка киген **Қасым** келеді.

Қ а с ы м. Тише, балалар, тише!

Балалар Қасымды қоршап алады.

Б а л т а ш. Вот я понима-аю!

Б а қ ы т. Эй, Пипин Короткий, не деген бақыттысың. Баратаң болдың ба?

А п л а ш. Қайды? Қайды барады?

Б а қ ы т. Естімеп пе едіңдер?

Қ а с ы м. Военком училищеге жіберетін болды.

А п л а ш. Училищеге?

Б а л т а ш. Вот это да-а!

Қ а с ы м. Ар жағында соғыс... та-та-та! Училищені қайбір жетістіріп оқыр дейсің Қасекең. (Ысқырып.) Вж-и-ит деп фронтқа тартып отырады. Ертең жүремін. Қоштаса келдім... Ал сендер не ғып сабактан соң кетпей жүрсіңдер?

Б а л ш е к е р . Директор клубқа жиналыштар деген. Особое совещание!

Б а л т а ш , А п л а ш . Эне, өздері де келе жатыр.

Военком, Гүлсім, Эмма Ивановна, Баттал кіреді. Балалар қақ жа-рылып сапқа тұрады.

Г ү л с і м. Оқушылар... Пионерлер... Комсомолдар. Военкомның сендердің алдарында арнайы хабары бар.

В о е н к о м. Балалар, әскери «Красная энамя» газетінде гитлершіл Германияның Эттерсберг концлагерінен қашып шыққан бір солдаттың мақаласы жарияланыпты.

Соны сендердің алдарында оқуға тұра келіп түр. Бақыт Мәмбетов, сен оқып берсең.

Б а қ ы т (мақаланы оқиды). Эттерсберг лагерінде дүние жүзіндегі отыз екі елдің бар ұлттар өкілінен тұтқындар бар. Ондағы фашистердің айуандығын, тартқан азап, көрген қорлықты ауызбен жеткізу қын. Егер о дүниеде тозақ бары рас болса, бұл дүниедегі тозақ — фашизм. Аштықтан, дүреден, ауыр жұмыстан күнде жүзеген адам өлім халіне душар болады. Оларды нацистер крематорийге апарып, шала-жансар күйінде тірідей өртейді...

Б а л а л а р. О, жауыздар! О, иттер! Oh, фашистер! Не деген сүмдық!

Б а қ ы т (оқиды). «Сол тозақта жүргенде орысша таза сөйләйтін бір неміс офицерін көруші едік. Кейін білдік. Ол — Саратов қаласының тұргыны екен. Аты-жөні — Таурид Карл Федорович.

Б а л а л а р. Н е д е й д і?

— Карл Федорович?!

Т а у р и д. Ұ л ы м м е н ің!

Б а қ ы т. «Менің қазір бір жыл тартқан тамүқ отынан өртенбеген сау жерім жоқ. Соның зардабынан айықпас дертке ұшырап, хал үстінде жатырмын. Сонда да неміс офицері болып жүрген саратовтың Таурид жөнінен айтып кету — парызыым...

Соңғы кеңде, ол екі-үш ай бойы көзге түспеп еді. Қайда кеткенін білмедік. Ақыры, күздің бір желді түнінде прожектор жарығының астында көрдік. Сиренаның ащы үнімен мындаған тұтқын барактардан жалаңаш-жалпы жүгіре шығып, аппеллацта дірдектеп, сапқа тұрганбыз...

Сирена. А р с - а р с ү ր ғ е н օ վ ч а р қ а л а р ү н і.

Аръерсценада көрініс.

Екі жақ порталдан түскен прожектор жарығы. Неміс офицері мен ақ көйлегі жұлым-жұлым, жалаң аяқ, үсті-басы қан-қан Таурид Карл Федорович.

Н е м і с о ф и ц е р і (аїғайлап). Вильде тирен! Ир трахен! Тұтқындар! Азғындар... Мына сатқынды қайсың білесіңдер? Кімге жәрдемдесті? Қандай үтіг жүргізді? Соғыс туралы қандай ақпарат таратты? Кімде-кім жасырмай айтып берсе, соған — он күн бостандық, екі бөлкө нан, шошқа майынан жасалған екі банка консерві, қажетіне қараң дәрі-дәрмек.

А р с - а р с е т к е н иттердің үні ғана жауап береді.

Соңғы рет ескертемін. Қане, қайсың батылсың: русь, чех, поляк, азиаттар — қайсың айтасың?!

Т ағ ы да иттер үні.

Ох, өңкей надандар! Жабайы хайуандар! Вильде тирен! Ир трахен! (Енді таяқшамен Карлдың иегінен көтереді.) Кімге

жәрдем бердің! Егер дәрі-дәрмек беріп, астыртын емдеген адамдарыңды, листовка таратушыларды көрсетсөң, саған бостандық.

Карл. Мұнда сырқатсыз сау адам жоқ. Бәріне көмектестім.

Неміс офицері. Аэзын! Θз нәсілін айырбастаған сатқын! Сені біз асыл нәсілді неміс деп, ұлы Рейхтың офицер шенін бердік. Сен кімдерді арашалап, кімдерді ажалдан айырып қалмақсың?

Карл. Мұндағылардың бәрін ажалдан айырып қалу мүмкін емес. Мен неміс ұлтын арашадым. Неміс те, дүние жүзіндегі басқа ұлттардай, таза халық екенін, олардың да шын ұлдары мен нағыз фашистері барын дәлелдемек болдым.

Неміс офицері. Сондағы шын ұлдарың кім?

Карл. Ол – Гете, Шиллер, Гейне, Баутценнен Этгерсбергке әкеп сендер жауыздықпен өртеген Эрнест Тельман, бүгін алдыңда тұрган – мен!

Неміс офицері. Ах-ха-ха! Сен... неміс?! Асыл нәсіл, ақ нәсіл? Жо-оқ, сен қызыл нәсіл – қызыл большейбек! Енді сен де сол Тельманның жолын құшасың! (Тапанишасын сұырады.) Сатқын болсаң да, неміс деген атың үшін саған соңғы тілегіңе рұқсат. Соңғы сөзінді айт. Не тілейсің?

Иттер үні, барабандар соғылады.

Карл. Мен фашистерден бостандық тілемеймін. Соңғы ақтық демім біткенше неміс халқының ұлы әнін тыңдал өлсем болады. Маган Бетховеннің «Айлы түнін» орындасандар екен.

Неміс офицері. Саған пианино әкелейік пе, әлде оркестр керек пе?

Карл. Мейілдерің.

Неміс офицері. «Айлы түнді» Бетховеннің өзінен тыңдарсың. Онда сені бөгемей, тезірек Бетховеннің қасына жөнелтейік. (Атып жібереді.)

Карл. Тағы да ат, фашист, сендердің қолдарыңнан бұдан басқа не келеді?

Тізерлеп отырып қалады.

Неміс офицері. Сендей сатқынға екі оқ шығару артық. Бойыңдағы бүкіл арам қаның таусылмай, қинап өлтірмей көңілім

көншімейді! Қашан басыңды иіп құлаганша шыдаймын! Мына тұтқын хайуандар да шыдайды! Қореді!

Карл Садист, инквизитор, фашист! (Терлеғен күйі, қиналып алға жылжиды, кеудесін басқан ащы қызыл ала қан.) Мама, көптен хабарласа алмадым. Кешір! Уақыт солай болды. Қазір қайдасың, мама? Мен енді сені мәңгі көре алмаймын. Қайғырма оған, мама! Қолымнан келгенше азаматтық парызыымды өтедім. Туган а남, сенің алдыңдағы борышымды өтедім. Фашистерге бір минут бас игем жоқ. Соңғы рет, Отаным — Совет елім, сенің алдыңда, ақ шашты а남, сенің алдыңда соңғы рет... бас... иемін! (Офицер тағы да атып жібереді. Карл басын ие беріп, сылқ етіп құлайды.)

САХНАДА КӨРІНІС

Арьерсценадағы жарық сөнеді. Балалар тым-тырыс, мойындары салбырап үнсіз тұр. Қозінен жас парлаган Эмма Ивановна еңесін көтеріп, пианиноға барады, да, ұлының соңғы тілегі — Бетховеннің «Айлы түнін» жігерлене тартады.

Авансцена бұрышында ақын Бақыт.

Бақыт.

Дауылда,

желде тілінген,
Қарт саусақ ойнап дірілмен.
Қүйсандық тілі зарлады,
Көлдерден бүршақ парлады.
Осылай ана ұлының,
Жарып шыққан жүргегін,
Орындан соңғы тілегін.
Теліген адамды ажалға
Қарғысын текті тажалға.
Соғыс та бітті жеңіспен,
Әкенің көбі келмеді
Соңынан ұлы ермеді.
Шұқанақ, орда, еңісте
Белгісіз солдат денесін
Көшпелі қүйін жерледі.
Апattan қалған тірілер

Сендерге,
балалар,
біліңдер,
Кең зәулім мектеп,
 Үй салдық.
Оқ тесіп гүлін көгерген,
Кағылған көбі өнерден,
Казір де тілі көнерген
Олар да тозған құйсандық.
Сендер үшін,
 балалар,
 Токей күн — фильм,
 тосын жай.
Ертегі емес бірақ та,
Әкелер жолы жырақта
Айрылған, елге қосылмай.
Өткенді еске салатын,
Жылдардай тозып қалатын.
Күйсандық сыры осындай!

Пианино үні күшейе түседі. Ақ шашы желбіреген Эмма Ивановна алға шыға береді. Айналасында қолтығынан демеген оқушы балалар.

Шымылдық.

ҚЫСЫЛҒАННАН ҚЫЗ БОЛДЫҚ

(Екі актілі музыкалық комедия)

Қатынасушылар:

АЛТЫНБЕК – милиционер, 25 жаста

СӘБИРА – сауыншы, 54 жаста

ЖҮМАТ – мал дәрігері, 25 жаста

ЕДІГЕ (ЭДИК) – музыкант, 25 жаста

ЫБЫРАЙ – совхоз директоры, 57 жаста

АЙГУЛ – Ыбырайдың қызы, оқытушы, 22 жаста

МАЙРА – бас бухгалтер, декреттегі әйел

СӘНИЯ – аспазшы, декреттегі әйел

ХАДИЩА – Едігенің анасы, қала тұрғыны, 57 жаста

БОЛТАЙ – Сәбираның ұлы, қаладағы ауыл жігіті, 22 жаста

ЛИС – қала жігіті, Болтайдың досы, 22 жаста

ЭЛЬМИРА – қала қызы, Болтайдың досы, 20 жаста

ЖӘЗИРА – ауыл қызы, Болтайдың досы, 20 жаста

БЕЛГІСІЗ АДАМ

АВАНСЦЕНДАҒЫ ШАҒЫН ПРОЛОГ

Белгісіз адам (өте бере бұрылып). Оу, сіз осы кімсіз?

Директор (солғын). Ыбыраймызыз.

Белгісіз адам. Совхоз директоры Ыбыраймысызыз?

Директор (сөлсөк). Оның несін сүрайсыңыз?

Белгісіз адам. Йә, жүзініз сының, қайдан келесіз?

Директор (көңілсіз). Ауданнан, бюродан келеміз.

Белгісіз адам. Онда не мәселе қаралып еді? Әйтеүір, жоқ па заңсыздық пен қылмыс?

Директор (шошина). Ондайдың бетін аулақ қылсын, мәс-сәле – мәдениет һәм түрмис.

Белгісіз адам. Е-ә, онда оңай болған екен. Мұндайдан талай жол тауып ысылған жансыз.

Директор (чынжыргасы түсіп). А-ай, қайдам, тап осы ке-зек жөн таба алмай қысылған жанбыз.

Белгісіз адам. Оу, о не дегеніңіз! Жап-жақсы емес пе еді совхоздағы тұрмыс?

Директор. Тұрмысымыз ежелден дұрыс-ау, әттең, мәдениетіміз нашар аталып, бююрода бүйраланып, қыл үстінде тұрмызы ау!

Белгісіз адам (*басын шайқап*). А-ай, жағдайыңыз шынында да қыын екен!..

Директор. Онда, қабілетсіз атанып, орындықты біржолата тастайтын шығармыз... (*Кетеді.*)

БІРІНШІ АКТ

Бірінші көрініс

Перде сырғып ашыла бере, сақнадан тамылжыган ән естіледі. Совхоз өнерпаздарының шагын ән-күй ансамблі. Ионика, саксофон, гитара тартып, ән айтушылар: Алтынбек, Айгүл, Майра, Сәния. Дирижерлік етуші – Жұмат. Ансамбльдің екі жағында екі бесік-арбада – сәбілер үйіктап жатыр.

Жаэгы күндей жайнаған,
Жайдарманым-ау,
Аңсап келдім алыстан, ғашық жарым-ау.
Жайдарман, жақын кел,
Жан жар етем, қолың бер.
Көрінесің көзіме егіндей бол,
Жаңа шыққан егіннің көгіндей бол.
Жайдарман, қара көз,
Жақсы құрбым, майдай сөз.
Аңсап, шаршап алыстан келгенімде,
Жан көрінбес көзіме өзіндей бол.

Айналайын көзіңнің аласынан,
Хат жазамын қасыңның арасынан.
Күндіз-түні аулыңнан шықпас едім,
Мен қорқамын дүшпанның табасынан...

Жұмат (*алақанын согып*). Стоп, стоп! Тоқтаңдар! (*Ән үзіледі.*) Аздал әлі де кінәрат бар. Жігерлілік жетпейді. Сыл-

бырлау. (*Сыртқа қарап.*) Жолдастар, жолдастар, ауданнан директор келді. Машинасынан түсіп жатыр... Өте көңілсіз. Ал Алтынбек, бастап жіберейік. «Сағындым сені». Эуелете. Көтере.

Ансамбль тағы да ән бастайды. Микрофон алдында жеке дауыста Алтынбек.

Сағындым сені, сағындым, еркем,
Қызыгалақ толы көктемде...
Сағындым сені, аяулым,
Келсөңші маған ән болып.
Сағындым сені, аяулым,
Келсөңші маған таң болып.
Қайда сен жұрсің, аяулы еркем...

Бесік-арбалардагы сәбилер бірімен бірі жарыса шыр-шыр етіп жылап оянады. Ән құрт үзіледі. Екі келіншек — Майра мен Сәния жүгіріп барып балаларының аузына литрлік шөлмекті салып, жалма-жан емізіп жатыр. Ішке Ұбырай кірген.

Директор (ашулы). Осындай жерге балаларыңды шулатып әкелуді қашан қоясыңдар? Ертең астанада сендерді тыңдай ма, балаларыңды тыңдай ма?

Майра. Енді қайда тастаймыз бұларды? Декретімізді де дұрыс пайдаланғамыз жоқ.

Сения. Перзәнталәрімізді де имшәктән айырдық, бәрібір булми...

Жұмат. Балаларды жаман үйрететін аналары. Қынқ етсе болды, қолақпандай шыныны көмейлете бастайды.

Алтынбек. Ер жеткен соң бөтелкеге бұлар үйір болмағанда, кім уйір болсын!..

Директор. Бала түгілі, жылқы да мезгілсіз суара берсең, әдеттеніп кетеді.

Сения. Гадетләнбесін дисәгіз, балалар бахшасын ниге ашмисыздар. Бахша ашылми дип, пәрәент күтәрмәйміз ба?! Иари онда...

Директор. «Иари, иари!» Енді сендер едіңдер әңгіртаяқ ойнатпаған... Тілінің ашысын, «Иари, иари!» Бала көтеру үшін менен рұқсат сұрайтын шығарсыңдар, жаман қатты. Бұлардың бала тапқышына не берерсің... (*Калтасынан емізік кигізген екі*

кішкентай шөлмек шығарады.) Мә, аудандағы дәріханадан зорға сұрап алдым.

Майра, Сәния (жүгіріп келіп). Рақмет, Ыбырай Джарылғапович!

Сәния. Иң арты осы әйнек дифицит бит.

Директор (орынға жайғасып, басын көтермесстен). Жұмат, қашан келдің?

Жұмат. Бүгін, Ыбеке, тоис Ыбырай Джарылғапович! Өзіңіз қашан келдіңіз?

Директор (басын жұлдып алып, айқайлап). Қашан! Көрмей тұрмысың? Былтыр келгенмін, былтыр... Былтыр тап осылай таяқты жеп-жеп келгемін!

Жұмат. Тағы да жеп келдіңіз бе?

Директор. Жеп келдім. Жедім, жедім... Тағы жедім... Әлі де жеймін, жеймін!.. (Унсіздік. Алтынбек стаканмен су әкеп береді.)

Директор (суды сыйзықтата ішип, сабасына түсіп). Астанада не бітіріп келдің?

Жұмат. Бәрі де ойдағыдай. Сізге айтатын сөз де көп — шыт жаңа идея бар, тамаша идея, судай жаңа...

Директор (қайтадан көтеріліп). Идея, идея! Сенің-ақ идеяң таусылмайды екен... Ол не идея?

Жұмат. Енді ұрыспай сөйлесуге бола ма? Мен де ойнап жүргем жоқ. Ұнатпасаңыз — кетейін...

Директор. Кетейін, кетейін — қит етсе. Қорқытпа олай. Осы совхоз жалғыз маған керек шығар... (Сабасына түсіп.) Қане, идеяңды айтши.

Жұмат. Біздің ансамбль бірінші орын тұрмақ, соңғы орынға ілікпейді.

Бәрі. Ілікпейді?

— Осы ма идея?

— Тапқан идеяң осы ма?

Жұмат. Астанага келетін біздің ансамбльдегі өнерпаздар толып жатыр.

Директор. Толып жатса, не ғыл дейсің! (Ызалы.) Бармайық онда!

Алтынбек. «Шегірткеден қорықкан егін екпес».

Жұмат. Олар шегіртке емес ыршып жүрген, бір-бір аэроплан аспанда ұшып жүрген...

Директор. Оу, сонда не істе дейсің маған... Мыналарға...
Зарықтырмай айтшы идеяңды.

Жұмат. Ол идея үшін тағы біраз ақша керек.
Майра. Ақша-а?

Директор. Тағы да ақша? Қанша қиім тіктірдік...
Майра. Қаншама аспап сатып алдық...

Директор. Совхоз қызылша мен жүгегі орнына ақша егіп жатқан шығар.

Жұмат. Ашуланбаңыз. Ақша маған қажет деп түрмисыз, іске қажет. Машина да майламай жүрмейді...

Директор. Сонда, неменеңе жұмсамақсың?

Жұмат. Астанадан ірі музықант-композитор тауып келдім.

Директор. Оу, мынауың шын жаңалық еken! Ол біздің совхозға келе ме?

Жұмат. Қайдагы келген. Біздің ансамбль астанага мерзімінен жарты ай бұрын барады, композитор репетиция өткізеді.

Майра. Тапқан екенсің, оңай нан жеместі.

Директор. Тағы да адам жалдау керек.

Майра. Қыстай ансамбльдің жетекшісімін деп ақша алып келдің, жетер енді.

Жұмат. Қайдагы жетекші? Мен алсам, мал дәрігеріне тиесілі ақымды алып келдім. Одан басқа...

Алтынбек. Мыналарыңыз, шынында заңға томпақ келеді еken...

Директор (Алтынбекке). Эй, участковый милиционер, сен олай заңмен қорқытпа. Совхоз жағдайы сенің томпақ, жалпақ заңдарыңды үнемі көтере алмайды. (*Жұматқа.*) Жарайды, Жұмат, оған да ақша тауып берейік. Ал содан соң?

Жұмат. Содан соң, екінші идея.

Бері (жамыраса). Тағы да?

— Тағы да?

— Сенің-ақ идеяң таусылмайды еken.

Директор (ызалы, ызығылана күліп). Жәр-рәй-ді, жәнім, әшейін, тапқышым әшейін, тағы қандай идеяңыз, ұсынысыңыз ба-ар, орындаимыз қол қусырып...

Жұмат. Сіз, мейлі, кекетіңіз, кекетпеніз, бұл — идея ғана емес, әлгі композитордың шарты, менің шартым, бүгінгі өмірдің шарты.

Директор. Ой-бо-ой, онда қыын екен, айта гой, орындаимыз, шырагым...

Жұмат. Біз алдыңғы орынға ие болу үшін, басқалардан тұр жағынан да, тоис форма жағынан да ерекше көзге түсіміз керек. Ол үшін... Ол үшін біздің ансамбліміз кілең қыздар ансамблі болуы шарт.

Бәрі (күліп). Қызыда-ар?

- Кілең қызыда-ар?!
- Мәссаған, безгелдек!
- Ал, ендеше!

Директор. Әй, шырагым, былайша айтқанда, жарығым, осы ансамбльдің өзін құрап-сұрап, қолтығынан көтеріп, көтерем маддай аяғынан зорға тұрғызыдьық. Мына главбух Майра Джундубаевна мен Сания Джапаровна сәті түсіп, декретке шықты. Мына менің қызыым — оқытушы...

Айғұл. Каникулдамын...

Директор. Мына милиционерге дайын тұрган совхозда қылымыс жоқ.

Алтынбек. Мен де қазір демалыстамын.

Директор. Басқа адамдарды жұмысынан ала алмаймын. Құріш, қызылша, қой, құс, сиыр, ертең егін... Міне, бес жыл болды — өзім де демалыс алғам жоқ. Енді менің басымды қатырма.

Жұмат. Онда сіз де, Ыбеке, тоис Ыбырай Джарылғапович, менің басымды қатырманыз, тоис ауыртпаңыз.

Директор. Не дейсің? Өзің қалай-қалай сөйлейсің?!

Жұмат. Осы мен дипломды консерваториядан алдым ба, зоовет институттан алдым ба? Келгелі маддың денсаулығын бақылау орнына...

Директор. Совхоз мәдениетін сәл көтеріп бер, сосын маマンдығыңда барасың дедік қой, несіне қайталай бересің, несіне миымды шаға бересің.

Жұмат. Ендеше, маған қарсы келменіз. Бір істі тапсырған екенсіз, аяғына дейін сенініз. (*Романтикалық сарынмен сөйлеп, бар дүниені ұмытқандай болады.*) Ертең... Ертең... ақ, қызыл көбелектердей қыз-келіншек, жаңа шешек атқан тау қызғалақтарындаі, қыр қырмызындаі құлпырып, ән әуенімен самал желге тербелгендей ырғалып, көл бетінде еркін жүзіп балдыр сүзген аққу қаздардай сыланып, бүкіл жүртты, астананың білгіш-

терін тамсантып, таң қалдырса студент жастарды. Бар газетте, бар ауызда біздің совхоз өнері, сонда аспақ, көтерілмек республика алдында, кімнің елі, кімнің жері, кімнің артпақ мәдениеті, беделі? Күнде совхозға түсken хат, күнде директорға жалынған, аяғына жығыла жалбарынған жастар, оқу бітірген мамандар, механизаторлар, жұмыс тілеген адамдар өтініш етіп: «Сіздің жерге, мәдениеті өскен, қызы-қырқыны, жастары көп дескен сіздің елге қызметке барсақ», — деп жатса, директор бізге: «Қалай қарайсыңдар, жарайды енді, уақытша болса да алсақ», — деп жатса...

Директор. Оу, уақытшаң не?

Жұмат. Уақытша деген, тоис ол үйқас үшін айтылған сөз гой... Ой, айтқандай, сендерге ескертпеппін-ау! Осы байқауда бірінші орын алған ансамбльге Мәдениет министрлігінің призі бар. Ол — әлгі шетел қалаларын ақысыз-пұлсыз аралайтын маршруттық концерт.

Бері. Не дейді?

- Рас па?
- Мынауың тамаша гой!
- Шіркін-ай!
- Совхоздың аты да аспанга бір шығар еді!

Директор (ерсілі-қарсылы жүріп). Жалпы... идеяң жаман емес, бала! Жарайды, бір қызды таптым... Жолдас главбух, Майра Джундубаевна, сыртта менің машинам тұр. Тез зырыладып фермаға бар да, сауыншы Сәбираны осында алып кел.

Алтынбек. Маган келмейді, милиционерден гөрі ол главбухты сыйлайды. (Майра кетеді.) Бір адам табылды.

Жұмат. Кім дедіңіз, Сәбира шешей ме?! Ансамбльге шақырамысыз?

Директор. Енді, қонаққа шақырады дедің бе?

Жұмат. Ол, кемпір, тоис қарт қой.

Директор. Кемпір-семпір, бәрібір, жынысы әйел емес пе! Және үздік сауыншы, былай, саяси жағынан да дұрыс, теріс емес.

Жұмат. Үздік сауыншы болғанмен, музықант емес қой.

Директор. Музықант болмаса, үйретесің!

Сәния. Иә, жүргөгіне кім саксофоны мен гитарын құшақтап, сырнайлатып түшкен икән?

Жұмат. Енді қалған аз уақытта қарт адамды, қалай енді?..

Директор. Эй, дәрігер, былайша айтқанда, ма-ал дәрігері, шашадай басымды шарадай ғып біттің ғой. Өзің емес пе, осы жаңа ғана әйел керек, қыз керек деген. Мен саған кілең өрімдей-өрімдей қызы-келіншекті жерден қазайын ба? Адам саған қызылаша ма, сәбіз бе, әлде, былайша айтқанда, кәртопия ма? Совхоздағы кемпірлердің ішіндегі ең әнші кемпір – Сәбира...

Жұмат. Жарайды, көрерміз. Барабан қағуға жарап, әйтеуір.

Директор. Көретін түгі жоқ.

Алтынбек. Дұрыс сөз... Ана бір барабаншы, Салықбай ма еді, Жалықбай ма еді, бір күн ішсе, меңдуана жегендей төрт күн сақинасы үстап жатып алады...

Директор. Сәбира ішпейді де, былайша айтқанда, жемейді де...

Жұмат. Ал, енді Алтынбектің орнына кімді табамыз?

Нерпаздар (бәрі шу етіп). Алтынбекті өзгертуге болмайды!

– Алтынбекті ауыстырсақ, ансамбльден түк қалмайды.

– Онда астанаға несіне барамыз?

– Біз де бармаймыз!

Алтынбек. Сенің идеяңды жаңа түсіндім, жолдас мал дәрігері.

Айгүл. Алтынбек бармаса, басқалары барап, ал мен бармаймын.

Жұмат. Дүниенің тетігі Алтынбекке қарап тұрган жоқ қой. Екеуін айырылыссаңдар...

Директор. Эй, милиционер бала.

Алтынбек. Слушаюсь, папа!

Директор. Эй, участковый, «слушаясь» дейтін мен сенің начальнигің емеспін. Содан соң «папа» деуге әлі ерте, былайша айтқанда, «асатпай жатып құлдық» деме...

Жұмат. Бәсе десейші!

Директор. Менің қызыма дәмелілер көп, білем...

Айгүл. Па-па!

Директор. Осы жолы Алматыдан бірінші орын алып келейік, тойдың көкесін сонда жасармыз...

Айгүл. Па-па!

Директор. Қызыым, тұра тұр... Ал Алтынбек, сенің атың – бүгіннен бастап Алтын.

А л т ы н б е к . Ал-ты-ын?..

Директор . Алтынбек деген жігіттің аты, Алтын — қыздың аты.

А л т ы н б е к . Тұсінбедім.

Ж ұ м а т . Мен тұсіндім.

Директор (*Алтынбекке*). Сен бүгіннен бастап, қашан Алматыдағы байқау біткенше, былайша айтқанда, уақытша қыз боласың.

А л т ы н б е к . Ме-ен?! Қы-ыз?!

Ж ұ м а т . Иә, сен!

Директор . Иә, тап сен! Қыз!

А й г ү л . Па-па!

Директор . Қызыым, тұра тұр. (*Алтынбекке.*) Немене, сен қыз болмағанда, мен қыз боламын ба?

Ж ұ м а т . Қыздан әулиемісің? Жалпы, сен осы қыз сияқтысың...

Директор . Элде қыз адам емес деп тұрмысың? Онда менің қызыым да адам емес, былайша айтқанда... (*Қождып.*) Элгі не-мене еді?..

Ж ұ м а т . Құркетауық.

Директор . Жо-о-оқ!

С ә н и я . Әтеш.

Директор . Жо-оқ.

С ә н и я . Түйә!

Ж ұ м а т . Шегіртке.

Директор . Жо-оқ, әлгі бүйтіп, сілейіп тұратын?

Ж ұ м а т . Тас мұсін.

С ә н и я . Сқұльптұра.

Директор (*сілейген күйде*). Жо-оқ, магазин терезелерін-де?..

А й г ү л . Манекен, папа!

Д и р е к т о р . Иә, иә, киіммен қампитып қойған жансыз дүние дейтін шығарсың менің қызыымды?!

А л т ы н б е к . Олай деген кім бар... Ертең бүкіл жүрт мазақтап...

Ж ұ м а т . «Искусство требует жертв!»

Директор . Тұсіндің бе? Осы, Жұмат бала, сен ақылдысың-ау! Ау, баяғыда, жас кезімізде, колхоздан қыз табылмай, «Сұр-пақбай» деген пьесада мен қалыңдық болып ойнағам. Мына

Жұматтың атасы қүректей сақалын ұстаралып қырып тастап, көк иек кемпір боп ойнаған... Эне, искусство жертвует деген сол.

Жұмата. Ал, егер саҳнада маймыл әуелінде ойнау керек дейік, сонда не істер едің?

Алтынбек. Жетпегені сол еді!

Директор. Шынында, білдей-білдей халық әртістері түк ұялмай-ақ тышқан боп шиқылдал, қасқыр боп ұлиды гой.

Жұмата. Егер бір қашып жүрген айыпкер рецидивисті ұсташа үшін немесе қылмысты адамды бақылау үшін қыз киімімен жүрү қажет болса ше, тойс конспирация?

Алтынбек. Тапқан екенсің конспирацияны. Ондайда маскамен де жүреді. Ол – қызмет бабы.

Директор (ашулы). Жетті, шырағым, қызмет бабы, қызмет бабы! Бұл қызмет емес пе? Білдей бір совхоздың мәдени жұмысы саған ойыншық екен, ә! Тақияңа тар келеді екен, ә! Совхоз менің ғана меншікті совхозым ба екен?

Жұмата (бәріне). Совхоз сенікі, менікі, сенікі, сенікі, менікі, тоис бәріміздікі.

Директор. Қызыым, бері кел. (Алтынбекке.) Сенімен салғыласып тұрар уақыт жоқ. Қызыым, мына милиционердің қолынан ұста. Ана келесі бөлмеге барып, Жұматтың астанадан арнайы тіктіріп әкелген киімдерін киіндер. Мына Алтынбекті де киіндіріндер. Осы күнгі жастардың алды-артына қарап, қайсысының үл, қайсысының қыз екенін айыру қын. Түк ерсілігі жоқ. Егер қолынды осы жолы босатар болса, енді қайып Алтынбекке саусағыншың үшін ұстаптаймын. (Алтынбекке.) Түсіндің бе? (Басқаларына.) Барындар, киініп келген соң аз ғана тексеріс жасаймыз.

Жұмата (директордың дағдысымен). Былайша айтқанда, комиссия.

Айғұл (Алтынбекке). Жүр, папама қарсы келме! (Жұмат пен директордан басқалары кетеді.)

Жұмата. Дүр-ры-ыс, бір қыздың басы қайырылды.

Директор. Ендігі қыз қалай тулар екен.

Жұмата. Енді бір қыз болса, өзі жетіп жатыр.

Директор. О-о, міне, ол қыздың өзі де келіп қалды...

Басында жаулық, мәсі сыртынан кебіс, кең етек көйлек — қазақы киімді Сәбира келеді.

Сәбира. Ал, деректер жолдас, келдік бүйрығыңызбен! Не айтпағыңыз бар? Мына Жұмат Алматыға барып келіпті, сиыр сауатын жаңа машиналар әкелген шығар.

Директор. Жаңа машинаға тоймайды екенсің! Алматыдағы Болтайың қалай? Оқуы жақсы ма екен?

Сәбира. Құдайға шүкір.

Директор. Өзі ауылға, үш жылдай болды, келмей кетті ғой. Балаңды көптең бері сағынып жүрген шығарсың?

Сәбира. Сағынбағанда.

Директор. Жақында Алматыға жүреміз. Соған сені ала барайың деп едік.

Сәбира. Әлгі өтпескенді берші өзі... Өзім-ақ іздеп барайын....

Жұмат. Апа-ау, демалысты қайтесіз, мына ансамбльмен барасыз.

Сәбира. Не дейт! (Күліп.) Бұл ән-әнсалбіліңмен барғанда, не бітіремін... Тілі құргыра да келмейді...

Директор. Эн саласың. Жасыңда даусың қоңыраудай сыңғырлаушы еді-ау! Есінде ме, екеуміз сахнаға шыққанда, жүрт қырылып қалатын еді-ау... («Қыз Жібек» операсынан ария айтады.)

Көп болды көрмегелі ар ма, Жібек,
Отырсың кімді күтіп жадап-жүдеп?
Шын сүйсе келер кезі болмады ма,
Жездейден хабар-ошар бар ма, Жібек?..

Сәбира (сызылтып).

Бекежан, жүрген жерің жорық-майдан,
Тентек ең бар жиганың осындайдан...
...Қадірлес, заманың бір құробы емес пе ең,
Хабарын өзің алғып келсөң нетті?..

Директор. Сәбираш-ау, даусың әлі баяғы қалпы, түк өзгермепті!

Сәбира. Сенің де даусың баяғы қалпы.

Директор. Әбден жұмысқа көміліп, бас қосып ән салуды да ұмытып кетіппіз-ау.

Сәбира. Иә десейші. Адам ән салса, біртүрлі жадырап, көңілі өсіп қалатыны несі екен.

Жұмат (көңілденіп). Апа, мыналарды көрдіңіз бе? (Маракасты көрсетеді. Сылдырлатады.) Осыны ойнайсыз. Кейін ударникке үйретемін.

Сәбира. Шырагым-ау, бұл сылдырмасыңмен бала уатамын ба?

Жұмат. Бұл, апа, сылдырмақ емес, музыкалық аспап. Асатаяқты көргеніңіз бар ма? Бұл сол асатаяқтың немересі...

Сәбира. Иә, сонда...

Жұмат. Оркестр ойнап, ән айтылғанда сіздің міндетіңіз — соған қосылу. Мәселен... (Ән салып, маракаспен қосылады.)

Құстар, құстар сызылтып ән салады,
пата-та-там, пата-тата-там.

Сол әнімен тербетеді даланы,
трата-та-там, трата-тата-там.

Ал адамдар құліп бастап өмірін,
Кетерінде цоко, цоко-цо,
Жылай да алмай, цоко-цо, жылай да алмай қалады...

Міне, бар болғаны осы.

Директор. Болды, түсінді. Бір-екі күннің ішінде Алматыға жүреміз.

Сәбира. Қарақтарым-ау, бұларың шын ба, өтірік пе?

Директор. Қане, ендігі мәселе мынау. Сәбира, келесі бөлмедегі жастармен бірге қиінесің, аздал боянып-соянып дегендей.

Сәбира. Ме-ен? Жастарша қиініп, боянуым керек?!

Директор. Енді қалай? Мына олпы-солпы киімдеріңмен тұрамын деп пе едің?

Жұмат. Шашыңызға прическа жасатамыз.

Директор. Ернінді, тырнағыңды бояйсың.

Жұмат. Аяққа платформалы туфли киесіз...

Директор. Сәнді шалбар, әдемі көйлек...

Жұмат. Жүріс-тұрысыңызды да жастарша өзгертесіз...

Директор. Ара-тұра темекі тартып қоюға да болады.

Жұмат. Бір сөзben, мәдениетті әйел болып шыға келесіз...

Сәбира (құлағын басып). Жетті, жетті, жетті...

Директор. Не жетті, не жетті? Әлі жеткен жоқ...

Сәбира (ашулы). Ендігі жетпегені сол еді! Үят-ай!

Директор. Несі үят! Тәуір киініп, өтір сеуіп, ісмай жаққан үят па?

Сәбира. Немере, шөбере сүйетін жасқа жеткенде желігіп...

Жұмат. Апай, ондай сөзді сіздей екі орденді сауыншының айтқаны лайықсыз.

Директор. Қалада жетпіске келген кетік тіс кемпірлер басына шляпа, аяғына биік өкше туфли киеді.

Жұмат. Қала кемпірлері үйқыдан тұра сала, оразасын ашпай, әуелі ернін бояйды.

Директор. Содан соң жуынып алып, бұтына шалбар киеді.

Жұмат. Содан соң бес сағат кезекте тұрып, тырнағын боятады.

Сәбира. Ой-бо-о-ой, қарағым-ай, жыл он екі ай сиыр сауып, арасында қызылша тазалап, бірсеке қырықтықта жүріп кебесі сөгілген мына добавалдай саусақтардың тырнағына не сән керек. Оны ана қалашының ақ саусақтарына жақ.

Жұмат. Жұмыс істеген саусақтардың да боянуға қақысы бар, апа.

Сәбира. Осы күні еркектері ұрмаган соң ерігіп, қабақтарының астын көкпенбек сырмен сырлап қоятындарын қайтерсің.

Директор. Бұл айтып тұрганыңың бері қазақбайшылық, Сәбира, былайша айтқанда, надандық.

Жұмат. Тоис мәдениетсіздік.

Директорі (ашуланып, стаканнан су ішіп алып). Бұғінгі социалды қоғамның алға қарыштаған үрдіс мәдениетін, пәрменді қадамын олай мазақ етпе. Жиырма жылдан бері коммуниссің. Болашақ қоғамға бара жатқан адамдарға, материалдық байлықпен қоса санадағы байлық, былайша айтқанда, рухани байлық аудадай қажет. Сол үшін құресе ме десе, әлі қерітартпа есқі көзқарасты уағыздайсыңдар келіп... Үят емес пе? (Тұлданып, ерсілі-қарсылы жүреді.)

Жұмат. Рас, мұныңыз үят екен.

Директор. Коммуниске жат қылық... Масқара!

Сәбира (жуасып). Қарағым-ау, Алматыдағы баламның көзіне қалай көрінеміз?.. Маган лайық емес, лайығы жоқ... басқа жастар бар емес пе, екі иығын жұлдып жеп, өз тізесін өзі кеміріп жүрген...

Директор. Қайдагы жастар, несін кемірген жастар? Иығын, тізесін! Қай жасың бар? (*Тағы да лекция оқығандай, бір стакан суды ішіп салып.*) Қазір жоғары оқу орнына түссе-ақ жастардың бірі орала ма елге? Елде де шаруа, жұмыс, былай-ша айтқанда, ел тағдыры күтіп тұр-ау, ауыл азаматы емеспіз бе дейтін қайсы бар. Бес жылғы оқу аздай, аспирантура, одан сон докторантурасы. Одан соң елге несіне келеді?

Жұмат. Ет жеуге, қымыз ішуге, шіреніп жатып әңгіме шертуге, ақыл айтуға келеді.

Директор (*залға қарап*). Жапалақов деген агрономның баласын бес жыл соххоз құшімен оқыттық. Оқуын бітірген соң, «климат жарамайды» деген справка алып, астанада қалыпты. Қара-а, диплом алған соң, ауылдың ауа райы ішіне жақпай қалыпты. (*Тағы да су ішіп.*) Бюорода шаруашылығың жақсы, мәдениетің жаман, жұн-жұмыртқадан алдасың, ән-биден артасың деп, жиналыс сайын құлағымды бұрайды. Жетті.

Жұмат. Әрине, ескі патефонның құлағынша бұратада беретін сіздің құлағыңыз казенный құлақ емес қой...

Директор. Мына екі қолмен жұмыс істейді екенбіз! (*Кеудесін согып.*) Мына көкірекпен ән де саламыз... (*Сырттан Айғул кірген.*)

Айғұл. Папа, Алтынбек дайын. (*Күліп.*) Комиссияға салу-ларыңызға болады.

Директор. Қызыым, мына апаңды да апарып киіндір.

Айғұл. Жүріңіз, апа. (*Сәбираның қолынан дедектете же-телей жөнеледі.*)

Сәбіра (*кетіп бара жатып тыртысып*). Қарақтарым-ау, сол астаналарыңа барғасын-ақ жәнделмейміз бе?

Директор. Жо-оқ, қазір, қазір... Комиссияға саламыз. Кімге дағылануладың керек...

Жұмат (*алақаның үқалап*). Дұр-р-ры-ыс! Идеяның басы орнына келе бастады. Жігіттен әйел, кемпірден қызы жасау — өнердің нағыз шыңы емес пе? Енді біздің ансамбльге бірінші орынды қалай бермес екен.

Директор. Ай, бірақ осының соңы қалай болар екен? Шатақ-ая!

Жұмат. Несі шатақ? Осы сіз қара аспанды жаудыра берменіңіші.

Директор. Жаудырмағанда немене? Қайдагы жоқты ойлап

табасың. Бар билікті бер дедің, бердім. Ал істеген ісіңнің бәрі, Алтынбек айтпақшы, заңға томпақ келеді.

Жұматқа. Не томпақ, не, айтыңызы. Егер менікі томпақ екен, өзіңіз басқарыңыз, мен дирижер де, режиссер де емеспін!

Танытпау үшін қара көзілдірік тақдан, қыз балаша сөнді киінген, бұтында шалбар, платформалы туфлиімен қиқаландай басып Алтынбек келеді. Отырғандар «ә» дегенде оны танымайды.

Алтынбек (*Жұматқа төніп, түсін суытып, даусын құбылтып*). Директор дұрыс айтады, мұның бәрі заңға томпақ келеді. Сен жауап бересің!..

Жұмат (*сасқалақтан*). Немене томпақ, неге жауап беремін, не істеймін?!

Алтынбек. Осыншама қымбат киімдерді Алматыдан қалай алдың, қай ақшаңа?

Жұмат. Совхоздың ақшасына.

Алтынбек. Қай сметадан, қай қаржыдан?

Жұмат. Сметада шаруам жоқ, оны директор біледі.

Директор. Эй, түгелдей маған жаба берме, бәрінің ретін келтіріп жүрген сен емес пе?

Алтынбек. Қыруар ақшага оркестр сатып алдыңыз! (*Директорға төніп.*) Қандай есеппен, чекпен, банк арқылы ма, қандай жолмен?

Директор (*қаймығып*). Қай жолмен болса да, алдық қой. Немене, мен өз үйіме, жеке меншікке алды дейсіз бе?

Алтынбек. Ертең ревизия жүргенде мұндай бұлтағынызға қарамайды.

Директор (*Жұматқа*). Айттым гой мен саған. Ескертпедім бе?

Жұмат. Сонда мен, немене, өз қара басым үшін жасаптын ба?

Алтынбек. Қара бас, қара бас...

Жұмат (*директорға*). Енді сіз бұл етіп шыға келдіңіз бе? Онда мен ештеңде де білмеймін. Мен дирижер де, режиссер де емеспін. Мал дәрігерімін. Совхоз директоры — сіз, бухгалтері — Майра Джундубаевна.

Директор. Сол-лай шықтым де. Осыдан ансамблъ бірінші орын алмасын, мал дәрігерлікті өңің түгілі, түсіңде көрмейсің!

Алтынбек (*Жұматқа төніп*). Алматыдағы композиторды қалай жалдамақшысың? Оған ақшаны кім төлейді? Қай сметада...

Жұмат. Оған да мен төлеуім керек пе? Әрине, совхоз төлейді...

Директор. Жақсы ансамбл құрып, ауыл мәдениетін көтеру үшін Жұмат екеуміздің біріміз консерваторияға түсіміз керек шығар!

Жұмат (арқаланып). Иә, десейші-ау! Сіз өзі... (*Алтынбекке*.) Соншама неге шұқшиясыз? Осының бәрін сізге кім айтып жүр?

Директор. Бізді тексеруге қандай қақыңыз бар?

Жұмат. Аяғыңызды дұрыс алыш жүрінде әуелі — массыз ба немене?

Директор. Совхоздың ішкі мәселесіне көрінген адам араспаса екен.

Жұмат. Иә, килікпені!

Алтынбек. Мен бе, көрінген адам? Участекіл милиционер араспаса керек. Заңға қайшы, томпақ келетіндерді білмейім керек... (*Алтынбекті жаңа гана таныған директор мен Жұмат сұлқыстіп отыра кетеді.*) Олай болса, совхоз өнерінің, директор тілімен айтқанда, қарыштауына, совхоз мәдениетінің пәрменді қымылмен биік тұғырга көтерілуіне де араспасауым керек шығар. Онда мына киімдеріңізді өздеріңіз киініздер! (*Түфлийн, т.б. киімдерін шеше бастайды.*)

Директор (орнынан атып тұрып). Әй-әй-әй! Немене, сенімен қалжыңдауға да болмай ма? (*Бас салып, киімін шешікізбейді.*)

Жұмат (Алтынбекке). Мына түріңмен кейін де совхоздың ақшасы үшін мениң соңыма түсетін шыгарсың!

Сырттан Майра сөйлей кіреді.

Майра. Қазір жаңа положение бар. Совхоз өз ақшасына оркестр де, ансамбльге киім сатып алуға да қақысы бар.

Директор. Иә, айтқандай, солай, қарағым милиционер. Оу, өзіңді... (*Айналдыра қарап.*) Қыз деуге де болады, ұл деуге де болады!

Жұмарт. Шіркін, біздің идея — түк мін жоқ. Тек ернін перламутрмен бояса!..

Марат. Биік өкшеге үйренбекен, сәл қынында.

Жұмарт. Дәнеме етпейді, ансамбльді бұзуга болмайды.

Директор. Қане, былай қарай жүрші.

Жұмарт. Бір гана міні бар екен. Сәл ана... кеуде жағында кінәрат бар. Бірдеме тығындаса...

Алтынбек. Оны өзің тығында!..

Жұмарт. Эстетикалық сұлулықты жоюга болмайды...

Директор. Рас, рас, ана мықын жағында да... Шіркін-ай, сәл толықтау келсе...

Жұмарт. Иә, иә, бұрын әйелдер пайдаланатын турнюр деген болушы еді.

Директор. Ол не?

Жұмарт. Ол енді, былай... мына бөксе жаққа салатын бестек, тоис жастықша...

Алтынбек. Оны өзің сал, өзің тақ!..

Сырттан өнерпаз қыз-келіншектермен бірдей жаңа прически, шалбар киген, боянған Сәбира кіреді.

Сәния (сөйлей кіреді). Бізләр да килдік.

Директор. Пах, пах! Баяғы қыз күніңде қайта түсіпсің! Өзің шынымен Сәбирамысың, көктен түскен періштемесің.

Жұмарт. Метаморфоза! Шіркін, біздің идея!

Директор. Сәбира-ау, өзің не деген сұлу ең!

Себіра (қалжындал). Е-е, сұлу болмасам... баяғыда соңымнан қалмай, күніне он хат жазатының қайда!

Жұмарт. Міне, қандай сұлу бәрі, Ыбырай Джарылғапович, жастар жоқ, қыздар жоқ деп байбаламды саласыз келіп.

Директор (Сәбирага сұқтана). Былай қарай бір өтші сұқсыр үйрекше! (Олай-бұлай қаздандаі басқан Сәбирага қарап тамсанып.) «Сырлы қасықтың сыры кетсе де, сынны кетпейді». Оу, өзі біздің совхоздың келіншектері жай күнде де неге осылай киінбейсіндер!

Жұмарт. Мәдениет деген, міне, қайдан басталады.

Директор. Шынында, Жұматжан, сен осы ақылды жігітсің, мынауың тамаша идея болды.

А й г ү л. Папа!

Директор. Жарайды, жарайды. Алтынбек балам да жақсы-ы!

Жұм а т. Ал қане, жолдастар, музыкалық аспаптарыңызды ұстаңыздар. Жақында Алматыға жүреміз. Ұбырай Джарылгапович, сіз де қамданыңыз, демалысыңызды алыңыз.

Директор. Оу, мен не бітіремін?

Жұм а т. Қызықсыз! Мына сәбилерді кім бағады? Тағы да ақша мәселесі керек боп қалса... Ал, кәне, сапар жырын жырлайық: «И-и!»

Өнерпаздар жаңа бір әуенге баса жөнеледі. Жарық қараңғыланады да, музыка әуені пойыз доңғалағының сарынына ауысады. Пойыз терезелерінен қарап, күй төгілткен өнерпаздар. Жарқ-жүрк еткен жарық астында бір терезеде маракас ойнаган Сәбира. Енді бірінде екі бесік-арбаны қатарынан секендейтіп, изеңдетіп түрган Ұбырай.

Екінші көрініс

Алатау баурайы. Дача. Веранданың шеті ғана көрінеді. Сыртта, үстел қасында Эдик біресе скрипка, гитара, біресе труба, саксофонда ойнап, нота қағазына жиі-жиі шүқшияды да, тағы да әлгі ойындарын қайталайды. Екінші жақтан қала сәнімен киінген, қолында жеміс, тағам салған сөмкелері бар Хадиша келеді.

Х а д и ш а. Үн, әуе айналып жерге түскендей, қүйдіріп барады. Үн, әкең салдырып беріп кеткен мына дача болмаса ғой, жазда тіршілік ету мүмкін емес... (*Шеэлонгқа отырып, әдемі желпуішпен желпінеді*. Эдик өз шаруасымен әлек.) Базарда құж-құж қайнаган адамдар. Бұл саудагерлерде нысалп жоқ, нысан! Құн 40 градус болса, базар нарқы 50 градус, қүйіп түр-ау, қүйіп түр! Бір қауынның килосы бір сом. Сенің екі жыл ән жазып тапқан қаламақыңды саудагерлер жарты айдың ішінде қүреп алады. Кейде тіпті балаларды 4—5 жыл оқытудың не керегі бар деп ойлайсың. (*Эдик өз шаруасымен әлек.*) Эдик, шай қойдың ба? (*Эдик өз шаруасымен әлек.*) Едіге, Эдик, салат жасадың ба?

Ә д и к. Мам, көріп тұрсың ғой, мен бос емес...

Х а д и ш а . Бар төз, қаталап, шаршап келдім...

Әд и к. Мам...

Х а д и ш а . Бар, таста андағы сарнаган аспаптарыңды. Шай қой, салат жаса. Әттең, жасымда білім ала алмадым, бір аспаптың тілін білсем, жылына бір опера, бір балет жазар едім. Эдик, шай, салат...

Ә д и к. Мама, қашанғы дардай жігіт плитканың алдында... енді өзің келдің гой....

Х а д и ш а (*орнынан атып тұрып*). О-о, со-лай ма? Мен ертеден қара кешке дейін базар аралайын салпақтап. Сенің тамағыңды арқалап, артыныш-тартынып, ыңқылдан-сыңқылдан, зорга аягымды сүйреп жетейін, асыңды пісірейін, кірінді жуа-ыйын тынымсыз. Сол үшін шыққан шығармын пенсияға. Мен сенің жалдап алған прислуғаң шығармын. (*Енді екеуі жарыса, қосыла сөйлейді. Бұрын да бұл сөздерді талаі естіп, жаттап алған Эдик баяу қосылып, сарнай жөнеледі. Екеуі дуэт.*)

... Ата сақалың аузыңда біткенше, әйел алышп, үй болайын деген ой жоқ. Не жібі тузу ән жазып, тындырган жұмыс жоқ, не үрпақ жоқ, осылайша сандалмамен күн кешпексің бе? Егер бүйте берсең, операма қайта барамын, қартайғанда ария айта алмасам да, хорга жарапмын. (*Енді Хадиша үнсіз қалады да, Эдик жалғыз жыламсырап сөйлей береді.*) Мен де қызық көруім керек шығар. Елуге жетер-жетпес бұлдіршіндей кезімде жесір қалып, сені бағумен отырмын. Жетеді енді, төзімім таусылды. Не осы үйде ас пісіретін аспазшы болсын, не базарға, дүкенге баратын жүк тасушы болсын, әйтеуір, келін түсіресің, әйтпесе... әйтпесе, не іstemекпін, мама? (*Бұл кезде Хадиша шай қоюға кеткен, Эдик шешесінің жоғын жаңа аңгарып, сұлық түсіп отырады да, баяу ғана гитара тартып, залға қарап, үзіп-үзіп сөйлейді.*)

Ә д и к. Мама, осы бір сезінді жуз рет, мың рет естіген шығармын. Әбден жаттап алышпрын. Қайтейін, әйел алмайын деп жүрмін бе? Маған ұнған қызы саған ұнамайды. Анада, есінде ме, Гуля деген қызды әкеліп таныстырып ем: «Екі езуінен темекісі түспейді екен, үйдің іші паровоз депосы сияқты болып кетті», — деп, үшінші келгенде қуып жібердің. Одан кейін Люсияны да ұнатпадың. «Диванда шалқасынан түсіп жатып есінейді, шөлдегендеге шай әкеліп берсем, минералды сұзы қайда, Мәскеуде оқуға түсे алмай жүргеннің өзінде пепси-кола ішуші едім деп

міндетсіді...» Жаннаны: «Нан илей білмейді, алдыңа отырып алып тізенди жауыр қылады», — дедің. Лиданы: «Телевизордың алдынан шықпайды, қаудырлаған шолақ джинсін бір тастамайды», — деп кінәладың... Енді «Қолына маникюр, аяғына педикюр жаққан қала қызы емес, күнге күйіп, желге қақталған, жуанды болса жуас ауыл қызы керек. Ол айтқаныңа көнеді, тұр десең тұрады, жат десең жатады», — дегенді шығардың. Мам, тугалы ауыл жүзін көргем жоқ, ауыл қызымен қалай сөйлесемін, олардың тілі бөлек қой... Тіпті әлгі бір құйрығы бар «н»-ды айтқанда бәрі күледі... Жарайды, іздейін, табайын, тек ренжімеші, мама!..

Сырттан Жұмат кіреді.

Жұмат. Рұқсат па екен?

Әдік. Ә, келіңіз, келіңэ!

Жұмат (*қол алысын*). Саламатсызба, Едеке!

Әдік. Салам, салам!

Жұмат. Мына далада рұқсат сұрап кірудің өзі қызық екен.

Әдік. А, үй ыстық.

Жұмат. Сіз таныдыңыз ба?

Әдік. Өзім таныңқырамай тұрамын, көз таныңқырайды.

Жұмат. Е, болды. Қала адамының өзі тануы артық, көзі шырамытса да жетеді. Мен тұнеугі келіп кеткен совхоз дирижері, хормейстері, режиссері, мал дәрігері, сұрыпсалма ақыны, бір сөзбен, совхоздың бар жұмысына жақыны.

Әдік. А-а, есіме жаңа түстіңіз.

Жұмат. Олимпиадаға келіп қалдық.

Әдік. Әлі ерте емес пе?

Жұмат. Тұнеугұні сізбен ақылдасып едік қой.

Әдік. А-а... таныңқырамай тұрамын.

Жұмат. Оркестрді кілең қыздардан құрдым.

Әдік. А-а-а, есіме жаңа түстіңіз!

Жұмат. Совхоздың жүз... ым... екі жүз... қызының ішінен сұрыптаап, таңдал алдық.

Әдік. Таңдал?! Екі жүз қыздан?! Неше түрі бар?!

Жұмат. Бар болғанда қандай!.. Сызылғаны да, сыйылмағаны да, жуаны да, жіңішкесі де, арығы да, семізі де, биігі де, қысқасы да, әйтеуір, бәрінің нұсқасы бар.

Ә д и к (*қуана құлімдей тыңдал*). Бәрі де әлі күйеуге шық-паған қыздар?

Ж ү м а т. Енді түгел олай деуге болмайды. Шықканы да, шықпағаны да, енді шығайын деп жүргені де, шығып болғаны, шығып қайтып келгені де, кемпірі де, жесірі де, ғұмыры күйеу таңдал жүрген кесірі де — бәрі, бәрі бар.

Ә д и к. Мінездері қандай?

Ж ү м а т. Мінез, мінез бе? Әр түрлі: үндемейтін, үндеңенді күндеңемейтін түйігі да бар; көп сөйлемейтін, сөйлегенде бет бақтырмай адамды жеп сөйлейтін қүйіны да бар. Бір айтқанын жүз қайталап, бір сөзді екі сөйлеп, әзір айтқанын қазір орында-майтын айнымалы сүйігі да бар.

Ә д и к. Профессиялары, қызмет жұмыстары қандай?

Ж ү м а т. Біреу үйде, біреу түзеде істейді, біреу сиыр саудады, біреу бульдозерде істейді. Біреу бармағынан бал тамған аспазшы, біреу атан түйені қас қаққанша сойып тастайтын қасапшы, біреу шаш алғыш, біреу шаш ал десең бас алғыш — әйтеуір бес аспап жандар. Мектепте сабак беретіні де, ресторанда тاماқ беретіні де бар. Бәрі де передовицалар!

Ә д и к. Қандай тамаша! Сіз, міне, енді есіме жаңа түстіңіз! Сіздің ансамбль бірінші орын алу керек. Бұл оригинальный ансамбль!

Ж ү м а т. Өте оригинальный! Өте! Енді сол ансамбльді өзіңіз көрсөніз.

Ә д и к. Ме-ен!

Ж ү м а т. Әрине, сіз! Анада қеліскеңбіз. Ұмытып қалдының ба?

Ә д и к. Ия, ия! Сізді енді мұлдем таныдым. Есіме түстіңіз!

Ж ү м а т. Онда, кеттік. Такси дайын! Қайтадан таксимен келесің!

Ә д и к. Жарайды, жақсы. Сіз машинаға бара беріңіз. Мен қа-зір киінемін. (*Жұмат кетеді.*) Мам... ма-ма! (*Басын таңған Хадиша келеді.*)

Х а д и ш а. Не боп қалды? Әлгі келген кім? Тағы да оқуға ба-ла әкелуге жүрген біреу ме? Кетсінші, атамнан әрмән!

Ә д и к (*күініп жүріп*). Жоқ, мам... ол, қалай деуші едің, қу-да, қуда!

Х а д и ш а. Қайдагы құда!

Ә д и к. Совхоздан көп қыз әкеліпті...

Х а д и ш а (басындағы орамалың жұла-мұла.) **Қыз?**.. Саған ба? Онда құда емес, жеңгетай де. Әдик-ау, балам-ау, жаңа шайға отыр демедің бе!..

Ә д и к. Мам... Азыр асықпа. Таңдаймыз... Өзің таңдайсың! Ішінде повар да, кулинар да, дворник те, парикмахер де бар, бары бар. Ой, қандай жақсы. Әсіресе саған жақсы, мам... кеттім, мама! (*Асыға тысқа жүгіреді.*)

Х а д и ш а. Балам, таза сөйлеуге тырыс. Шошытып алма. Со-сын маган көрсетіп алуды ұмытпағайсың. Ұлым, жолың болсын! (*Өзіне-өзі.*) Айттым ба! «Отырган қыз орнын табады!» Ауыл қыздарының өзі-ақ шұбырып, ұлымды ізделеп келеді демедім бе? Айттым ба? Жаманың айтқаны емес сандырағы?.. Жо-оқ, бір-демесі келеді деуші ме еді. Айттым ба? Келді ме? (*Жүгіріп келіп, қуаныштан трубаны қүшене үрлей бастайды.*)

Үшінші көрініс

Тағы да тамылжыған ән. Ансамблъ Эдиктің алдында өз өнерлерін көрсетіп жатыр. Оркестр ойнап, әнші ән айтқанда, жас сәбілерді жылатпау қамын ойлаған директор Ұбырай екі бесік-арбаны бірдей тербетіп, ән ыргағымен ырғаңдайды да тұрады. Соңғы ән аяқталысымен Жұмат бәрін шығарып жібереді.

Ж ұ м а т. Ал, жолдастар, сіздер тысқа шығып, демала тұрыңыздар. Едекен екеуміздің әңгімеміз бар. (*Эдик пен Жұмат қана қалады.*)

Ж ұ м а т. Ал, Едеке, қатарымен екі күн репетицияны көрдіңіз, қыздарымыз қалай, жақсы ма?

Ә д и к. Жақсы болмаса, келем бе?

Ж ұ м а т. Ендеше, сізге менің, менің ғана емес, бүкіл коллективтің, бүкіл совхоздың, дирекция мен рабочкомның қолқасы бар. Соның бүгін сәті түскен шығар...

Ә д и к. Менін де құлқам бар.

Ж ұ м а т. Эрине, әрине! Онда басын ашып алайық.

Ә д и к. Дұрыс айтасыңыз.

Ж ұ м а т. Тоқ етері сол — осы байқауда біздің совхоз ансамблі бірінші орын алуы керек.

Э д и к. Құлқа осы ма?

Ж ұ м а т. Иә!

Э д и к. Мұныңыз қындау екен. Жюриде мен ғана емес...

Ж ұ м а т. Әрине, оңай шаруа емес. Бүгіннен бастап сіз ансамбльді қолыңызға алып даярласаңыз...

Э д и к. Ме-ен?!

Ж ұ м а т. Иә, сіз даярлап, кейін комиссияда сәл сүйемелден жіберсеніз... Ал енді өзініздің шаруаңызды, тоис не сұрайсыз — соны айтыңыз.

Э д и к (сәл құмілжіп). Мен енді...

Ж ұ м а т. Қысылмаңыз. Екеуміз де замандастыз.

Э д и к. Замандаст? Әрине, замандаст...

Ж ұ м а т. Жарайды, айтыңызшы, құдай үшін. Нешеу?

Э д и к. Нешеу? Сіз мені ондай тәртіпсіз адам деп ойламаңыз.

Маған, әрине... (сүк қолын шошайтып) біреу жетеді.

Ж ұ м а т. Біреуі?

Э д и к. Әрине.

Ж ұ м а т. Сонда ол қанша?

Э д и к. Қанша? Біреу...

Ж ұ м а т. Біреу? Сонда? Сіз, жұмбақтамай тұрасын айтыңызшы. Біреуіңіз жүз бе, мың ба?

Э д и к (шамдана бастайды). Жүзініз аз!

Ж ұ м а т. Апырай, сонда мың ғой, енді, мың, мың. Тым көптеу емес пе? Он бес күннің ішінде, тым көптеу-ау!

Э д и к. Сіз қылжақбас екенсіз.

Ж ұ м а т. Апырай, өкпелетіп алдым ба? Былай енді, достарша ақылдасайықшы, базардағы саудагерлер емеспіз...

Э д и к (ренжіп). Сіздің мазақ еткініз келеді. Жүз, мың деп қүлесіз. Мен замандаст деген соң айттым. Сонда, немене, бір қызбен былай, таныссам, мен жарамаймын ба?

Ж ұ м а т. Қыз-бе-ен?!

Э д и к. Әрине, қызбен, кемпірмен емес.

Ж ұ м а т (өз-өзіне). Қызбен, қызбен? (Енді тұсініп.) Оу, бағанадан бері соны айтпайсыз ба? Мен ақы жайын сөз етіп тұрсаам.

Э д и к. Қайдагы ақы?

Ж ұ м а т. Енді... сіздерше қаламақы — гонорар.

Э д и к. Мен гонорар алмаймын.

Ж ұ м а т. Онда несі бар. Қалаған қызыңызбен таныстыруға

болады. Ар жағын өзінің білесіз... Сонда қайсысы ұнайды... Эрине, анау, ионикадагы сұлу қыз гой. Бірақ оның болашақ күйеуі, тоист екі күйеуі бар, даулы қыз... Менің өзімнің де ойым бар...

Ә д и к. Ол тие берсін... басқасы...

Ж ү м а т. Енді қайсы? Е-е... Ол екеуінің де елде күйеулері бар гой. Ана арбадағы балаларды көрмейсіз бе? Ештеңе етпей ме?

Ә д и к. Жо-о-оқ, олар емес.

Ж ү м а т. Онда ана маракасшыны айтамысыз. Ол... (*Күліп.*) Келесі жылды пенсияға шығатын адам...

Ә д и к. Одан басқаға жолатқызыңыз келмейді?

Ж ү м а т. Басқа енді кім бар? Білмеймін...

Ә д и к. Ана көзілдіркіті қызды айтпайсыңыз, а?

Ж ү м а т (*қарқылдалап күліп*). Е-е-е, анау... анау... Ой-бо-о-ой, оны мұлдем ұмытып кетілпін гой! Алт... Алтын... Алтын?

Ә д и к. Осыншама неге күлдіңіз? Несі күлкі?

Ж ү м а т (*күлкісін зорға тыйып*). Оның реті бар. Көңіліңізге келмесін, ол біреудің әлпештеуімен үйде көп отырыңқырап қалған қызы. Кәрі қыз. Оны мазақ етуге болмайды.

Ә д и к. Мен мазақ етем дедім бе, адам етемін.

Ж ү м а т. Одан сұлуырақ біреу кездеспеді ме?

Ә д и к. Мамам айтады: «Сұлу — сұлу емес, сүйген сұлу». Бір шутник досым айтады: «Көрікті әйелдің өзіндеге болғаннан, көршіндеге болғаны жақсы».

Ж ү м а т. Менің де бір досым айтушы еді: «Дүниеде әйел дауысты ереккен, еркек дауысты әйелден без».

Ә д и к. Ол ескі түсінік. Қазір эстрада әншілеріне сопранодан гөрі алт жетіспейді. (*Төменгі регистрмен ән айтады.*)

Ж ү м а т (*аз ойланып*). Ойпырым-о-ой, мінезі иттің мінезіндей-ау, бірдене десең арс етіп қауып алады.

Ә д и к. Кімнің итін айтасыңыз?

Ж ү м а т. Қайдары ит?! Әлгі Алтынбекті айтамын.

Ә д и к. Алтын-бе-е-ек?!

Ж ү м а т (*жалтарып*). Әлгі... сіз сүйген қызды жұрт еркек сияқты дөңесқойлау, ноқайлау болған соң, Алтын емес, милиционер ағасына ұқсатып Алтынбек қойған...

Ә д и к. Ноқай-соқай бәрібір, мамама ұнайды.

Ж ү м а т. Ендеше, өзінің сөз айтарсыз. Мен жеңгетайлыққа жүре алмаймын...

Э д и к (аяғына жығылып). Ағатай, айналайын, өмірі сізге қызмет етейін. Ауыл қызымен сөйлесе алмаймын. Не айтқаныңызды орындағын. Не сұрайсыңыз? (*Жұмат жібімеген соң орнынан атып тұрады да, алысырақ барып.*) Шартым сол — арамызға жіп, арқан боласыңыз... болмайсыңыз, онда мен жоқ. Басқа біреуді тауып алыңыз. Шарт осы. Жауп өзіңіз жеткізіңіз. Қүтемін. (*Шығып кетеді.*)

Ж ұ м а т (жалғыз). Міне, тағы да идея. Директорга айтып Алтынбекті Эдикке тіркестіріп қоямын. Бастары қатып жүрсін. Айгұлмен он бес күн жеке кездесіп, басын шыркөбелек айналдырысам, милиционерінен қалай безбес екен... Бірақ... (*Өз басын өзі тоқпактап.*) О, глобус, о, медуза, өз мамандығыма оралам деп жанталасып жүріп бір пәлеге үшырамасам жаарар еді. Құртқанда адамды идея құртадығой. Қайдарғыны қайдан бастап едім. Шынында, тап осым заңға томпақ келмесін. Бірақ енді шегінуге жол жоқ... (*Орындыққа сылқ етіп отыра кетеді.*)

Музыка ойналады.

ЕКІНШІ АҚТ

Төртінші көрініс

Үшінші көріністегі жағдай. Сол музыка. Жұмат басын сүйеніп, қайғырып отыр. Сырттан өнерпаздар кіреді. Бәрі жамырай сөйлейді.

- Көнді ме?
- Даійндық жүргізетін болды ма?
- Не деді?

Жұрт бір-біріне үнсіз қарасып, көңілсіз тұрып қалады.

Д и р е к т о р. Оу, Жұмат, саған не болды? Басыңды көтерші, жарқыным.

М а й р а. Келіспеген гой.

Д и р е к т о р. Қала жұрты ақшага әбден құныққан... Сонда, немене, кісінің құнын сұрай ма, айтсаңшы?

Сәбира. Саған директор ақша аяма деді ғой.

Майра. Мен де айтқанмын.

Айгүл. А-ай, сараңсыз-ау, қалтаңнан шығатында...

Сения. Жұмат түгіл, жмот бит!

Алтынбек. Жаңа мен сөйлеспеген екенмін, мұндайлардың тілін табу үшін, біраз.. заңмен, налогпен қорқытып алу керек еді...

Жұмат (басын көтеріп, құмілжіп). Иә, иә, Алтынжан, сенің сөйлесуің керек еді. Өзі де сені қалап отыр.

Алтынбек. Қаласа несі бар, сол да құлқі болып па? Сөйлессек, сөйлесеміз, несі бар, сөйлесеміз.

Жұмат. Сөйлесесің ғой!?

Алтынбек. Сөйлесемін! (Директорға көз қызығын тастап.) Совхоз үшін аянарым жоқ.

Директор (риза көңілмен). Сөз-ақ!

Жұмат. Үәде?

Алтынбек. Иә, иә! (Директорға қарап.) Үәде! Мен оны бір тынысыз-ақ көмектесетін етейін.

Директор. Сүйтші, сүйтші. Тіпті қит етсе ақша! Совхоз ақшасы тегін жатқан болар ма?

Майра. Иә десеңізші. Судың да сұрауы бар.

Алтынбек. Папа, бір тынысыз, бір тынысыз!

Директор. Дұрыс, дұрыс, папа, папа! Міне, енді жарасты! Айналайын! (Жартылай әндетип.) Мен папаңмын, папаңмын. Елге оралып той жасасаң, мен атаңмын, атаңмын...

Жұмат. Міне, патриот, шын патриот! (Орнынан атып тұрлып.) Онда, жолдастар, бұл мәселе шешілді дей беріңдер. Бірер күннің ішінде композитордың өзі сендермен дайындық жүргізеді. Және де тегін. Совхозға, басқамызға еш салмақ салмайды, тек Алтынбекке ғана...

Көпілік. Тама-ша-а!

Жұмат. Ал демалыңыздар, Алтынбек пен Ыбекен, тоис Ыбырай Джарылғаповичтен басқаларыңыз боссыздар, кешке репетиция...

Директор, Алтынбек, Жұматтан басқалары кетеді. Жұмат пианиномен көңілді бір ән салып отырып сөйлейді.

Директор. Ау, Жұмат! Музыкаңды қоя тұршы.

Жұмат. Композитор бізден көк тыын да ақы алмайды.

А л т ы н б е к . Бәсе, мәдениетті адам заңға томпақ келмейтін шығар.

Д и р е к т о р . Сонда, немене, тегін дайында мақ па?

Ж ү м а т . Онша тегін де емес.

Д и р е к т о р . Әрине, қолы қимылдағанның аузы қимылдайды, заң, заң.

А л т ы н б е к . Бәсе, ресторан-месторан.

Д и р е к т о р . Оу, ол оңай гой, өзім-ақ апарып тұрайын.

Ж ү м а т . Жоқ, ол өзі апарып тұрады... Өз ақшасына.

Д и р е к т о р . Кімді, мені ме?

Ж ү м а т . Жоқ, Алтынбекті, тоис Алтынды.

А л т ы н б е к . Мені ме? Не ғылмайсың деп?

Ж ү м а т . Сен қатты ұнап қалыпсың, өлердей ғашық...

Д и р е к т о р . Қарағым, қалжыңдамай дұрысыңды айтшы!

Ж ү м а т . Дұрысын айтса, былай, директор жолдас! (Тұсін сұйытп.) Композитор Эдик жеті жыл консерваторияда оқыған. Жеті жылды бітіргелі ән шығарумен шұғылданып жүріп қыз қууға, яғни үйленуге мүршасы келмеген, жұмысбасты азамат. Енди үйленуге қақысы бар шығар.

Д и р е к т о р . Оу, үйлене үйлене берсін, оның қолын біз ұстап түр ма екенбіз?

Ж ү м а т . Егер ол... (Алтынбектің нұсқап) мынаған үйленем десе ше?

Д и р е к т о р (тұсінбей). Мынаған?.. Мынағаны қалай?

Ж ү м а т . Мынаған деген сол... Алтынбекке үйленеді. Үйлене несі бар. Кімге үйлене әр азаматтың өзі еркі.

А л т ы н б е к . Сен не айтып тұрысың?

Ж ү м а т . Мен емес... композитор... өзі ұяңдау жігіт көрінеді. Сенімен таныстырып, әйтпесе асылып өлем дейді.

А л т ы н б е к . Өй, сенің есің дұрыс па?

Ж ү м а т . Менің есімің дұрысы-бұрысын қайтейін деп ең? Совхоздың келешегі үшін танысасың. Біраз қызырасың, көрерсің. Егер ұнамаса, саған жабысып қалар деймісің?

А л т ы н б е к . Жо-о-оқ! Мен жынданатын шығармын!

Ж ү м а т . Немене, сендей адамды сүюге ол татымайды деп тұрмысың?

А л т ы н б е к . Ә-ә... мазақ еткің келген екен! (Аяғындағы туғлиін жула-мұла лақтырады.) Өзің ки, өзің бар. (Кеудесіндегі блузкасын зорға ағытып лақтырады.) Өзің тақ!

Директор (*туфли мен блуэканы жинап жүріп*). Шырағым, біз мұнда ерігіп жүрген жоқпыз. Жұматтың кінәсі қандай, таныстырып да таныстырып деп аузының сұзы құрып тұrsa, қайтсін! (*Блуэканы ұсынып*.) Шырағым, мынауың кір боп қалады, бұлай лақтырмас болар. Тулама, тулама!

Алтынбек. Немене, мені қыз емес, еркек десе, аузы желімденіп қалды ма?

Жұмат. Аузымы майлап қойсаң да, енді айта алмаймын. Ол — жюридің мүшесі, ертең сені қыз емес, қолақпандай, тоис ортан қолдай жігіт десе, бар абұйырымыздың тускені емес пе?

Алтынбек. Мұның арты қылмыс, заңға томпақ...

Жұмат. Сенің аузыңа томпақтан басқа сөз түсе ме?

Алтынбек. Біреуді орынсыз келемеждеген адам кодекстің 118—119-статьясымен айыпқа тартылады.

Директор. Тартылса — тартылар. Ал біздікі түк те келемеж емес. Біз оған сені зорлап телідік пе? Өзі танысада десе, таныссын. Сені қыз, ұл деген кім бар. Осы күні қыз бен ұл бірдей кінеді. Сені таңбалап қойған ешкім жоқ.

Жұмат. Құшақтаспай-ақ, сүйіспей-ақ, сыпайы әңгімелесіп жүргүре болады рой. Әлде өзіңде сенбейсің бел?

Директор. Шырағым, киін киімдерінді. Мен сені мұндай шытырлақ, ашуланшақ деп ойламап ем.

Жұмат. Бұлардың бер жағы рой, сыпайы, мұләйім көрінетін.

Директор. Мен десең, совхоздың жайын ойласаң, кәне, ақылға кел.

Жұмат. Және өз жайынды ойласаң. (*Алтынбек блуэканы, туфлиін алып шыға береді.*)

Жұмат. Ертең кездесу кеші, байқа, шошытып алма, директордың көзінше айтамын. Тым бұлданба! (*Ионикага қосылып бір көңілді өн айтады.*)

Бесінші көрініс

Тұн. Сквер. Әр жерде ағаш орындықтар. Сквердің шетіне Эдик пен Хадиша келеді.

Эдик. Мам... енді осы арада қалшы, қазір келеді.

Хадиша. Келсе немене, мен құбыжық емеспін рой.

Э д и к. Мам... үяламын...

Х а д и ш а. Ұлым-ау, тұнғыш рет келінді болайын деп тұрмын, жүргегім жарылайын деп тұр. Тым құрыса, сыйтынан бір көрейінші.

Э д и к. Мам, саған үнайды, білем. Озі онша сұлу емес, даусы, фигурасы, әсіресе мускуласы... Амазонка.

Х а д и ш а. Айналайын-ау, нағыз шаруага жаратылған бала екен-ау!

Э д и к. Мам, сен тұрсаң, тағы бұлдіресің... Мам...

Х а д и ш а. Жарайды, алыстан бір көз тастап кетейін. Ал, ұлым, бұл бір ғайыбынан кездескен қыз екен. Айрылып қала көрме, бұдан соң енді он жыл жүріп әйел ала алмайсың... Осы жолы айрылсан, менен де айрыласың. Не айтса да әзірге көне бер, шошытЫп алма, ауыл қызы қала қызындаі емес, бас салып жаласқанды жаратпайды, сыртай бол, ыңғайына жығыла бер, кейін қайда кетер дейсің, қолыма бір түсірші, ар жағы оңай!.. Жарайды, кеттім, кеттім. Айтса да үялма: қаладағы тұрмысынды, төрт бөлмелі үйінді, дачаңды, қаланың қыздарына қарамай жүргенінді, бәрін айт. (Кетеді. Эдик алысырақ барып орындыққа отырады. Екінші жақтан Алтын мен Айғул шығады.)

А л т ы н (сөйлей шығады). Жо-о-оқ, мен қазір оның да, Жұматтың да сыйбагасын беремін.

А Ѽ г ұ л (қолынан тартып). Тұра түршы. Сен тағы да ай-нып қалдың ба? Жаңа келіскеніміз қайда?

А л т ы н. Әлгі Жұматтың есіме түссе, жыным ұстайды...

А Ѽ г ұ л. Сабырлылық керек.

А л т ы н. Мен сабырлы болып Эдикпен отырайын, ол сенімен қыдышырп жүрсін.

А Ѽ г ұ л. Мен соншама, немене, қолжаулық па екенмін! Шыда. Мен десең, егер осы бастаған істі бұлдіріп, папамның шашын ағартар болсаң... Мен саған жоқпын!

А л т ы н. Жарайды енді...

А Ѽ г ұ л. Ал кеттім. Алтынбек, ескертемін, сүйісуші болма! (Кетеді.)

Алтынбектің алдынан Эдик шығады. Сөзді неден бастарын білмей, Алтынбекті шыр айналып сөйлей береді.

Әд и к. Oho, Алтеке, жеттіңіз бе! (*Сағатына қарап.*) Дәл ноль-ноль жеттіңіз. Немецкая точность! Қандай аккуратный адамсыңыз... Дәл жеттіңіз... Әлде менің сағатым артта ма? Жо-оқ, мүмкін емес, электронный сағат алдамайды... (*Тазы сағатына қарап.*) Әлде біреулерден сағат сұрап келейін бе?.. Тұh, Алтеке, келгеніңіз жақсы болды. Дәл үлгердіңіз. Мен бәрібір тосатын едім... Эрине, тосамын...

А л т ы н б е к (орындыққа қарай бұрылып). Аягым талды.

Э д и к (соңынан еллектеп). Да, да, аяқ талғанда отыру керек. Шаршағанда демалу керек айтады мамам.

А л т ы н б е к. Мамаң қеремет данышпан ғой. Қарын ашса не істей керек дейді?

Э д и к. Эрине, тамақ ішу керек. Е-е, жақсы еске салдыңыз. Сізге маманың сервантынан конфет алдым. (*Қалтасынан оралған конфет шығарады.*) Өзіміздің Карагандының конфеті. Дефицит!

А л т ы н б е к. Жемеймін!

Э д и к. Мен де жемеймін. Мамам тіске қанқұрт түседі айтады... Мен морожный да жемеймін.

А л т ы н б е к. Темекің бар ма?

Э д и к (көзі бақырайып). Тә-ме-кә?! Мен тартпаймын.

А л т ы н б е к. Неменеге таңырқай қалдың? Үнамай ма?

Э д и к. Жо-о-оқ... ауыл қызы...

А л т ы н б е к. Мәдениет бізге де жеткен. Ал, жолдас, енді неменеге босқа отырамыз, іске кірсейік.

Э д и к. Іс-ке-е?

А л т ы н б е к. Иә, осы араға неменеге келдік?

Э д и к. Енді... танысуға...

А л т ы н б е к. Менімен танысуға неге құштар болдың?

Э д и к. Сіз үнайсыңыз... Әсіресе мамама.

А л т ы н б е к. Мамама?

Э д и к. Мамам сіздей ауыл қызын үнатады. Үйлен айтады.

А л т ы н б е к. Онда мені сен емес, мамаң алады екен ғой.

Э д и к. Ну... мама алады, сосын мен алады.

А л т ы н б е к. Мынауың үйленудің жаңа бір түрі екен.

Э д и к. Ну...

А л т ы н б е к. Мамаң ауыл қызын несіне үнатады?

Э д и к. Мамам айтады, ауыл қызы... (*Саусақтарымен санап.*) Бірден — темекі тартпайды, екіден — базарға барад, үштен —

кухняда жүред, төрттен — көп қыдырмайд, бестен — күйеуін, ну байын ұрыспайд.

А л т ы н б е к. Е-е, мамаң саған бірден бесасап әйел әперейін деп жүр екен ғой...

Э д и к. Ну...

А л т ы н б е к. Эрі грузіщик.

Э д и к. Эрі повар.

А л т ы н б е к. Эрі уборщица.

Э д и к. Эрі сторож, әрі прачка.

А л т ы н б е к. Бір сөз айтайын, көніліңе келмесін.

Э д и к. Жо-о-оқ, айтыңыз, тіпті ұрысып тастаңыз...

А л т ы н б е к. Екеуміздің тұзымыз жараспайды.

Э д и к. Тұзымыз? Ол не?

А л т ы н б е к. Мен саған пар емеспін.

Э д и к. Неге?

А л т ы н б е к. Мен, біріншіден, темекі тартамын.

Э д и к. Сіз қаласаңыз, мен де үйренемін...

А л т ы н б е к. Екеуміз бірдей үйді бықсытып отырайық.

Э д и к. Е-е, мен балконга шығып тартамын.

А л т ы н б е к. Сен ғой маған үйленсөң, менің қалада тұруым керек.

Э д и к. Ну, мамам солай айтады.

А л т ы н б е к. Ал мен ауылдан ешқайда кетпеймін.

Э д и к. Мамам, наоборот, қала жақсы, ауыл шаң-топырақ айтады.

А л т ы н б е к. Өзі қайда өсіпті.

Э д и к. Ну...

А л т ы н б е к. Ауылда, шіркін, бәрі ортақ. Сәлем ортақ. Ең арты тауыққа дейін ортақ, көршінің тауығы сенің қораңа, сенің тауығың оның қорасына жұмыртқалай береді.

Э д и к. Да-да? Көрші жұмыртқасын қалай алады?

А л т ы н б е к. Сұрамайды. Өзіміз алып жей береміз. Ол да жей береді.

Э д и к. Вот интересно! Бізде ондайды под суд береді.

А л т ы н б е к. Бізде тіпті көршілердің холодильнигіндегі сұт-ті, етті кейде сұраусыз ала береміз. Олар да сөйтеді.

Э д и к. Вот интересно! Бізде он-он бес жыл тұрып, көршінің холодильнигі түгіл, өзін білмейміз.

А л т ы н б е к. Бізде ерлі-зайыпты адамдар ренжісіп қалса, көршілер қолма-қол татуластыруды міндет санайды.

Э д и к. Это же целая церемония. Бізде бармайды, дауыстарын естісе стенаны ұрады, әйтпесе ноль двага звонить етеді...

А л т ы н б е к. Міне, көрдің бе, екеуміз екі түрлі жағдайда өскенбіз. Ертең мінезіміз де үйлеспейді. Сен ауылға бармайсың, мен қалага келмеймін. Ал уақытша үйленіп, заочниктер құсап, саған анда-санда сырттан емтихан беріп тұра алмаймын.

Э д и к. Алтынка, айналайын, сөзіңізді беріңізші... (*Жыламсырап.*) Берші... мамам тагы ұрасады ғой... Берші, Алтынка!

Бұлардың сөзін анадай жерге келіп отырған жастардың сөзі, әні бүзіп кетеді. Олар — Болтай, қолында гитара Эльмира, Лис, Жәзира — әр тілде битлә әуенімен ән салып, көшени басына көтеріп отырады. Алтын мен Эдик бірінің сөзін бірі естімей, мизансценаға қарай шығып, ауыздарын құлақтарына тақап қатты сөйлеседі.

А л т ы н б е к (*айғайлап*). Сен әуелі бір нәрсені шешіп ал.

Э д и к. Нені?

А л т ы н б е к. Эйелге сен үйленесің бе, мамаң үйлене ме? Осыны шеш.

Э д и к. Жарайды, шешемін, шешемін.

А л т ы н б е к. Қалада қатардағы көп музыканнтардың бірі болып жүремісің, әйтпесе ауылға барып пайданды қоғамға көбірек тигізэмісің.

Э д и к. Шешемін! Шешемін!

А л т ы н б е к. Ал енді ана бұзақыларды тый, тұн ішінде шуламасын.

Э д и к. Шешемін, шешемін!

А л т ы н б е к (*ымдал*). Аналарды қу деймін.

Э д и к. А-а³ Оларды танимын, белгілі қулар.

А л т ы н б е к. Бар тез! Қулар болса, қу тез!

Э д и к. Отыра берсін.

А л т ы н б е к. Қорқамысың?

Э д и к. Аздап жұтып алған, сабайды.

А л т ы н б е к. Өзің жасық екенсің ғой, онда мен барайын.

Эдик ұялғанынан ән салған жігіттерге барып, әлденелерді айтып жатады. Олар мұны тырқыратып қуып келеді.

Ә д и к (Алтынбектің артына тығылып). Ну, Болтик, Лис!

Б о л т а й. Сен қашаннан бері қылышы болғансың?!

Л и с. Жасырынба, бері шық!

Ә д и к. Ну, ребята, мен сөйлесіп отырмын. Естілмейді.

Б о л т а й. А-а, естілмейді?

Л и с. Сенің слухың как музыкант жақсы еді ғой?

Ж ә з и р а. Қалай естілмей қалды?

Ә л ь м и р а. Ну, ребята! Мына қыздың құлагы саңырау.

Ж ә з и р а. Саңырау емес, тіпті керең шығар?

Л и с. Даже керең? Ҳа-ха!

А л т ы н. Сіздер мені келемеждеуге келдіңіздер ме осы араға?

Л и с. Вот какой голосок, керең?

Ә л ь м и р а. Какой грудной, сильный голос!

Ж ә з и р а. Имма Сумак.

А л т ы н. Перудің атақты әншісі болмасақ та, бір совхоздың белгілі әншісіміз. Бірақ сіздердей бейуақытта, жүрт демалып жатқанда, көшеде ән айтып бөрікпейміз, мәдениет, тәртіп қайда?

Б о л т а й. Эдик, құттықтаймын, қалыңдығың әрі мәдениетті, әрі тәртіпті екен. Өзі ауылдан көрінеді — нағыз мамаңның қолы.

Ә л ь м и р а. Енді свадьба жасау керек, Эдик!

Л и с. Ребята, давайте, горько, горько!

Б ә р і . Горько, ащы, ащы!

Ә д и к. Ну, ребята!..

Болтай, Эльмира, Лис, Жәэзиралар Эдик пен Алтынбекті сүйістіреміз деп қолдарын бұрап, жақындастырып, сүйрелеп әлек. Эдик пен Алтынбек тырысып болмайды. Ақыры Алтынбек қас қағымда бәрін үшүрьып-үшүрьып жібереді де, самбоның әдісімен Болтай мен Листің қолын артына қайырып, сахнаның алдына алып келеді.

Л и с. Ой, ой, ой!.. (Жан даусы шығады.)

Б о л т а й. Жібер, жібер, сынып барады.

А л т ы н. Қане, горько, ащы, ащы, сүйісіңдер!

Б о л т а й. Жігіт пен жігіт қалай сүйісеміз?! Жібер, жібер!..

А л т ы н. Ештеңе етпейді, біздің де халіміз сендердей болатын. (Екеуін амалсыз сүйістіріп қоя береді.) Біреулерді зорлаган қалай екен?

Л и с. Здорово! Не деген күш! (Білегін үқалап тұрады.)

Б о л т а й (ол да білегін үқалап). Эдик, бақытты екенсің мынадай палуан қыз тапқан!

А л т ы н (қыздарға). Қане, бері келіңдер! (Қыздар қорқып шегіншектей береді.) Қорықпандаңдар, жемеймін. Сүйісеміз. Сендер біреудің сүйіскенің жақсы көреді екенсіңдер, қане, көрейік.

Э л ь м и р а. Да ну, қыз бен қыз не интересно.

Ж ә з и р а (әлі де қорқындырып). Сүйіссек, сүйісейік, онда тұрган не бар. (Жәэира селсоқ қана сүйіседі. Алтынбек Эльмираны әдейі құшиырлана сүйіп тұрып қалады.)

Э л ь м и р а (құшағынан босанып, көзін жұмып). Неш-тяяк! Как сладко! Мен қыз бен қыз сүйіскенде не так думала! Здо-о-ро-во!

Л и с (жасқанишақтай басып жақындал). Сіздің мускуладызыды ұстап көрүте бола ма?

А л т ы н. Ал, қане, енді бұл арадан тайып тұрыңдар, сыбағаларыңды алдыңдар гой!

Э л ь м и р а. Енді бір рет, только бір-ақ рет сыбаға!

Болтай гитара тартып, бәрі қосылып кетеді.

Сүйісейік жүрек жалғап,
Мейірім мұлдем қанғанша,
Сүйісейік ақыл кеміп,
Естен мұлдем танғанша.
Ауыл қызы, бұған ешбір танданба,
Ескі сөзім,
жалған,
тозған махаббатқа алданба.

Бізге олар жат,
Бізге не қат —
сүйісеміз,
білісеміз — ehe-ehe!
Бал шарабын құмарлықтың
Бірге ішеміз — oho-oho!
Менен қалып,
Жарамаймын басқага
деп ойлама,
Ескі ғадет,
ескі жолға бастама.

Ләззат дүніне,
қызық ортақ,
кәріге де,
жасқа да...

А л т ы н. А ну! (*Милиционер ысқырығымен ысқырып-ысқырып қалады. Қыз-жігіттер тым-тырақай қашады.*)

Э д и к. Алтынка, свистокты қайдан алдыңыз, просто, кстати!

А л т ы н. Профессия гой біздің.

Э д и к. Профессия?!

А л т ы н. Ия, ия, Эдик. Мен ауылда милицияда істеймін.

Э д и к. Ба-се-е! Самбомен заниматься еткенсіз?

А л т ы н. Дэюдомен.

Э д и к. Ну-ну-ну!

А л т ы н. Элгілер кімдер, сен біледі екенсің гой.

Э д и к. Ага, олар жақсы балалар! Ну... уш жылдай оқуга конкурстан өтпеген, аздалап ашуланған балалар! Екеуі қаладан.

А л т ы н. Екеуі даладан де.

Э д и к. Ну...

А л т ы н. Қорініп тұр.

Э д и к. Және қалада прописка жоқ, знаете, постоянный жүмыс жоқ... Сосын ішпегендеге не істейді...

А л т ы н. Сол-ла-ай де!

Екінші жақтан жүгіріп Айгүл келеді.

А й г ү л. Ә, сіздер мұнда отыр екенсіздер гой, зорға таптым-ау. Эдиге Пұсырманович, ғапу етіңіз, Алтынмен бір минут құпия әңгімелем бар еді.

Э д и к. А, да, рұқсат, рұқсат. (*Алтын мен Айгүл жеке қалады.*)

А л т ы н. Түүх, зорға шыдадым-ау, енді кетейікші.

А й г ү л. Тұра тұр. Бізде қалай деуші едің, ЧП болып жатыр.

А л т ы н. Иә, не бол қалды?

А й г ү л. Сәбира апай тас-талқан бүлініп, жылап-сықтап, кешкі пойызбен алыстағы бір туыстарына кетпек.

А л т ы н. Иә, неге?

А й г ү л. Үш күн бойы Майра Джундубаевна екеуінің ізденген жері жоқ, он төрт институт, он екі техникумды аралап шығыпты, бірде-біреуінде Болтай жоқ. Жазым болмаса игі етті.

А л т ы н . Жаның аши ма?

А й г ү л . Неге ашымайды, азamat емес пе? Және бірге оқыған жолдас.

А л т ы н . Жасымыздан айттырып қойған жолдас де!

А й г ү л . Не айтып тұрсың?

А л т ы н . Жаңа ғана осы арадан кетті.

А й г ү л . Не дейсің, рас па! Қайда кетті, неге шешесіне апармадың?

А л т ы н . Айгүл, сен қазір бар да, Сәбира апайды осында алып кел.

А й г ү л . Ол кісі қайдан келсін, кетейін деп жатыр деймін.

А л т ы н . Балаңыз табылды де!

А й г ү л . Болтай қайда, осы араға келе ме?

А л т ы н . Иә, бар тез!

А й г ү л . Кеттім! Байқа, ана Эдикпен сүйісп қойма! (Кете-ді.)

А л т ы н (Эдиктің қасына келіп). Эдик, әлгі жігіттерді жақсы білесің ғой.

Ә д и к . Ну...

А л т ы н . Эдик, менің айтқанымды орындаисың ба?

Ә д и к . Ульгенше.

А л т ы н . Ендеше, ертең солармен жолықтырасың ба?

Ә д и к . Ертең емес... Ертеңнен соң ертең. Олардың сменасы.

А л т ы н . Яғни аргы күні.

Ә д и к . Ну...

Екеуі әңгімелесіп кетеді... Бірін-бірі қуып, ентігіп, совхоз өнер-паздары келеді. Ең алдында бұрынғы киімін қайта киген Сәбира. Алса-жұлақ етіп, жылап-сықтап аласұрады.

С ә б и р а . Қане, қайда ұлым! Болтайжаным, қайдасың, тірімісің? (Айғулді бас салып.) Қайда жібердің ұлымды? Сен де алдадың ба мені... (Жылап.) Алдаңдар, алдаңдар! Менен ала алмаған өштерің бар шыгар...

Б ә р і . Болтай!

— Болтай!

— Алтын!

— Болтай, қайдасыңдар! (Алтынбек келеді.)

А л т ы н . Тише, тише. Қала тәртібін бұзбанңдар.

Директор. Қайдағы қала тәртібі, өзіміз бұзылып жатқанда!

Сәбира. Қайда менің ұлым, сен бе алдап жүрген? Жо-оқ, мен кетемін, ол туысқандарында, не бір жерде өліп қалды, қулыне-е-ем!

Алтын. Ешқайда кеткен жоқ, осында!

Сәбира. Қайда, қайда?

Алтын. Қане, бөрікпей, бәріңіз де отырыңыздар!

Бәрі үзын орындыққа жайғасып отырады.

Алтын. Апа, сіздің ұлыңыз тірі, бірақ жардың қабагында, дәл жиегінде тұр.

Сәбира. НЕ дейсің? Қайдағы жар?

Алтын. Енді аяғын бір басса, терең құзга құлагалы тұр.

Сәбира. Не айтып тұрсың?

Директор. Ой, участковый, тұспалдамай, жұмбақтамай айтсаңшы турасын. Немене, түрмеде ме?

Сәнія. Мүмкен, вытрезвиловка да ята?

Жұмат. Қайдағы вытрезвиловка, үш жыл бойы тегін тамақ беріп жатқызып қояды деген.

Директор. Ау, барлық біткен іске қырсығы тиді-ау, айтсаңшы енді созылмай!

Алтын. Сіз олай, менің профессияма тиіспеніз. Мен қайда жүрсем де милиционермін, қалада пропискасыз қашып жүрген адамдарды көре-тұра қорғай алмаймын. Занға томпақ келетін.

Сәбира. Ә-ә-ә, солай ма, сен екенсің фой, қаматып тастаған, білдім, білдім... Күндестігінді енді осында, қалада жасайын деп пе едің?

Алтын. Апа, сіздің осылай айтарыңызды білгенмін.

Сәбира. Со-лай де...

Алтын. Қалай десеніз де, оны біле тұра, көре тұра жасыра алмаймын.

Сәбира. Жасырмасаң тап!

Алтын. Ертең жоқ, арғы күні ұлыңызды көресіз. Көзіңіз жетеді. Ол үшін қоятын шартым бар. Қане, түн ішінде қала жүртшылығының мазасын алмайық. Жатақханаға жүріңіздер, сонда келісеміз, тәртіп керек, тәртіп керек! (Кете барады, бәрі соңынан шыбыра жүгіреді.)

Алтыншы көрініс

Таудағы «Жайлай» атты шағын ресторан. Ресторанның тәң жа-рымынан кебін перде ұстаған жеке кабина жапқан. Сахнаның бір бүршішінде ресторан залына қарап оркестр ойнап тұр. Оркестрдегілер Эдик, Лис, Болтай, Жәэзіралар. Үстелі сервиәделген бос кабинага қызы күміндегі Алтынбек пен Сәбираны Эльмира бастап кіреді де, «қазір» деген инабатты ишармен шығып кетеді. Ән-би баяулай береді.

А л т ы н б е к. Ал, апай, келістік қой...

С ә б и р а. Әрине, әрине...

А л т ы н б е к. Әлгі үйренген «жаргондарыңызды» ұмытып қалған жоқсыз ба?

С ә б и р а. Неге ұмытайын, қисынды жері келсе-ақ құр жібер-меспін... Ал енді Болтайжаным мұнда келе ме?

А л т ы н. Әрине, келеді, ол осында оркестрде ойнайды әрі табақшы...

С ә б и р а. Е, сонша неге жұмысы көп?

А л т ы н. Жұмысы көп болғанда, бұл әншейін уақытша ресторан гой. Екі-үш-ақ ай істейді. Содан кейін оларға жұмыс жоқ. Біреулер келе жатыр.

Эдик, Эльмира, Жәэзіралар кіреді.

Ә д и к. Саламатсыздар ма? Хош келдіңіздер!

Ж ә з и р а. Біз сіздерді көргенмен, қарсы ала алмай қалдық, кешіріңіздер.

А л т ы н б е к. Уақасы жоқ!

С ә б и р а. Нишауа, пойдот!

Бұлар жайғасып отыра бергенде, арақ-шарабы бар поднос көтерген Болтай кіреді ішке.

Б о л т а й (қолындағы подносын түсіріп ала жаздал). А-а-а-п-аа!

С ә б и р а (зорға шыдал). Не дейт мына бала, неш-тә-әк!

А л т ы н (сыбырлап). Нештяк!

Б о л т а й (подносын қойып, ұмтыла түсіп). Апа, не боп кеткенсіз, а-па!

С ә б и р а (қолымен жасқап). Какой-такой апа! Мен саған апайкамын, балдожный што ли!

А л т ы н (сыбырлап). Балдежный!

С ә б и р а. А-ай, барибир, ни кәя!

Э л ь м и р а. Вот интересно, Болтик, сенің маман өсіндай ма?
Қандай жа-а-с!

Б о л т а й. Жас болмағанмен, үқсайды. Менің мамам алпысқа жақындаған адам.

С ә б и р а. Онда, сенің шешенден гөрі біз... біз енді... (Алтын-ға қарап.) Қалай еді әлгі арақтың аты?

А л т ы н. Водка.

С ә б и р а. Жо-жоқ... әлгі?

Л и с. Каленвал...

Б о л т а й. Зубровка, Русская...

Ж ә з и р а. Пшеничная.

Э л ь м и р а. Перцовка.

С ә б и р а. Какой-такой пері соққан? Е-е... (Арақтың этикеткасын өзіне қаратып.) Міне, тұр екен гой!

А л т ы н. Е, экстраны айтасыз ба?

С ә б и р а. Иә, иә! Сенің алпыстагы маманнан гөрі біз экстра богатый шығармыз. (Бері ду құледі.)

Э д и к. Экстравагантная деніз.

С ә б и р а. Нишауда, бары бир!

Б о л т а й. Ой, Алла-ай, даусы да апамның даусынан айнымайды. (Лис тағы бір поднос ішімдік әкеледі.)

С ә б и р а. Нештәк, мынаның бәрін ішеміз бе?

Э л ь м и р а. У-у, апайка, бұдан әлі жұғын да қалмайды.

С ә б и р а. Нештә-әк, кәйіп боп қалмаймыз ба?

Э л ь м и р а. От, дает, апайка, дұрыс айтасыз, кайфуем, апайка!

Б о л т а й. Дұние бес-ақ тиын.

Л и с. Ішкен соң бес метрі не, бес сантиметрі не, бары бір, апайка.

Э д и к. Закускелерің қайда?

Б о л т а й. Е, ол заказдарыңызға байланысты.

Л и с. Не қалайсыздар? Сіздер үшін бәрі бар.

А л т ы н. Нелеріңіз бар, шынында қарын ашыңқырап келді.

Б о л т а й. Балталап шауып жегің келсе — бифштекс.

Л и с. Арапап, кесіп жегіңіз келсе — ромштекс.

Б о л т а й. Алты сағат күтседіз — антрикот.

Л и с. Асықсаныз — омлет.

Б о л т а й. Сразу керек болса — зразы.

Сәбира. Ой-бо-ой, аттары қандай бір жосын — зраза дей ме, ә, әнтикөт дей ме? Сол үшін ақша төлеуім керек пе, ништәк!

Әдик. Апайка, саспаңыз, олардың заказ алуы әшейін профессионалдық әдеттері гой! Жарайды, официанттар, бір ауқатты әкеleiңiздер.

Лиц. Сию минуту. Қонақтар қысылмаңыздар, бүгінгі түнгі қонақасы бәрі Әдиктің есебінен.

Әдик. Ну, ну.

Сәбира. Тұра тұрыңдаршы!

Лиц. Ә, сізге ет керек пе? Бесбармақ, әлде лапша! Бірақ ет жагына ұяттымыз.

Сәбира. Менің сұрайын дегенім — мына қосақтасып шауып жүрген баланың екеуі де обизян ба? (Бәрі ду құледі.)

Лиц. Обезъяна?! Сіз байқап сөйлеміз, апайка? Біз де аздал ішіп жүрген адамдармыз, махаловка болып қалмасын! (Алтынбекке қарап жасқанып, ыржалақтайды.)

Сәбира. Өй, махалың не, бала?

Алтын. Махаловка, апайка, төбелес деген сөз.

Сәбира. Төбелес! (Орнынан атып тұрады.) Әй, көргенсіз бала, кел онда, қара мұның махалшысын, сен менімен төбелеспекшісің бе, әй, от нақа-ал!

Алтын. Әй, жігітім, сен махаловканы қайтесің!

Лиц. Неге обезъяна дейді.

Алтын. Обезъяна емес, официант.

Лиц. Официант? Е-е!

Сәбира. Қайдан білейін, дардай симпотный жігіттердің обизян болып жүргенін бірінші көруім, мұндай балалар елде трактор мен комбайнның құлағында ойнайды.

Алтын. Апайка, мынадай мақал бар. «Бүгінгі байлық — алатын айлық». Бұл кісілердің сол алатын айлығызызben қоса тағы да зияплата дегені бар...

Лиц. Жо-оқ, олай емес, Болтик, қалай еді, әлгі сенің мақалың?

Болтайды. «Еңбекпен жүріп табатын айлықтан, еңбектеп жүріп табатын шайлық артық». (Кабинаға Эльмира кіреді.)

Эльмира. Ана жақтағылар тағы да ән сұрап жатыр.

Әдик. А-ай, кетсін енді, уақыт болды.

Эльмира. Ақшалары көп, ылғи қызыл, жасылдар.

Лиц. Давай, Болтик тамақ әкеle берсін. Біз олардың қал-

таларын қағып жөнелтейік. Жүр, Эдик. (Болтай, Лис, Эльмира кетеді.)

Э д и к. Алтуша, сіздер билемейсіңіздер ме?

А л т ы н. Мен қазір, сіз бара беріндіз.

Э д и к. Жарайды, оларға бір-екі би орындаап берейік. (Кетеді.)

С ә б и р а. Uh-h! Алтынбек, айналайын, зорға шыдадым-ау!

А л т ы н. Жарайсыз, апай! Өзіңіз, шынында да, нағыз әртіс екенсіз гой.

С ә б и р а. Қайбір әртістігім қысып барады дейсің. Уағда, уағда. Енді шыдай алатын емеспін.

А л т ы н. Онда, мейліңіз. Әйтеуір, көзіңіз жетті гой.

С ә б и р а. Жетті-ау! Енді сен ана сырттағыларды алып келсөң де жарайды, мен Болтаймен жеке сөйлесіп алайын.

Алтынбек шығып кетеді. Залда музыка, би, әуен. Микрофонмен билеп тұрып, әсем ән салған Жәэира үні, билеп жүрген жүрттың да-быры кабина артынан естіліп тұрады. Сәлден соң ішке подноспен тағам көтерген Болтай кіріп, үстелге жайгастырып жатқанда, бала-сын сағынған Сәбира жақындай-жақындай келіп, бас салып еміре-не құшақтайды. Шошып кеткен Болтай ана құшағынан бұлқынып шығып, айнала қашып жүр... Залдағы би әуені баяулай береді. Екі жерде бір-бірінен үркіп тұрган ана мен бала тілге келеді.

Б о л т а й (беттін, мәндаійын қайта-қайта салфеткамен сұрткілеп). Ништәк, апайка, мынауыңыз тіпті үят екен. Ешкім-нің көрмегені абын болды-ау, үят-ай! Есіктен былай тұрыңыз-шы, жіберіңізші, мен кетейін!

С ә б и р а (қаһарланып, зорға отырады). Ешқайда жібермеймін. Отыр ан-дағы жерге! Сенімен жеке әңгіме бар!

Б о л т а й (қипақтап, зорға отырады). Менің сізбен әңгімем жоқ.

С ә б и р а. Жетті! Отыр! Сені мен сүйейін деп келгем жоқ, ұрсайын деп келіп ем, сағынганның белгісі шығар, шыдай алма-дым.

Б о л т а й. Мен сізді сағынгам жоқ.

С ә б и р а. А, со-лай-ма! «Ананың көзі балада, баланың көзі далада», туган анаңды ұмыттайын деген екенсің!

Б о л т а й. Сіз олай тиіспеңіз, анамды сағынам ба, сағынбаймын ба, оны сізден сұрамаймын...

С ә б и р а. Әрине, сұрамайсың. Ай сайын ақша сұраганда сондайсың. Сені жетілтем деп шешен жүрсін малдың соңында, сен ол-олоу-халәлоләу деп жүр сенделіп қалада. Не оқу жоқ, не жұмыс жоқ.

Б о л т а й. Неге жұмыс жоқ?

С ә б и р а. Осы ма жұмысың? Тепсе темір үзетін дыңдай азаматсың, обизян болып жүрсің?

Б о л т а й. Сіз олай еңбекті қорламаңыз, еңбектің үлкен-кішісі жоқ!

С ә б и р а. Дұрыс айтасың, адал еңбек бар да, оны арамға айналдыратындар бар. Жаңа не дедің: «Еңбекпен жүріп тапқан айлықтан еңбектеп жүріп тапқан шайлық артық!» Тапқан екенсің артық еңбекті!

Б о л т а й. Біз алсақ, балаларын оқуға түсірем деп шұбырған ақшалы қалталылар мен жымқырмасы бар парапорларды, бір тенгелік жемісі мен етіне он тенгенің құнын алатын базар саудагерлерін жәуекемдейміз. Біздікі маусымдық табыс. Оған олардың мұрты да қисаймайды. Қалада дүние дегеніңдіс осылайша бір қалтадан екінші қалтаға құйылып ауыса береді.

С ә б и р а. Қалада қатардағы адам есебінде тұрмай, әр жерде көшіп-қонып, әр қызметтің басын шалған ондай еңбегің еңбек емес, қылмыс!

Б о л т а й. Е, ауыл адамын пропискаға отыргызбаса, не істеу керек... (*Шошынгандай*.) Өзі сіз мұның бәрін қайдан біле бересіз? Кім айтты?

С ә б и р а (көзіне жас алып, қинала тұрып). Ұлым... Болтай, жаным! Қалада оқу оқып, адам бола ма деп үміттенсем, баянсыз дүние мен қыздырмалы қызық қуып, арандап жүр екенсің... Был көк бие құлыннады...

Б о л т а й (*жүліп алғандай*). Көк бие?!

С ә б и р а. Енді екі жылдан соң сенің оқу бітіріп келгеніңе ат шаптырып той жасап, сол кеңде тай болар көк биенің құлынына өзің мініп шыгарсың деп, ырымдап едім... Бәрі әшейін бос арман болды-ay! Көкбелдің бауырында тыныс алған әкең марқұмның қабіріне барғанда не айтамын...

Б о л т а й (*жүгіріп барып анасын құшады*). А-апа-а! (*Сырттан Элъмира кіре берे көзі бақырайып тұрып қалады*.)

Ә л ь м и р а. Нештя-як! Мыналар уже құшақтасып қалған!
(Шығып кетеді.)

С ә б и р а. Балам, тым құрымаса, оқуға түстім деп алдамасаң етті.

Б о л т а й. Апа, оқуға алдаң түскендерден гөрі оқуға түстім деп алдағаның айыбы жеңілрек.

С ә б и р а. Елге қайтып келсөң, біреу сені қуып жіберетін бе еді?

Б о л т а й. Елден не аламын, апа?

С ә б и р а. Не алғаны несі?! Оқу оқымасаң, ел қатарлы жұмыс істейсің, елден, жерден беゼйін деп пе едің?!

Болтай ана құшағынан ажырап, ашына-ашына сойлеп тұр. Сырттан Үбрай, Алтынбек, Жұмат, Айгүл, Эдик, Лис, Эльмира, Жәзирадар кірген. Олар дағдарып үнсіз тұр. Болтай сыртында тұргандарды аңғармайды.

Б о л т а й. Ел, ел! Жер, жер! Немене, сонда адам баласы қай жерде туса, сол жерде жұмыс істесін, сол жерде өлсін деген заң бар ма? Қала баласы көрген қызық пен қамқорлықты ауыл баласы көруге қақысы жоқ па?

С ә б и р а. Балам-ау, елдің қамқорлығынан қаланың қамқорлығы артық болып па?

Б о л т а й. Артық, артық? Елде паркің бар ма, бассейнің бар ма?

Ұ б ы ր а й. Тогай мен көл тұрганда, парк пен бассейн не керек?

Б о л т а й. Суалған көлдер мен тоналған тогайларды айтамысыз?! Ең арты футбол, волейбол алаңың, стадионың бар ма? Бір футболист, бір чемпионың тұра ауылдан шығып көрді ме? Бәрі өнерді қалаға келіп, қартайып бастайды.

С ә б и р а. Шемпионыңды, ботболыңды қайдам, әйтеуір, бар бастық, бар данышпан ауылдан шығады.

Ұ б ы ր а й. «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар...»

Б о л т а й. Иә, «...бәрінен қой бағып, көтен жеген озар». Осы ғой айтатындарың, жыл он екі ай ауыздарыңнан түспейтін бір-ақ сөз: науқан, науқан! Таң атса — қызылша, күріш, жүгері деп оянып; күн батса — жұн, жұмыртқа, ет пен май деп үйктайсыңдар.

Қыс түсө біріншің үйіде бірің сабылып, қонақ болып, жаз бойы жиган табыстарыңды ішіп-жегенге мәэсіңдер. Адам — механизм емес қой. Жастар үшін ойын-күлкі, сауық орындары қайда?

Ыбыра. Қарағым-ау, көше кең, таң атқанша ауылды бастарыңда көтерсөндөр де еріктерің.

Болта. Көшениң батпагы мен шаңын шалбарыңның балағымен сыйыр демексіңдер гой. Көшеге асфальт төсеп, тротуар салсаңдар, ел шошып көшіп кете ме!

Ыбыра. Оған енді қыруар ақша керек.

Болта. Бесжылдықты үш жылда орындастық, былтырғыдан биыл пәлен миллион табыс артық таптық деп айғайлағанда, ысқырықтарын жер жарады, совхозға бір оркестр алуға келгенде үндерің іннен шыққандай.

Ыбыра. Енді үніміз шығады, айналайын. Қазір бәрі бар. Үш жыл бойы көрмей кеттің. Мәдениет сарайы да — бәрі, бәрі бар.

Себир. Соны көгереттін, толықтыратын ел көркі сендер жоқсындар, мына біз көтереміз бе ел мәдениетін?

Жазира. Иә, көтеретін біз, достар!

Болтайдың достары жаңа бір әуенде шырқай жөнеледі. Жарық баяу сөне береді де, ең аяғы ду қол соққан жүрт қошеметіне ұласады. Енді жарық сахнаның екінші басына алма-кезек түсіп, өзгеріп тұрады. Бір жағында Едіге бастаған қала жастарының, Болтайдың достары, ансамблі ән шырқаса; енді бірде Жұмат бастаған совхоз ансамблі ән шырқайды. Тап ортасында екі бесік-арбаны тербетіп, ән ыргағымен изендей тұрған директор Ыбырай. Әр әннің соңында согылған қолдар; бұл көрініс олимпиадалық жарыс кезіндегі көрушілер залының әсерін бейнелейді.

Жетінші көрініс

Жолаушылар пойызының вагоны. Жан-жақтан жүктөрін көтерген адамдар келіп жатыр. Совхоз ансамблінің мүшелері. Қаладағы Болтайдың достары да гитараларын асынған. Бәрі жолға жүру қамында. Репродуктордан дауыс: «Жолаушы жолдастар! №107 «Алматы — Москва» жолаушылар пойызының жүруіне 20 минут қалды». Қолында дудырата ұстаған көп газеттері бар Ыбырай мен Жұмат жүгіре басып келеді.

Директор. Міне, жолдастар, «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», барлық газет біз туралы жазыпты!

Жұмат. Үлкен абырай, үлкен абырай!

Директор. Жұмат Мәдениет министрлігінде болыпты. Не деді, ой, айтшы өз аузыңмен.

Жұмат. Айтпадым ба, күзде Югославия, Чехословакияга барамыз.

Бәрі. Ура-а-а! (*Мұзыкалы түш.*)

Директор. Рақмет, құлыштарым, рақмет! Үш институтта болдым, біздің совхозға сұранушылардан көз сүрінеді. Ендігісін жолда айтармын, ал жүктөрің түгел ме, ештемелерің қалған жоқ па? (*Кала балаларына.*) Қысқы күмдеріңді...

Баларап. Алдық, алдық!

— Түгел.

— Бәрі бар...

Алтынбек (*милиция формасында, алысқа қарап үрейленип*). Жолдастар, мен құрыдым, ұят-ай, ұят болды-ау! Енді не деймін, құрыдым!

Бәрі. Өй, не боп қалды?

— Не көрдің?

— Ау, өзің қалтырап кеттің ғой!

— Милиционер де қорқады екен-ау!

Алтынбек. Эне, әне келе жатыр!

Бәрі сыртқа қарайды.

Бәрі. Не?

— Кім?

— Құбыжық көріп түрмисың?

Алтынбек. Эне, Едіге, Эдик келе жатыр.

Жұмат. Көрсе, жеп қояр деймісің. Шаруамызды бітірдік, енді мейлі.

Алтынбек. Саған солай!

Жұмат. Форманды кимей-ақ тұра тұрсаң да болатын еді ғой...

Алтынбек. Осыны шығарған сен, енді өзің сөйлес, мен жоқпын. Жоқпын, түсіндідер ме? (*Вагонга кіріп кетеді.*)

Жұмат. Ой, соңшама немене, егер дау шығарса, жарты ай еткен еңбегінің ақшасын төлерміз...

М а й р а. Тапқан екенсің, совхоздың далада жатқан ақшасын.

Д и р е к т о р. Бәсе десейші! Совхоз дүниесін шашуға келгенде... Бәрі де жалаң-жалаң етеді...

Ж ұ м а т. Ә-ә, сіздер де енді осылай шығайын дедініздер ме! Ендеше, мен де жоқпын. (*Ол да вагонға сұңғіп кетеді.*)

Д и р е к т о р. О-ой, мыналар қайтеді...

Жүгіріп Эдик келеді.

Э д и к (*аптығып*). Мамам келді ме, мамам?

Қ а л а жастары. Жоқ, жоқ.

— Келген жоқ.

— Көрлеміз жоқ.

Э д и к. Алтын қайда?

Б ә р і (*күмілжіп*). Ал-тын...

— Ал-тын... енді...

— Жаңа осы...

Э д и к. Қазір мамам келеді, мені құтқарыңыздар.

Д и р е к т о р. Келсе, қайт дейсің, қиын болды-ау өзі...

Э д и к. Маган тіпті қиын. Сіздерден, достарымнан ажырау мүнша қиын. Әбден үйреніп қалыптын.

Б о л т а й. Онда бірге жүр.

Д и р е к т о р. Иә, иә, бірге жүр.

Э д и к. Бірге жүрер едім, мамам жібермейді. Қаладан кетсек, өліп қаласың айтады. Мен композитор емес, музыкантын. Айтшы, Болтик, мендей музыкант көп қалада, аса көп...

Б о л т а й. Рас, композитор емес...

Ж ә з и р а. Мамасы композитор боласың деп жүрген.

Л и с. Қанша жаэса да — құлаққа жағымсыз, не колоритно.

Болтай. Ауыл жүзін көрмеген — қайдан халықтық ән шықсын.

Дала топырағын табанымен баспаған, қойдың маңырағанын...

Л и с. Сиырдың мөңрегенін гүмыры естімеген...

Ж ә з и р а. Ауылдың айтыс өлеңдерін тыңдал көрмеген...

Э д и к. Тура, тура, менде қыртыс жоқ, қыртыс...

Д и р е к т о р. Ол не нәрсе?

Э д и к. Ну, почва, почва. Фундамент жоқ. Елге барып көбірек пайдамды тигізер едім. Сіздерге во, ансамбль жасар едім.

Д и р е к т о р. Оу, қарагым-ау, онда сен несіне қиналасың, кеттік бірге, барысымен өзіңде үй бергіземін.

Ә д и к. Мамам жібермейді. Мейлі, Алтын айтсын... Маған супруга болам десін... Оған ауылға барады десін. Ультиматум айтсын... Сосын мамам да келер еді соңымнан.

Директор (құмілжіп). Бәрі дүрыс-ау, тек Алтын дегенің... Осы бір жерің көкейге қоныңқырамай түр...

Ә д и к. Конады, неге қонбайды?

Жұмат (терезеден басын сұғып). Дүрыс айтады Эдик!

Ә д и к (жалт қарап қуанып). Жұмат, Жұмат!

Жұмат. Идея, идея!

Директор. Тағы да не?

Ә д и к. Эне, эне! (Лисқа қарап.) Келе жатыр... мамам...

Жұмат (терезеден). Саспа, Эдик, қазір біз шығамыз.

Ә д и к. Ішке кірейін бе?

Жұмат. Өзіміз шығамыз, идеямен шығамыз.

Ә д и к. Жо-оқ, Алтынмен шық. Мамаммен сөйлессін. Ультиматум. (Алақтай басып Хадиша келеді.)

Хадиша (басқаларға бұрылмастан). Эдік... Эдік... келін қайда, келін?

Ә д и к. Мама, мама, асықпашы, қазір, қатты сөйлемеші. Үят болады.

Хадиша. Қатты сөйлесе шиқаны жарыла ма?

Ә д и к. Ол бәрібір қазір қалмайды. Айғайлама, мама!

Хадиша. Не, айғайласа, ішегі түйіле ме?! Жасық сол! Кімге тартып жасық болды екенсің? (Терезе жаққа сүзе қарап.) Қайда өзі, іште ме? Ауылдың қызын алғып қалуға жарамайсың, жасық сол! Сендей төрт бөлмелі үйі бар, 12 сотық дачасы бар, қаладағы композитор жігітті тауып алар жаманғатты. Кекірелген еken! Ауылға жүр дейді, басынған гой сені! Мен қазір басын ашып айтайын, қалай қалмас еken!

Ә д и к. Түү, мама, мам...

Хадиша (ұлының қолынан дедектептіп терезелерге үнділіп жүр). Жүрт қалага пропискаға отыра алмай, жұмыс таба алмай, үй ала алмай жүрсө. Дайын асты кекірелеп жүргені — сені әлден басынып, мойныңда мініп алайын деген еken. Қарай гөркүйн! Сені үйретіп алып, қалага біржолата келейін деген еken! Қазір, қазір, мен қазір-ақ алып қаламын...

Басқалар қағылып, үнсіз үрэйленіп түр. Вагоннан Жұмат, соңын ала милиция формасымен Алтынбек шығады.

Ә д и к (*тұра үмттылып, тосылып қалады*). Жұма-ат.
(Даусы жүмсарып.) Ал-тын-ка!

Х а д и ш а. Қане, Алтының қайда? Әй, жігітер, Алтын іште
ме, шақырыңдар!

Ә д и к. Алтын... (*Төмен қарап.*) Мынау менің мамам...

Х а д и ш а. (*ұлына*). Алтының қайда, көзіңде жының көрініп
тур ма?!

Ә д и к. Әне, Алтын.

Х а д и ш а. Қәне, кәне, мынау ма, анау ма?

Ә д и к. Ана формамен тұрган...

Х а д и ш а (*жыларманға жақын құліп*). Мен жынды ма,
сен жынды ма. А-ау, мына-а-ау милиционер, еркек қой! Ал-
тын қайда, Алты-ы-н? Мен сенен еркекті емес, қызды, болашақ
келінімді, Алтынды сұрап тұрмын!

Ә д и к (ол да жыларман). Со-ол, осы Алтын-ын...

Х а д и ш а. Мынау онда қызы емес, қызтеке ғой, теке, теке!

Ә д и к. Ко-зел ма, қой ма... бәрібір — осы! Алтынка, мен —
Эдик, Эдик. (*Алтынбек қаһарланып, Эдиктің омырауынан
ала түседі.*)

А л т ы н б е к. Ә-ә! Етік деген сұмырай сен бе едің, қолыма
түстің бе? Қөрмей-ақ кетейін деп едім! (*Қолын бұрай бастай-
ды.*)

Х а д и ш а (*Алтынбектің жағасына жармасып*). Тарт қо-
лыңды, өзің сұмырай!

А л т ы н б е к. Формага қол тигізбеніз, под суд кетесіз. (*Жас-
тар екеуін екі жаққа сүйрептіп, ажыратып әкетеді.*)

Х а д и ш а. Өзің под суд кетесің, қара мұны! Өмірі өзім де
ұрып көргем жоқ баламды. Жібер, жібер, қолыңда өлейін!

Р е п р о д у к т о р д а н д а у ы с. Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар,
5 минуттан соң бірінші жолмен жолаушылар пойызы жүреді...
Шығарып салушы жолдастар...

Ә д и к. Алтын, Алтынка, саған не болды?

А л т ы н б е к. Алтын, Алтын! Қайдагы Алтын!

Ж ұ м а т. Алтынды самолетпен елге жөнелткен, бұл Алтынның
агасы Алтынбек.

Х а д и ш а. Э д и к . Самолетпен?! Алтынбек?!

А л т ы н б е к. Сен, қаланың қуы, балиғага толмаган ауылдың
ашықауыз жас қызын алдап, мазақ қылғың келген екен!

Х а д и ш а . Э д и к . Алдап?..

Э д и к . Мен алдап емес, кейін сүйдым. Ол да сүйды.

Х а д и ш а . Өздері бірін-бірі сүйген, келіскең. Ендігі жастар туысқанынан сұрамайды...

А л т ы н б е к . Жалған! Сіздің қолынан түк келмейтін ноқай ұлыңызды менің қарындастым қайтеді?

Х а д и ш а . Өзін ноқай! Қара мұны, менің ұлым опера жазып жүр, опера!

Ж ү м а т (жорта). Қой, Алтынбек, олай деме, біреудің алтын асықтай баласын.

А л т ы н б е к . Не қылған алтын асық?.. Әшейін мәжтопай!

Хадиша (арқаланып). Әй, милиция, олай оскарблать етпе менің алтын ұлымды! Сенің еркек дауысты, алды-арты шүміген колхозбай қарындасыңды бұл да алмайды, қайтеді оны? Ал көрек десең.

А л т ы н б е к . Колхоз қыздары бұған пысқырмайды да! Садағасы кетсін!

Ж ү м а т . Қой, олай деме.

Х а д и ш а . Қолың жетпейтінін білген соң, кекірелеген екенсің. Сенің қарындасыңыңың әкесіндей қыз тиер әуелі.

Д и р е к т о р (құлық астарын жаңа түсініп). Әй, Алтынбек, саған да жетер, біреудің баласын. Неге тимесін, біздің ауылдағы мынау деген қыздарыңды шертіп жүріп алар.

Х а д и ш а . Бәсе десейші. Алады, алады, шертіп жүріп!

Д и р е к т о р . Өзім-ақ әперейін. Сенің қарындасыңнан басқа қыз құрып қалып па? Едігені қорлама олай!

Х а д и ш а (жалма-жан қол сөмкесін ашип, судыратып ақша шығарады да, Болтайға). Айналайын, бар, билет алып келші, ерегескенде осы милиционермен бірге сол ауылға бар, құлыным, киімінді артыңдан жіберемін! Өй, замандас! (Директорға.) Өзің бір ауылдан шыққан асылдың сыйнығы екенсің!

Р е п р о д у к т о р д а н д а у ы с . Жолаушылар, жолаушылар, сақ болыңыздар. Бірінші жолдан 107-ші жолаушылар пойызы жүреді. (Бәрі асығыс вагонға кіреді.)

Ж ү м а т . Билетті жолда аламыз, апай. Қам жеменіз! (Эдикті сүйрей-мүйрей вагонға кіреді.)

Х а д и ш а (терезеден айқайлап). Құлыным, сақ бол. Ана милиционердің қарындасына жолама. Басқа қыз тап, басқа

қыз. Сау бол, өзім де кейін барамын. Бірге таңдаймыз, сау бол! Алтынга жолама, оған сол керек. Жалынса да, аяғыңа жығылса да жола-ма-а!

Қарандырылғыс. Жүйткіген пойыздың қимылы. Әр терезеден мұзыкалық аспаптарда ойнап, ән салған өнерпаздардың бастары ғана жылтылдаған жарық астында көрініп барады.

АВАНСЕННАДА ШАҒЫН ЭПИЛОГ

Белгісіз адам (өтеп беріп бұрылыш). Ау, осы сіз кімсіз?

Директор. Ыбыраймыз.

Белгісіз адам. Оу, совхоз директоры Ыбыраймысыз?

Директор. Тап сол мықтының өзіміз.

Белгісіз адам. Оу, қазір жап-жақсы ғой сөзіндіз де өзіндіз. Бұрын бюро сайын жал-құйрығының күзеліп қалатын еді-ау.

Директор. Енді биыл әжептәуір түзеліп қалдық.

Белгісіз адам. Түзелетіндерінді білгемін — бұрыннан халықтың тұрмысы жақсы, ақшасы көп, тоқ еді ғой.

Директор. Бұрын ақшамыз көп болғанмен, мәдени орындарымыз, тағы басқамыз, тіпті балалар бақшамыз жоқ еді ғой.

Белгісіз адам. Рас, рас, бұрын сол кемшіліктерінді үшін басқа совхоздардың алдында құлқі етуші еді-ау.

Директор. Енді үлгі ететін болды.

Белгісіз адам. Оу, осынша құрт өзгеріске қолдарының қалай жетті? Сыры не?

Директор. Е-е, айта берсем, оның сырлы да, қыры да көп. Қайсыбірін айтайын. Тоқ етері сол — совхоздағы адамдарың көнілді болса, жұмыс та өнімді, өзің де өмірлі болады екенсің!

Белгісіз адам (жалғыз). Жағдайының шынында түзелген екен.

Сахнада төгілген ән. Пьесага қатысушылардың бәрі сахнада. Бәрі оркестрге косылыш ән шырқайды.

Кел біздің ауылға, келіп кет,

Бәрі бар, қымызыз, уыз бар.

Кел, өзің көзіңмен көріп кет,

Алма бет ал қызыл бар қыздар.
Кел біздің ауылға, келіп кет,
Қызық бар, тамаша көріп кет.
Ал қызыл моншақ бар шашылған,
Жұлдыздай жайнаған далада.
Ал қызыл бидай ғой ауылдан
Тасыған тасқындай қалаға.
Кел біздің ауылға, келіңдер,
Тамаша қызық бар, көріңдер,
Кел біздің ауылға, келіңдер,
Кел біздің ауылға, кел, кел, кел!
Келіңдер!

Шымылдық.

МАЗМУНЫ

Сәкен сері драматургиясың хақында	3
Сабалақ-Абылай – Хан Абылай.....	16
Ажар мен ажал	68
Қызыым, саған айтам	113
Өлара.....	168
Жаралы гүлдер	220
Қысылғанинан қыз болдық.....	267

Әдеби басылым

**ЖҮНІСОВ Сәкен
ШЫҒАРМАЛАРЫ**

5-том

*Редакторы Әүрөш Башбаева
Техникалық редакторы Гұлмаржан Сәбитова
Компьютерде беттеген Мәншүк Шелекбаева*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000082 мемлекеттік лицензиясы 2005 жылы 11 қаңтарда берілген

ИБ № 15

Басуға 09.09.13 ж. қол қойылды. Пішімі 60x90¹/₁₆. Офсеттік қағаз.

Әріп түрі “AkademyDT”. Офсеттік басылым.

Шартты баспа табагы 20,0. Есептік баспа табагы 15,9.

Таралымы 2000 дана мемлекеттік тапсырыс + 100 дана баспа есебі бойынша

Тапсырыс № 1408.

“Таймас” баспа үйі” ЖШС. Алматы қаласы, Абай даңғылы, 153-үй, 27-офис.

Факс: 266-21-14, тел.: 250-09-95, 250-09-96, 250-09-97, 250-09-98.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан
басылыш шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,

Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.

АДЫУР: E-mail: rpk-dauir81@mail.ru

ISBN 978-601-264-119-6



9 7 8 6 0 1 2 6 4 1 1 9 6